**«Алматы облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

# РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОНЛАЙН КОНФЕРЕНЦИЯ «ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА: ЖАҢА КӨЗҚАРАС, ЖАҢА МҮМКІНДІК»

**13 желтоқсан 2021 жыл**

**БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**Талдықорған, 2021**

ӘОЖ 373
КБЖ 74.268.3
Ш 23

«Алматы облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының шешімімен баспаға ұсынылған.

Жалпы редакциясын басқарған:
А.Қабдұлова – «Алматы облысы білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы» МКК директоры.
Редакциялық алқа мүшелері: Ғ.Мұхметова – Алматы облыстық білім беруді дамыту оқуәдістемелік орталығы директорының орынбасары.
Құрастырған: Ш.К. Исаханова Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы ТжКБ басшысы.

«Жаңартылған бағдарлама: жаңа көзқарас, жаңа мүмкіндік» республикалық онлайн конференция материалдары. Талдықорған, 2021. - 205 б.
ISBN 978-601-7865-21-4

Жинақта техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтерінің мақалалары берілген. Материалдар осы тақырыпқа қызығушылық білдіретін педагогтерге арналған.

ӘОЖ 373
КБЖ 74.268.
ISBN 978-601-7865-21-4

**Құрметті оқырман қауымы!**

Қазіргі жаһандану кезеңінде бір мамандықтың біліктілігі жеткіліксіз болып, бірнеше біліктілікті қатар игерген мамандарға деген сұраныс жоғарылады. Техникалық және кәсіптік білім саласына берілген академиялық дербестік жаһандық өзгерістерге тез бейімделу мүмкіндіктерін ұсынып отыр. Жаңартылған бағдарламаға әріптестердің жаңа көзқарасы тәжірибе алаңында көрініс береді. Сондықтан конференцияның секция жұмысы «Білім беру жүйесіндегі жаңаша бағыттардың мүмкіндіктері», «Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны», «Білім беру ортасы: жеке тұлғаны тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтендіру» тақырыптары аясында оқытудың модульдік-кредиттік жүйесі, кәсіптік білім беруді дамытудың тәжірибесі, оқытудағы білім беру, сандық ресурстардың тиімділігі, оқу үрдісінде белсенді әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану, отбасында, мектепте, қоғамдық ортада құндылықтар негізінде балаларды тәрбиелеу, бала тәрбиесі саласындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жобалардың жүзеге асуы, білім беруді басқару органдарының, азаматтық қоғамның, БАҚ-тың, ата-аналар қоғамдастығының балаларды тәрбиелеу және әлеуметтендіру саласындағы ынтымақтастықтың енгізілген тиімді тетіктерін ұсынып, проблемаларды талқылады. Тәжірибенің тың көрінісі инженер-педагогтердің инновациялық әдістері мен шығармашылық әлеуетін қалыптастыру мүмкіндігін туындатты.

Әріптестеріміздің жинақтағы материалдарын инженер-педагогтер өзінің педагогикалық шеберлігіне сүйене отырып, толықтырулар мен өзгерістер енгізу арқылы шығармашылықпен қолдана алады.

**Ұйымдастырушылар**

# СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Алибекова Айгерим Абзалқызы
*ШҚО, Семей қаласы, «М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК*

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет». Н.Ә.Назарбаев.

Қазіргі оқыту үрдісінде білім берудің тенденциялары мен даму бағыттарын қамтамасыз ететін көптеген педагогикалық технологиялар қолданыс табуда.

Осы жаңа педагогикалық технологиялардың ішінде сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының орны ерекше. Бұл технологияны жарыққа шығарған американдық педагогтар Дж. Стил, К. Мередит, Ч. Темпл, С. Уолтер. Олардың пікірінше оқу міндетті түрде белсенді болуы керек. Оқушының әр нәрседен бір мән табуға мүдделі және білуге құмарлығы болса ғана белсенділік пайда болады.

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, білім беру мекемелерінің тәжірибесіне енуде. Жаңа технологияларды меңгерту мұғалімнің интелектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді.

Жаңа педагогикалық технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін, әр мұғалім алдында отырған оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтік мақсатына, мүддесіне сай, өзінің шеберлігіне орай таңдап алады. Бұл жаңа технологиялар-оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, терең ойлай білуін, теориялық негіздерін, эстетикалық көзқарастарын пайымдауын, баға беруін, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған. Жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие үрдісін жаңаша дамыту, яғни оның нәтижесінің жоғарғы деңгейде болуын қадағалау жаңашыл педагогтардың қолында болды. Олар педагогикаға «жаңа технология» терминін енгізді. Бұл жаңашыл педагогтардың мақсаты-оқушылардың алатын білімдерін сапалы ету, оның толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына негіз болу. Осыған орай қазірде педагогикалық технологиялар көптеп саналады. Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар қажет-ақ. Сондай педагогикалық технологиялардың бірі.

Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль балалардың да, педагогтердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз-сабақта балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойынды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз — ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Оқушы — ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші. Мұғалім — әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Жобаның негізі мақсаты - барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету.

Сыни ойлау сабағының құрылымы үш кезеңнен тұрады:

1.Қызығушылығын ояту («көпір жасау», ой қозғау). Бұл кезеңде мұғалім бұрынғы білетін білімдерін жаңа материалмен ұштастыруға жағдай жасайды. Үйрену процесі – бұрынғы

білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Осы кезеңге қызмет ететін "Топтау", "Түртіп алу", "Ойлану", "Жұпта талқылау", "Болжау", "Әлемді шарлау" т.б. деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

2.Мағынаны таныту (мағынаны ажырату) Реализация – оқып жатқан тақырыптардың қажетін түсіну. Мағынаны тану кезеңі негізгі кезең, сондықтан, оқылып жатқан материалдың қажеттілігін түсіндіреді. Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында V – "білемін", — — "мен үшін түсініксіз", + — "мен үшін жаңа ақпарат", ? – "мені таң қалдырады" белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі.

3.Ой-толғаныс (рефлексия, жаңа білім құрастырылады) – Рефлексия – тұжырымға келу, қорытындылау, жаңа білімді бекіту. Бұл бағдарламаның қорытынды үшінші кезеңінде үйренгенін саралап, салмақтап ой елегінен өткізеді, білімді бекітеді. Оқушылар осы кезеңде өз шығармашылықтарын көрсете алады. Өзіне және сыныптастарына сын көзбен қарайды. Өздерін бағалайды. Оқып, білгендерін таразылайды. Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады Тақырып туралы ой-толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі.

Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Ой толғаныс кезеңінде: Эссе, Топтастыру, Пирамида, Құндылық сызығы, Т кестесі, Sinkuein немесе бес жолды өлең, RAFT, Түйін сөз, Семантикалық карта, Концептуалды таблица, Бір айналым сұхбат т.б тұрады. Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған "Бес жолды өлең", "Венн диаграммасы", "Еркін жазу", "Семантикалық карта", "Т кестесі" сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады.

Көрнекті психолог Л. С. Выготский шығармашылық деп жаңа дүниелер жасауды түсіндірген. Ғалымның зерттеулерінде «шығармашылық» ұғымы «жаңалық», «жаңа дүние жасау», «жаңалық ашу» ұғымдарына жақын қолданылып жүр.

Әдіскер –ғалым М. Р. Львов шығармашылыққа оқушылардың жазған өлеңі мен прозасы, шығарған газеттері мен журналдары, сондай-ақ, жеке күнделіктері мен хаттарды т.б. жатқызады.

Ғалым С. Рахметова шығарманың мазмұны бойынша жүргізілетін шығармашылық жұмыстардың (шығарманың баяндау түрін өзгертіп әңгімелеу, әңгіме бірінші жақпен баяндалатын болса, оны үшінші жаққа айналдыру, әңгімедегі оқиғаға ұқсас өз жандарынан әңгіме құрастыру, т.с.с.) барлығын да баланың шығармашылық қабілетін қалыптастырудың жолдары деп көрсетеді.

Демек, шығармашылық-өздігінен жаңа дүниелер жасау, яғни бұл жерде оқушылардың өз ойынан ойлап шығарған, ешкімдікіне ұқсамайтын дүниесі, оның ойлау мүмкіндігінің жемісі және соған жеткізетін әрекеті деген мағынаны білдіреді. Заман талабына сай әр оқушыда өзіндік көзқарасы, сенімі, ішкі уәжі қалыптасуы керек. Сондықтанда, сабақтарды жоспарлағанда оқушыларда соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын тудыратын сұрақтар немесе деңгейлік, кеңейтілген, құзырлылық тапсырмалардың болуы шарт. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы-білім берудің сапасын арттырудағы тиімді жоба. Ол үшін оқытушы сабақтың мақсатын нақтылап, оған шығармашылық тұрғыдан келіп, оқушының білімділік, тәрбиелік жағынан қызығуын арттырып, оныңой-өрісін дамытуда аянбай еңбектенуі қажет. Неміс педагогі А Дистервергтің «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, жақсы мұғалім оқушының өзін іздендуге жетелейді, ойға үйретеді» дегені мәлім. Осы тәжірибені сыни тұрғыдан ойлау технологиясы да ұстанады. Сыни тұрғыдан ойдау мұғалім мен оқушының арасындағы қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйтқысы болғандықтан, оқушылардың шығармашылығы мен танымдық белсенділігін арттырады. Сын тұрғысынан ойлау негізінде құрылған сабақта тек жақсы оқитын оқушылар ғана белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуі ойластырылса, әр оқушының оқуға деген қызығушылығы артатыны даусыз. Сондай ақ «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясына негізделген сабақ оқушының ой-өрісін дамытып, жан-жақты, терең білім алуына жағдай жасап қана қоймай, оқушы бірде басқаға көмектессе, бірде басқаның көмегін өзі алады. Оқушы білімді өз ізденісімен, өз біліктілігімен, іскерлік дағдылары қалыптасып, артады. Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасы негізінде өткізілген сабақтар оқушының тақырыпты толық меңгеруіне, өз бетінше жұмыс жасауына және уақыт үнемдеге өте ыңғайлы. Бұл технологияны пайдалану жеке тұлғаның ойлау қабілетін дамытуға, эстетикалық тірбие, коммуникативтік қабңлеттерңн шыңдауға, қолайлы шешім қабылдай алуға, ең бастысы, білім сапасын арттыруға негіз болады.

Нәтижесінде:

- оқушы еркін сөйлеп, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді;
- жұппен, топпен жұмыс істей отырып, бірін-бірі сыйлауға, шешімі табылмай жатқан мәселені ақылдасып шешуге ұмтылады;
- бірін-бірі оқытуға және дамытуға үйренеді;
- жағымды қарым-қатынасқа бейімделеді;
- ойы сараланған, дарынды, шығармашыл тұлға қалыптасады.

Қорыта айтқанда, сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы бойынша жүргізілген сабақтар арқылы бастауыш сынып оқушылары іздеудің мән-жайына қаныға, білімді тереңінен айтуға төселеді, дәлелдер келтіру, дәлелдеу тәсілдеріне жаттығады, теория мен практиканың бірлігін игереді, жеке және топпен бірлесіп мәселе түйінін шешу жолдарын табуға жаттығады, өз жолдастарының пікірімен санасуға, өткір сындарды тыңдап одан тиісті қорытындылар жасай білуге машықтанады. Заман талабына сай бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеуде, оқушыларға қажетті білімді меңгертудің тиімді жолдарын, әдіс-тәсілдерін талмай іздеу – әр ұстаздың міндеті. Бұл орайда, Қазақстан Республикасы білімді дамыту тұжырымдамасында: «Адам өзін — өзі жетілдіруге де, жоюға да қабілетті. Адамның өз болмысын тануға, ұмтылуға көмектесіп, тереңде жатқан талап тілегін, қабілеттерін дамытуға тиіс. Сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады»- деп көрсетілген.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы

2. Жаманқұл П. Қ., Муфтибекова З., Орынбаева Н. Н. Оқулықтағы көркем шығармаларды оқытудың әдіс-тәсілдері. 2010.-13 б.

3. Қазақстан Республикасы білім беруді дамыту тұжырымдамасы

# ТЕХНИКАЛЫҚ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Асаинова Б.Н.
*Тереңкөл ауданының аграрлық-техникалық*
*Колледжі, Павлодар облысы, Тереңкөл ауданы,asa28051990@mail.ru*

***Аңдатпа.****Мақалада техникалық кәсіптік білім беру жүейсіндегі модульдік оқыту технологиясын пайдаланудың маңызыталданып қаралған.*

*Тірек сөздер:* кәсіптік, технология, модульдік

***Аннотация***. *В статье рассмотрено значение использования модульной технологии обучения в системе технического профессионального образования.*

*Ключевый слова:* профессиональное, технологическое, модульное

***Annotation.***The article considers the importance of using modular learning technology in the system of technical vocational education.

*Keywords:* professional, technological, modular

Қазіргі кезде елімізде техникалық және кәсіптік білім беруді (бұдан әрі – ТжКБ) білім беру үдерісінің барлық мүшелерінің: жұмыс берушілердің, студенттердің, ата-аналардың, оқытушылардың және жалпы қоғамның мүдделерін ескеретін білім сапасын қамтамасыз етуші нормативтер мен аспаптарды әзірлеуді талап етеді. [1, 210 б.]

Өмірдің шынайылылығы, адамның кез келген жетістігі – жеке немесе кәсіби – еңбек қызметінде қай саласын алмаса да өз құзыреттілігін дәлелдей алуға негізделеді. [1, 196 б.]

Еңбек нарығының өзекті мамандықтары бойынша кәсіби стандарттарды жаңарту және өндіріске инновациялық технологияларды енгізу Қазақстанның техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне (ТжКБ) маңызды тапсырмалар қояды – жұмыс берушілердің талаптарына және еңбек нарығының конъюнктурасына жылдам көңіл бөлу және әлемнің стандарттарына сай мамандарды даярлау. ТжКБ жүйесіне енгізілетін модульдік оқытудың технологиясы - студенттердің жұмысқа орналастыру сұрақтарына көп оң нәтижелер әкеледі және жұмыссыздық проблемасын шешуге мүмкіндік береді. Бір немесе бірнеше біліктілігі бар адам бірнеше жыл бойы білім алуға және басқа мамандық бойынша біліктілікті алу үшін қайта дайындықтан өтуге қажеттілігі жоқ. Ол аталған біліктілікті қысқа мерзімде алып, жұмысқа орналаса алады. [3, 165 б.]

Оқытудың модульдік технологиясы – үздіксіз білімді қамтамасыз ететін икемді жүйе, ең бастысы оқытушыда, студентте оқыту нәтижесіне нақты бағытталған. Оқыту материалдарына қатысты – модульдік тәсіл негізінде оқытуда ол аяқталған элементтерден тұратын құрылым ретінде қарастырылады. Оқыту материалдарының ауыспалы бөлімдерінің бөлімшелері бір-біріне тәуелді емес және әрбір бөлімнің оқыту материалдарын тез арада өзгеріп, толықтыруға мүмкіндік береді, ол қызмет түрлерінің және әрекет тәсілдерінің түрлеріне тез үйренуге мүмкіндік береді. Дұрыс құрылған модульдік бағдарламаның құрылымы білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне оқыту мазмұнын студенттердің меңгеруін және бейімделу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Оперативтік білім студенттің жеке қызмет кезінде алған білімін қолдану және меңгерген білімнен тыс жағдайларда өзгеше жағдайда қолдану барысында меңгеріледі. Оқыту материалдарына берілетін ақпарат оқыту мазмұнын меңгеруге бағытталуы тиіс. Модульдік-құзыреттілік тәсілі процесінде оқытушы кеңестік-бағыттаушы рөлін атқарады. Танымдық қызметін басқару функциясы студентке беріледі және өзіндік басқару функциясы ретінде қаралады. Ең бастысы – бағалау критериі оқу процесінің барлық қатысушылары – студенттер, оқытушылар, әкімшілік және ата-аналар үшін оқыту

процесін айқын және түсінікті етеді. Міндетті жүргізу қажет: кіріс диагностикасы, өзіндік бақылау, өзара бақылау және шығыс бақылауы. [4, 378 б.]

Модульдік оқытудың түйіні оқыту процесін дербес мазмұнды-технологиялық бірліктерге (модуль) бөлуге болады, оған студеттерге арналған әдістемелік нұсқаулық, бағалау жүйесі мен мақсатты әрекет бағдарламасы ақпараттар бланкі енеді. [4, 404 б.]

Жұмыс оқу бағдарламасын құру кезінде практикалық қызметте бөліп жарып айтатын модульдік оқытудың басты элементтері:

—оқыту мазмұнының нақты құрылымы;

—блок мазмұндарының толықтығы және дербестілігі;

—әрбір студентке арналған визуалды түсінік беретін әдістемелік нұсқаулық;

—оқыту материалдарымен жұмыстың дербес жылдамдығы;

—әрбір студенттің оқыту материалдарының әрбір порциясын меңгеруді бақылау. Студенттердің кешенді білім алуы үшін модульдік оқыту технологиясын әрбір тақырыптар мен тақырыпшаларды бөліп оқытуға мүмкіндік береді. [4, 430 б.]

Жұмыс берушілерден алынған сауалнамалар еліміздің аймақтарының кадрларға деген сұраныстарын дамытудың жаңа тенденцияларына куә болады: кәсіптік білім беру сапасы түлектердің «білімі» форматында ғана емес, сонымен бірге қызметтің форматында; кәсіптік қызметке дайындықтың құрамдастары бар барлығына ортақ кәсіптер мен мамандықтар бойынша байланысты жұмыскерлерге қойылатын бұрындары өзектендірілмеген, қосымша талаптардың пайда болуы (мысалы, командалық жұмысқа, ынтымақтастыққа, әлеуметтік байланыстарды реттеуге, үздіксіз өз бетімен білім алуға қабілеттілік, шешім қабылдау, ақпаратпен жұмыс істеу машығы және т. б.). Білім беруші оқу бағдарламалары оқу жоспарының әртүрлі пәндерін оқыту мазмұнын, әдістерін, түрлері мен құралдарын айқындаушы ТжКБ ұйымдарының негізгі нормативтік құжаттары болып табылатындықтан, оларға модульдік құрылым беру оны ары қарай жетілдіруге бағытталған білім беру үдерісінің әртүрлі тұстарын барынша жаңғыртуды тұспалдайды. Осы жүйе жұмыс істеуі үшін еңбек саласының талаптарын білім беру саласының тіліне аудару қажет, яғни өмірдің ақиқатына оқыту мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау қажет. Білім беру мен бизнес бір тілде – өнеркәсіп пен елімізді дамытудың нақты сұраныстарын қанағаттандыру үшін оқытудың нақты нәтижелілігі тілінде сөйлеуге машықтануы тиіс. Бұл кәсіптік стандарттардың талаптарын іске асыру және модульдік бағдарламаларды әзірлеу арқылы мүмкін. Білім беру ұйымдары көбіне жылдам өзгеретін экономикаға және тұрақты әртараптандыруға бейімделмеген. Модульдік құзыреттілік оқытуды енгізу арқылы инновациялық орта құру шындығында әрбір студентке белсенді әрі нәтижелі оқу-танымдық қызметке қосылуға, мазмұны бойынша сараланған бағдарламамен жұмыс істеуге мүмкіндік береді, бұл оның заманауи білім берудегі өзектілігін арттырады. [4, 245 б.]

Тереңкөл ауданының аграрлы-техникалық колледжінде модульдік оқытуды бойынша енгізу тәжірибесі әрбір сабақтың кәсіптік біліктіліктерді қалыптастырудағы жоғары маңыздылығын көрсетті. Мұнда әрбір кезеңде интербелсенді технологияларды қолдануды атап өткен маңызды. Негізгі әдістемелік тәсілдер мен материалдарды «Ауыл шаруашылығы өндірісіндегі тракторшы-машинист» біліктілігі бойынша «Арнайы пәндерді» сабақтарында оқыту мысалында қарастыруға болады. Аталмыш технология бойынша оқытуда ең алдымен студенттердің білім сапасын бағалауда кретиралды бағалау жүйесін пайдалануға мүмкіндік болады. Сонымен қатар модульдік құзыреттілік технологиясы арқылы оқытуда студенттерге әрбір модуль бойынша тапсырмалар (тест тапсырмалары, бақылау жұмыстары, өзіндік жұмыстар т.б.) беріліп, тарау бойынша студенттердің алған білімдерін байқауға мүмкіндік болады. Бұл дегеніміз еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті кәсіби маман даярлаудағы үздік технология. Ең алдымен кәсіби маман даярлау үшін оқу үлгілік жоспарына сәйкес білім алушыларға арналған оқу материалдарын даярлау және жоспарлау қажет. Оқу материалдарын даярлауда заманауи технологиялар мен әдістерді, оқу-жаттығу жұмыстардың түрлерін пайдаланған жөн.

Модульдік технологиясы студенттердің оқу мотивациясын күшейтіп, шығармашылық ізденістерге жетелейді, бұл технология жеке студенттің білім сапасын анықтауға бағытталады. Студентке берілетін білімді алдын-ала модульге бөліп алып, үйрету өзінің тиімді нәтижесін береді. Білім алушының мүмкіндігіне қарай модульдік оқытуда мәтіннің мазмұны бөліктерге бөліп беріледі. Демек, модуль – іріленген мазмұнды дидатикалық бірлік деп саналады. Бөлінген мәтіндермен жұмыс жасай отырып, оларды толықтырады, қысқартады, мазмұнға сай өзгертулер жасайды. Сөйтіп, олар оқу материалының дербес бөлік екеніне көз жеткізіп, дәстүрлі оқыту мен модуль арқылы оқытудың ерекшеліктерін танып біледі. Модуль арқылы оқыту нәтижесінде жұмыс беруші талаптарынан шыға алатын бәсекеге қабілетті, білікті кәсіби маман қалыптасады.

**Әдебиеттер тізімі**


1.Батышев С.Я. Блочно-модульное обучение–М., 1997–С.255.

2.Бессонов Б.Н. Гуманизм и технократизм как типы духовной ориентации //Филос. науки–1988–№ 1–С. 150.

3.Борисова Н. В. От традиционного через модульное к дистанционному образованию. – М.: Домодедово: ВИПК МВД России, 1999. – С.174 .

4.Голованова Ю. В. Модульность в образовании: методики, сущность, технологии // Молодой ученый. – 2013. – №12. –С.442.


## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ҰҒЫМЫН ҮШ ДЕҢГЕЙДЕ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ


Маханбет Ақмарал

*«М. О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» ҚМҚК*

*педагогика және психология пәнінің оқытушысы Ш.Қ.О. Семей қаласы*



***Аңдатпа*** *Мақалада тиімді бүкіл оқыту үрдісі мен білімді техникалық және адам ресурсын олардың бір-біріне өзара әсерін, білім берудегі формасын оңайландыру міндеттерін ескере отырып меңгеруді жүзеге асырудың жүйелі әдісін қарастырады.*

*Тірек сөздер: педагогикалық технология, білім, әдіс, локальдік – модульдік, Салалық – пәндік.*

***Аннотация.*** *В статье рассматривается системный подход к осуществлению эффективного всего процесса обучения и усвоения знаний техническим и человеческим ресурсом с учетом их взаимовлияния друг на друга, задач упрощения форм обучения.*

*Ключевые слова: педагогические технологии, знания, методы, локально-модульные, отраслевые-предметные.*

***Annotation.*** *The article considers a systematic approach to the effective implementation of the entire learning process and the assimilation of knowledge by technical and human resources, taking into account their mutual influence on each other, the tasks of simplifying forms of learning.*

*Key words: pedagogical technologies, knowledge, methods, locally modular, industry-specific.*


Еліміздің егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгіліктендіру мектепті осы кезге дейінгі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты.

Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда:

• білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде;
• ақпараттық дәстүрлі әдістері – ауызша және жазбаша, телефон және радиобайланыс – қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде;
• баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жандүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;
• мектеп, отбасы мен қоршаған әлеуметтік ортаның бала тәрбиесіндегі бірлігіне ұмтылыс жасалуда;
• қоғамдық біліммен бара-бар педагогикалық технологияның кеңінен қолданылуына және ғылымның рөліне мән берілуде.

Оқыту технологиясын жетілдірудің психологиялық, педагогикалық бағыттағы негізгі ой-тұжырымдары төмендегіше сипатталады:
• есте сақтауға негізделген оқып білім алудан, бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытатын оқуға көшу;
• білімнің статистикалық үлгісінен ақыл-ой әрекетінің динамикалық құрылым жүйесіне көшу;
• оқушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламадан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына өту.

Қазір Республика оқу орындары, педагогикалық ұжымдары ұсынылып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі кезде педагогикалық технология ұғымы біздің педагогикалық лексиконымызға берік еніп келеді. Дегенмен, оның мән-мағынасы туралы пікірлер алуан түрлі. Түсіндірме сөздікте: "Технология – бұл қандайда болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы" делінсе, Б.Т.Лихачев педагогикалық технологияны оқу процесіне белгілі бір мақсат көздей әсер ететін педагогикалық ықпал деп түсіндіреді. Ал, технологиялық үрдісті нақты педагогикалық нәтижеге жетелейтін бірліктердің (өлшемдердің) белгілі бір жүйесі ретінде көрсетеді және педагогикалық технология түпкілікті өзгермейтін механикалық құрылым емес, қайта бала мен мұғалімнің үнемі түрленіп отыратын өзара қарым-қатынасының өзегі, мазмұнды ұйымдастырушы құрылымы.

ЮНЕСКО-ның анықтамасы бойынша, педагогикалық технология – бүкіл оқыту үрдісі мен білімді техникалық және адам ресурсын олардың бір-біріне өзара әсерін, білім берудегі формасын оңайландыру міндеттерін ескере отырып меңгеруді жүзеге асырудың жүйелі әдісі. М.В.Кларин "Педагогикалық технология — бұл педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті", - деп анықтайды. Бүгінгі педагогика ғылымының лексиконында педагогикалық /оқыту/ технология ұғымы терең тамыр жайды. Дегенмен де, осы ұғымды түсіну мен пайдалануда әр түрлілік басым.

Технология – Tehne – искусство, ремесло, мастерство, учение – деген мағынаны білдіретін грек сөзі.

"Технология - өндірістік процесті жүргізудің әдістері мен тәсілдері жайлы білім жиынтығы", - деп шетел сөздерінің қысқаша сөздігінде анықтама берілген.

Педагогикалық технология – педагогикалық мақсатқа жету үшін пайдаланылатын барлық дара, инструменталдық және методологиялық құралдардың қолдану реті мен жиынтығының жүйесін білдіреді. /Кларин М.В.

Технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі /Монахов В.М./.

Технология – дидактикалық жүйенің процессуалды бөлігі. /Чошанов М./

Педагогикалық технология - практикада іске асырылатын педагогикалық жүйенің жобасы /Беспалько Б.П./.

Ал, педагогикалық жүйе дегеніміз — белгілі бір қабілеті бар дара тұлғаны қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әсерді ұйымдастыруға қажет құралдар, әдістер мен тәсілдердің өзара байланысқан бірлігі. Оқыту технологиясы - оқытудың тиімді жолдарын зерттейді, ғылымда оқыту процесінде қолданылатын әдістер, тәсілдер мен қағидалар. Ол оқыту процесінде нақты жүйе кызметін атқарады /Селевко Г./

*Педагогикалық технология ұғымы үш деңгейде қолданылады. Жалпы педагогикалық* жүйе ұғымының синонимі. Оған: мақсат, мазмұн, оқытудың құралдары мен әдістері, оқыту процесінің субъектілері мен объектілерінің әрекет алгоритмі кіреді.

*Салалық/пәндік/*- бір пән шеңберіндегі оқыту, тәрбие мазмұнын жүзеге асыруға негізделген әдістер мен құралдар жиынтығы.

*Локальдік /модульдік/* - жеке әрекеттер технологиясы, ұғымды қалыптастыру; дара қасиеттерді қалыптастыру және дамыту сабағының технологиясы; жаңа материалды меңгерту технологиясы; қайталау және бақылауды ұйымдастыру технологиясы; жеке жұмысты ұйымдастыру технологиясы.

*Салалық /пәндік/ және локальдық /модульдік/* деңгейлеп оқыту әдісімен үндес, тек айырмашылық технологияда процессуалдық өлшемдік, сапалық және вариативтік - бағдарлық компоненттерге басым көңіл бөледі. Технология әдістемеден оқыту әрекеттерінің өңдеуге болатындығымен ерекшеленеді.

Педагогикалық үрдіс технологиясы дегеніміз мақсат-мүддені анықтаудың жалпы әдіснамасы негізінде мемлекеттің қазіргі таңда білім беру саласына қойып отырған талаптарына сәйкес анықталып, іріктеліп, реттелген оқытудың мазмұн, форма, әдіс-амалдарының, дидактикалық талаптарының психологиялық-педагогикалық нұсқауларының жиыны.

Оқыту технологиясы мектепте оқу үрдісіне қажетті әдіс, тәсіл, амал, дидактикалық талап секілді психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылады. Ол оқушылардың тәртібіне, оқуға, ынтасына, оқу – іс-әрекетіне игі мұғалімдердің интеллектуалдық, шығармашылық қызметі болып табылатын педагогикалық іс-тәжірибесінін нәтижелілігіне, жинақтылығына ұтымды әсер ететіндей оқу-тәрбие процесінің басты күре тамырының рөлін атқарады. Былайша айтқанда, педагогикалық технология – оқу -тәрбие процесінің шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігі оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі (компонент).

*Осы заманғы жаңа педагогикалық технологиялар* Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы барысында орта білім берудің жүйелі реформаланцуы қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие. Білім берудің реформалауды жүзеге асырудың және бір маңызды сипаты қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттігінен туып отыр. Осыған орай,соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп өміріне енгізіліп жатыр. Олар мыналар: Лысенкованың алдын ала оқыту, Хазанкиннің есептер шығару, Палтышевтің физикадан есептер шығару, Шаталовтың интенсивті оқыту (тірек сигналдарын пайдалану арқылы), Эрдниевтің ірі блоктан оқыту, мәселелік оқыту, оқытудың белсенді әдісі, т.т.

Ал соңғы жылдары оқытудың модульдік технологиясы мен В.М.Монаховтың, Дьяченконың оқытудың ұжымдық тәсілі, сондай-ақ, профессор Ж.Қараевтың оқытуды

дербестендіру мен дифференциалау және білім беруді демократияландыру мен ізгілендіру ұстанымдарына негізделген жаңа педагогикалық компьютерлік технологиясы еліміздің көптеген мектептерінде қолданылып жүр.
Мектептерде жүргізіліп жатқан қазіргі тәжірибелік-сынақ жұмыстардың басты міндеті жаңаша оқытудың педагогикалық технологиясын оқыту үрдісіне енгізу болып табылады. Мәселен, Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдовтың бірлесе жасаған “Дамыта оқыту жүйесі” бір-бірімен тығыз байланысты әрі мынадай ұстанымдардан құралады:
1. Жоғары деңгейдегі қиындықта оқыту.
2. Теориялық білімнің жетекші рөлі.
3. Оқу материалын жеделдете оқыту.
4. Оқу үрдісін оқушының сезінуі.
5. Барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу.

Л.В.Занковтың оқыту жүйесінде оқушы өзін емін-еркін сезінеді, оның әлеуметтік мүмкіндігі мен дербестігінің дамуына жағдай жасалады. Осы жүйеде оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-катынастың іргетасы қаланады. Мұғалім түсіндіруші, оқытушы тұрғысында емес, оқушының оқу әрекетін ұйымдастырушы, бағыттаушы ретінде көрінеді.

Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады. Сондықтан танымдылық іс-әрекеті белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет. Бұл әдістемелік жүйенің басқа бөліктерінің де (мазмұн, әдіс, оқыту түрі мен құралдарының) өзара байланысы қалпында өзгертілуін талап етеді. Мұны орындау үшін төмендегідей ұстанымдар жүзеге асуы тиіс.

1. Оқушылардың өзіндік іздену іс-әркетінің әдістерін меңгеру талап етіледі. Өйткені бұл әдістердің күнделікті пайдаланып жүрген оқыту әдістерінен айырмашылығы бар. Яғни жаңа жағдайдағы "оқыту әдістемесі" деп отырғанымыз: "оқушы - мұғалім" ұстанымының өзара тығыз байланыстылығы. Демек, мұнда бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алудағы белсенділігіне баса назар аударылады.

2. Жаңаша оқытудың негізгі түрлері: оқытудың дербес және топтық түрлері болып табылады. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат - оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту. Ал оқытудың фронтальды түрі көбінесе, бағыт беру, талқылау және түзету енгізуде ғана пайдаланылады.

3. Жаңа технологияның мақсаты бойынша "оқытуды ізгілендіру" қажет. Бұл үшін оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Бұрынғы дәстүрлі оқулықтар мұндай талапты қанағаттандыра алмайды, сондықтан оқушылардың өз бетімен білім алуына аса бейімделген жаңа типтегі оқулықтар керек-ақ.

Жаңа технологияның тағы бір психологиялық негізі болып табылатын теория - Л.С.Выготскийдің "оқыту үрдісінде оқушының ақыл-ойының дамуы "актуалды даму" аймағынан жақын арадағы даму" аймағына ауысуы туралы теориясы. Бұл ауысу тапсырмаларды қайталап орындауға ғана арналған бірінші деңгейден өнімді іс-әрекетті қажет ететін келесі деңгейлерге ауысу негізіндегі іс-әрекет арқылы жүзеге асады. В.П.Беспалько бұл деңгейлерді төртке бөледі: бірінші деңгей - "міндетті, оқушылық", екінші - алгоритмдік, үшінші - эвристикалык, төртінші - шығармашылық.

Ендеше оқушылардың білім, білік, дағдыларын жетілдіру үшін оқытудың жаңа технологиясы негізінде дифференциалдық және дербес деңгейлік ұстанымдарының талаптарына сәйкес өткізілетін әр түрлі сабаққа арналған жаңа ұрпаттағы оқулықтар мен оқу құралдары қажет. Бұлар - әңгімелесуші-оқулықтар мен оларға қосымша төрт деңгейдегі тапсырмалар берілген жұмыс дәптерлері.

Әңгімелесуші-оқулық бойынша жаңа тақырыпты өз бетімен меңгеріп, анықтама мен ережелерін өзі шығарады. Қарапайым жаттығу-мысалдармен оларды бекіткеннен кейін жұмыс дәптерлеріндегі деңгейлік тапсырмаларды орындауға көшеді.

Оқытудың жаңа технологиясы жағдайында оқушылардың өздігінен жүргізетін танымдық іс-әрекеті үшін тапсырмалар күрделілігі төрт деңгей бойынша құрастырылып, ондағы барлық деңгейдегі тапсырмалар қызғылықты мазмұндалған болса оқушыларда ынталану пайда болады. Мұндай жаңа технология бойынша сабақ беріп жүрген мұғалімдер үзіліс кезінде де оқушылардың сабақтан бас алмайтындығын айтады. Өйткені оқушылар өзара бәсекелесе отырып жұмбақ, сөзжұмбақ, ребус, математикалық басқатырғыштар сияқты әр деңгейдегі тапсырмаларды шешуге ұмтылатыны даусыз. Бұл жерде "үлгерімі кейіндеп қалып, өз құрбыларын белгілі бір себептермен қуып жете алмайтын оқушылармен қалай істеуіміз қажет?" деген сұрақ туады. Бұл мәселенің де оңды шешуі қарастырылған. Олар мыналар:

• барлық тапсырмаларды мезгілінде орындаған оқушылар үлгермеушілерге көмектеседі;

• сыныптың басқа оқушылары өздігінен жұмыс істеп жатқан кезде мұғалім үлгерімі төмен оқушыларға дербес көмек көрсетуіне уақыты болады.

Деңгейлік тапсырмаларды енгізудегі басты мақсат – сынып оқушыларын "қабілетті" және "қабілетсіз" деп жасанды әр түрлі жіктерге бөлуді болдырмау. Осы арқылы және дербес оқыту, сонымен қатар барлық оқушыға қатысты ізгілендіру ұстанымдары сақталады. Сондай-ақ деңгейлеп оқыту барысында оқушының бірінші деңгейдегі тапсырмаларды дұрыс орындағаны есепке алынып отырады. Демек, қандай оқушы болсын, өзінің жақсы оқитындығына қарамастан "оқушылық міндетті", яғни бірінші деңгейдің жұмысын орындаумен бастайды. Нәтижеде бұл барлық оқушыларды тірек білімімен қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы талаптарына сай міндетті бірінші деңгейді толық игеруін жүзеге асырады. Мұндай есепке алу (зачеттік) жүйесін жүргізу нәтижесінде үлгерімі нашар оқушылар кем дегенде "оқушылық" деңгейге сәйкес білімді толық меңгерді. Өйткені алғашқы деңгей тапсырмаларын толық және дұрыс орындамайынша олар келесі деңгейге көшпейді. "Міндетті" деңгейді толық меңгерген оқушы әрі қарай ілгері ұмтылады, өзіне өзінің сенімі артады.

Жалпы жаңа педагогикалық технологияда бағалау үрдісі арнайы "қосу" әдісімен жүзеге асырылады. Бағалау жүйесінде оқушы білімінің ең төменгі деңгейі негізге алынады және ол деңгей мемлекеттік стандарттың ең төменгі талабына сәйкес келеді. Дарындылығына, бейімділігіне, жоғары даму деңгейіне қарамастан оқушылардың барлығы бірінші деңгей тапсырмаларын дұрыс орындауы шарт. Бірінші деңгейдегі барлық дұрыс және мезгілінде орындалған тапсырмалар "есеп-зачетқа" алынып отырады. "Зачеттің" "екіліктен" айырмашылығы: бірінші деңгейдің "есепке алынбаған" тапсырмалары қашан "есепке алынғанша" міндетті түрде, қайта-қайта тапсырыла береді.

Өзін-өзі бағалау "қосу" әдісімен жүргізілетіндіктен оқушы бұрынғыдай "екілік" аламын деп қорықпайды. Сөйтіп оқушыда жоғары ұпай жинауға деген талпыныс пайда болады. Ол дұрыс орындалған тапсырмалардың санына ғана тікелей тәуелді.

Жаңа педагогикалық мұндай технологиялар арқылы оқытуды ізгілендіру мен демократияландыруға, оқушылардың өздігінен бағыт-бағдарын анықтап, дамуына, ең бастысы, өзін-өзі тәрбиелей алатын тұлға ретінде калыптасуына жағдай жасауға болатыны күмәнсіз. Сондықтан да білім беру жүйесінің алдында тұрған басты мақсат: жаңа технологияның талаптарына сай жаңа оқулықтар буынын жазу болып отыр. Бұл жаңа оқулықтар мен дидактикалық құралдардың ерекшелігі сол, олардың мазмұнын қысқа мерзімде ешқандай бейімдеусіз-ақ компьютерге кіргізуге болады екен. Себебі, бұл құралдардың құрылымы электрондық оқулық құрылымдарына ұқсас.

Әрбір педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерін қамтиды.

Жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту технологиясында оқу пәндері әдістемелері мен білім беру технологияларын жоспарлау жүйесі қолданылады.

Пәндердің әдістемесін қолдануды жоспарлау мынаған келіп тіреледі, яғни әр оқушының өз кезеңі барысында мұғалім оған қажетті әрбір жаңа педагогикалық технологиялар мен әдістемелерді міндетті түрде пайдалануы қажет. Бұл үшін мына төмендегі түсініктерді ескерген жөн:

- қатар отыратын екі сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктері мен білім деңгейлерін ескеру;
- әдістеме мен технологияның сабақтастығы;
- оқушының өз бетінше іс-әрекет жасау тәсілдерін меңгеруіне мұғалім тарапынан көмек беруді біртіндеп азайту;
- параллель сыныптардағы сынып топтарының ерекшеліктерін ескеру;
- мұғалімдердің ықыласы мен шеберлік деңгейінің болуы т.б.

*Жаңа педагогикалық технологияны, ендіру жолдары*

Еліміздің болашағы, көркейіп өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы проблема - әлеуметтік педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан, білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын мұғалімдерді даярлау.

Мұғалімдерді даярлау қай уақытта да ең өзекті мәселелер қатарына кіретіні белгілі жәйт. Олай болатыны, қоғамның әлеуметтік – экономикалық міндеттері заманына сай өзгерістерге ұшырап, өскелең ұрпақты соған лайықтап өмірге бейімдеудің жаңа талаптары туындап отырады. Бұл жерде ұстанымдар кәсіби педагог кадрларын даярлау жүйесіндегі көзқарастардан айқындалары даусыз.

Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғдылы жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Ол үшін болашақ мұғалімдерді даярлауға жоғары оқу орындары төмендегідей жұмыстар атқаруға тиісті:

- Болашақ мұғалімдерді ақпаратты қоғам жағдайында оқып білім алуға, өмір сүруге бейімдеу;
- Жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияға бейімделген білім берудің ғылыми-әдістемелік базасын жасау, білім саласын басқарудың жаңа формалары мен әдістерін пайдалана отырып жоғары білім беру жүйесін жаңарту;
- Дүниежүзілік ақпараттық білім кеңістігіне орта білім беру мен жоғары білім беру жүйесін сәйкестендіре отырып кіріктіру;
- Білім берудің иллюстративтік түсіндірмелі жүйесінен дамыта оқыту жүйесіне көшу. Оқыту үрдісінде оқушы шығармашылығына негізделген окыту әдістерін пайдалануға түбегейлі көшу;

Сонымен қорыта келгенде, оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жаңа білім парадигмасына сүйене отырып, мен оқыту технологиясының өзіндік нұсқасын қарастырып шықтым.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, түрлерін, технологияларнын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процесті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді.

Кез-келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүние жүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалылығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Экономикалық күшті дамыған елдердің тәжірибесі білім жүйесін ақпараттандыру экрномика, ғылым және мәдениеттің қарқынды дамуының негізгі кілті екендігін көрсетіп отыр. Ендеше қазіргі заманның ақпараттық технологиясын игеру міндетіміз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения. Актобе. РИПК СО, 1999.
Қазақстан Республикасы "Білім мемлекеттік бағдарламасы" / Қазақстан мұғалімі. – 2000. - №33-34
Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан,1994ж
Қазақстан Республикасында орта білімнің дамыту тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан,-1997, 34б.
Әбдіғалиев Қ. Шоғырландырып қарқынды оқыту жүйесі. // Қазақстан мектебі. – 1998.- №11-12, 24-35б.
Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары // Бастауыш мектеп. - №3, 4, -1999.

## БІРЛЕСКЕН ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ДҮНИЕТАНУ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ

Музапарова Дидар Баяхметовна
*«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК*

Топтық жұмыстың мақсаты: Оқыту мен оқу тәсілдері арқылы проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау барысында оқушылар тобының бірлесіп жұмыс істеуі.

Қазіргі таңда сапалы білім беру мәселесі қоғамды толғандырып отырғаны айқын. Қарыштап дамып келе жатқан технологиялық прогресс кезеңінде өскелең ұрпақтың білім деңгейі заманауи талапқа сай болуы қажет дей ойлаймын. Сол себепті біз - ұстаздар әр сабағын сапалы түрде ұйымдастырып, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білуіміз шарт. Мектепте алған білімін өмірде қолдана алатындай етіп сабақты құру көп шығармашылық ізденісті талап етеді. *Ұлы Абайдың* «Адамның қасиеті үш-ақ нәрсе: «нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» демекші, шәкірттің алдына бару үшін жеткілікті білімің болу керек, сол тәжірибеңді ұғындыру үшін тиімді тәсілдерді қолдана білу және ұстаз мамандығын таңдаған соң, этикалық әрі моральдік құндылықтарды ұстануы қажет. Аталған мұғалімнің үш көмекшісі сапалы әрі табысты білім беруіне жол ашады. Оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық «жаңалық» ашуы, шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әр түрлі өнімдер жасалуы тиіс. Яғни, нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек. Оқытудың маңызды факторы оқушының тақырыптың мәнін өз бетімен меңгеруін түсінуі мен бағалай алуы болып табылады. Осындай нәтижеге жету үшін мен бақылау - байқау практикасында машыққерлермен, яғни 3-4 сыныптарда топтық және 1-2 сыныптарда жұптық жұмыс түрлерін көп пайдаланамын. Қазіргі заманауи мектептерге білімді дайын күйінде беруші емес, алдын ала тыңғылықты жоспарланған оқу қызметін ұйымдастырушы қажет екені барлығымызға белгілі. Ал ұйымдастырушы болу үшін бізге топтық жұмыс көмектеседі.



Топтық жұмыс оқушылардың сүйікті жұмыс түрлерінің бірі болып табылады. Бұл жерде *«неге?»* деген сұрақ туындайды. Себебі, оқушылар үшін ең маңыздысы – қателік жіберіп алмау деген қорқыныш сезімін жеңу, өзіне деген сенімділіктің пайда болуы. Топтық жұмыстың нәтижесінде оқушылар берілген материалды жақсы меңгереді. Олардың шығармашылық қабілетін дамытуға септігін тигізеді, сонымен қатар топтық жұмыс сабақты қызықты етіп өткізуге көмектеседі.

Іс-тәжірибе барысында көрсеткендей, топтық жұмысты алғаш ұйымдастыру сәтсіз болуы әбден мүмкін: артық шу, баяу жұмыс жасау, оқушылардың бірігіп жұмыс жасай алмауы және т.б. Бірақ уақыт өте келе оқушылар топтық жұмыс жасауға біртіндеп үйрене бастайды. Сонымен қатар топтық жұмыс оқытуды өз бетінше ұйымдастыру түрі болып табылады. Өткізген сабақтарымда аталған жұмыс түрлерін қолдана отырып, бұл технологияның инновациялық оқытудың бір түрі болып табылатынына көзім жетті. Зерттеу жұмыстары нәтижесінде мен – беремін, ал оқушылар өз бетінше білімді меңгереді.Топтық жұмысты оқушылардың мектеп табылдырығын аттағанынан бастап іс-тәжірбие барысында қолданудамын: бірінші сыныпта негізінен оқушылармен тек жұптық жұмыс жасаймын. Себебі, оларда сыныптастарымен қарым-қатынас жасау дағдысы қалыптаспаған, топта жұмыс жасауға бірден бейімделе алмайды. Топпен жұмыс жасауға арналған тапсырмалар күрделі емес және оқушылардың жас ерекшеліктеріне, білім деңгейлеріне сай беріледі. Мысалы, жаратылыстану пәнінен « Өсімдік мүшелері » тақырыбын өткен кезде жеке бөліктерден өсімдік мүшелерін жинау тапсырмасын бердім. Оқушылар топтарға берілген тапсырмаларды орындай отырып, тақырыпты өздері аша алады. Сонымен қатар тест тапсырмаларын орындау кезінде де топтық жұмысты қолдануға болады. Мысалы, әр оқушыға тест тапсырмалары таратылады, алдымен әрбір оқушы тапсырманы жеке орындайды. Уақыт аяқталған соң, оқушылар топта орындаған жұмыстарын салыстырады, айырмашылықты анықтайды, өз пікірлерінің дұрыстығын дәлелдейді. Келесі этапта мұғалімнің берген дұрыс жауаптарымен салыстырады да, қай бөлімнің жеткіліксіз меңгерілгені анықталады.Оқушыларды топтарға бөлу кезінде түрлі әдістерді қолдануға болады: суреттер, сандар, түстер, туған күндері, есімдерінің әріптері, қима суреттер (мозайкалар), фигуралар, тақырыпқа байланысты терминдер, қағаз қиындылары, ән, ұқсас ерекшеліктері, жағымды сөздер бойынша бөлу және т.б. тәсілдер. Топтық, жұптық жұмыста оқушыларға берілетін тапсырма бір сарынды емес, әр түрлі сипатта болуы керек. Топтық және жұптық жұмыс жеке шешуге болатын тапсырмаларды емес, неғұрлым күрделі тапсырмаларды шешуді көздейді. Топтық жұмыс оқушылар арасында әлеуметтік өзара қарым-қатынасты, тиімді араласу және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде оқушыларды өздерінің оқуларына белсенді қатысуға итермелейді. Оқушыларды алынған ақпаратты ойластыруға және талқылауға өзгелердің пікірлерін түсінуге немесе теріске шығаруға ынталандырған жағдайда топтық жұмыс тиімді болады. Мерсердің (2005) тұжырымдамасы бойынша құрдастар тобындағы өзара қарым-қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Бір-біріне сұрақтар қоя біледі. Ең бастысы топта оқушы оқшауланып оқымайды. Топта бірлескен жұмыс, бір-бірін қолдау, топтық рух мадақталады. Топпен жұмыс жасағанда, тыңдау, келіспеушілікті құрметпен білдіру қабілеттеріне назар аударылады. Нәтижесінде өз ойы бар оқуға қабілетті тұлға қалыптасады. Топтық жұмысты ұйымдастырудың алдында сыныптағы оқушылардың белсенділік қызметін ұйымдастыру мақсатында топ ережесін жасау арқылы тәртіп талабын жасап алдым. Ережені оқушылардың өздеріне құрғыздым. Оқушылар ережеге мынадай тәртіп талабын жазды:

- уақытты тиімді пайдалану;

- сабаққа түгел, ұйымшылдықпен қатысу;
- бір-бірінің пікірін тыңдау;
- бірін-бірі сыйлау;
- берілген тапсырманы нақты орындау;
- бірігіп, белсенді жұмыс жасау;

Топта оқушылардың ойлау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту мақсатында Б.Блумның сұрақ қою өлшемін жиі пайдаландым. Олар жеңілден ауырға, қарапайымнан терең ойлауға жетелейді

Сабақты топтастырып өткізу оқытуда жаңа және тиімді нәтижеге қол жеткізеді:
1. Оқушыларды ізденіске баулып, жұппен, топпен жұмыс жасауға үйретеді.
2.Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады және көбі бағаланады.
3.Олардың әрқайсысының деңгейін анықтауға болады және артта оқшауланып қалған оқушыларды жаңа қырынан көруге мүмкіндік аламыз.
4.Оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады.
5.Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауда, өзіне деген сенімін қалыптастырады.

Бастауыш сыныптарда бірлескен топтық және жұптық жұмыс түрлерін ұйымдастырып сабақтар өткіздім. «Көршіңмен сырлас» әдісі. Бұл әдіс оқушылардың өз ойын ауызша білдіруіне үйретеді. Сұрақ қойып, ойлануына уақыт беріледі. Өз ойымен көршісімен бөлісіп, ақылдасуын сұрау. Бір-бірінің жауабын толықтырып,берілген тақырып бойынша білімдерін ортаға салуын тапсыру. «Сұраққа жылдам жауап» әдісі. Тақырыпты терең түсіну және оқушылардың назарын сабаққа аударып,ой-өрісін дамыту мақсатында төмен дәрежелі сұрақтарға толық жауап қайтаруды тапсыру. Мысалы, «Мадина, Болаттың жауабы дұрыс деп ойлайсың ба?» «Болат,Әсемнің жауабын қалай толықтыруға болады?» «Марат, айтылған барлық жауаптарды қалай біріктіруге болады?» Бірлесе топта жұмыс жасағанда оқушылар пікір таластырады,басқалардан үйренеді. «Сұхбат алу » әдісі. Мұнда топтағы үш оқушы бір-бірімен тақырып бойынша сұхбат құрады.Бірінші оқушы, екінші оқушыға сұрақ қояды, үшінші оқушы түсінгенін әңгімелейді. «Қалың және жұқа сұрақтар» әдісі. Бұл әдіс бойынша топ жұмысы барысында оқушыларға тақырып бойынша сұрақтар құру тапсырылады. «Ойлан, Бірік, Бөліс» әдісі. Оқушылар өз жауаптарын немесе идеяларын барынша көп жазады (Ойлан). Одан кейін олар өз идеяларын сыныптастарымен біріктіреді (Бірік) және соңында мұғалім бүкіл сыныптың идеяларын талқылауды бастайды (Бөліс) .Осы секілді тағы басқа көптеген әдіс- тәсілдерді пайдаландым.



Топтық жұмыс жүргізу төмендегі жетістіктерге жеткізді:
Оқушылардың оқу және танымдық қабілеттері дамиды.
Оқушылардың қорқыныш сезімі мен беймазалығы төмендейді
Сабақтың уақыты тиімді үлестіріледі.
Берілген білім берік қабылданады, алған білімдерін іс-жүзінде іске асыра алады.
Сыныптағы жұмыс сараланады.
Топтық жұмыс кезіндегі кездесетін кемшілік тұстары:
1.Топ мүшелерінің көп болуы;
2.Енжар адамдардың көптің көлеңесінде қалып қоюы;
3.Бір топтың шуылының екінші топқа әсері;
4.Берілген уақыт ішінде тапсырманы орындап үлгермеуі;
5. Бір топ жұмысты қорғап жатса, басқа топ мүшелері өз жұмыстарын аяқтап жатумен шұғылданады.

6.Білім деңгейі бірдей оқушылар тобы бір топта жұмыс жасауы;

Топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға ықпал ету, қызығушылығын арттыру жолдарын қарастыру, дағдыларын қалыптастыру – менің негізгі көздеген мақсатым болып отыр. Себебі, топпен жұмыс жасау барысында, оқушылар сыныптастарымен бірге әрекет етіп, бірін-бірі түсіндіріп жетілдіріп отырады. Оқушының белсенділігі мен танымдық іс-әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытуда қолданылатын топпен және жұппен жұмыс жасау кезінде оқушы өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеп, не қателігін мойындауға, қателігін көрсете білуге, пікірлесе отырып; шешім қабылдауға үйретуді жөн көрдім. Сол арқылы оқушыларда өз білімін бағалау және бақылау, өзін-өзі реттеу дағдысы меңгеріледі. Жаттанды емес терең ой елегінен өткізіп, жаңалықты өзі ашқан түрде игереді.

Топпен жұмыс жасау дағдылары кейін есейген кезде де қажет болады деп есептеймін. Себебі күнделікті өмірде біз көбіне топпен жұмыс жасаймыз.Өз пікірлерін, көзқарастарын және басқалардың ойларын дәлелдей біледі. Сондықтан мен топтық жұмыс өте маңызды деп шешіп, өзімді де, оқушыларды да өзгертудемін деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.К.Естурсынова , Ш.С.Набидоллина «Жаратылыстану негіздері және дүниетануды оқыту әдістемесі» Фолиант баспасы, Астана 2007ж, 215-232б

2. Әрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері. // Алматы, 2005-233 б.

3. Кәсіби даму мектебі // Алматы, Верена 2007,93-97 б.

4. Құдайбергенева К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы- педагогикалық технология көзі. Алматы // 2001-75 б.

5. Білімдегі жаңалықтар // 2007. №4 26-28 б.

6. Педагогический мир. Педагогикалық әдіс тәсілдердің инновациялық технологиясы. 2008 ж.

## ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Омарова Н.Ж.

*Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі*

Аңдатпа. Оқытудың кредиттік технологиясы білім алушының оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған, оқытудың жеке білім траекториясын таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде жүзеге асырылады. Ол білім берудің демократиялығымен сипатталып, әр білім алушының жеке ерекшелігі мен қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды.

Аннотация. Использование кредитной системы является усиление роли самостоятельной работы обучающегося, способствуют выработке у обучающихся способностей к самообразованию и саморазвитию, навыкам свободного критического мышления

Annotation. The active process of involving the credit system in Kazakhstan is started. In purpose of the International expectation the National Educational Programs, the provision mobility of the students and Professor – teaching stuff and also increasing the educational level and providing the exchanging experiences in all levels and stages of Higher and Up-graduate Education three-staged structure of preparing the specialists and Up-graduate Education in equal credit system of Education is involved.

Түйін сөздер: білім беру жүйесі, кредиттік оқыту технологиясы, жаңа әдіс-тәсілдер

Қазіргі кезде біздің республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандағы білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңестігіне енуге бағытталады. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістерге байланысты студенттердің таным-білім белсенділігін арттыру, жеке шығармашылық қабілетін дамыту жұмыстары ерекше мәнге ие болды. Кәсіптік білім беру мен жоғары оқу орындарында даярланатын мамандардың білімділік белсенділігін арттыруда өз бетінше орындайтын жұмыс түрлерінің орны ерекше.

Сапалы, әлемдік стандартқа сай білім беру ең алдымен оқыту әдістемесін кредиттік жүйеде ұйымдастырумен байланысты. Кредиттік оқыту жүйесі - даралану, білім беру траекториясының таңдамалылығы және білім ауқымын кредиттер түрінде есепке алу негізінде өз бетінше білім алу және білімді шығармашылықпен игеру деңгейін арттыруға бағытталған білім беру жүйесі [1].

Ұлттық білім берудің оқу бағдарламаларын халықаралық тану, білім беру ұйымдарының білім алушылары мен оқытушыларының ұтқырлығын қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру сапасын арттыру және білім берудің барлық деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарында бірыңғай кредиттік оқыту технологиясы іске асырылады.

Кредиттік оқыту технологиясы білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы, білім алушының пәндерді таңдауы және реттілікпен оқуын өз бетінше жоспарлауы негізінде жүзеге асырылады.

Кредиттік оқыту технологиясын пайдалану арқылы оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

1) білім көлемін біріздендіру;
2) оқытуды барынша даралауға үшін жағдай туғызу;
3) білім алушылардың өзіндік жұмыстарының рөлі мен тиімділігін күшейту;
4) білім алушының оқудағы шынайы жетістіктерін оларды тиімді бақылау рәсімдері негізінде анықтау болып табылады.

Студенттердің өз бетімен жұмысы – оқу үрдісінің құрамдас бөлігі. Сабақ барысында толық игере алмаған материалдарды түрлі әдістер арқылы, яғни өз бетімен істейтін жұмыс түрлері негізінде жан-жақты игереді. Ол үшін тапсырманың тиянақты болуын қадағалай отырып, студенттерді уақытты тиімді пайдалануға үйретуіміз керек. Сонда ғана жұмыс өз нәтижесін береді [2].

Өз бетімен жүзеге асыратын жұмыс негізінде студент сабақта толық қамтылмай кеткен мәселелер бойынша тереңірек ізденіп, берілген әдебиеттермен жұмыс істейді. Сондықтан студенттердің өз бетімен орындайтын жұмысы тиянақты, мақсат қоя ұйымдастыруға, әр кез білімін жетілдіріп отыруға назар аударылады.

Өзіндік жұмыстың маңыздылығы мынада:

студенттер бұрын өздері білмейтін білімдік мағлұматтарды өз беттерінше ізденіп, білімді терең меңгеруге мүмкіндік алады;

жұмыс барысында олар өз бетімен ғылыми тұжырым жасай алуға, алынған деректі жүйелеп қорытындылауға дағдыланады. Осының негізінде өзіндік пікірлері қалыптаса бастайды.

Өзіндік жұмысты тиісті дәрежеде орындау үшін студент өзін-өзі бақылауға, өзін-өзі жаттықтыруға, міндеттеме алуға тәрбиелеуі қажет. Әдетте, өзін-өзі тәрбиелеу мен өз бетімен жұмыс екеуі екі түрлі нәрсе болғанымен, олардың арасындағы сабақтастықты жоққа шығаруға болмайды. Айталық, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын меңгерген студент дербес білім алуға, өз бетімен ізденуге, оқытушының берген кеңестерін тыңдауға, өзіндік пікір айтуға үйренеді.

Жаңа әдіс-тәсілдердің ерекшелігі – жеке тұлғаны қалыптастыруда, өз бетімен жұмыс істей алуда, шығармашылыққа баулуда ерекше рөл атқарады. Студенттердің өзіндік жұмысын (СӨЖ) ұйымдастыру барысында түйінделген ойлар:

Оқытушы көбіне бағыт бағдар беруші, өзіндік жұмысты орындау кезінде студенттер өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады.

Әр студент өз білімінің деңгейін анық байқайды, білімді жүйелі түрде өз бетінше алуға үйренеді.

Студенттердің ауызша және жазбаша баяндау дағдысы қалыптасады.

Жазба жұмыстарын сауатты жазуға, сөйлемдерді стильдік тұрғыдан дұрыс әрі көркем жазуға машықтанады, ойы ұшқырланады.

Студенттердің танымдық қабілеттерін де, танымдық үрдістерін де дамытуға мүмкіндік береді.

Қажетті білімді меңгеру студенттердің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізіп, өзін-өзі дамытуға көмектеседі.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің қарқынды дамуы студенттердің өздігінен білім алуына кең жол ашты. Соның негізінде адам қабілеттері мен икемділіктерінің барынша дамуына ықпал етті. Бұл білім беру технологияларын жетілдіріп, студенттердің оқу белсенділігін арттыруға жетелейді. Бүгінде заманның ағымына сай оқытудың технологияларына арналған бірнеше оқулықтар мен оқу құралдары жарық көрді [3].

Демек, студенттерге толыққанды білім беру үшін бар мүмкіндікті пайдаланып, оқыту технологияларын жетілдіру көп нәтижеге қол жеткізеді.

Оқытудың кредиттік жүйесінде, негізінен, СӨЖ дәрісханада оқытушының басшылығымен және дәрісханадан тыс уақытта ұйымдастырылады.

Жиі қолданылатын өзіндік жұмыстардың мынадай формаларын атауға болады:

- машықтық, зертханалық сабақтарға дайындық;
- коллоквиумға, сұрақтарға дайындық;
- үй тапсырмасы мен бақылау жұмыстарын орындау;
- дәрісханалық бақылау жұмысына, тестке дайындалу;
- баяндама, эссе, реферат жазу;
- түрлі ойындарға дайындық;
- курстық жұмыс;
- практика бойынша есеп жазу;

Әр пәннің өзіндік ерекшеліктеріне қарай жүргізілетін СӨЖ берілетін уақыт көлемі оқу жоспары бойынша жүргізіледі. Дұрыс жүйелі құрылған өз бетімен жұмыс студенттердің оқу үлгерімдеріне үлкен септігін тигізіп, оның сапасын көтереді. Ол үшін СӨЖ әдістемелік нұсқаулары талапқа сай жазылып, мақсаты айқын болғаны жөн. Сонда ғана студенттер өздерінің алған білім дәрежесін өзіндік жұмыс жазу кезінде көрсете алады. Дегенмен СӨЖ түрлері, оны жүргізу жүйесі мен барысы әлі де назар аударуды қажет етеді.

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруда оқытушы жетекші орын алады. Оқытушының жеке шығармашылығына орай студенттердің өзіндік жұмысы түрленіп, әртүрлі сипатта болады.

Білім берудің қай түрі болса да, сабақ арқылы іске асатыны белгілі. Сондықтан сабақты дұрыс ұйымдастырып, жүйелі жүргізу жағына көп мән берілуі керек.

Өзіндік жұмыс – ізденіс айнасы. Студенттер өзіндік жұмыс арқылы білмегенін білуге, білгендерін одан әрі толықтырып, жетілдіруге ұмтылады. Сабақтың негізгі мазмұнымен таныстырып, пәннің проблемалық сипатын анық жеткізгенде ғана студенттер өз бетімен жұмыс істеуге ынталы болады. Берілетін материалдардың сипатын анықтап, оқытудағы сабақтастықты сақтағанда, студенттердің білімдері кеңейе түседі. СӨЖ сәтті болуы, көбінесе, оны шығармашылықпен ұйымдастырып, дұрыс жүргізуге тікелей байланысты [2].

Сондықтан болашақ мамандардың білім алу мақсатындағы ізденістерін жетілдіре түсу керек. Бұл мәселе оқу орындардың талапқа сай материалдық базасын нығайтуды,

білім беру саласындағы үлкен мәселелерді шешуді көздейді. Әр пәннің мазмұны мен құрылымына, сипаты мен ерекшелігіне орай, өзіндік жұмыстарға берілетін тапсырмалар да алуан түрлі болып келеді. Біз жұмыс барысында ауызша сұрақ-жауап ұйымдастыру, қысқаша жазбаша жұмыстар жүргізу, жеке кеңес беру, студенттерді аттестациялау т.б. тексерудің әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолданамыз.

Студенттердің танымдық іс-әрекетін арттыру-оқу тәрбие үрдісінің шешуші буыны болып табылады. Кәсіптік білім беру мен жоғары оқу орындарының жаңа кезеңде алға қойып отырған міндеттерінің бірі - кәсіптік білімі мол, өмірлік іс – тәжірибесінде алған білімдерін шығармашылықпен қолдана білетін білікті кадрлар даярлау. Студенттерді болашақ мамандықтарын игеруіне тәрбиелеуде тек дәрісханалық жұмыстарымен ғана шектелмей, өзіндік жұмыстарды да түрлендіріп отыру – студенттердің терең білім алуына, кәсіби шеберліктерінің шыңдалуына, ақыл-ойының ұшталуына септігін тигізеді [4].

Сапалы ұйымдастырылған өзіндік жұмыстар студенттердің үлгерімін жақсартудың бірден-бір кепілі. Сондықтан СӨЖ тиімді жақтарын қарастырып, сапалы түрде ұйымдастыру бүгінгі күннің талабы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:


1. Ж.А.Қараев «Кредиттік оқыту жүйесіне арналған педагогикалық технологиялар». - Алматы: 2004. – 182 б.
2. Г.Т.Әбітова «Қаақ тілін оқытуда өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру». – Алматы: 2008. – 253б.
3. Сматова К.Б. Кредиттік оқыту жағдайында студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың педагогикалық алғышарттары: дис. ... канд. пед. ғыл. - Алматы, 2008. - 79 с.
4. Қазақстанда білім беруді дамыту //Егеменді Қазақстан. - 2004. – 22б.


## ОБУЧЕНИЕ ПРОИЗНОШЕНИЮ, ЛЕКСИКЕ И ГРАММАТИКЕ СТУДЕНТОВ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ


Салмагамбетова С.С.

*Костанайский строительный колледж*



***Аңдатпа.*** *Бұл мақалада арнайы білім беру қажеттіліктері бар адамдарға оқыту, оқу проблемалары, студенттердің түзету тобындағы жұмыс әдістері мен әдістері арқылы кәсіби шет тілі мұғалімінің алдында тұрған мәселелерді шешу туралы айтылады.*

*Тірек сөздер: инклюзивті білім беру, ерекше білім беру қажеттіліктері, білім беру технологиялары*

***Аннотация.*** *В данной статье говорится об обучении лиц с особыми образовательными потребностями в обучении, проблемах в обучении, решении задач, стоящих перед преподавателем профессионального иностранного языка через способы и методы работы в коррекционной группе обучающихся.*

*Ключевые слова: инклюзивное образование, особые образовательные потребности, образовательные технологии*

***Abstract.*** *This article talks about teaching people with special educational learning needs, learning problems, solving problems facing a teacher of a professional foreign language through methods and methods of work in a correctional group of students*

Key words: inclusive education, special educational needs, educational technologies.


Инклюзивное образование для лиц с особыми образовательными потребностями – это планомерная реализация стратегических задач Казахстана, одна из которых –

обновление содержания образования на всех его уровнях. Первым условием в решении данной задачи является формирование особого типа сознания, основанного на духовности, культуре и традициях народа Казахстана. Лицам с особыми образовательными потребностями должны быть предоставлены такие условия обучения, при которых они могли бы полностью реализовать свои способности в соответствии со своими собственными интересами и интересами общества. Актуально этот вопрос проявляется в деятельности по вовлечению людей, имеющих определенные физические особенности в социальную среду. Перед нашим обществом стоит острейшая проблема – вовлечение наших сограждан, имеющих некоторые особенности физического развития в социум, проблема их активной адаптации, социализации и развития в рамках общества и на благо общества. Решением этой проблемы является вовлечение студентов с особыми образовательными потребностями в образовательный процесс, социализация студентов с ООП в современном обществе, создание активной поведенческой установки у студентов с ООП на уверенное позиционирование себя в современном обществе; умение превращать свои недостатки в достоинства [1, с. 17-25]. Занятия иностранным языком благотворно влияет на развитие восприятия, внимания, воображения, мышления, помогает воспитывать у них усидчивость, аккуратность, трудолюбие, ответственность. Вся учебная деятельность организуется с учетом возрастных особенностей обучающихся, уровня формирования тех или иных умений, и нацелена на поддержание у них оптимизма и уверенности в своих силах. Они не только обучаются, но и быстрее адаптируются, учатся общению.

Обучение произношению студентов с особыми образовательными потребностями начинается с самых первых уроков и продолжается на протяжении всего курса изучения студентами иностранного языка [1, с. 54-58].

Первые пять вводных урока используются для постановки произношения. Студентам с особыми образовательными потребностями нужно предварительно объяснить и продемонстрировать артикуляцию звуков к осознанному подражанию диктору. Усвоение произношения должно осуществляться через хоровую и индивидуальную работу.

Устные вводные кроки, устное опережение, при котором ознакомление студентов ООП с учебным материалом и тренировка осуществляются на типовых предложениях и внимание сосредоточено не только на артикуляции звуков, но и на ударении, ритме и мелодии.

Применение произносительных навыков, приобретенных в ходе тренировки, осуществляется в устной речи и при выполнении студентами речевых упражнений.

Обучение лексике начинается с ознакомления студентами ООП со словом, его формой значением и употреблением, которое может осуществляться с помощью преподавателя или самостоятельно. На первом курсе лексику вводит преподаватель в устной речи, затем он знакомит студентов ООП с графической формой слов и предложений, в которых эти слова употребляются. При этом используются упражнения: Прочитайте за учителем, когда учащиеся только приступают к чтению, и прочитайте с учителем и запомните новые слова, когда они могут сами прочитать, но им еще нужна помощь учителя. Во втором полугодии возможно ознакомление с новыми словами с помощью упражнения Read with the teacher and study the use of the new words. Здесь учитель выступает в качестве интерпретатора и помощника в работе учащихся [3, с.31-35].

Тренировка и закрепление лексики осуществляется на разнообразных упражнениях: устных и письменных - многократное воспроизведение слова, словосочетания, предложения с ним, чтение предложений по подстановочной таблице и в других упражнениях и письменное выполнение упражнений.

Усвоению слов и контролю понимания их значения способствуют такие упражнения, как: прочитайте и выпишите слова, обозначающие, например, the disaster, Прочитайте за учителем названия изучаемых natural disasters, опишите их и дайте русские

эквиваленты. Прочитайте предложения, употребив нужные по смыслу слова (Module 2 Natural Disasters).

Применение лексики осуществляется в ходе выполнения речевых упражнений, когда внимание учащихся направлено на выражение мысли, с помощью включения в высказывание усвоенных слов, а также при чтении и понимании текста, что активирует мыслительную деятельность учащихся. В качестве примера возьмем слово hit (Module 2 Natural disasters). Слово неоднозначно, поэтому используется перевод-толкование. Учитель произносит его перевод и примеры использования: 1) успех It is as good as a hit; 2) удар, ударить по- a wall of water hit the coast; 3) наносить ущерб the government issued the damage the earthquake hit.

Учащиеся отрабатывают их в различных словосочетаниях: volcano hit, winter huge hit, earthquake hit, tsunami hit. And such questions: In what country do volcanoes hits often occur? What do you do if tsunami hit during your summer holidays? Did you hear about these disasters hit? Необходимо, чтобы ученик ответил хотя бы на один из вопросов. Высказывания учащихся носят мотивированно коммуникативный характер. Учащиеся должны усваивать слов как отдельную лексическую единицу, а также в сочетании с другими словами в различных высказываниях, устных и письменных. Это обеспечит усвоение формы слова, его значения и употребления. Только при таких условиях можно ожидать, что учащиеся будут хорошо усваивать лексику, так как обогащение их словаря новыми словами будет осуществляться в процессе повторения ранее усвоенных.

Учебником предусмотрена интенсивная работа над словами, что будет препятствовать «утечке» слов из памяти учащихся при условии, если учитель использует рекомендуемые приемы работы и многочисленные упражнения. Особого внимания заслуживают упражнения на словообразование: конверсия screen- to screen, словосложение: master-shop, calorie-intake, spray-on fabric, bio-fuel, well-being аффиксация kind-kindness-unkindly и догадку о значении интернациональных слов.

Придавая большое значение самостоятельной работе учащихся над лексикой, учителю следует обращать внимание на лексику, связанную с технической, строительной тематикой, и рекомендовать учащимся при чтении текстов выписывать такую лексику в тетрадь, находя ее значение в англо-русском словаре.

Обучение грамматике осуществляется в двух направлениях: практически – в структурах, типовых предложениях и теоретически – осмыслением грамматического явления, изложенного в грамматическом справочнике.

Работа с грамматическим справочником осуществляется учащимися сначала в аудитории под руководством учителя, а затем самостоятельно во внеурочное время. Объем грамматического материала довольно большой, поскольку необходимо обеспечить учащимся возможность практически пользоваться английским языком в устной речи и чтении [4, с. 25].

Так, к концу первого года обучения, должны быть усвоены все основные временные формы английского языка, что естественно создает благоприятные условия для развития устной речи и чтения. Например, возьмем модальный глагол can I can read scientific texts. Can you speak about Alexander Fleming invention? Yes, I can. No, I cannot. В усвоении этих структур используется устное опережение. Учащиеся тренируются в правильном произнесении структур и употреблении их. Возьмем такой прием: -I can understand non-fiction story. Can you understand it, Dastan? What about you, Danil?

- I can understand, too.
- I can use Mendeleev periodic table. Can you use it, Timur?
- I can use this periodic table, too.
- Cameron can combine Avatar scenes with computer. What about you, David?
- No, I can’t.

Далее учащиеся отвечают примерно на следующие вопросы:

Can you count fast? Can you fall asleep quickly? Can she translate well? Can he read for pleasure?

Можно стимулировать высказывания учащихся с помощью картинок, изображения, например разные средства передвижения.

Look at the pictures and say what the people can do?

The man can drive an engine (an auto-crane, a train) Can help… Can carry…Can load …

После устной отработки структур учащиеся приступают к выполнению упражнений по учебнику. Они прослушивают аудиозапись. Читают и пишут, составляют диалоги. Часть упражнений выполняется на уроке, часть во внеурочное время, где они могут отработать с грамматическим справочником для лучшего осознания усваиваемого материала.

Список литературы


1. Банч Г. 10 ключевых пунктов успешной инклюзии / Г. Банч; пер. с англ. А. В. Рязановой // Аутизм и нарушения развития, 2010. – 17-25 с.
2. Бондарева А. В. Реализация инклюзивного образования на уроках английского языка/А.В. Бондарева - Молодой ученый, 2017. - 54-58 с.
3. Грузинова Т. А. Дети с ограниченными возможностями: мифы, реальность, пути интеграции / Т.А. Грузинова - Директор школы. Экспресс-опыт,1999. – 31-35 с.
4. Школа, открытая для всех: пособие для учителей общеобразовательных школ, работающих с детьми-инвалидами / под ред. Е.Н. Брешенкова - Тула, 2016. - 25 с.


## «АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ CLIL ӘДІСТЕМЕСІ BOPPPS МОДЕЛЬДЕРІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ»


Жауынкулова Ж.Е

*«Жетісай жоғары медицина колледжі» МҚК ШЖҚ*



***Аңдатпа.*** *CLIL әдісі бойынша ағылшын тілінде жүргізу пәндік байланыстарды қамтамасыз етеді және жаңа білім беру стандарты принциптерін дамытуда практикалық нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді, атап айтсақ, мәдени хабардарлығын, интернационализациялау, тілдік құзыретін дамытады, тек оқуға ғана даярлығын емес, сонымен қатар жаңа білімін өмірде қолдана білуге және сәйкесінше өмірлік дәлелдемесін көтеруге, табысқа мақсатталған, басты мақсатқа қолжеткізуге – болашақ түлектердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға, олардың ұтқырлығы мен тез өзгеретін өмірлік жағдайларға бейімделу қабілетін арттыруға әкеледі.Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту – білім сапасын көтеру құралы.*

***Аннотация.*** *Ведение на английском языке по методу CLIL обеспечивает предметные связи и позволяет достигать практических результатов в развитии принципов нового образовательного стандарта, в частности, развивает культурную осведомленность, интернационализацию, языковые компетенции, не только готовность к обучению, но и умение применять новые знания в жизни и, соответственно, повышать жизненную мотивацию, добиваться успеха, достижения главной цели – приводит к формированию профессиональных компетенций будущих выпускников, повышению их мобильности и способности адаптироваться к быстро меняющимся жизненным условиям. Развитие профессиональных компетенций педагогов - инструмент повышения качества образования*

***Annotation.*** *Conducting in English using the CLIL method provides subject connections and allows you to achieve practical results in the development of the principles of a new educational standard, in particular, develops cultural awareness, internationalization, language competence, not only readiness to study, but also the ability to apply new knowledge in life and, accordingly, increase life motivation, achieve the goal of success, achieving the main goal – it*

*leads to the formation of professional competencies of future graduates, increasing their mobility and ability to adapt to rapidly changing life situations.The development of professional competence of teachers is a tool for improving the quality of Education.*

BOPPPS- ты Британдық Колумбия университетінің оқу және академиялық өсу орталығы сабақ жоспарын құру үшін нұсқаулық ретінде жасаған.

BOPPPS моделі - бұл біріншіден оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, екіншіден алдыңғы сабақ негізінде оның маңыздылығын қамтамасыз ету үшін, үшіншіден білім беруді жеңілдету мақсатында сабақ жоспарын ұйымдастырудың тәсілі.

*2.BOPPPS* – сабақты жоспарлау моделі 6 қадамнан тұрады:
Bridge-in - Көпір салу - Наведение мостов
Objective - Оқытудың күтілу нәтижесі -Задача и результат
Pre-assessment - Алдынала бағалау - Предварительная оценка
Participatory Learning - Белсенді оқыту - Активное обучение
Post-assessment – Бекіту барысында бағалау - Итоговая оценка
Summary – Қорытындылау - Подведение итогов/заключение

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Кіріспе бөлім | Оқу циклын ашып, тыңдаушылардың назарын аударады. Мотивацияны қалыптастырады және сабақтың маңыздылығын түсіндіреді |
| 2 | Тапсырмалар мен нәтижелер | Сабақтың мақсаттарын түсіндіреді және жазады түсіндіреді;<br>Тыңдаушы білуі керек<br>Не туралы ойлану керек<br>Жаттығудың соңында не бағалануы керек<br>Қандай жағдайда және қандай дәрежеде |
| 3 | Алдын-ала бағалау | Сұраққа жауап беру<br>“Сабақ тақырыбы туралы студент не біледі?” |
| 4 | Белсенді оқыту | Бұл сабақтың негізгі кезеңі, оның барысында тыңдаушылар оқу үрдісіне белсенді қатысады. Іс әрекеттердің немесе оқиғалардың дәйектілігін жасаңыз |
| 5 | Қорытынды бағалау | Бұл бөлім оқытудың мақсаттары мен нәтижелеріне тікелей қатысты |
| 6 | Қорытындылау\Қорытынды | Оқудың соңғы сатысында студенттерге алған білімін қайталауға және қорытындылауға мүмкіндік береді |

*GLIL* Content and Language Integrated Learning.
CLIL сабағы – бұл тіл сабағы емес
CLIL сабағы – бұл пәнді ағылшын тіліне аудару сабағы емес
CLIL сабағы грамматиканы оқыту мақсаттарын көздемейді.
CLIL сабағында, пәндік білімдерден, білік-дағдылар мен түсінуден басқа 4 тілдік дағдыны дамыту керек. тыңдалым/оқылым/айтылым/жазылым.
CLIL сабақтары белсенді оқыту әдісіне негізделген.
CLIL сабақтары көбіне мәтіндерді оқу немесе тыңдалымға негізделген.
<u>B – көпір салу</u>

  

*Сабақтың тақырыбы:*

*<u>О – оқытудың</u> күтілу нәтижесі*

*Ас қорыту жүйе қызметі бұзылған кездегі мейіргерлік үрдіс.*

Сабақтың мақсаты: Ас қорыту жүйесінің бұзылуының көрінісін: іштің ауыруы, тенезмалар, асқазан диспепсиясын: қыжыл, дисфагия, кекіру, тәбеттің бұзылуы, жүрек айну, құсу, «кофе қою» тәрізді құсу жағдайларды.. Ас қорыту жүйесінің бұзылуы кезінде пациентке күтім көрсету ерекшеліктерін , асқазанды шаю іс-әрекеттерді меңгеру.

Білуі тиіс

Асқорыту жүйесінің бұзылуының көрінісі: іштің ауыруы, тенезма-лар, асқазан

диспепсиясы: қыжыл, дисфагия, кекіру, тәбеттің бұзылуы, жүрек айну, құсу, «кофе қою» тәрізді құсу. Ас қорыту жүйесінің бұзылуы кезінде пациентке күтім көрсету ерекшеліктері.

Істей білуі тиіс

Мейіргерлік тексеру және тәуелсіз араласу. Белсенді және пассивті пациенттерге емшараны өткізу техникасы.

Пациентті емшараға дайындау және емшараны орындау техникасын стандартқа сәйкес жүргізу.

<u>Р – алдынала бағалау</u> .Ас қорыту жүйесі (Пищеварительная система, systema digestorum)

Видеосабақ – тақырыпқа байланысты видео.

Активити 3

Reading

Digestive systems subdivisions

1.Digestive tract (Alimentary canal)

- Mouth, pharynx, esophagus, stomach, small intestin and large intestine
- tract is the stomach and intestines

2. Accessory organs

- teeth, tongue, salivary gland, liver gallbladder and pancreas.

Оқылым

Асқорыту жүйесінің құрылымы:

1.Ас қорыту жолдары- ауыз, жұтқыншақ, өңеш, асқазан, аш ішек, тоқ ішек

- Асқазан ішек жолдары- бұл асқазан мен ішек

2. Көмекші органдар- тістер, тіл, сілекей безі, бауыр,өт қабы және ұйқы безі.

*Асқорыту жүйесінің қызметі бұзылған кездегі негізгі белгілері*

*<u>Іштің ауыруы</u>* бұл тек ауыру сезімімен ғана сипатталмайды, сонымен қатар асқазанның алдыңғы қабырғасына қысымның түсуімен байланысты болады. Себептері: асқазанның тағамға толып кетуі, кебуі, асқазанның кеңейуі және төмен түсуі. Ауыру сезімі үнемі немесе белгілі бір уақытта қайталанып тұруы мүмкін және ұстама тәріздес болады, үнемі болатын ауыру сезімі бірнеше күн, бірнеше ай болады, ауыру сезімі бірде күшейеді, бірде

әлсірейді, бірде интенсивті түрде болады, бірде тұйықталып, сыздап ауырады. Сыздап ауыру сезімі асқазан обырымен байланысты болуы мүмкін.



*Тенезм* (грекше teinesmos – қатты іш) – қатты ауыру сезімімен жүретін, дәреттің жартылай немесе мүлдем болмауымен сипатталатын жалған толғақ сияқты ауыру сезімі.
Асқазан диспепсисы: дисфагия, қыжылдау, кекіру, тәбеттің бұзылуы, жүрек айнуы, құсу.
Асты қорыту ауыз қуысынан басталады, бұл жерде тағам бірнеше механикалық өңдеуден және уақталған түрде өңеш арқылы асқазанға түседі. Өңештің қорыту функциясы жоқ, оның атқаратын қызметі тағамды асқазанға өткізу. Өңеш зақымдалғанда тағамның өтуі қиындалады.



*Дисфагия*- өңеш арқылы астың өтуінің бұзылуы; дисфагия органикалық және функциональді болады.
*Функцианальді* - невроз кезінде, бұлшықет спазмы болғанда, өңештің шырышты қабатының қабынуында (эзофагит);
*Органикалық*- рак кезінде, өңештің әр- түрлі себептерінен тарылуында.
*Тәбеттің бұзылуы* асқазан секрециясының жоғарлауымен сипатталады. Жедел гастрит, асқазан обырымен ауыратын адамдар тәбеттің мүлдем болмауымен сипатталады.



*Қыжыл* – өңеште күйю сезімінің болуы – өңешке асқазанның қышқыл сөлінің түсуімен байланысты. Мейірбике науқасқа қыжылды шақыратын тағамдардан бас тарту керектігін айтады (қара нан, тәтті кисельдер, варенье, ащцы және қуырылған тамақтар).
*Кекіру* - ауыз қуысына асқазандағы немесе өңештегі тағамнаң кішкентай бөлігінің қайта шығуы. Кекіру ауамен (бос) және тағаммен кекіру болып бөлінеді.
*Ауамен кекіру* - кенеттен ауыздан ауаның шығуы, кейде дыбыс естіледі. Бұл асқазанда немесе өңеште жиналып қалған ауа.
*Тамақпен кекіру* - асқазан бұлшықетінің жиырылуы кезінде және асқазанның кардиальдік бөлігі ашық болған кезде.
*Иісі бар кекірік* - (шіріген жұмыртқа) привратник стенозы кезінде, секреторлық қызметінің төмендеген кезіндегі гастритте.
*Ащы дәмі бар кекірік* - он екі елі ішектегі өттің асқазанға түсу кезінде.

*<u>Қышқыл кекіру</u>* - асқазан секрециясы жоғары болғанда немесе ойық жара кезінде.
Бос ауамен кекіру кезінде мейірбике науқасқа тағамды асықпай, жай шайнап жеу керектігін, тағам қабылдау барысында кітап, газет, журналдарды оқымауды және сөйлемспеу керектігін, тағамды аз порциямен жеу керектігін айтып түсіндіреді.



*<u>Лоқсу</u>*-қабылдаған астың біраз бөлігінің ауызға қайта түсуі. Асқазанның алдыңғы қабырғасына қысымның түсуімен және ауыз қуысында жағымсыз сезімнің пайда болуымен қатар жүретін, терінің бозаруымен, аяқ – қолдардың жаурауымен, АҚ-түсуімен, әлсіздікпен, сілекейдің көп бөлінуімен жүретін құбылыс.
*<u>Құсу</u>* – рефлекторлы акт. Асқазан рецепторларын сапасыз тағамның тітіркендіруі, сонымен қатар асқазан ауруында патологиялық түрде рецепторлардың тітіркенуімен сипатталады. Науқастар асқазан ауруларында жиі болатын құсуға шағымданады, кейбір науқастар аш қарынға таңертең құсады (түні бойы асқазан сөлінің және шырыштың жиналуынан, секрецияның жоғары болуынан). Кейбір науқастар тағамды қабылдап болғаннан кейін құсады (асқазанның шырышты қабатының қабынуымен байланысты). Ал асқазанның ойық жарасында науқас тағам қабылдап болғаннан кейін 1 – 3 сағ кейін құсады. Сонымен қатар кеш құсу – тағам қабылдағаннан кейін 6 сағ соң немесе кешке желінген тамақтан кейін болады (асқазан превратнигінің тарылуында және асқазанның бірдең созылып кетуінде).





Активити 4
*<u>Сөздерді суреттермен сәйкестендіру.</u>*
*А- Лоқсу-nausea*
*Б- Құсу-vomiting*
*В- Қыжыл-heartburn*
*С-Дисфагия-dysphag*
*Е- Тенезм-tenesmus*
*<u>Д- Іштің ауыруы-abdominal pain</u>*
Науқастардақолданылатын диета түрлері
Диета №1, №1а, №1б – асқазан жарасы және 12-елі ішек ауруы
Диета №2 — жедел гастрит, созылмалы гастрит, энтерит және колит, созылмалы энтероколит
Диета №3 – іш қату
Диета №4, №4а, №4б, №4в – асқазан – ішек аурулары, ішөтумен қоса
Стол №1
Стол N1. Асқазан жара ауруы және 12-еліішектің аурулары кезінде, асқынулардан соң 6-12 ай, сонымен қоса жоғарғы қышқылдықты гастрит кезінде

Құрамы: үгітілген сүтті және көкөністі тағамдар ( қырыққабаттан басқа), дәнді — дақылды сорпа (бірақ етті және балықты емес);
суға немесе буғақайнатылған және ботқа тәрізді түрінде көкөністер; сүт, май қосылған жұмсақ ботқа;
қайнатылғанқұнарлығы аз ет, майлы емес қайнатылған балық, буғапысқанет, балық, сыртқы қабатынсыз қайнатылған тауық; сары май, зәйтүн майы, шемішке майы; сүт, қышқыл емес ұйыған сүт, майлы емес қаймақ, жұмсақірімшік, қышқыл емес қаймақ; бітеудейқайнатылған немесе булы омлет түріндепысқанжұмыртқа; қатырылған ақ нан, кептірілгеннан; тәттіжеміс — жидектер, жеміс – жидекті, көкөністішырындар, итмұрынқайнатпасы, қант, тоспа, шай, сүтті какао — әлсіз. Жалпы жағдайы жақсарғансайын тағамды қайнатылғантүріндеқолдануға болады. Тұзды 8 г дейін азайту. А, С, В тобындағы витаминдер қолдану. Тағамды жиі күніне 5-6 рет пайдалану, толықтай шайнап және тымыстық немесе тымсуықтағамдардан аулақ болу қажет;






Стол №3

Стол N 3. Атониялық іш қату кезінде.

Құрамы: өсімдіктектес клетчаткаға бай тағамдар, мысалыпысқан және пыспаған көкөністер мен жеміс – жидектер, компот алмадан және т.б, қара өрік (чернослив), инжир, шырындар, сәбіз және қызылшадан жасалған пюре, кептірілген жеміс жидектің қайнатпасынан жасалған пюре (қара өрік, өрік), қара нан, айран, сүт, қаймақ, біркүндік айран, бал, қарақұмық және арпажармасынан ботқа (перловая каша), ет, қуырылған балық, сары май және өсімдіктектес май, қант. Әртүрлі суындарды пайдалану, соның ішінде газдалған минералды сулар.

Тиым салынатын тағамдар: қара шай, какао, кисель.

Жоғары қозғалысты қозулы спастикалық іш қатуда, өсімдік тектес клечаткаға бай тағамдарды шектеу қажет (қайнатылған және шикі үгітілген түрінде, аздаған мөлшерде көкөністер пайдалануға болады)





Стол №4

Стол N 4. Іш өту мен жүретін, ішектіңжедел аурулары кезінде, асқынулармен

Құрамы: қою қара шай, какао, қою кофе, қатқан ақ нан кеппесі, үгітілген ірімшік, күніне бір жұмыртқа бітеудей піскен, күріш, манка ботқасы үгітілген суға піскен, қайнатылғанет, балық, майлы емес үш күндік айран, қара қарақаттан қайнатылған сусын, черника, кисел. Тұзды шектеу, витаминдер қосу С, В1, В2, РР. Тамақтану 5-6 рет күніне.





Мейіргерлік күтім жоспарының орындалуына барлық манипуляцияларды орындау (дәрігер нұсқау бойынша-симптоматикалық ем) :

Күтім бойынша жоспарда белгіленген шараларды мейіргер тәжірибеде іске асырады.

Асқазанды жуу

Клизмалар қою

Жел шығаратын түтікті қою

Дәрет ыдысын беру және оны дезинфекциялау

АІТ- сын рентгенологиялық және эндоскопиялық әдіс арқылы зерттеуге дайындық

Нәжісті жасырын қанға және копрологияға жинау

Асқазан- ішектен қансырауларда шұғыл жәрдем көрсеьту

Іш ауырсынуда көмек көрсету

Дәрілерді инъекция арқылы енгізу

Қамқорлық көмек көрсету:

Пациентке және оның туысқандарына қажетті кеңес беру, оларды күтім элементтеріне үйрету сияқты нақтылық, күтім жоспарын жүзеге асыруда маңызды орын алады







Активити 5

When the main symptoms a digestive system is disrupted?

Abdominal pain ,vomiting , heartburn, tenesmus.dysphagia.nausea

2)Nursing care for digestive disorders-

Gastric lavage

Putting enemas

Installing a wind pipe

Provision of ablution and its disinfection

Активити 6

True And False

1)When the main symptoms a digestive system is disrupted?






ь т

Nursing care for digestive disorders-

Do not wash your stomach

Do not use enemas
Failure of the wind pipe
Provision of ablution and its disinfection
Активити 7 Р – ПОСТ-бағалау
While-reading
1. Асқазаннан кейін қандай мүше орналасады?
А) аш ішек
Ә) тік ішек
Б) ұлтабар
В) тоқ ішек
2. Ас қорыту мүшелерін ретімен орналастырыңыз:
А) ауыз қуысы, асқазан, аш ішек, тоқ ішек, жұтқыншақ, өңеш;
Ә) ауыз қуысы, жұтқыншақ, өңеш, асқазан, аш ішек, тоқ ішек;
Б) жұтқыншақ, өңеш, ауыз қуысы, асқазан, аш ішек, тоқ ішек.
В) ауыз қуысы, өңеш, жұтқыншақ, аш ішек, асқазан, тоқ ішек.
3. Асқазанды шаю үшін ересек адамға қанша литр таза су дайындау қажет
А)3 л
Ә)1 л
Б)10 л және одан да көп
В)1,5-2 л
4. Асқорыту жүйесінің қызметі бұзылуына алып келетін қауыпты факторлар
А) Кофені теріс пайдалану
Ә) Кеш ұйықтау
Б) Көп су ішу
В) Дұрыс тамақтанбау, артық салмақ
5. Асқазанды жуады:
А) қан құсқаннан кейін
Ә) улы саңырауқұлақпен, дәрілермен уланғанда
Б) жылан шыққаннан кейін
В) операциядан кейін

What organ is located after the stomach?
small intestine
Rectum
duodenal ulcer
Colon
2. Arrange the digestive organs in order:
oral cavity, stomach, small intestine, colon, pharynx, esophagus;
oral cavity, pharynx, esophagus, stomach, small intestine, colon;
pharynx, esophagus, oral cavity, stomach, small intestine, colon.
oral cavity, esophagus, pharynx, small intestine, stomach, colon.
3. How many liters of clean water should an adult prepare for gastric lavage
3 L
1 L
10 liters or more
1.5-2 L
4. Dangerous factors that lead to disorders of the digestive system
coffee abuse
sleep late
drink a lot of water
malnutrition, excess weight
5. Gastric lavage:

after vomiting blood
poisoning with poisonous mushrooms, drugs
after the snake comes out
after the operation
Активити 8
idsgetevi yssmet
Digestive system
<u>S – қорытынды</u>

 

| Критерий | «5» | «4» | «3» | «2» |
|---|---|---|---|---|
| Ас қорыту жүйесі бұзылғандағы негізгі белгілері? Күтім бойынша жоспарда белгіленген шараларды ата? | Ас қорыту жүйесі бұзылғандағы негізгі белгілерін біледі. Күтім бойынша жоспарда белгіленген шараларды біледі және орындалу жолын көрсетеді. | Ас қорыту жүйесі бұзылғандағы негізгі белгілерін біледі. Күтім бойынша жоспарда белгіленген шараларды орындауда аздап шатасады | Ас қорыту жүйесі бұзылғандағы негізгі белгілерін білмиді.Күтім бойынша жоспарда белгіленген шараларды білмиді. | Ас қорыту жүйесі бұзылғандағы негізгі белгілері бойынша хабары жоқ. |
| Жаңа терминдер мен тілдік құрылымдарды пайдаланып сөйлемдер құрайды | Тақырып бойынша жаңа терминдерді қолдана отырып, ағылшын тілінде 4 карапайым сөйлем құрайды | Тақырып бойынша жаңа терминдерді қолдана отырып, ағылшын тілінде 3 карапайым сөйлем құрайды | Тақырып бойынша жаңа терминдерді қолдана отырып, ағылшын тілінде 2 карапайым сөйлем құрайды | Тақырып бойынша жаңа терминдерді қолдана отырып, ағылшын тілінде карапайым сөйлемдер құрай алмайды |

*Распределите в правильном порядке план урока и опишите каждый этап*

| S | |
|---|---|
| P | |
| P | |
| O | |
| B | |
| P | |

Пайдаланылған әдебиеттер:


1. «Мейіргерлік ісі негіздері және практикалық басшылық» С.А.Мухина, И.И.Тарновска 2014 ж
2. Мейіргер ісінің негіздері Мұратбекова С.Қ. – Астана, 2007.
3. Мейіргерлік іс бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар. С.К.
4. Ғаламтор желісі

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ БЕЛСЕНДІ ӘДІС – ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Сарина С.Г.
*Алматы экономикалық колледжі,*
*Алматы қ., samal.sarina@mail.ru*

*Тірек сөздер: оқыту, бірлескен оқу, терминдер кестесі, төрт сөйлем тәсілі .*

*Ключевые слова: обучение, совместное чтение, таблица терминов, способ четырех предложений.*

Key words: learning, reading, term table, four-sentence method, teach.

***Аңдатпа.*** *Интербелсенді оқыту – танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың ерекше нысаны. Білім беру үдерісінде қатысушылардың өзара әрекеттесуінің диалогтық формаларына негізделген таным әдісі ретінде интербелсенді әдістер қарым-қатынасқа негізделген студенттердің бірлескен іс-әрекет дағдыларын дамытады.Өзара әрекеттестік тек оқытушылар мен оқушылар арасында ғана емес, топтар немесе жеке оқушылар арасында да жүзеге асады. Интербелсенді әдістер оқытушыға студенттерді сабаққа баулуға, белсенді қатысуға, нәтижеге жетуге және топтық жұмыс жасауға ынталандыруға көмектеседі.*

***Аннотация.*** *Интерактивное обучение – это специальная форма организации познавательной деятельности, способ познания, основанный на диалоговых формах взаимодействия участников образовательного процесса; обучение, погруженное в общение, в ходе которого у обучающихся формируются навыки совместной деятельности. Интерактивное обучение — это изначально разновидность активного обучения, которая переросла в отдельный метод. Взаимодействие происходит не только между учителем и учениками, но и между группами или отдельными обучающимися. По-другому его называют «диалоговым обучением». Интерактивные формы помогают педагогу увлечь учеников уроком, замотивировать их на активное участие, достижение результатов и коллективную работу.*

***Abstract****: Interactive learning is a special form of organizing cognitive activity, a method of cognition based on dialogue forms of interaction between participants in the educational process, learning immersed in communication, during which students develop skills for joint activities. Interactive learning was originally a type of active learning, which has grown into a separate method. Interaction takes place not only between teacher and students, but also between groups or individual students. In another way, it is called "interactive learning". Interactive forms help the teacher to captivate students with the lesson, motivate them to actively participate, achieve results and work collectively.*

*Өзектілігі* - интербелсенді оқу білім процесінің бұрынғы біржақты түсінігін екіжақты, диалогтық түсінікке ауыстырады. Студенттің тапсырманы өздігінен орындауына мүмкіндік береді

*Практикалық маңызы*- студенттерге оқытушыны тыңдаудан гөрі көп қатысуды талап ететін оқыту мен оқытудың бірқатар тәсілдерін қамтиды. Оқу материалын игеру процесінде оқушылардың ақыл-ой және практикалық іс-әрекеті мен белсенділігін қамтамасыз ететін әдістер жүйесінен тұрады.

*Жаңалықтығы* – жаңа педагогикалық технологияларды, оқу процесін ұйымдастырудың тиімді формаларын, оқытудың белсенді әдістерін тиімді пайдалану қажеттілігі.

*Жұмыс мақсаты* - экономикалық пәндерді оқыту үрдісінде белсенді әдіс – тәсілдерді тиімді қолдану туралы мағлұмат беру.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

– зерттелетін мәселе бойынша әртүрлі тәсілдерді талдау;

–білім алатын студенттерге жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес тақырыптарды меңгеруге қажетті ақпараттық технологиялық құралдары арқылы дамуына үлес қосу.

Кіріспе

Бүгінгі таңда республикамыздың білім беру жүйесі түбегейлі қайта құрылып, оқытудың белсенді әдістері енгізілуде, оның барысында студенттер өз бетінше функционалдық сауаттылықты дамытады, белсенді түрде білім алады, құрдастарымен қарым-қатынас жасауда коммуникативті дағдыларды дамытуға және проблемаларды шешуде шығармашылықпен айналысуға ұмтылады.

Дәстүрлі репродуктивті білім беру, оқушының пассивті бағынышты рөлі мұндай мәселелерді шеше алмайды. Оларды шешу үшін жаңа педагогикалық технологиялар, оқу процесін ұйымдастырудың тиімді формалары, оқытудың белсенді әдістері қажет.

Белсенді оқыту студенттерге оқытушыны тыңдаудан гөрі көп қатысуды талап ететін оқыту мен оқытудың бірқатар тәсілдерін қамтиды. Бұл тәсілдер оқытудың бұрын емес, іс-әрекетте болатыны туралы идеяны көрсетеді.

Білім берудің жаңа моделі мұғалімдерді даярлауда жаңа талаптарды ұсынады: оқытудың мақсаттары мен әдістерін өзгерту; оқуға инновациялық тәсілдеменің бөлігі ретінде жұмыс жасау; оқу процесін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді өзгерту; оқушылардың оқу жетістігін бағалаудың жаңа тәсілдері мен формаларына.

Білім берудегі сапалы өзгеріс оқытушының оқу-тәрбие үрдісіндегі орны мен рөлі туралы жаңа көзқарасын, оқушыға деген жаңа көзқарасын қалыптастырусыз мүмкін емес. Сондықтан оқытушының өзі жаңа өзгерістердің мәнін, білімнің жаңа сапасы мен жаңа білім беру нәтижелерінің мәнін түсінуі өте маңызды.

Пәндегі жаңартылған бағдарлама студенттерге XXI ғасырдың дағдылары деп аталатын көптеген құзіреттерді игеруге бағытталған.

Жаңартылған бағдарламалардың ерекшеліктерін ескере отырып, оқытушыларға:

- оқу процесінде белсенді оқыту стратегияларын қолдану туралы білімді кеңейту және осы іс-әрекеттегі дағдыларды қалыптастыру;
- бірлескен оқытуды ұйымдастыру әдістерін, педагогикалық рефлексияны және кері байланыстың тиімді формаларын қолдану;
- сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған оқыту әдістерін меңгеру;
- жаңартылған білім беру бағдарламасының оқу мақсаттарына жету үшін критериалды бағалау жүйесін түсіну және қолдану;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, оның ішінде ақылды технологияны оқу процесінде қолдану дағдыларын игеру.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының әдіс-тәсілдерін сабақтарда қолдану барысында білім сапасын едәуір арттыруға және білім стандарты бекіткен оқу материалын барлық оқушылардың жүз пайызға меңгеруін қамтамасыз етуге болады.

Белсенді оқыту мен оқудың белгілі бір әдісін пайдаланардың алдында оқытушылар өздеріне әртүрлі сұрақтар қойып, өзінің үдерістегі рөлі мен іс-қимылын ұдайы ойластырып отыруы керек.

Оқытудың белсенді әдістері - бұл оқу материалын игеру процесінде оқушылардың ақыл-ой және практикалық іс-әрекеті мен белсенділігін қамтамасыз ететін әдістер жүйесі. Экономикалық пәндерді оқыту үдерісінде сабақтың басынан соңына дейін бірнеше әдістерді қолдануға болады.

Мәселен, сабақтың басында келесідей дидактикалық тәсілдерді қолданған тиімді*:*

Ой қозғау (Ми шабуылы), Т-кестесі, Болжау, Кластерлер, Бестармақ, Венн диаграммасы, Оңай және қиын сұрақтар кестесі, Ойлан, жұптас, пікірлес, Алдын-ала берілген атаулар, Үлкен шеңбер, Қос шеңбер, Атаулар туралы үш сұрақ, Еркін жазу, Білемін, білгім келеді, білдім, Дөңгелек үстел, Үш қадамды сұхбат, Топтық зерттеу.

Сабақтың ортасында*:*

Постер құрастыру, Ой қозғау, Т-кестесі, Болжау, Кластерлер, Венн диаграммасы, Оңай және қиын сұрақтар кестесі, Ойлан, жұптас, пікірлес, Еркін жазу, Кең ауқымды лекция, Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою, Бірін-бірі оқыту, Қос жазба күнделігі, Белгі қойып оқу (INSERT), Жигсо, Үш қадамды сұхбат, слайд жасау, сахналау, зерттеу жобасы, эксперимент, видеофильм, ролик түсіру, есептер/жаттығулар жинағын құрастыру, тест сұрақ-тары, Шығармашылық жұмыстар: эссе, РАФТ, сценарий жазу, Оқу, рөлдік, іскерлік ойын дайындау, Тізім, алгоритм құрастыру, Тірек сызбалар, схема, кесте, диаграмма, менталды карта дайындау

Сабақтың соңында:

Ой қозғау, Т-кестесі, Болжау, Кластерлер, Венн диаграммасы, Оңай және қиын сұрақтар кесте-сі, Ойлан, жұптас, пікірлес, Еркін жазу, Білемін, білгім келеді, білдім, Дөңгелек үстел, Үш қадамды сұхбат, Пікірталас, Топтық зерттеу, Эссе, Бестармақ, Хат, РАФТ, Елес құшағында, Үлкен шеңбер, Қос шеңбер, Аквариум, Жеңілдетілген анықтама/түсіндірме, Галереяны шарлау, т.б..

Белсенді оқу тәсілі жаңа білімді бұған дейінгі біліммен байланыстырады, қателіктер бізге өзімізді тексеріп, түсінігімізді жетілдіруге жол ашып, нәтижесінде терең білім мен көзқарасты өзгертеді. Белсенді оқуда оқытушыға өз тәжірибесінің негізінде жаңа әдіс-тәсілдерді үйреніп, оқушылармен бірге әдіс-тәсілдерді зерттеп, мәнін ұғынып, түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

*Бірлескен оқу тәсілі* құрылымдалған топтық жұмыстан тұрады. Бұл әдісте тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары жетіліп, ақпарат алу және жоғары деңгейлі ойлау дағдылары дамиды.

Оқу пәндері арасында байланыс орнату білім беру бағдарламасының аясын кеңейтіп, теңестіреді, тереңірек білім алуға мүмкіндік береді, көптеген дағдыларды қалыптастырады, түсінік пен дағдыларды дамытуға көмектесе алады, оқудың анағұрлым саналы меңгерілуіне көмектеседі, оқуға деген уәжді арттыра алады.Мәселен, «Экономикалық теория негіздері» пәнінде негізгіэкономикалық түсініктерді игерсе, «Ұйым экономикасы»пәнінде ұйымдардағы шаруашылықтың ұйымдастырылуынан бастап ұйымның нәтижеге жетуін зерттеп түсінеді.Ал, «Экономикалық талдау және қаржылық есепті талдау»пәнінде ұйымның жеткен жетістігін талдайды және туындаған қиындықтардың себеп-салдарын зерттейді.

*Терминдер кестесі әдісі*

Сабақ барысында тақтаға тақырып бойынша 3 негізгі терминдерді жазып, қатысушыларға оған байланысты кесте толтыру ұсынылады. Бұл тақырып бойынша терминдерді, ұғымдарды толық меңгергендерін білуге мүмкіндік туғызады. Мысалы, «Бухгалтерлік есеп негіздері» пәні бойынша «Бухгалтерлік баланстың құрылымы мен мазмұны» тақырыбына студенттің терминдер кестесі төмендегідей болады.

| 1-термин | 2-термин | 3-термин |
|---|---|---|
| Бухгалтерлік баланс | Актив | Пассив |
| Латын тілінен аударғанда «теңдік» деген мағынаны білдіреді. | Баланстың сол жағы | Баланстың оң жағы |

*Төрт сөйлем тәсілі*

Сабақ соңында студенттер өздерінің түсінік және жұмыс жасау деңгейлерін бағалау үшін келесі тапсырмалар орындайды:

1. Пікір. Мәтін бойынша туындаған өзіндік пікірін бір сөйлеммен келтіру.
2. Дәлел. Келтірілген өзіндік пікірді бір сөйлеммен дәлелдеп шығуы керек.
3. Мысал. Енді өзіндік пікірді тағы да бір негіздеп кетуі үшін бір сөйлеммен мысал келтіру қажет. Мысал өмірден, практикадан алынуы тиіс.

4. Қорытынды. Өзіндік пікірді тағы да бір рет пысықтап, қорытынды шешімді бір сөйлеммен келтіру керек.

Мысалы:

1. Пікір.Бухгалтерлік баланста актив пен пассивтің тең болуы, бухгалтерлік баланстың дұрыс құрылғандығын көрсетеді.
2. Дәлел. Егер, бухгалтерлік баланста шаруашылық операциялар дұрыс көрсетілмесе, онда баланстың оң жағы мен сол жағы тең болмайтын еді.
3. Мысал. Бухгалтерлік баланстың актив сомасы 5000 теңге және пассив сомасы да 5000 теңгеге тең.
4. Қорытынды. Актив сомасы мен пассив сомасы тең болған жағдайда, бухгалтерлік баланс дұрыс құрылған болып табылады.

Оқушылардың қажеттілігін қанағаттандыру тәсілінде оқушылардың оқуға қолдау көрсету мақсатында тексеру және кері байланыс ұсынылады. Яғни, уәжді және өзін-өзі бағалау деңгейін арттыра отырып қай бағытта оқыту керектігін анықтауға көмектесеміз. Сонымен бірге оқушылардың өз жұмысын жақсартуына мүмкіндік беріп, оқушылардың барынша тиімді оқу жолдарын түсінуіне көмектесеміз.

*Электронды оқу және жаңа технологияларды пайдалану* белсенді оқудың қызықты тәсілдеріне жатады. Бұл оқушының уәжін арттыра және зерттеу жүргізу, қарым-қатынас жасау, ынтымақтастық орнату және тапсырмаларды тиімді іске асыру үшін қолданылады. Оқушылардың ақпарат іздеп, өз тәсілдерін табуына мүмкіндік бере отырып, олардың өз үлесін қосуына септігін тигізеді, сыныптан тыс өз бетінше білім алуға мүмкіндік беретін тәсілдердің бірі болып табылады.

*Модельдеу тәсілі*- іске асып жатқан ойлау үдерістерін түсіндіре отырып, мысал ұсыну, яғни оқушыларды бір мезгілде пән мазмұны туралы ойлануға және сарапшы ретінде әрекет етуге жетелейді. Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуіне көбірек мүмкіндік беріп, тапсырманы кезеңдерге бөледі және үдеріс туралы ойланып, рефлексия жасауға ынталандырады.

*Саралау тәсілі* әр оқушының оқудағы қажеттіліктерін қанағаттандырып, жекелей түсінік пен дағдыларын тереңдейді. Сонымен бірге, өзіне деген сенімі мен оқуға деген уәжін артады, оқушыларға идеяларды тереңірек түсінуге көмектесе отырып, шығармашылыққа ынталандырады. Саралауда барлық оқушылар үшін тиімді, барлық оқушылардан күтілетін нәтижені арттыра алады.

Оқушының білімге деген ынтасына оқытушы мен ата-ана, қоршаған орта әсер етеді. Оқытушы белсенді әрекет ете отырып, оқушылардың танымдық қабілетін дамытып, ғылым негіздерін игеруге, белгілі бір білімдердің, дағдылар мен іскерліктерін қалыптастырып, оқушының рухани, физикалық және еңбек қабілеттерін жетілдіріп, еңбек және кәсіби дағдыларын дамытуда аянбай еңбек ету қажет.

Оқытудың осындай жаңа педагогикалық технологияларын сабаққа ендіру бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты болуы керек. Себебі, елімізге заман талабына сай қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл азаматтар қажет. Сабақта тек білімділік мақсаттарды шешіп қоймай, балалардың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастыруда қажет деп есептеймін.

Әдебиеттер тізімі

Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану: оқу құралы. – Алматы, 2009.

Белсенді оқу мен оқытуда қолданылатын әдістер: әдістемелік құрал./құраст. С. Симбаева.– Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» университетінің баспаханасы, - 2019.- 133 б.

Белсенді оқыту тәсілдерінің тиімділігі Игібаева Т. Ө, Ақтау-2020

**«БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ – ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЕҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ».**

Кулмырзаева Элмира Сайлаубаевна
*ММ-ң ШЖҚ «Талғар жоғары медициналық колледжі» МҚК, Талғар қаласы*

***Андатпа***. *Педагогика жеке адамды тәрбиелеп, қалыптастыру үшін белгілі мақсатқа бағытталған жүйелі тәрбие мен білім беру туралы ғылым.*

*Қазіргі заман талабына сай білімді де білікті , бәсекеге қабілетті, жаңа технологияларды жақсы меңгерген шәкірттерді тәрбиелеу қазіргі заман талабы. Білім сапасын жақсартып, біздің болашағымыз балаларға сапалы білім беру қазіргі ұстаз қауымының басты, негізгі міндеті. Білікті, білімді маман іргетасы мектептен бастау алады және білімге деген құштарлық осы кезде өскелең ұрпақтың санасына сіңіріледі.*

*Оқушылардың білім сапасын жақсартудағы өзіндік маңызы бар мәселелердің қатарына ата-аналар тарапынан көмекті, ұстаздардың білім беруде жаңа инновациялық педагогикалық әдістерді кеңінен меңгеруі, оқулықтар сапасы жоғары болуын да жатқызуға болады.*

***Аннотация.*** *Педагогика - это наука о систематическом воспитании и образовании, направленная на конкретную цель воспитания и формирования личности. Обучение квалифицированных, конкурентоспособных студентов хорошо разбирающихся в новых технологиях является современным требованием. Сегодня одна из главных причин, по которой будущие специалисты продолжают осваивать выбранные профессии и работу, - это квалификация учителей. Повышение качества образования - основная задача сегодняшних учителей. Фундамент квалифицированного, образованного специалиста начинается в школе, а тяга к знаниям прививается в умах подрастающего поколения.*

*Важнейшими факторами повышения качества обучения является поддержка родителей, повсеместное внедрение новых инновационных педагогических методов в обучении, высокое качество учебников.*

***Annotation.*** *Pedagogy is the science of systematic upbringing and education, aimed at a specific goal of upbringing and personality formation.*

*Teaching technology-savvy, qualified, competitive students is a modern requirement.*

*Today, one of the main reasons why future specialists continue to master their chosen professions and jobs is the qualifications of teachers. Improving the quality of education is the main task of today's teachers.*

*The foundation of a qualified, educated specialist begins at school, and the craving for knowledge is instilled in the minds of the younger generation.*

*The most important factors in improving the quality of education are parental support, the widespread introduction of new innovative pedagogical methods in teaching, and high quality of textbooks.*

Білім беру сапасын жақсарту – қазіргі таңдағы ең өзекті мәселе.

Білім сапасын жақсартып, біздің болашағымыз балаларға сапалы білім беру қазіргі ұстаз қауымының басты, негізгі міндеті. Білікті, білімді маман іргетасы мектептен бастау алады және білімге деген құштарлық осы кезде өскелең ұрпақтың санасына сіңіріледі. Қазіргі ақпараттық ғасыр өркениеттің қарқынды дамуына ілесе алатын білікті және мобильді маман тәрбиелеп, болашақ мамандығын нақты меңгерген кәсіп иесін тәрбиелеу ұстаздар алдына қойылған басты мақсат.

Сапалы білім беру процесінің негізгі күші мұғалім!

«Ұстазы мықтының ұстанымы мықты» демекші ұстаздық тәжірибесі мол, тәжірибелі ұстаздан білім нәрімен сусындаған балалар жақсы білім алып, болашақта кәсіби, білікті маман болып шығады.

Білім саласындағы басты мәселенің бірі – ұстаздар жалақысының аздығы. Ұстаздардың жағдайы жасалып және еңбек ақылары көтерілсе, ұстаздардың мәртебесін көтеруге бағытталған міндеттемелер іске асырылса, ұстаз қауымының өз міндетін кіршіксіз атқаруына айтарлықтай ықпал етеді деген ойдамын.

«Бізді оқытатын адамдар мұғалім деп аталады, бірақ, бізді оқытатындардың бәрі бірдей бұл атаққа лайық емес» -, деп ұлы неміс ойшылы И.В. Гёте айтқандай өкінішке орай кәсіби деңгейі төмен ұстаздарда кездеседі. Сондықтан еліміздегі білім сапасын жақсартудың негізгі қазығы - ұстаздарымыз өз мамандығын және балаларды сүйетін, білімді, бала тағдырына үлкен жауапкершілікпен қарайтын кәсіби маман болуы керек. Ұстаз мамандығын оқытатын жоғарғы оқу орындарында осы мамандықты жүрегімен қалап келген талапкерлерді қабылдап, арнайы кеңес өткізіп қабылдаса нұр үстіне нұр болатын еді.

«Жақсы мамандарды дайындау мектеп қабырғасынан бастау алуы керек» -, деп Президентіміз өз жолдауында оқушылардың кабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатын енгізу тапсырмасын мектептерде енгізуді жүктеген болатын. Мектептерде оқушылардың болашақ мамандыққа деген дарынының барын ашу, білім беру үдерісінде тұлғаның дамуына әсер ететін факторларды ескеріп, баланың қай салаға бейімі бар екендігін ескеру өте маңызды.

Оқушыларға білім беруде жаңа инновациялық педагогикалық әдістер кеңінен қолданылып, білім алушының жеке көзқарасы ескеріліп, өзіндік пікірі бар, өзін-өзі бағалай алатын және жеткілікті дәлелдерді өздігінен ізденетін тұлға ретінде қалыптасуы керек. Мұғалім мен оқушылар арасында сенімділік қатынас орнатылып, сабақ барысында бірлесіп әрекет етулері қажет.



Ауылдық жерлерде білім алушыларға сапалы білім беретін мұғалімдер саны жеткіліксіз. Сондықтан «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша жаңа педагогикалық технологияларды жетік меңгерген жаңа буын жастарды еліміздің шалғай ауылдарына жіберу үшін, жастарға жағдай жасалуы керек.

Білім берудің маңызды құралдарының бірі – оқулық. Оқулықтар сапасы жоғары, теориялық және тәжірибелік сараптамадан өткен, оқушыларға түсінікті болуы қажет.

Оқушылардың білім сапасын жақсартудағы өзіндік маңызы бар мәселелердің бірі ата-аналар жағынан да көмек болуы керек. Себебі, баланың толық, алаңсыз білім алуы үшін жанұялық жағдайы да өз әсерін тигізеді. Мысалы, үй шаруасының көптігі, үйдегі жанжал, жетіспеушілік салдарынан баланың жұмыс істеп ақша табу т.с.с. Сондықтан, әр ата-ана баласына сабақ оқуға керекті заттармен қамтамасыз етіп, жағдайын жасауға міндетті.

Әлемде болып жатқан індеттің салдарынан біздің колледжімізде де қашықтан оқыту форматы енгізіліп, педагогтармен қатар студенттерімізге де үлкен жауапкершілік арттылып, сынды кезеңді бастан кешірудік. Менде де қашықтан оқытуда тәжірибемнің жоқтығынан, қателіктерім болды. Мен «Мейіргер ісі негіздері» арнайы пән оқытушысымын. Адам өмірінің арашасы - ақ халатты абзал жандар, болашақ мейіргерлердің өз мамандығын қашықтан оқытуда сапалы білім беріп, меңгерту үшін, не істесем болады деп көп ойландым. Студенттерге «Google classroom» платформасы арқылы тақырыпқа сай оқу материалдарын жіберіп, жаңа тақырыпты «Zoom» арқылы күнделікті түсіндіру, өтілген тақырыпты сұрау және мейіргерлік стандарттарды тәжірибе жүзінде көрсетіп, бейнежазбаға түсіріп жіберу нәтиже беретіне көзім жетті.

Өзімнің ұстаздық тәжірибемде оқыту процесінде іскерлік ойын, TBL, Кейс-стади, PBL (problembasedlearning – мәселеге-бейімдеп оқыту) технологияларын қолдану білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, өзіндік нәтижесін беретінін анықтадым.

«Естігенімді ұмытып қаламын,

Көргенімді есімде сақтаймын,

Істеп көргенімді үйренемін» -, деп ұлы Конфуций айтқандай сабақта студенттер мейіргерлік кәсіби дағдыларын бірнеше рет қайталап, тәжірибе жүзінде өздері жасағанда сапалы үйренеді. Мен ұстаз ретінде білім алушыларға әр сабақ сайын таңдаған мамандықтарының өте жауапты, күрделі екендігін және әр қимылын байыптап, мұқиятты болу керек екендігін әрдайым естеріне салып отырамын. Мейіргерлік тәжірибелік іс-әрекеттердің орындалу техникасын фотослайд, бейнетаспа арқылы түсіндіріп, тәжірибе жүзінде симмуляциялық іс-бөлмелерде өзім фантомдарға көрсету арқылы бірге талқылап үйретемін. Өзіндік жұмысқа берілген уақытта әр білім алушы стандарт бойынша тәжірибелік дағдыларды муляждарға бірнеше рет қайталап, дәлме-дәл жасап үйренеді. Мен өз кезегімде студенттердің жұмысын бақылап, қателіктерін көрсетіп, манипуляцияның орындалу дұрыстығын бақылап, үлгерімі төмен білім алушыны жеке үйретіп, тәжірибелік дағдыларды дұрыс орындауын қадағалаймын.

Тақырыпты жетік меңгерген білім алушылар алған білімдерін зерделеп күнделіктеріне жазып, толтырады. Оқытудағы осындай әдіс –тәсілдерді қолдану студенттердің жаңа тақырыпты толығымен меңгеріп, үйреніп, тәжірибелік дағдылары қалыптасып, өз бетінше ойлау қабілеті дамуына септігін тигізеді. Осындай әдіс-тәсілдерден арқасында біз келешекте болашақ мамандардың кәсіби қызметі туралы түсінігі арту сияқты айтулы жетістіктерге қол жеткіземіз деп сеніммен айта аламын.

Өндірістік тәжірибе кезінде ауруханадағы жауапты мамандар колледжде алған білімдерін ары қарай дамытып, іс жүзінде көрсете білген жағдайда да болашақ кәсіби білікті мамандар саны арттатын еді.



«Бір жылдығыңды ойласаң күріш ек, он жылдығыңды ойласаң ағаш отырғыз, мың жылдығыңды ойласаң ұрпағыңды тәрбиеле» деген аталы сөз бар. Білімді, бәсекеге қабілетті ұрпағы бар мемлекет болып, дамыған елдер қатарына қосылу үшін үлес қосу әр Қазақстандық азаматтың міндеті!

Менде ұстаз ретінде білім саласына өз үлесімді қосып, атсалысатын боламын!

Негізгі сөздер

| Қазақ тілінде. | Орыс тілінде | Ағылшын тілінде |
|---|---|---|
| Диплом | Диплом | Diploma |
| Педагогика | Педагогика | Pedagogy |
| Студент | Студент | Student |

Қолданылған ақпараттар:

1.https://lenta.inform.kz/kz/damir-suraganov-bilim-beru-sapasyn-zhaksartu-kazirgi-tandagy-en-ozekti-masele_a3572390

2.https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9F%D0%B5%D0%B4%D0%B0%D0%B3%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D0%BA%D0%B0

3. https://kitaphana.kz/refkaz/236-pedagogika/3259-pedagogika-pani.html

# КРЕДИТТІК ОҚУ ЖҮЙЕСІНДЕ МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Жәркенова Арай Жанатқызы
*І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Zhansugurov college»*
*Талдыкорган қ.*

***Аңдатпа.*** *Білім беру жүйесіндегі жаңаша бағыттардың мүмкіндіктерін айтар болсақ жалпыға жалпыға білім беру моделін әр білімгерге таңдауға көшуге және әлемдік білім беру кеңестігіне енугі бағытталған. Оқу үдерісінің соңындағы "сынақ", "емтихан" сабақтарында білімгерлердің білім беру мақсатын жүзеге асыруы жайлы оқытушы кредиттік технологияға сай жұмыс нұсқасын құрады. Мүмкіндігінше әр оқытушы өзінің оқу орнын бітіретін түлегінің моделін кәсіптік бағыттылығына сәйкес не математикалық, не морфологиялық тәсілмен жасап қойғаны жұмысты жеңілдетеді.*

*Тірек сөздер: «кредиттік» «педагогика», «сынақ», «емтихан», «технология», «моделі», «кәсіптік», «үдеріс», «реформалау».*

***Аннотация.*** *Возможности новых направлений в системе образования направлены на переход к выбору модели всеобщего образования каждому обучающемуся и вхождение в мировое образовательное пространство. О реализации образовательных целей обучающимися на уроках "зачет", "экзамен" в конце учебного процесса преподаватель составляет рабочий вариант, соответствующий кредитной технологии. По возможности каждый преподаватель разработал модель выпускника своего учебного заведения в соответствии с его профессиональной направленностью либо математическим, либо морфологическим подходом, что облегчает работу.*

*Ключевые слова: "кредитная ""педагогика», «зачет», «экзамен», «технология», «модель», «профессиональная», «процесс», «реформирование».*

***Annotation.*** *The possibilities of new directions in the education system are aimed at the transition to the choice of a model of universal education for each student and entry into the world educational space. About the implementation of educational goals by students in the lessons "credit", "exam" at the end of the educational process, the teacher makes a working version corresponding to the credit technology. If possible, each teacher has developed a model of a graduate of his educational institution in accordance with his professional orientation, either mathematical or morphological approach, which facilitates the work.*

*Key words: "credit""pedagogy", "test", "exam", "technology", "model", "professional", "process", "reformation".*

Еліміздің тірегі ол білімді ұрпақ сол себепті Қазақстанда қазіргі уақытта білім беру жүйесі қарқынды дамып келеді, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда.

Білім беру үдерісін ұйымдастыруда технологияларды еңгізу міндетті болып табылады. Білім беру жүйесін жетілдіру саясатының негізгі мақсаты – ұлттық білім моделін жасау.

Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты *адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру.* Яғни, жаңа ғасыр маманы – жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдар бойынша ой-өрісі кең, жан-дүниесі бай, ұлттық менталитеті жоғары, кәсіби білікті маман, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санасатын, кез келген жағдайдан шығудың жолын таба

алатын, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, қайталанбайтын дара тұлға болуы тиіс. Ал мұндай мүмкіндіктің негізі білімде. Кез келген диалектикалық даму үрдісі секілді нарықтық экономика жағдайына байланысты білім беру жүйесін реформалау ісі де қарама-қайшылықтарсыз емес. Мұның өзі мамандардан кәсіби икемділік пен ұтқырлықты, сан қырлы шығармашылық қызмет пен өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұйымдастыру жағдайындағы біліктілікті талап етеді.

1999 жылы қабылданған "Білім туралы" Заңда құрылымы мен мазмұны жағынан да жаңартылған ұлттық білім беру жүйесінің жаңа моделі жасалды. Осы жаңа модельге сай білім беру жүйесі 4 деңгейге: мектеп жасына дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білімге, жоғары кәсіби білімге, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім беруге бөлініп, 1997 жылы ЮНЕСКО ұсынған халықаралық білім беру жіктемесіне мейлінше сәйкестендірілді.

Жаңа модельге сәйкес орта білім беру жүйесі жалпы орта, бастауыш кәсіби және орта білім беруді қамтиды.

Модульдік оқыту - білім беру ақпараттары модульдерге (толық және тәуелсіз бірліктер, ақпарат бөліктері) ажырайтын оқу процесін ұйымдастырады. Модуль - логикалық аяқталған оқу материал, мақсатты іс-қимыл бағдарламасы мен қойылған мақсаттарға жетуді қамтамасыз ететін әдістемелік басшылықты қамтитын ақпарат бөлігі. Модуль тұжырымдамасы өз ішінде «осындай оқу материалының көлемін қамтиды, соның арқасында қандай да бір нақты жұмысты орындау үшін кейбір теориялық және практикалық дағдыларды алу қамтамасыз етіледі».

Елбасының ұстаздардың ескі түсініктен арылуына мемлекеттік бағдарлама ұсынуының өзі - айрықша тұлғалы іс, қуантарлық жәйіт. Жаңа технология ұғымы қолданымда құлағымызға жиі естіліп жүргенімен, оның іс-әрекеттегі әдіснамасы түсініксіз болып көрінуі мүмкін. Аталған түсініспеушіліктің басты себеп-салдары төмендегідей:

- ✓ бір технологияны меңгеру барысында қабылдаушы тұлғаның психологиялық жадынамасының мүмкіндігі ескерілмеуі;
- ✓ технологияға жетілу үшін классикалық және инновацияға қызмет етеді деген әдістерді саналы меңгеру парқын елемеу кездеседі;
- ✓ технологияның бір ғана нұсқасын меңгерушілікпен шектелуінің себептерін ашуға мән бермеудің байқалуы;
- ✓ меңгерген технологияны сыни пайыммен зерделеп, іс-әрекет үдерісінде өнімді нәтижеге апару-апармау барысын бағамдаудың жетімсіздігі.

Жоғарыдағы сараптаумен анықталған кемшіліктер таптаурын, дәстүрдегі қалыптанған білім беру деңгейлігінің әдістері мен нысандарын тәжірибеден түбірімен аластап тастауға кедергі келтіруде. «Білім берудің жаңа технологиясы» радикалды стиль тұрғысында қарастырылады. Оның мәні – ескіше қалыптасқан бұрынғы амал-тәсілдерді түбірімен іс-тәжірибеден алып тастау шеберлігін ұштау. Әрине, өзіне етене жақын үйреншікті амал-тәсілдерді тәжірибеден ығыстыру үшін белгілі бір тұлғаның әдіснамалық дүниетанымы қоғам сұранымына сай құбылып, өзгеріп, динамикалы сипатқа түсіп отыруы орынды-ақ. Білім беру кеңістігінде технологияның өнімді нәтижеге қол жеткізбеуінің бір факторы – ол тұлғаның аталмыш технологияға ожырая қарауы сөзсіз. Міне, осындай кереғар қайшылықтардың шоғырлануынан көптеген жеке тұлғалардың экономикалық парасат бағамдары болу керек нұсқадан төмен көрсеткіштерде қалып қояды. Сондай келеңсіздіктің орын алуынан педагогика ғылымының басқа ғылымдардан қалыс қалып, басымдық рөлін жойып, халық алдында беделін әлсіретіп жүргені белгілі. Шындықтың жүзімен қарасақ, педагогика нысанының қатысы жоқ бірде-бір ғылымды атай алмаймыз. Ол үшін әрбір оқытушы-профессор өзінің дәріс, семинар жүргізу барысында қандай амал-тәсілдерді «демеуші білім беру» және «инновациялық білім беру» жіктемесіне жатқызатынын ішкі пайыммен бағамдап, соған сәйкес келерлік технологияны не даяр күйінде қабылдайды, немесе оны өзінің жүйе-құрылғысымен жасайды. Жалпы технологияны ұтымды пайдалану жаратылыстану мен нақты ғылым салаларында жиі кездеседі. Себебі аталған пәндердің ішкі мүмкіндігі технология заңдылығына үндесіп

келеді. Мәселен, «алгоритм», «амал», «төте жол», «қысқа жол», «дәріс», «қарқындылық», «жылу», «тығыздық», «күш», «қуат» т.б. ұғымдардың өзі іс-әрекеттің нышандық белгісі ретінде сипатталып тұр.

Өкінішке орай, қазіргі уақытқа дейін қалыпты шектегі оқулықтардағы тапсырмалар мен сұрақтар логикалық тұрғыдан дамыту мақсатына шағындап құрылмай, ірі блоктың модульдік жүйесінің құрам-бөліктерін тұтастық заңдылықта қабылдаудың рейтинг көрсеткішіне жіктелмей бағалау аясында «мониторинг қорытындысын» формальды тұрғыда шығаруға жүйрікпіз-ақ. Көбінесе ғылыми еңбек талап-мүддесіне сай келе бермейтін шылау категориясын көп қолдану арқылы эмоционал-экспрессив реңді айрықша бөліп көрсетуді мақсат тұтып отырмыз.

Технологияның инновациялық бағдарда болуы үшін алдымен білім беру үдерісін білімгерлердің ішкі интеллектуалды деңгейіне қажеттілік сипатында ыңғайлап алу көзделеді. Ол үшін бағалау көрсеткіштері мен өлшемдіктері *ғылым салаларымен қуалау* қағидасымен саралануы қарастырылады. Тәжірибе үдерісінде стандарт пен типтік бағдарлама арасындағы сәйкессіздіктің белең алғаны байқалады.

Білім берудің негізгі мақсаты - нәтижеге жетудің амалын дәл де дәйекті жолмен күні бұрын құрастыру. Жақын болашақтың зиялы қауымының үлгісі мемлекеттің стратегиялық-тактикалық бағдарламаларында сипатталып беріледі. Әр оқытушы өзінің білім игерту амалын ұйымдастырғанда мемлекеттік сұранымға құлақ түріп, оны өзінің назарына жетекші мұрат ретінде алып отыру - бүгінгі күннің талабы екенін ескерген дұрыс. Осыған орай, күні бұрын оқытушы білім жүйесінің дидактикалық негізгі заңдылығын қарастырып, жоспарлап, студенттердің танымдық оқу қызметінің әрбір курсқа қатысты келуін есеп шығарғандай жоспарлайды. Оқу үдерісінің соңындағы "сынақ", "емтихан" сабақтарында білімгерлердің білім беру мақсатын жүзеге асыруы жайлы оқытушы кредиттік технологияға сай жұмыс нұсқасын құрады. Мүмкіндігінше әр оқытушы өзінің оқу орнын бітіретін түлегінің моделін кәсіптік бағыттылығына сәйкес не математикалық, не морфологиялық тәсілмен жасап қойғаны жұмысты жеңілдетеді. Әрине, мұндай ұстаным оқытушының өз қиялынан аспай, студенттің мамандық меңгеруге зауқы соқпаса, бұл істен мардымды ештеңе шықпасы түсінікті. Сондықтан білімгердің субъективті құбылысына үңіліп, оның ыңғай-бейіміне қарай білім беру ісін бағындырып отыруға жан салуды ойлағаны жөн. Мамандық меңгеруге тиісті типтік бағдарламада дәріске жалпы сағаттың 10%, оқытушы-профессор құрамымен білімгерлердің өзара қарым-қатынас жұмысына 25 %, білімгерлердің өздігінен жұмысына 65 % уақыт бөлінетінін білім мазмұнын жұмыс жоспарына межелегенде ескеру орынды. Міне, қай мамандық болса да сағатты ұтымды пайдалану, тақырыптарды топтастырып, әр пәнді үлгіге, оны модульге салу, оқыту мазмұнын нәтижеге бағдарлау туып отыр. Өйткені, педагогика саласы жоғары оқу орындарында болашақ ұстаздарды оқыту үдерісімен шұғылданады, ал жоғары мектеп оқытушыларына кәсіптік талапқа сай бағыт берерлік арнайы ортаның мақсаттылыққа жүгінген тындырымды қызметі жеке болуды көздейді. Аталған субъектілердің басымы әдіс пен педагогтік технологияны, амал мен жолды, тәсіл мен құралды демеуші білім мен инновациялы білімді ажыратпақ түгіл, оның қажеттілігін байыптамау әлі күнге дейін кездеседі.

Педагогикалық білімі барлық пәндердің төбесінен қарауы үшін кәсіптіліктің ең жоғары шыңына жету қажеттілігін түсінеміз. Ондай мамандар Қазақстан Республикасында баршылық. Білім меңгерудің стратегиясы ғаламдық кеңістікке білімгерлерді ынталандыруды көздейді. Олай болса, әр оқытушы өз пәнінің әлемдік иерархиядағы мәнін білім берудің мақсаты арқылы шешуге ниет алуы қажет. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі барлық елдердің білімгерлерін қабылдауына мүмкіндік береді. Білім теориясын меңгерудің үзіліссіздігін жүзеге асыру барысында ерекше мынандай қасиеттерін атап өтуге болады:

- ✓ білім беру жүйесінің тиімділігі қоғамның даму стратегиясына негізделіп құрылады;
- ✓ білім беру жүйесі болашаққа ыңғайланып тізбеленеді;

- ✓ білім теориясының мақсаты, мазмұны білім беру технологиялары, ұйымдастыру түрлері, басқару механизмдері үнемі өзгеріп отырады.

Білім беру жүйесінде дәстүрлі мәселелермен қатар кең ауқымды мәселелер, планетарлы таным, жалпы адамзаттық құндылықты санамен парасаттау, табиғатпен санасу, экологиялық, экономикалық, материалистік ұғыммен бірге идеалистік пайымды бағалай аларлық танымды дамыту сияқты міндеттерді шешу - басты мұрат. Білім теориясының функциясы - интеллектуалды, әлеуметтік, адамгершілік секілді қасиеттерді дамыту. Қазіргі білім беруді дамытудың бағыттары мен қасиеттері: ізгілендіру, гуманитарландыру, саралау, стандарттау, көпнұсқалы, көп деңгейлікті білім беру, білімді қорландыру, компьютерлендіру, ақпараттандыру, жекелендіру, үзіліссіз білім игерту.

Білімді ізгілендіру - дидактикалық негіздің пән арқылы ізгілік сипатын жүйеге салатын, талдайтын, жинақтайтын іскерлікті қалыптастыру. Білімді ізгілендіру - адам өмірінің мәнділігі үшін әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіндік беру, өзінің мамандығын еркін игеру, басқа адамдармен емін-еркін қатынасқа түсу, ана тілін жетік білу, тарихы мен мәдениетін меңгеру, шетел тілінде еркін сөйлеу, экономика, заң мәселелерін жақсы игеру. Саралау - жеке студенттің қызығушылығына, сұранымына қарай білім меңгерудің жетістіктерін білу. Топпен тәжірибешілік сабақ барысында және белгілі пәнді жеке оқу, кәсіптік ыңғайға қатысты саралап оқыту. Стандартизация - жоғары оқу орындарына мемлекет тарапынан міндеттелетін бағдарламалар мен құжаттамалар және оқулықтар мен оқу құралдары белгілі сағат ауқымында шектеліп беріледі.

Көпнұсқалы білім игеру - әр студенттің өз бейіміне қарай жағдай жасалған білім жүйесі, өздігінен танымдық қызметін дамытуына мүмкіндік беріледі. Көпнұсқалы білім беру жүйесінің технологиясы оқытудың ыңғайлану мәселелерін шешеді. Студент бір деңгейліктен екіншіге ауысып отырады. Мәселен: репродуктивтіден эмпирикалыққа, эмпирикалықтан эвристикаға, эвристикадан мәселелі зерттеуге, мәселелі зерттеуден шығармашылыққа, шығармашылықтан креативтікке, креативтік деңгейлік немесе эфирлі қабаттан ғарыштықты, ғарыштықтан ментальді деңгейлікті ажыратуға дидактикалық нысандар арқылы жетіледі. Пәннен білім теориясының "элементтерін" жоғары оқу орындарында оқытушысы өзі теріп, жинақтап, жүйеге салып, үлгісін көрсетпесе, студент өз-өзінен танымының бір деңгейлігінен екінші сатысына өте алмасы анық. Көпдеңгейлікті білім беру жүйесі жоғары оқу орнында бүгін 4 жылдық – жеделдетілген. Екінші жоғары білім алу - 2 жылдық, креативтік деңгейлік академиялы - 5 жылдық, магистратура - 4 жылдық, аспирантура - 3 жылдық болып жіктеледі. Қорландыру - студенттің өмір сүру ұстанымына білім теориясын үндестіріп беру. Білімді ғылыми-теориялық тұрғыда терең игеруге бағыттау. Ақпараттандыру - білім беруде бейнекассетаны, телеэкранды, аудиокассетаны, баспасөзді қолдану (камераға бейнекассета, аудиокассета арқылы дәрістер мен семинар сабақтарын түсіріп, ақпараттандыру басты мәселе). Жекелендіру - оқу үдерісінде жекелеп оқыту. Үзіліссіздік - білім беру жүйесінің өмір бойы жалғасып келуі. Әлеуметтік жағдайларға байланысты бұрынғы рухани құндылықтардың өзгеруіне байланысты адам білімінің қажеттіліктен шығуы, оның орнына субъект үнемі өздігінен білімін дамытып отыруға төселеді. Білім мемлекет тарапынан басқарылады. Білім беру жүйесінің әр деңгейі мемлекеттік құжаттармен айқындалып, каруландырылады.

Соңғы жылдары оқытудың модульдік технологиясы мен В.М.Монаховтың, Дьяченконың оқытудың ұжымдық тәсілі, сондай-ақ, профессор Ж.Қараевтың оқытуды дербестендіру мен дифференциалау және білім беруді демократияландыру мен ізгілендіру ұстанымдарына негізделген жаңа педагогикалық компьютерлік технологиясы елімізде қолданыста жүр.

Қазіргі тәжірибелік-сынақ жұмыстардың басты міндеті жаңаша оқытудың педагогикалық технологиясын оқыту үрдісіне енгізу болып табылады. Мәселен, Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдовтың бірлесе жасаған “Дамыта оқыту жүйесі” бір-бірімен тығыз байланысты әрі мынадай ұстанымдардан құралады:

1. Жоғары деңгейдегі қиындықта оқыту.

2. Теориялық білімнің жетекші рөлі.
3. Оқу материалын жеделдете оқыту.
4. Оқу үрдісін оқушының сезінуі.
5. Барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу.

Л.В.Занковтың оқыту жүйесінде оқушы өзін емін-еркін сезінеді, оның әлеуметтік мүмкіндігі мен дербестігінің дамуына жағдай жасалады. Осы жүйеде оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-катынастың іргетасы қаланады. Мұғалім түсіндіруші, оқытушы тұрғысында емес, оқушының оқу әрекетін ұйымдастырушы, бағыттаушы ретінде көрінеді.

Оқыту теориясының сапасын білімгерлердің психологиясының оң өзгерістері мен танымдық оқу қызметіндегі жоғары сатыға көтеру мәнімен есептеледі. Оқыту теориясы мен тұжырымдамасының бірінші түрі Я.А. Коменский заманынан бері белгілі. Ол - дидактикалы *энциклопедиялық тұжырым*. Ғылыми білімнің аукымы кең, өмірінің тәжірибесін соған арнаған. Мұндай тұжырымды меңгеру оқытушылар мен білімгерлердің екі жақты *қарқынды* амалдармен, жұмысты зерттеу тәсілімен ұйымдастырылады.

Кредитті технологияға дейін кеңестік дәуірде оқытушы-профессор құрамының дәрістемесі басымдықта келіп, ал білімгерлер, көбінесе, сол материал ауқымынан шыға алмайтын жағдайда болатын. Дидактикалық формализм тұжырымы. И. Песталоции, А. Дистерверг заманынан белгілі. Оқыту қабілеттілікті, танымдық қызметті дамытудың құралы ретінде қолданылады. Басты мақсат студенттердің ойлау қабілеті дұрыс ұйымдасып, білім формальды берілуі керек деген ұстанымда болады. Пән тек инструментальды сипатта өтіледі. Дидактикалық прагматизм тұжырымы. Бұл тұжырымның негізін қалағандар: Дж. Дью. Білімнің үзіліссіз меңгерілу сипаты - басымдық рөлде келуіне мән берген ғалымдар. Тәжірибелік сабақтар арқылы білімгерлерге жаңа дүниетаным қалыптасып, жеке дидактикалық нысандар тереңдеп оқылмайды. Студенттердің сұранымына қарай таңдалып, танымдық қызметтің диалектикалық заңы бұзылады, тәжірибешілік іс-әрекет жұмысының ұйытқысы болып есептеледі.

Қорыта айтқанда жоғары оқу орындарында кредиттік технологияның маңызын анықтау үшін бірінші кезекте бүгінгі модернизация кеңістігінде бұрынғы орын алып келген теориясының ең бастысын сұрыптап алу көзделеді; сонау Я.А. Коменскийден бері тұжырымның жаңашыл бетбұрысқа түсуін ескеру қарастырылады; жоғары оқу орындарына арнаулы ұсынылған Қазақстан Республикасының стандарты мен типтік бағдарламасының негізінде құрылған ғылым салаларының пәндік сападағы (білім мазмұны) оқытуға арналған бәріне бірдей заңдылықтары мен ұстанымдары негіз ретінде қызмет етуін қадағалау зерделенеді; субъекті мен предикаттың өзара байланысын «Инженерлік сызба» пәнін оқыту үдерісінде тиімді пайдалану ұдайы нысанада болады.

Инновациялық технологиямен оқыту жүйесінде модульдік оқыту технологиясының дидактикалық тиімділігін арттыру оқытушы-профессорлардың нұсқаушылық-бағдарлау іс-әрекетін түсіндіру, ұғындыру, баяндау сынды вербальды әрекеттерден басқа локальді тұрғыда конструктивті мәнде өтілуне басымдық беріледі. Әр оқытушы өзінің іс-әрекетін болжап, білімгерлердің қанша кредит меңгеретініне саналы басшылық жасап, олардың өздігінен ізденісті-зерттеу жұмыстарының нұсқалы орындауына мүмкіндік қалыптастырады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Е. Жұматаева жоғары мектепте оқытудың біртұтас дидактикалық жүйесінің теориясы монография Павлодар 2012 Кереку
2. Әлеуметтану оқу құралы

3. Б. Б. Мубаракова іс қАҒаздарын қазақ тілінде жүргізу павлодар Алғы сөз Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпанындағы №550 «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы»
4. А. Баймуханова Мемлекеттік тілде іс жүргізу
5. Филология ғылымдарының докторы А. Р. Бейсенбаев филология ғылымдарының кандидаты, доцент А. Ф. Зейнулина педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент А. Ш
6. Қазақ фольклорын зерттеу мәселелері: XX ғасырдың бірінші жартысы
7. С. Т. Иксатова Қылмыстық құқықтың Жалпы және Ерекше бөлімі бойынша тестілердің жинағы
8. Электрмагнит өрісінің теориясы «Электр техникасының теориялық негіздері»
9. Микологиялық және фитопатологиялық анықтамалық сөздік.

## БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАША БАҒЫТТАР

Ибраева Ж.М.
*МКҚК «Көксу ауылшаруашылық колледжі» Ескелді ауданы, Жастар ауылы*

***Аңдатпа.*** *Мақалада білім беру жүйесіндегі жаңаша бағыттардың бірі «Оқытудың кредиттік-модульдік жүйесі» мен «Кәсіптік білім беруді дамытудың тәжірбиесі» бойынша жаңаша бағыттары қарастырылады.*

***Аннотация.*** *В статье рассматриваются новые направления в системе образования по «кредитно-модульной системе обучения» и «практике развития профессионального образования».*

***Abstract.*** *The article discusses new directions in the education system on the "credit-modular system of training" and "practice of professional education development".*

*Тірек сөздер: кредиттік-модульдік оқыту, бағалау өлшемдері, кәсіптік білім беру.*

*Ключевые слова: кредитно-модульное обучение, критерии оценки, профессиональное образование.*

*Keywords: credit-modular training, learning outcomes, vocational education.*

Кредиттік оқыту жүйесі - даралану, білім беру траекторясының таңдамалдылығы және білім ауқымын кредиттер түрінде есепке алу негізінде өз бетінше білім алу және білімді шығармашылықпен игеру деңгейін арттыруға бағытталған білім жүйесі. Кредиттік жүйе алғаш рет Америка Құрам Штатында пайда болды. Оның негізін 1870 жылдары Гарвард университетінің Президенті, белгілі Американдық білім қайраткері Чарльз Элиот салып, «кредит-сағат» ұғымын қоғамға енгізген болатын. Бұл жүйе алғашында пәндер көлемі жүйесінің шешуін өлшеуші «кредит – сағат» болып енгізілді. 1892 жылдан бастап «кредиттік сағаттық» жүйенің екінші кезеңі басталып, осы кезде АҚШ-тың ұлттық білім комитеті университет, колледж, мектеп топтарын жақсарту мақсатында, оқу бағдарламаларын стандарттауда «кредит» ұғымын тек университет пен колледждерде ғана емес, орта мектептерде де, енгізе бастады. Қазақстан Республикасында кредиттік оқу жүйесі 19 ғасырдың 90-шы жылдарының ортасынан біртіндеп қалыптаса бастады. Елімізде 2007 жылы 15 тамызда «Білім туралы» жаңа жоба қабылданды. Осы заңның 11 бабында білім жүйесі мәселелерінің бірі болып оқытуда жаңа технологияларды тиімді пайдалану және енгізу., сонымен қатар кредиттік, қашықтық, ақпараттық-коммуникациялық оқыту кәсіби білімнің қоғамда және еңбек нарығында болып жатқан өзгерістер қажеттілігіне тез үйлесуге мүмкіндік туғызатынын атап көрсетілген. ҚР «Білім туралы» Заңын іске асыру мақсатында №66 кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу прцесін ұйымдастыру ережесі» әзірленген және бекітілген.

Кредитті технологияны іске асырудың мүмкіндігі – стандартқа жүгінген оқулықтардың модульдік технология жүйесіне бағыну заңдылығы. Бұл заңдылық оқулықтағы модульге жіктелген нысаналардың теориялық негізінің тәжірибедегі көрінісін үйлесіммен берілуіне қолайлы жағдай туғызады.

Кредиттік-модульдік оқыту жүйесінде оқу үдерісін ұйымдастыру іс-әрекеті білім алушылардың өзіндік жұмыстар сипатын нығайтып, аудиториялық сабақтардың көлемін қысқарту болып табылады. Мұнда негізгі міндет білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінде өзбетімен білім алу және өзбетімен даму қабілеттерін дамыта, кәсіби еңбегіне қажетті ақпараттарды жүйелі меңгерумен шектелмей, ол білім көзін қабылдау мен қолдануда сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін арттыруға бағыттайды. Олай болса, бір кредиттегі аудиториялық сағаттардың саны азайып, өзіндік жұмысқа бөлінген сағат көлемі мәнді өзгеріп отыруына да мүмкіндігі бар.

КЕАҚ "Talap" қоғамының кәсіптік білім орталығының ұйымдастыруымен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының инженерлік техникалық қызметкерлерін «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік –модульдік технологияларын енгізудің ерекшеліктері» атты тақырыбында халықаралық талаптарға сәйкес біліктілік арттыру курсы өткізілуде. Облыс өңірінен келген инженер педагогтар мен өндіріс шеберлер өз білімдерін жетілдіріп, өзара тәжірибе алмасып, пікірталас, кредиттік-модульдік оқыту жүйесінің негізгі бағыттарына талдау, тұжырым жасауда. Оқытушаларға біліктілікті көтеру барысында кредиттік-модульдік оқыту бойынша арнайы курстар өткізілуде. Қазіргі Қазақстанда кредиттік-модульдік оқыту жүйесінде білім алушыларға толығымен ұсынылған кәсіби және таңдау курстарын, оқытушыларды өзбетімен таңдау береді. Бұл курс болашақ мамандардың оқу үдерісінде өзбетімен белсенді кәсіби оқу-танымдық іс-әрекеттерінің сипаты техникалық кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандарды даярлауға бағытталған оқу үдерісі мазмұнымен ұштасатын білім беру бағдарламасын қолдануға қол жеткіздіреді. Болашақта Қазақстанда әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті, өз мамандығына құзыретті, білікті маман даярлау тікеле» оқытушы мен білім алушыға байланысты.

Қорыта айтқанда, кәсіптік және техникалық білім беру оқу орындарында жаңа келбеттегі мамандарды даярлауды ұйымдастыру оқу үдерісі - кредитті оқыту формалары жүйесімен ерекшелінеді. Оған негіз болатын оқу орнында мамандықтар бойынша білім бағдарламасын жүзеге асыруды жоспарлау, ұйымдастыру мен басқару, бақылау мен сапасын анықтау біртұтас, комплексті жүреді. Бұл оқу үдерісінің формалары сабақты оқытуды ұйымдастыру формаларынан ерекше, дәрежесі үлкен, дербес оқыту жүйесі болып табылады.

Оқытудың кредиттік-модульдік жүйесі

Біздің колледжде модульдік-кредиттік оқытуды енгізу тәжірибесі әрбір сабақтың кәсіптік біліктіліктерді қалыптастырудағы жоғары маңыздылығын көрсетті. Мұнда әрбір кезеңде интербелсенді технологияларды қолдануды атап өткен маңызды. Кредиттік-модульдік оқыту жүйесін енгізудің мақсаты – студенттердің кәсіби дайындық деңгейін арттыру, олардың жеке шығармашылық қабілеттіліктерін жан-жақты дамыту, қажет болған жағдайда студенттерге жақын және алыс шетел жоғары оқу орындарына кедергісіз ауысу мүмкіндігін беру.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін академия оқу үдерісін толығымен реформаланды, осылайша оны жаңа жоспарлаушы және реттеуші құжаттамамен қамтамасыз етеді. Атап айтсақ, оқу жоспарларына міндетті және элективті пәндер жүйесі енгізілді. Оқу жоспарына кіретін пәндердің жалпы көлемінің 40% астамын элективті яғни тәжірибе құрайды.

Таңдау еркіндігі кредиттік оқыту жүйесінің негізгі артықшыларының бірі болып табылады: студенттер, оқытушылар таңдау мүмкіндігіне ие болады, және де білім траекториясын өздері қалыптастыра алады. Осыған орай типтік және жұмыс

жоспарларымен қатар білім мазмұнын, оқыту ұйымдастырылуын анықтайтын жеке оқу жоспарлары енгізілді.

Кредиттік оқыту жүйесі аясында оқу жұмысының еңбек сыйымдылығын есептеу кредитпен өлшеніп оқытылатын материал көлеміне қарай жүргізіледі.

Кредиттік оқыту жүйесінде 1 кредит 24 сағатты құрайды, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең. 1 жылда 60 кредит оқылады, жұмысшы біліктілігі бойынша 120-240 кредитке дейін қарастырылады.

Кредиттік оқыту жүйесі қолданылған оқыту үдерісі келесі формаларда ұйымдастырылған: аудиториялық сабақтар (дәрістер, тәжірибелік сабақтар), зертханалық сабақтар, студиялық сабақтар және демонстрациялық емтихандар.

Кредитті технологияны іске асырудың мүмкіндігі – стандартқа жүгінген оқулықтардың модульдік технология жүйесіне бағыну заңдылығы. Бұл заңдылық оқулықтағы модульге жіктелген нысаналардың теориялық негізінің тәжірибедегі көрінісін үйлесіммен берілуіне қолайлы жағдай туғызады.

Кредиттік-модульдік оқыту жүйесінде оқу үдерісін ұйымдастыру іс-әрекеті білім алушылардың өзіндік жұмыстар сипатын нығайтып, аудиториялық сабақтардың көлемін қысқарту болып табылады. Мұнда негізгі міндет білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінде өзбетімен білім алу және өзбетімен даму қабілеттерін дамыта, кәсіби еңбегіне қажетті ақпараттарды жүйелі меңгерумен шектелмей, ол білім көзін қабылдау мен қолдануда сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін арттыруға бағыттайды.

Кәсіптік білім беруді дамытудың тәжірибесі

Психологтер де, педагогтер де адамның рухани интеллектуалдық, кәсіби шығармашылықпен өзін-өзі дамытуы өмірінің әр кезеңінде әр қалай деп көрсетеді. Мысалы, ұлы педагогтер А.Дистерверг, К.Ушинский А.Макаренко, В.Сухомлинский т.б мұғалімдік еңбекті адамтану ғылымы, адамның жан дүниесі, рухани әлеміне бойлай алу өнері дей отырып, педагогикалық шеберліктің дамуына зор үлес қосқан. Осы тұрғыдан алып қарағанда педагогикалық шеберлік- кәсіби әрекетті жоғары деңгейге көтеретін мұғалімнің жеке қасиеттерінің, оның білімі мен білігінің жүйесі. Осы мәселені терең зерттеген А.Маркова мұғалімнің кәсіби деңгейге көтерілуінің төмендегідей психологиялық критерийлерін анықтаған.

Обьективті критерийлер. Мұғалімнің өз мамандығына қаншалықты сәйкес әлеуметтік тәжірибеге қосар үлесі қандай екендігі. Жоғары еңбек көрсеткіші, әртүрлі мәселелерді шығармашылықпен шеше алу біліктері, т.б жататындығын атап өтеді.

Субьективті критерийлер. Адамның мамандығы қаншалықты оның табиғатына, қабілеттері мен қызығушыларына сәйкес қаншалықты ол өз ісінен қанағат табатындығымен байланысты. Мұғалім еңбегіндегі субьективті критерийлерге кәсіби – педагогикалық бағыттылық, кәсіптің маңыздылығын, оның құндылығын түсіну, маман иесі ретінде өзіне позитивті көзқарастың болуын жатқызады.

Нәтижелі критерийлер. Мұғалім өз ісіне қоғам талап етіп отырған нәтижелерге қол жеткізіп отыр ма деген мәселе тұрғысынан қарастырады. Біреулер нәтиже ретінде оқушылардың білімдерінің стандартқа сай болуын алса, енді біреулер олардың қарым-қабілетін дамытуды алады, ал кейбіреулері оқушылардың өмірге дайындығын басты назарда ұстайды, ал оқыту нәтижесі біз үшін баланың психологиялық функцияларын жетіліп, өзінің педагогикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуге қолдана алуы.

Шығармашылық критерийлер. Мұғалім өз кәсібінің шекарасынан шыға алуы, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегін өзгерте алуы жатқызылады. Шығармашыл мұғалім үшін біреудің тәжірибесін қайталағаннан гөрі өз жаңалықтарын, білгендері мен түйгендерін басқаларға ұсына алуының, шығармашылық бағыттылықтың болуының мәні зор. Кәсібиліктің бірден келе салмайтындығы белгілі, оны әр мұғалім ерте ме, кеш пе меңгеруі тиіс. А.Маркова оның кезеңдерін төмендегідей етіп бөледі:

мұғалімнің өз мамандығына бейімделу кезеңі

мамандықта өзін-өзі өзектендіру кезеңі

мамандықты еркін меңгерген кезең

мамандықта шығармашылық деңгейге жеткен кезең.

Осылайша ғалым кәсіби құзыреттіліктің сипаттамасын шебер- мұғалімнің , жаңашыл- мұғалімнің, зерттеуші- мұғалімнің, кәсіби дәрежесіне көтерілген мұғалімдердің жиынтық бейнесі ретінде қарастырады.

Ең бірінші кезекте мұғалімнің «өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс- әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек. Қазіргі кәсіптік- педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді. Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді.

Ал, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық- ізгілілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс- қимылын жүйеліліпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз.

Біздің арнаулы оқу орны облысымызда кәсіптік-техникалық білім беруде көш бастап келе жатқан, білімді де білікті ұстаздар қызмет атқаратын, кәсіби маман даярлауда тәжірибесі мол, іргелі ұжымның бірі. Сондықтан да, колледждің басты миссиясын ұлттық құндылықтар негізінде таңдадық. «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтарын сақтай отырып, кәсіптік білім беру саласында, рухани жетілген, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау баты мақсатымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы заң *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 27 мамырда № 6976 тіркелді)*.
2. © КЕАҚ "Talap" Коммерциялық емес акционерлік қоғамы 2021 https://kasipkor.kz/?page_id=407&lang=kz
3. Н.А.Асанов «Қазақстанда модульдік-кредиттік оқытудың ТжКБ ұйымдарындағы оқу үдерісі», Алматы 2004.

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Нурпеисова Еркеш Болатбековна

*М.О.Әуезов атындағы педгогикалық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің педагог-зерттеушісі*

***Аңдатпа.*** *Инновациялық оқыту дегеніміз – жаңалықты ашу, оны игеру және өмірге енгізу. Бүгінгі заман талабы білімді, білікті, өздігінен тығырықтан шығар жол таба білетін іскер және өмірге икемді адам тәрбиелеуді қажет етіп отырғандықтан да қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің басты міндеттерінің бірі - оқушылардың жеке*

*тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасап, ана тіліміздің жетік меңгеріп, жүрегімен сезінетін ұрпақ тәрбиелеу.*

*Тірек сөздер: инновация, заманауи білім беру, білім бері әдістері, жеке тұлға тәрбиелеу.*

***Аннотация.** Слово «инновация» в переводе с латинского языка означает внедрённое новшество. А инновационное образование – это новый подход к обучению, включающий в себя личностный подход, творческое начало, использование новейших технологий. Поэтому в школах преподаватели казахского языка и литературы в ногу со временем, используя новые методы обучения, побуждают интерес к предмету и повышают качество усвоения новых знаний. Требования сегодняшнего дня - это воспитание знающих, умеющих найти выход из любой ситуации учащихся, поэтому задача преподавателя казахского языка и литературы воспитать учащихся как личностей, знающих свой родной язык в совершенстве.*

*Ключевые слова: инновации, современное образование, методы образования, воспитание личности.*

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауларында Қазақстанның елу елдің қатарына кіруі, тұлғаның ең басты функциялық сапаларының қалыптасуы, белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлауы, шешім қабылдай алуы, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы сынды міндеттерді қойған болатын [1]. Осы алдыға қойылған мақсаттардың және ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының бағыттары негізінде «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары» қабылданды [2]. Бұл Ұлттық жоспардың мақсаты- Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылықтарын дамытуға жағдай жасау, ал міндеттері - мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудың отандық және халықаралық практикасын зерделеу, яғни осы Ұлттық жоспардың көздеп отырғаны білім берудің отандық және халықаралық практикасын зерделеуде PISA, TIMSS сияқты бағдарламаларға сүйену [3].

Биылғы оқу жылынан еліміздегі техникалық және кәсіби білім беру ұйымдары ҚР жаңартылған білім бағдарламасына көше бастады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаты- білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, оқушының функционалды сауаттылығы мен шығармашылық қабілетін дамыту болып табылады. Сонымен қатар пәндік білімдеріне, ептіліктеріне және дағдыларына сүйене отырып, функционалдық сауаттылықты дамыту үдерісі ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асады.

Соның ішінде қазақ әдебиетін оқытуда білімалушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, олаарға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда көркем әдебиетті қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану әдебиет пәнінің негізгі мақсаттарының бірі болып табылады.

Осы орайда ұстаздарға қазір үлкен жауапкершілік міндеттеліп отыр. Сабақта ойлау дағдыларын қалыптастыру және дамытуды ескере отырып әр түрлі тапсырмалар құрастырылып берілуі керек. Сабақ барысында берілетін тапсырмалар түрлері сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, сәйкестендіруайтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпы тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындау, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы, мақал-мәтелдерді, афоризмдерді, шешендік сөздерді жинақтау т.б.

Осы Үлгілік бағдарламада берілген оқу мақсаттары жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-11-сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының негізінде жасалғанымен, колледж студенттеріне сәйкестендіріліп, оқу мақсаттары жас ерекшелігіне және білімалушылардың кәсіптік бағытына қарай сараланып алынды. ТжКБ жүйесінде сағат сандары аз болғандықтан, кей оқу мақсаттары біріктіріліп, кейбіреуі қысқартылып берілді.

Сондықтан бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу оқытушылардың еркіне қалдырылады.

«Заман, дәуір тұлғасы» бөлімі бойынша білімалушылар мына дағдыларды игеруге тиісті:

*Түсіну және жауап беру:* әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін, идеялық мазмұнын түсіну; көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы сол заман шындығын көрсету, ұлттық құндылықтардың маңыздылығын түсіну.

*Анализ және интерпретация:* әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық ерекшеліктерін анықтау, автор көзқарасын талдау, кейіпкер бейнесін ашуда шығармадан үзінділер мен дәйексөздер келтіру.

*Бағалау және синтез:* көркем шығармадағы көтерілген мәселелерге талдау жасауда сол кездегі және қазіргі заманды салыстырып, өзіндік пікір білдіреді, әдеби сын жазады.

Енді осы мақсаттарды сабақтарда қалай жүзеге асыруға болады, қандай әдіс-тәсілдер қолданған тиімді деген сұрақтарға тоқталсақ. Мәселен, Қ.Жұмаділовтің «Тағдыр» романы бойынша алғашқы сабақ мақсаттарын білу, түсіну бойынша алсақ, 2- сабақта талдау, салыстыру жұмыстарын жүргізуге, қорытынды сабақта эссе немесе жиынтық бағалау жұмысын алуға болады. Әр сабақтың мақсатына жету жолын, тиімді әдіс-тәсілдерді оқытушы өзі таңдайды.

**1-сабақ**

Сабақ тақырыбы: Қ.Жұмаділов «Тағдыр» романы. Бірінші бөлім

Мақсаты:

әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну;

Күтілетін нәтиже:

шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысына талдау жасайды;

көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтап, даралайды.

Бағалау критерийі:

әдеби шығарманың композициялық құрылысына талдау жасай алады, шығарма идеясын түсінеді;

Сабақтың барысы

Ұйымдастыру кезеңі. Білімалушыларды түгендеу.

I. Сабақтың басы

Өткен сабақтарды пысықтау.

II. Сабақтың ортасы.

Мағынаны тану кезеңі. Ассоциация. «Тағдыр» сөзін естігенде ойыңа не оралады? (тізбектеп айту.........)

Сабақ тақырыбы анықталғаннан кейін сабақ мақсатымен таныстырылады.

Сөздікпен жұмыс.

1-тапсырма. (Білімалушыларға роман мазмұнымен алдын-ала танысу тапсырылу керек, мазмұнын толық біледі)

Алдымен романның композициялық құрылымын талдап көрейік.

Әр студент өз нұсқаларын ұсынады. Дәптерге орындайды. Сонан соң мына кестемен танысып, жауаптарын толықтырады.

Роман оқиғасы төрт бөлімге топтастырылған. Соңында эпилог бар.

**2-сабақ**

Сабақ тақырыбы: Қ.Жұмаділов «Тағдыр» романы. Бірінші бөлім

Мақсаты:

көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау.

Күтілетін нәтиже:

кейіпкерлер бейнесін алынған эпизодтар арқылы ашады.

*1-тапсырма. Бірінші бөлімнен алынған үзінділер арқылы кейіпкер бейнесін ашу.*

1-топ

| Шығармадан үзінді | Автор көзқарасы, ойы | Сіздің кейіпкер туралы түйгеніңіз |
|---|---|---|
| Қазір Шәуешектегі қос қорғанның ішіне тығылып отырған екі елдің өкілдігі-бейне таразының екі басы іспетті. Түбінде қайсысы басым түседі? Екі басты самұрық пен төрт тағанды аспан айдаһарының қайсысы жеңеді? Оны алдағы уақыт көрсетеді. | | |

II топ

| Шығармадан үзінді | Автор көзқарасы, ойы | Сіздің кейіпкер туралы түйгеніңіз |
|---|---|---|
| Демежан манадан бері Табындайдың табақтай бетіне емес, күжірейген желкесіндегі тоқпақтай айдарына қарап отырған. Кенет ыстық қаны басына теуіп, орнынан қалай атып тұрғанын өзі де аңғармай қалды.<br>–Иттің баласы, осы отырған жеріңде айдарыңнан ұстап тұрып, мойныңды бұрап, жұлып алайын ба?!-деді бойын буған ызадан қалш-қалш етіп. – Бұл өлкеге кімнің бұрын, кімнің кейін келгенін айыратын –мына сенбісің Сенің аталарың императорға жалдамалы әскер болып болып, осында аяқ басқанына, міне, жүз жылдан енді ғана асты. Ал, наймандар хандық құрып, Тарбағатайды мекендеп жүргенде, Шыңғысханның өзі тумаған болатын. Сен соны білемісің? | | |

III топ

| Шығармадан үзінді | Автор көзқарасы, ойы | Сіздің кейіпкер туралы түйгеніңіз |
|---|---|---|
| Маншың өкіметінің салтында, аймақ әміршісінің алдына кірген қараша халық намаз оқығандай тізерлеп отырып, маңдайын жерге үш рет тигізіп, | | |

| | | |
|---|---|---|
| бас ұруы керек еді. Мыналарға ондай тәртіпті ешкім үйретпеген бе, тізелері бүгілмей, жай бас иіп, тәжім етумен ғана шектелді.<br>«Қазақтар ұлық түгіл, Құдайға құлшылық етіп те жаратпайды деуші еді, сол рас екен, -деп ойлады Ши-амбы, ештеңе етпес.Үйренеді ғой...Әзірше асаусып тұрған шығар. Өз күні үшін ұлыққа бас ұрмай, қайда барады?» | | |

Дескриптор:
топтар үзіндідегі автор ойын түсінеді, тарихи маңызы бар оқиғаларды біледі;
кейіпкер бейнесін мысал келтіре отырып ашады;
ойын жинақы, көркем жеткізе алады.

Осы екі сабақ бойынша білімалушылардың оқу жетістіктерін бағалауды мынадай критерийлер бойынша жүзеге асыруға болады:

| Бағалау критерийі | тапсырма | дескриптор | ұпай |
|---|---|---|---|
| Романның композициясы мен сюжетін біледі | 1-тапсырма | Роман мазмұнын біледі | 25 |
| | | тақырыбы мен идеясын түсінеді | 25 |
| | | Композициялық жоспарын жасай алады | 19 |
| Шығарма кейіпкерлеріне талдау жасау | 2-тапсырма | Әр үзіндідегі айтылар ойды түсінеді | 5 |
| | | Кейіпкер бейнесін ұлттық құндылықтар тұрғысынан талдай алады | 10 |
| | | Өз ойын көркем, шығармаға негіздеп жеткізе алады. | 5 |
| Сұрақтарға дұрыс жауап береді | 3-тапсырма | 5 сұраққа дұрыс жауап берсе | 5 |
| | | 4 сұраққа | 4 |
| | | 3 сұраққа | 2 |
| Барлығы | | | 100 |

Ш.Құсайыновтың «Томирис» драмасын оқыту барысында білімалушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында мынадай топтық, жұптық, шығармашылық тапсырмаларды орындатуға болады.

Топтарға тапсырмалар беріледі. Мәтінмен жұмыс жасайды.

1-топ. Кир патшаның сақтарға жорық жасаудағы басты мақсаты қандай? Дала патшайымының қарсыласы кім болды?
Дескриптор:
оқулықпен жұмыс жасай алады;
сұрақтарға нақты, шығармадан үзінді келтіре отырып, дәлелді жауап бере алады;
өз көзқарасын білдіріп, мәселеге ұлттық құндылықтар тұрғысынан баға береді.

2-топ. Томирис қандай болған? Сақ патшайымы Томириске Кирді жеңуі үшін қандай қолайсыз жағдай түрткі болды?
Дескриптор:
оқулықпен жұмыс жасай алады;
сұрақтарға нақты, шығармадан үзінді келтіре отырып, дәлелді жауап бере алады;
өз көзқарасын білдіріп, мәселеге ұлттық құндылықтар тұрғысынан баға береді.
3-топ: Сақтарға тән мінез, ұлттық рух несімен ерекшеленеді? «Жусан-жер қайысқан қалың сақ» деген Томирис сөзінің мәнін ашыңдар. Қазақ халқының *жусан* туралы түсінігіне тоқталыңыздар.

Дескриптор:
мәселені ұлттық құндылықтар тұрғысынан талдай алады;
шығармадан мысалдар келтіріп, ойын дәлелді жеткізе алады.
Әр топ бірін-бірі критерийлер бойынша бағалайды.
2-тапсырма. Жазба жұмысын орындау.
1-топ:
Шығарма үзіндісін пайдалана отырып, оқырманға арнап маңызды бөлігіне көңіл аудартатын ашық хат жазыңыз.
2-топ:
Шығарма үзіндісін пайдалана отырып, қздеріңіз бір эпизодты таңдап, сипаттамалы жазба мәтін жазыңыз.
3-топ:
Шығарма үзіндісін пайдалана отырып, бір кейіпкерге хат жазыңыз.
Дескриптор:
көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдана алады;
жазба жұмысының стилі мен ерекшелігін сақтап жазады;
өмірмен байланыстырып, өзіндік көзқарасын білдіреді.

Қорытындылай келе, бүгінде білім беру жүйесінің ерекшелігі – білім алушының қандай да бір іс-әрекетке құзіреттілігін дамыту, арттыру, қалыптастыру. Біз студенттің білімін, біліктілігін, дағдысын бағалаудан оның құзыреттілік қасиетінің қалыптасуын бағалауымыз керек, қазір жастардың білімділігі ғана басты рөлде емес, басты орында жеке тұлғаның құзыреттілігін, оның жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас жасау, өзін-өзі дамыту, өзіндік білімін көтеру сияқты мақсаттар қойылған. Сол себептен оқытуға деген көзқарас өзгергендіктен, оқыту нәтижесін бағалау да жаңа бағытқа ие болуда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы, 2014.
2. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», 2012.
3. PISA халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері бойынша Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Тыңдаушының жұмыс дәптері //NIS-PEARSON, 2013.
4. ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА. Қазақ әдебиеті (қоғамдық-гуманитарлық бағыт).Семей. 2020.
4.НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІНДЕ ПӘН МЕН ТІЛДІ КІРІКТІРІП ОҚЫТУ ӘДІСІН (CLIL) ҚОЛДАНУ. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Білім беру бағдарламалар орталығы» филиалы. Астана, 2013.

## БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢҒЫРТУ-БҮГІНГІ КҮННІҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ

Кереева Альбина Тулегеновна
*Атырау инженерлік-гуманитарлық институтының колледжінің 1- санатты, экономикалық пәндер оқытушысы. Директордың оқу-тәжірибе жұмыстары жөніндегі орынбасары. «Қазақстан РеспубликасыҮздік ғылыми жоба 2021» төсбелгі иегері, «Қазақстанның білім беру ісінің қайраткері» төсбелгі иегері.*

***Аңдатпа.*** *«Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл Фараби:айтып кеткендей:, «Ұстаз тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген,көрген,естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын,олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр*

*да зерек ақыл иесі,өте шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек».*

Мамандық иесінің ұрпақ тәрбиесіндегі алар орны ерекше. Демек, білім сапасын көтерудің негізгі тетігі-ұстаз, сондай-ақ оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі. Жаңа қоғам кеңістігінде жас ұрпаққа жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. XXI ғасыр ғылым мен білімнің қарыштап дамыған ғасыры деп аталатыны мәлім. Сондықтан қазіргі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәліметтер беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, қатаң бәсеке жағдайында өмір сүріп, жаңа дәуір жаңалықтарымен суарылып отыруға тиісті. Бұл істе нәтижеге қол жеткізу үшін, мұғалім-қоғамдағы болып жатқан тез өзгеріп тұратын әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық өзгерістерге тез төселгіш, жаңаша ойлау жүйесін меңгерген, жан-жақты білімдарлығы, тұтас дүниетанымы болуы қажет. Өз пәнінің шеңберінде қалып қойған мұғалім балаға білім, тәрбие берудегі биік мақсаттарға жете алмайтыны анық. Қазақстанның бүгіні мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде. Ал жас ұрпақты жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық жетелеу. Бұл жағдайда мұғалімнің терең қаруланған, педагогика мен психологияны жетік меңгерген шебер мұғалім қажет.

Елбасы, Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «Білім беру реформасы-Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге, экономикалық және қоғамдық жаңарту қажеттілігіне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесін құруды» міндеттеген болатын. Заманымыз алға жылжыған сайын уақыт талабы күшейіп, білім нәрімен сусындатып отырған шәкірттеріміз білімді, талапты, ойшыл, дарынды тұлға болып қалыптасуы үшін, оқыту үрдісінде жаңа әдіс-тәсілдерді, идеяларды қолдана отырып, үздіксіз ізденіспен студенттердің білімін, таным-талғамын, ой-өрісі мен шығармашылық қабілеттерін дамыту ұстаздар қауымының басты мақсаты болып отыр. Осыған орай Қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне енуі аясында педагогтің жеке тұлға ретіндегі бейнесі, оның кәсіби біліктілігі айрықша мәнге ие болуда. Білім- адамның сапаларының өзгеруін басқаратын үрдіс болғандықтан, біздің жағдайымызда, ол-педагогикалық мамандықтың кәсіби біліктілік қабілеттерін дамытуға бағытталады. Сол себепті біз «адамды»-маман тұрғысынан қарау «біліктілік» ұғымына шығарады. Біліктілік- бұл білімді меңгерудегі, тәжірибедегі білімділікті, құндылықты бейнелейтін жалпы қабілеттілік. Бүгінгі таңдағы қоғам кәсіби білімі жетік, біліктілігі жоғары, құзіретті бәсекеге қабілетті мамандарды талап етеді. Сол себепті білікті ұстаз, білімді маман болу үшін-әрбір ұстаз өз білімін үсдіксіз көтеріп отыруы тиіс. Білімін тұрақты көтеріп отыру-мұғалімдердің құқықтары әрі міндеттері, білім беру жүйесінің тұрақты дамуының кепілі, Мемлекеттік дамуының құралы болып табылады. Осыған орай, қазіргі кезде білім беру жүйесінде жасалып жатқан реформалар барлық деңгейлердегі білім мазмұнын жаңартуға және өсуден тұрақты даму кезеңіне өтуге бағытталған. Экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру - Елбасымыздың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауы, «100 нақты қадам» - Ұлт жоспары – «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары», және басқа да білім саласындағы стратегиялық бағдарламалық құжаттар негізінде жүзеге асырылып келеді. ҚР-ның тұңғыш Президенті Елбасы Н.Назарбаев жыл сайынғы жолдауында білім саласына ерекше басымдылық беріп, жастардың білім-біліктілігін жетілдіру үшін барлық жағдай жасауда. «Қазақстан - 2050» Стратегиясында: — «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы

жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек» деген болатын. Еліміздің ертеңі - бүгінгі жастар. Ол үшін қоғамда білімді де құзыретті мамандар болуы шарт.

Аталған бағыттардың табысты іске асырылуы ең алдымен, тек білімнің сапасымен анықталатыны белгілі. Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез-келген азаматы әлемнің кез-келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілуі болып табылады. Елбасымыздың бұл мақсатты бағдары біздің білім беру мазмұнын жаңартудағы басты бағытымызды айқындап берді. Міне, заманымыздың тілек-талабы білім мазмұнын жаңартумен бірге, оны өмір мұқтажына орай дамытып, оқытудың жаңаша әдіс–тәсілдерін қолданудың мүмкіндіктерін арттыруды күн тәртібіне қойып отыр. Елбасының сындарлы саясатының арқасында білім саласы жылдан жылға жақсы нәтижелерге қол жеткізуде. Алайда, талғам өзгергенімен талап жалғыз. Алған білімі мен біліктілігі негізінде бүгінгі өзгермелі өмірді еркін бағдарлай алатын, өзін-өзі дамытып, өз бетінше дұрыс, жауапты шешім қабылдай білетін тұлғаны тәрбиелеу – қоғамдық маңызы зор мәселе. Қазіргі таңда білім мен ғылымды инновациялау мен модернизациялау экономикалық дамудың басты бағытына айналды. Еліміздің дербес даму бағыты айқындалып, халықтың тарихқа деген көзқарасы жаңа қырынан жаңғыра бастаған бүгінгі таңдағы негізгі міндеттердің бірі – білім беруді жаңа инновациялық жолмен дамыту болып отыр. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Ақпараттық – коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан – жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр-ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Біздің мемлекетіміз де ғылыми – техникалық үрдістің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандырудың жаңа кезеңіне енді. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы — студенттерге ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық — құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Ал қазіргі заман талабы - өзін-өзі басқара алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Осы талапқа сай, өз тәжірибеме оқытуды жаңаша ұйымдастыру, студенттердің пәнге қызығушылығын артыру мақсатымен сабақ барысында оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын студенттер аудиториясына байланысты таңдап, ақпараттық-комуникациялық технология құралдарымен бірге сабақтастыра қолданудамын. Осы тұрғыда жаңа технологияның тиімді әдіс – тәсілдерін, яғни оза отырып оқыту, ұжымдық оқыту, ақпараттық–коммуникациялық технологиялар, СТО стратегияларының элементтерін пайдаланып, студенттің ізденушілік, зерттеушілік әрекетін жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып, студенттердің танымдық белсенділіктерін дамыту ұстаздардың басты міндеті болмақ. Себебі, аталмыш технология әдістері студенттерді өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді, өзін-өзі және өзгені де бағалай білуге үйретеді. Мен үшін әрбір сабаққа жаңалықтарды, озық тәжірибелерді пайдалану үлкен жетістіктерге жетелейді. Өзімнің әрбір сабағымда озық технологияларды пайдалану жақсы нәтижелер бергенін көрудемін. Мақсатым: пән мұғалімі ретінде менің алдыма қойған мақсатым- студенттердің экономика пәніне деген сүйіспеншілікті ояту, терең білім беру, өз елін сүйер патриоты болуға тәрбиелеу. Әр студенттің бойына жаңа, тың серпіліс туғызатындай әдістер арқылы олардың ақыл-ойын ұштау, жетілдіру, көзқарасын, сенімділігін, жауакершілігін дамыту жолдарын іздестіру. Міндетім: жаңа технологияларды игеру және оны шығармашылықпен дамыту, инновациялық технологиялармен білім беруде қабілетті мамандарды даярлау. Кез-келген сабағымда тақырып бойынша жаңалықтармен таныстыру арқылы бастау дәстүрге айналды. Экономикалық пәндерді оқытуда жаңа технологиялардың озық элементтерін қолдануда,

әсіресе сыни тұрғысынан ойлау технологиясының әдіс-тәсілдеріне ерекше көңіл бөлемін. «Сыни тұрғысынан ойлау» технологиясының әдіс-тәсілдері: кластер (топтастыру), ойтолғаныс, қиял жетелеу, миға шабуыл, бүү, insert (түртіп алу) жүйесі, венн диаграммасы, болжам, әңгіме, ирек, сабақты қорытындылауда «5 минуттық эссе», рефлекция т.б элементтерін кеңінен қолдана отырып, студенттің ішкі мүмкіндігін танып, оның сыртқа шығарылуына түрткі жасап, қабілеттерінің дамуына жағдай туғызуға болады. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп Елбасымыз атап өткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісіне қолдану мен оның тиімділігін арттырудың маңызы аса зор. Себебі ақпараттық технология ғана жаңа педагогикалық технологиялардың мүмкіндіктерін іске асыра алады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бірі – интерактивті тақта, мультимедиалық және онлайн сабақтары. Интерактивті тақтаны сабақта пайдаланудың маңыздылығы, яғни оның көмегімен оқыту үрдісіндегі өзекті мәселелерді шешуге болатындығы анықталған. Осыған байланысты күнделікті сабақта:

- ✓ мультимедиа (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);
- ✓ компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта);
- ✓ анықтамалық мәліметтер (сөздік, карта, деректер қоры);
- ✓ интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы студенттің пәнге қызығушылығы артып, зейін қойып тыңдауына және алған мәліметтерді нақтылауына мүмкіндік беріледі, алған білім сапасы мен сауаттылығын кеңейтуге жәрдемдеседі. Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы студенттердің білімін тексеру үшін әр тарауды аяқтаған кезде немесе жаңа сабақты бекіткен уақытта тестілеу әдісін қолдануға болады. Бұл әдіс студенттерден бір уақытта жауап алуға мүмкіндік береді және тестілеген кезде мұғалім студенттердің білім деңгейін анықтай алады. Қазіргі жаңа технологиялы сабақтардың барлығында дерлік ең қажетті басшылыққа алынатын сабақ элементі болып табылатын электронды оқу құралдары. Электронды оқу құралдары - жаңа сабақты түсіндіру, тірек-сызбалары, тақырыптық тапсырмалар, тақырыптық тест жұмыстары, логикалық тапсырмалар, жаттығу тапсырмалары секілді бірнеше сабақ элементтерін қамтитын кешенді электронды жинақ. Студенттер экономика негіздері сабағында арнайы компьютерлік бағдарламалар мен электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы кез-келген тақырыпты тез меңгереді. Бұл студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыруға, олардың ой-танымын кеңейтуге, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасауына көп көмегін тигізеді. Барлық пәндер бойынша электронды оқулықтар жасалып, кеңінен таралуда. Ақпараттық технология және жүйелік бірігу түрлі мүмкіндіктерге жол ашты. Экономикалық пәндерді жаңаша оқыту барысында сабақта жан-жақты технологияларды ұтымды қолданып, студенттердің шығармашылықпен, ізденіспен жұмыс жасай білетін жан - жақты қалыптасқан тұлғаны қалыптастыру басты мақсат екені анық. Ең бастысы, студенттердің өзіндік білім алуын қамтамасыз етіп, әр түрлі білім көздерінен негізгісін бөліп алу, тауып алу дағдыларын дамытады. Жаңа педагогикалық технологияның тиімділігі – студенттердің білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізу. Әрбір студенттің білім деңгейін талапқа сай көтеру үшін озық әдістемелік технологиялар қажет. Сол жаңа озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологияларды толық меңгерген педагог қана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды. Бүгінгі білім мазмұны, оқытушы мен студенттің арасындағы негізгі бастамалардың барлығы оқытушы арқылы жүзеге асырылады. Жалпы кәсіби тәжірибемде оқытудың жаңа технологиялық әдіс – тәсілдерін пайдалануда күтілетін нәтиже: өз елінің тілін, тарихын, ұлттық мәдениетін жетік білетін, білімді де, сауатты жаңа заманға сай ақпараттық мәдениеті мен құзіреттілігі қалыптасқан,

теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алатын, осы пәнді басқа пәндермен байланыстыра алатын, өмірде өз қажеттілігіне пайдалана алатын, елінің ұлттық құндылықтарын жоғары бағалайтын жеке тұлғаны қалыптастыру. Әр сабаққа дайындық-мұғалімнің ізденісінің нәтижесі. Сабақты ыңғайына қарай түрлендіре түссе, әр сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді қолданса, сабақтың мазмұны ашылады. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек», - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі, сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді деп есептеймін. Қорыта айтқанда XXI ғасыр-бәсеке ғасыры, олай болса, ұлттық тарихымызды, мәдениетімізді қастерлейтін, ертеңгі Қазақстанның тізгінін ұстайтын, өмірдің әр түрлі мәселелерінен хабардар, жаңашыл кез келген тапсырманы орындауға қабілетті, қолынан іс келетін құзырлы азаматтарды осы бастан тәрбиелеуіміз керек. Мұғалім- бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Яғни, балаларды тәрбиелеуде тиімді жағдайлар жасау көбіне мұғалімге тікелей байланысты. Олай болса, іскерлік пен ізденімпаздықта табысты болайық!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру- мемлекеттік саясаттың басты мақсаты»/ Елбасының Қазақстан халқына жолдауы.
2.Коуч мұғалімнің жұмыс кітабы, Орақова А.Ш.Корнилова Т.Б., Жартынова Ж.А.,2014
3.Тиімді оқыту мен оқу» Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2016ж
5. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауы

# ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШЕҢБЕРІНДЕ БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ТИІМДІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП БІЛІМ АЛУШЫ ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Айткалиев Б.М.
*«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» ҚКМК*

Бүгінгі таңда жаңартылған білім беру мазмұнына ерекше көңіл бөлініп, қолға алынып отыр. Соған сәйкес білім саласына заман ағымына сай жаңа бағдарламалар, жаңа технология әдіс-тәсілдері енгізілуде. Осы орайда, Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі», – деп, білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалар бүгінгі күннің талабынан туындап отырғанын атап көрсетті. Қазіргі таңда қоғамда түрлі экономикалық-әлеуметтік реформалар жүріп жатыр. Осыған орай, мемлекет тарапынан білім беру салаларын реформалауға көңіл бөлінуде. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама.

Колледж білім алушыларының биология пәні бойынша фундаменталдық білімінің кемел болуы – ұстаздардың парызы. Ол үшін оқытушы қазіргі заманға лайық өз пәнін меңгертуде рухани, шығармашылықпен жұмыс істеп, өмірге еніп жатқан жаңа реформаны, технологияны меңгерген, білімі мен білігі жоғары деңгейде болуы шарт. Биологияны оқытудағы басты мақсат – ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан тұлға тәрбиелеу, білім алушылардың өзара белсенді әрекеттер арқылы өздігімен білім игеру, оны іздену, құрастыру, ой-өрісін кеңейтуде

Биология пәні сабақтарында жаңартылған бағдарламаға сәйкес интербел -сенді әдістерді пайдалана отырып:

- Білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттыру;
- Білім көкжиектерін кеңейту;
- Өз пікірі бар, биологиялық жағынан сауатты білім алушыны дайындау;
- биологиялық ортаны құрметтеуге тәрбиелеу;

Күтілетін нәтиже:

- биология пәні бойынша білім, білік дағдысы қалыптасқан;
- биологиялық танымы жоғары;
- Эстетикалық талғамы жоғары;
- Рухани дүниесі бай жеке тұлға тәрбиелеу.

Нәтижеге жету жолдары:

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Бірінші ереже. Сыныпты жұмысқа дайындау.
- Екінші ереже. Топқа бөлу.
- Үшінші ереже. Мақсаттарды және күтілетін нәтижелерді айқындау.
- Төртінші ереже. Жұмыс ережелерін қабылдау.
- Бесінші ереже. Сенім және жұмыс атмосферасын қалыптастыру.
- Алтыншы ереже. Барлық үйренушілер жұмысқа қатысуы керек.
- Жетінші ереже. Тыңдай білу: барлық пікірлер тыңдалуы керек.
- Сегізінші ереже. Жазбаша жұмыстар.
- Тоғызыншы ереже. Кері байланыс.

Сабақ барысында:

- Миға шабуыл
- Автор орындығы
- Ыстық орындық
- Уақыт тізбегі
- биологиялық картасы
- Балық қаңқасы
- Дара диаграмма
- Буриме
- INSERT
- Аквариум
- Биологиялық пікірталас, дөңгелек үстел, диалог, білім алушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ–ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, биологиялық функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдері:

Жаңартылған бағдарлама негізінде биология пәнін оқытудың әдіс-тәсілдері:

- білім алушылардың қызығушылығын туғызады;
- әрқайсысының оқу үрдісіне қатысу белсенділігін кеңейтеді;
- әрбір білім алушының сезіміне назар аударады;
- оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді;
- білім алушыларға көпжоспарлы әрекет етуге әсер етеді;
- кері байланысты (аудиторияның жауап беру реакциясын) жүзеге асырады;
- білім алушылардың пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады;
- өмірлік машықтарды қалыптастырады;
- мінез-құлықтың өзгеруіне көмектеседі.

Қазіргі уақытта оқу сабақтары барысында жаңартылған бағдарламаның

жүзегеасыру шеңберінде оқытудың интербелсенді әдістері және интербелсенді құралдардың көмегімен оқытушының, білім алушының шығармашылықпен

жұмыс істеуіне жол ашылып отыр. Сондықтан оқу тәрбие үдерісінде үнемі жаңа оқыту құралдарының мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, оған білім алушыларымызды үйрету – әр биология пәні оқытушыларының басты міндеті. Осы шарттарды дұрыс орындағанда ғана, біз күткен нәтижеге қол жеткізіп, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын тудыра аламыз. Оқу барысында үйренушілер әрқашанда белсенді болып, өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға үйренеді. Ал, мұндай азамат бәсекеге қабілетті, білімді, білікті, өресі жоғары, ел болашағын ойлайтын тұлға болып қалыптаса алады.

Колледж білім алушыларының биологиялық оқу материалын немесе тақырыпты белгілі бір тапсырмаларды орындау, яғни әрекет арқылы игеретіндігі белгілі. Жалпы «Білім алушыларғаұсынылатын іс-әрекет немесе тапсырма қандай болуы керек?» деген сұрақ бәрімізді алаңдатуы тиіс. Әрине, ол жерде оқытушының шеберлігі керек-ақ, оның үстіне тапсырманың бәрі оқу мақсатына негізделетінін ұмытпағанымыз абзал. Бұл - басты мәселе. Алдағы уақытта биология пәні оқытушылары тек оқу мақсаттарымен жұмыс істейтін болады. Жасыратыны жоқ, көп сабақтарда тапсырманы білім алушыларға олардың бос отырмауы немесе тапсырманың қызықтылығы үшін, кейде тіпті іс - тәжірибесінің, әдіс-тәсілдерініңкөп екендігін көрсету үшін беретін секілді. Алайда басты мәселе

– оқу мақсаты екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан да сабақтағы барлық тапсырма, қолданған әдіс-тәсілдер тек оқу мақсаты мен сабақ мақсатын ашуға, соған жетуге бағытталуы тиіс. Айталық, биология пәнінің оқу мақсаты зертхана болса, тапсырмалар жазылымға негізделмейді. Осыны оқытушылар сабақтарында ескеру керек. Біліктілікті арттыру курстарында ықшамсабақтарды жоспарлау кезінде оқытушылар осы мәселеде жаңылысып жатады. Сайып келгенде, сабақтың құрылымы схема түрінде көрсетсек, былай болуы керек: «Оқу мақсаты → білім алушылардың деңгейіне орайластырылған сабақ мақсаты →сабақ мақсатына жетелейтін бағалау критерилері→ бағалау критерилерінен шығатын тапсырмалар немесе ұсынылатын іс-әрекеттер → тапсырманы орындауға қажетті ресурстар». Тапсырманы жоспарлап, білім алушыларға ұсыну үшін алдымен мына мәселелерге назар аудару қажет:

Мақсаты. Оқытушы «Бұл тапсырманы не үшін беріп отырмын?» деген сұраққа жауап береді немесе «Бұл тапсырманы не үшін бердім?» деген сұрақты топ ішінде талқылуды ұсынады. Оқытушы «Оның нәтижесі не болады?» деген сұрақты білім алушыларға айтып немесе талқылау ұйымдастырады. Барлық тапсырмалар оқу мақсатын ашуға, мақсатты жүзеге асыруға бағытталады.

Деңгейі: Тапсырма күрделілігі Блум таксономиясы, яғни ойлау деңгейлерін негізге алуы шарт. Оқулықты қайталайтын тапсырма ұсынбай, оның ауқымынан шығып, материалды дамыту, тереңдету немесе оның негізінде жаңа ақпарат, ұғым құрастыруды талап ететін тапсырма берген жөн. Сол сабақта іске асырылатын деңгейлердің барлығына жеке-жеке бағалау критерийлері және тапсырма мен дескрипторлар құрылады. Тапсырманы әр білім алушы дескрипторларға қарай отырып, өз деңгейінде орындайтын болады.

Уақыт. Тапсырманы орындау үшін берілетін уақытты нақты белгілеу. Жұмыстың аяқталу мерзімін тақтаға жазып қойған орынды. Дәл осы уақытта жұмыс тоқтатылып, қажет болса жиналып алынады.

Орындалуы. Оқытушы тапсырманы қалай орындау керегін түсіндіреді, немесе тақтаға жазып қояды. Әр топқа немесе әр білім алушыға таратып беруге де болады. Тапсырма бойынша не жасау керектігін 1 минут уақыт беріп топ ішінде талқылауға да болады.

Бағалау. Критерийлер мен дескрипторлар әр білім алушыға немесе топқа таратылады. Интерактивті тақтаға шығарып қоюға да болады. Тапсырманы дұрыс

түсінгендігін анықтау қажет. (қайта сұрау, қайталату, топта талқылау). «Тапсырманытүсіну – оны табысты орындаудың 50% деп бекер айтпайтын болар.

Топ/жұп құрамында орындау. Берілген тапсырманы топ немесе жұп құрамында орындау қажет. Білім алушылардың бұл жұмысты таңдап алған рөлдер ауқымында жүзеге асырғандығы дұрыс. Мұнда топтағы өзара позитивті тәуелділікті тудыру үшін әр топтың спикерін көрші топтың таңдағаны орынды. Бұл спикерді топтың өзі тағайындаудан әлдеқайда тиімді болады, өйткені топ мүшелері топ намысын бермеу үшін барлық білім алушылардың талқылауға белсенді қатысып, спикер болатындай дәрежеге шығуға тырысады.

Жариялау. Білім алушылар өз жұмыстарын сыныпқа таныстыру, қорғау үшін қанша уақыт берілгенін айту керек. 1, 2, 3 минут. Жариялау барысындағы ең маңызды сұрақ: «Бір топ қорғағанда қалған білім алушылар не істеп отырады?» Қалған білім алушылар бекер отырмау үшін олар бір-біріне кері байланыс беруге дайындалып отырады. Ол үшін жариялаумен таныса отырып (тыңдап, қарап отырып), бір топ (немесе бір білім алушы) сұрақтар қоюға дайындалса, екінші топ (немесе білім алушы) «жұлдызшалар» беруге (таныстырылымның ұтымды жақтарына тоқталу), ал үшінші топ (немесе білім алушы) таныстырылымды қалай жақсартуға болатындығы туралы ұсыныс жасауға дайындалады. Егер төртінші топ болса (немесе төртінші білім алушы), онда оларға таныстырылымды қорытындылау тапсырмасы беріледі, яғни білім алушылар мұның оларға жасаған әсері, көмегі, маңызы туралы өз ойларымен бөліседі. Осылайша білім алушылар тек оқытушыға жауап бермей, өз таныстырылымдарын бүкіл сыныпқа бағыттайды . Қалған білім алушылар да өздерінің жұмыстарымен әлек болмай, назарларын жарияланып жатқан жұмысқа (немесе айтылып жатқан жауапқа) аударады.

Кері байланыс. Жариялау немесе таныстырылым аяқталған соң білім алушылар оның сапасы туралы өз ойларын ортаға салып, жағымды жақтарына тоқталады және оны жақсарту туралы ұсыныстар жасайды. Әрине, мұнда кері байланыстың «сыншыл дос» ұғымы ауқымынан шықпағаны дұрыс. Сонымен бірге кері байланыс жауап берген білім алушыларға пайдалы болып, оларды ынталандыруы және қанаттандыруы керек. Мұнда бұл білім алушылардан кері байланысты қалай қабылдағандығы туралы сұраған орынды: кері байланысқа қайта кері байланыс жасату.

Қорытындылау. Тапсырма бойынша белсенді әрекеттер аяқталды. Енді білім алушылар ой-толғанысқа ден қойып, аз уақытта (1-2 минут) топ ішінде немесе бүкіл сыныппен тапсырманың нәтижелерін талқылайды. Олар бұл талдауда «Тапсырманы қалай орындадық? Жақсы жақтары мен кемшін тұстары қандай? Неліктен олай болды? Бұл тапсырма бізге не берді? Оның нәтижелері қандай?» деген секілді сұрақтарға жауап беруге тырысуы керек. Кейде жалпылама «Тапсырма орындау барысында не үйрендік?» сұрағының орнына «Тапсырма орындау барысында үйренген 2 нәрсені көрсетіңіз» деген дұрыс болатын шығар. Жауапты 2-4 сөйлем арқылы тұжырымдаса қалай болады?!Биологиялық зерттеулер жасауға арналған стратегиялар, атап айтқанда «джигсо, джигсо -2, Инсерт, ойланып оқу» тағы басқа стратегиялар арқылы білім алушы тек жаңа ақпарат алып қана коймайды, мәселенің негізгі түйінін тауып, тақырып бойынша ой қозғап, өз бетімен білім алуға белсенділігі артады, өз пікірін ортаға салады. Білім алушылар топпен жұмыс жүргізуге дағдыланады.

Қарапайым сұрақтар – нақты фактілерді білуді талап етеді. Кім? Не? Қашан? Қайда? деген сұрақтарға жауап беруді сұрайды.

Анықтағыш сұрақтар - білім алушыларға алған ақпаратты дәл мәтіндегідей емес, оқығанын түсініп, обьектілерді салыстыру, негізгі идеяны анықтау мақсатында қойылады. «Менің түсінгенімше,», «Сізді дұрыс түсіндім бе?» деген сияқты сұрақтар.

Талдау сұрақтары /интерпретация/ Білім алушыларға алған ақпаратты түйсініп, осыған ұқсас жағдайларда қолдану, мәселелерді шешу жолдарын табу ұсынылады.

Шығармашылық сұрақтар - Білім алушылар ақпаратты шағын бөліктерге бөліп, оның құрылысын анықтау тапсырылады. Білім алушылар түрлі көзқарастарды талқылап,

«неге?» деген сұраққа жауап іздеп, қызығушылықтың себептерін анықтап, алған фактілері бойынша қорытынды жасайды. Білім алушылар мектепте оқып жатқан материал мен шынайы өмір арасындағы байланысты көреді, бұл дегеніңіз оқыту үрдісіне олардың көзқарасын өзгертуі мүмкін. Білім алушыларға ойлану мен талдау жаңа ұғымдарды түсінуге көмектеседі: «Сіз қалай ойлайсыз, не болады?», «Неге осындай болжам жасадыңыз?», «Бұл шешімге қалай келдіңіз?», «Неге бұлай болды?», «Қарсы мысалды елестете аласыз ба?», «Оны қалай дәлелдей аласыз?», «Дәлел ретінде неге осы мысалдарды алдыңыз?»

Практикалық сұрақтар - Зерттеуге негізделген қорытынды шығару сұрақтары. Шағын бөліктерді біріктіру арқылы жаңа нәрсе алу тапсырылады. Мәселенің шешімі, оқиғаның өрбуін болжау сияқты тапсырмалар орындалады. «Астананың ауасы мен Алматының ауасы немен ерекшеленеді?», «Сіздің ойыңызша, ондай ерекшеліктер неге байланысты болады?» «Неліктен жаңа бағдарлама бұрынғы бағдарламаға қарағанда тиімді?»

Баға беру сұрақтары - Алған ақпаратқа баға беріп, өмірімен байланыстыра отырып, пікір білдіреді, ұсыныс жасайды, белгілі бір көзқарасты қорғайды. Қалай ойлайсыңдар, Тазша баланың әрекеті дұрыс па?

- Арбаны сүйреу үшін аққу, шортан, шаян не істеу керек еді? Бұл ақпараттың маған пайдасы қандай?
- Не үшін бұл мысал келтірілген?

Сабақ барысында қарапайым сұрақтан бастау міндетті емес. Күрделі сұрақтарға жауап бере отырып та білім алушылар мәліметті қалай меңгергендерін таныта алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Богданова Т.Л: Задания и упражнения. Пособие для поступающих 2002
2. Беляев Д.К. и др. Общая биология. М: Прсвящение.2008
3. Бернал Дж. Возникновение жизни. М: Мир 1969
4. Боген Г.Современная биология М: Мир 2007
5. Воронцов Н.Н.Сухорукова Л.Н.Эволюция органического мира: Факультатив.Курс: Учеб. Пособие для 9-10 кл. Сред.Шк. М: Прсвещение,1991
6. Верзилин Н.М.Корсунская В.М. Общая методика преподавания биологии. М: Просвещение,2001

## ДИАЛОГТІК ОҚЫТУДЫ БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК-ҚҰЗІРЕТТІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Калкенова Бейбитгул Женисбековна
*ШҚО, Семей қаласы, «М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК*

Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат. К.Д.Ушинский

Қазіргі заманғы педагогикалық қызметті ұйымдастыру-инновациялық үрдістерге себеп болады және сапалы жаңа білімді қалыптастыруға ықпал жасайды. Инновациялық қызмет педогогтың кәсіби өсуін, тұрақты өзін — өзі жетілдіруін, озық тәжірибелерді зерделеп игеруін қамтамасыз етіп, шығармашылық жауапкершілік сезімін арттырады.

Инновациялық білім – педагогикалық әлемде жаңа құндылықтарды қалыптастырып, қарым – қатынастың жаңа жетілдірілген мәдениетін игерді. Инновациялық үрдістер – педагогикалық сапалылық пен белсенділікті қалыптастырып, кәсіби шеберлігін шығармашылықпен үйлестіру арқылы талаптар деңгейінде еңбек етуге

жеткізеді. А.М.Саранов «Инновациялық білім беру жүйесін дамытудың теориялық негіздері» атты еңбегінде атап көрсеткендей, «Инновациялық процесс – жаңаны пайдалану идеяларынан туындайды». Инновациялық оқыту – білім берудің ерекше түрі. Ол «Жаңа жағдайларда даму қабілеттілігін бірлесе шешуді ойластырады. «Қалай нәтижелі оқыту керек?» - деп атап көрсетеді М.Чаманов. Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалог маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мерсер негіздемесі бойынша диалогтік оқытудың үш түрі бар: әңгіме-дебат, кумулятивті, зерттеушілік. Мерсер мен Литлон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатынын атап көрсетті. Нейл Мерсер, А. Дайалогос пен Литлтон еңбектеріндегі сапалы оқытудың бір көзі, әңгімелесу яғни, адами когнитивті және әлеуметтік даму негізінде оқушылардың қызығушылығын диалогтық стратегияларды қолдану арқылы жүзеге асыру қажетті десе, ал Рэгг және Браун ұсынған зертеулеріндегі оқушылардың жауаптары мен түсініктемелеріне қарай әрекет етуінің түрлерін тиімді қолдануды ұсынады.

Сабақ барысында оқушы мен оқушы, оқытушы мен оқушы арасында жүргізілген диалог білім алушылардың қызығушылығын, танымын арттырады. Биология пәнінде диалогтік оқытуды қолдану білім алушының сөйлеу шеберлігін, өз ойын еркін жеткізу, сыни тұрғыдан ойлауға үйретудің бірден-бір тиімді әдісі. «Джигсо» әдісінде білім алушылар бір-біріне түсіндіре отырып сұрақтар қойса, «Сократтық семинарда» шеңберде отырған білім алушылар мен оқытушы арасында проблемалық сұрақты талқылау барысында әдемі диалог құрылады. «Қар кесегі» ойынында диалог жазбаша түрде қағаз бетіне түсіріледі. «Қос шеңбер» тәсілін үй тапсырмасын сұрағанда қолданса білім алушылар арасында сұрақ-жауап диалогы құрылады.

Қазіргі уақытта жастар уақытының көпшілігін телевизор, компьютер, интернет алдында өткізеді, әдеби кітаптарды оқымайды, кез келген сабақта тест әдісі көп қолданылады, соның салдарынан білім алушылардың сөздік қоры азайып, есте сақтау, логикалық ойлауы төмендеп, өз ойларын еркін жеткізе алмай қиналуда. Осындай кемшіліктердің орнын толтыру үшін сабақта диалогтік оқытуды көбірек енгізу керек. Диалогтік әдіс-тәсілдің білім алушыларға ықпалы жоғары. Онда білім алушылар тақырып бойынша өз ойларын ашық білдіруге мүмкіндік алады, әр адамның ойы, пікірінің түрліше болатындығын түсінеді, ол идеялармен келісетін, келіспейтіндіктерін айтып дәлелдейді немесе қарсы пікірлер айта алады. Диалогтік оқыту барысында бір-бірінен білім алады, үйретеді, пікір алмасады, мәселені бірігіп талдайды, шешеді.

Білім алушыларға диалогтік оқытуды қолдану арқылы сабақ өткізу білім алушылардың қызығушылықтарын арттырады, ойлау, сөйлеу, тыңдау дағдыларын қалыптастырады, нақты ақпаратты зерттеуге үйретеді, сын тұрғысынан ойлауға көмектесіп, білім алушының білім деңгейін бағалауға, тақырыпты қаншалықты меңгерді, қай жерін меңгермеді сол бойынша ары қарай қалай жұмыс істеу керектігін жоспарлауға мүмкіндік береді.

Әңгіме түрлерінің ішінде әңгіме –дебат нақты диалогке құрылған. Соның барлық формаларын қолдана отырып білім алушылардың білім алуы, тыңдауы және сөйлеуі, сұрақ қою дағдысы дамытылады. Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және білім алушылардың білім алуына қолдау көрсетіп, оны жақсарта және кеңейте алады.

Диалогтік оқытуда сұрақ қою маңызды орын алады.

*Сұрақтардың түрлері:*-Төмен деңгейдегі, жоғарғы деңгейдегі

*Сұрақ қою техникасы:*-түрткі болу, сынақтан өту, қайта бағыттау

*Түрткі болу*: -сұрақты қарапайым етіп қою, өткенді пысықтау...

*Сынақтан өту:*-толық жауап беруге, ойын толық айтуға итермелейді."Сіз мысал келтіре аласыз ба? "деген сұрақтармен бағыттайды

*Қайта бағыттау:*- сұрақты басқа оқушыларға бағыттайды. "Көмектесе алатындарың бар ма?" деген сұрақ қойылады. Сұрақтар «ия», «жоқ» деп жауап беретіндей

және бірнеше жауаптан тұрмауы керек. Нақты жауап беретіндей қойылуы керек. Сұрақтар жаттап алуға емес, ойлануға, талдауға бағытталғаны дұрыс.

Сабақтың барысында «Миға шабуыл» жасап жаңа тақырып туралы қаншалықты түсініктері бар екендігін бақылауға болады. Білім алушылардың тақырыпты меңгеруі үшін төменгі дәрежелі және жоғарғы дәрежелі сұрақтарды, соның ішінде деңгейлік сұрақтар кеңінен қолданылады. Төменгі дәрежелі сұрақтар стандарттың төменгі шегі-бағдарлама мөлшерінен аспайтын, білім алушының жас ерекшелігіне сай құрылған, барлығы жауап беруге міндетті деңгей. Екінші-оқушының сөйлеуі, түсінуі, қабылдауы міндетті, стандарт деңгейіндегі сұрақтар. Бірінші- шығармашылық деңгей сұрақтары. Оған білім алушылар шығармашылықпен жұмыс жасап, логикалық тұрғыдан ойланып, ғылыми түрде зерттеп, тәжірибе жүзінде іске асырып, дәлелдеп, талдай отыра жауап береді.



«Джигсо» әдісі арқылы бір-біріне түсіндіргенде сұрақ қоя отырып түсініктерін кеңейтеді, постер құрағанда да ақылдаса отырып бір шешімге келіп, ойларын қағаз бетіне ықшамдап түсіре алуға дағдыланады.



«Қос шеңбер» кезінде үй тапсырмасы бойынша сұрақ-жауап диалогі құрылады. Сұрақтар дұрыс қойылмаса дұрыс жауаптар да болмайды. Сабақ барысында ондай сұрақтардың құрылымын өзгертіп қалай дұрыс қою керектігінің нұсқаларын ұсынады. Осы әдіс арқылы білім алушылар бір-бірінен ұялмай, еркін ойларын айтып диалогке түсе алады.

Сондықтан өзін-өзі тану пәнінің әдіс-тәсілдерін басқа пәндергекіріктіреотырыпинтеграцияланған сабақ ұйымдастыруғаболады.

Тиімді әдістерінің бірі: сыртқы ықпалдасу; ішкі ықпалдасу.

Сыртқы ықпалдасу: тыныштық сәті, сабақтың мағынасын ашу үшін дәйек сөздер, шығармашылық әрекет, топпенәнайту, аңыз-әңгіме айту. Ішкі ықпалдастыру арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарды сабақ мазмұнына интеграцияланады.

Қазақ әдебиетімен «өзін-өзі тану» пәні бойынша кіріктірілген сабағымды ұсынып отырмын. Сабақтың тақырыбы: Абай Құнанбайұлы. Он жетінші қарасөз .
Пән мұғалімі: А.К.Нугмарова
Сабақтың мақсаты:
а) Білімділік: ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының өмірі, шығармашылығы туралы терең ұғындыру, қарасөздерін оқыту арқылы адамның ішкі жан дүниесін түсінуге, өз бойларында осы асыл қасиеттер болуы үшін күресе білуге, мәтін тақырыбын аша білуге үйрету.
Ә) дамытушылығы: оқушылардың ой-өрісін, ойлау қабілетін, ой қорыта білуге, аз сөзбен түйіндеуге баулу, тіл байлығын дамыту.
Б) Тәрбиелілігі: ұлы ақынның еңбектерін оқи отырып, елін сүюге адамгершілікке, адалдыққа, ғылым-білімді меңгерген көкірегі ояу, жаны ізгілікке жақсылыққа толы азамат болуға тәрбиелеу, жалпыадамзаттық құндылықтарды бойларына сіңірту.
Сабақтың түрі: аралас сабақ
Сабақтың типі: жаңа сабақты меңгерту
Сабақтың әдіс-тәсілі: түсіндіру, талдау, топтастыру, пікірталас
Сабақтың көрнекілігі: Абайдың суреті, интерактивті тақтадан слайдтар, тірек-сызба, үнтаспа.
Сабақтың барысы: І. Ұйымдастыру кезеңі.
Оқушылармен амандасу, сынып тазалығына көңіл бөлу, оқушылар қатысын анықтау.

Қызығушылықты ояту. «Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да – Абайдан. Таза әдебиет сарынына бой ұрғанда, маған «Абай» деген сөз «қазақ» деген сөзбен теңбе-тең түсетіндей кездері бар секілді» (Мұхтар Әуезов) "Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс" ... (Н.Ә.Назарбаев)

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Жүрегімнің түбіне терең бойла
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма.

Оқушылардың өзіндік ізденіс жұмыстары бойынша сұралып, тапсырмалар орындалады. Сынып әдеттегідей 3 топқа бөлінеді. Топ басшылары сайланып, оқушылардың берген жауаптарына қарай бағаланып отырады.

I топ. Ақын өмірі жайлы мәлімет

Абай Құнанбайұлы 1845 жылы 23 тамызда Шыңғыс тауларындағы Сырт-Қасқабұлақ деген маңда Тобықты руының басшысы Өскенбаев Құнанбайдың отбасында дүниеге келген. (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы) Ақынның азан шақырып қойған есімі – Ибраһим. Абай ақынның ата-бабалары әрдайым Тобықты руының көсемдері болған. Үлкен атасы Ырғызбай Абылай ханның үзеңгі жолдасы болған. Абайдың атасы Өскенбайәділби, кемеңгер адам болған. Рулармен тайпалардың арасындағы ең бір қиын деген дауларды шешкен. Ал әкесі Құнанбай (1804-1886) Орта жүздің ішінде аса үлкен беделге ие кісі болған. Ол 1849 жылыҚарқаралы округінің аға сұлтаны болып сайланады. Құдіретті Тобықтыруының игілігіне ие болып, болыс қызметіне тағайындалған ол міндетін аса үлкен білімділікпен және бар күш – қуатын алмай атқарады, ал оның әр бұйрығы, әр сөзі басын изегеннен-ақ орындалды. Құнанбай балалардың сауатын ашуға үлкен маңыз берген. Мұрағаттарда сақталған құжаттарда оның мектеп салғызып, молдамен орыс мұғалімін шақыруға рұқсат сұраған құжаттары сақталған.

1851ж.Құнанбай өзінің қаражатына Қарқаралыда мешіт тұрғызды.

1874-1875ж. Ол Мекке Мәдинаға қажылыққа барып, ол жерде діндарларға арнап 150 кісілі күй салғызды,оны көпшілік «Құнанбай Тахиясы» деп атап кеткен. Алайда, осындай тамаша қасиеттаріне қарамастан, Құнанбай ат төбеліндей феодалдар тобының өкілі болып қала берді, ал олардың арасындабилікжолындағыаяусызтартысбіртынбайтын.

IIтоп. Ақын шығармашылығы жайлы. Абайдың қараңғылық пен надандыққа қарсы күресі, ағартушылық үндеулері терең прогресшіл («алдыңғықатарлы, озық» дегенмағынада) сипатқа ие болды. Абай ағарту ісін қазақтың сауатсыздығын жою жолындағы шешуші шарт ретінде қарастырды. Ол өзінің өлеңінде:

Мақсұтым – тілұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көңілінқойып, көзін ашпақ
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ, - деп, халықтың санасын оятып, жарқын болашақтың жолын нұсқауға ұмтылған. Абай өмір бақи ағарту идеяларын орыстың және жалпыадамзаттың мәдениетіне жанасу арқылы жүзеге асыруға үндеген. Ғасырлар бойы жинақталған мәдениеті бар халықтардан үйрену арқылы туған елінің сауатын ашу мақсатын ұстанды. Азаматтық лирикасында ақын гуманистік білім беру тақырыбын дәріптеген.

IIIтоп. Ақын философиясы. Абайдың философиялық көзқарастары – оның қарасөздерінде кең танылады.Абайдың қарасөздері көркем әңгіме емес, терең ойлы даналық сөздер. Онда ғылыми-философиялық толғаныстар кең орын алған. Абай өзінің қарасөздерін жазудағы мақсатын бірінші сөзінде былай баяндайды: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген әрселерді қағазға жаза берейін, аққағазбен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедімде ,ақыры осыған бел байладым. Енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ». Бұл – ел қамын

ойлаған ұлы ойшылдың өмір, қоғам, тіршілік, адамдарар асындағы қарым-қатынас жөніндегі көзқарасының жиынтығы, философиялық ой топшылауы еді.
Абайдың қарасөздерінің жалпы саны – 45. Оны тақырып жағынан бірнеше топқа бөлуге болады.
1. Қазақтың мақал-мәтелдері сыналады:5, 29.
2. Надандық әшкереленіп, білім насихатталады: 6, 8, 9, 10, 14, 23,25, 26, 29, 33, 39, 40, 41, 42, 43.
3. Дін туралы: 12, 13, 27, 35, 36, 38, 45.
4.Адамдық қасиеттер: 15, 17, 18, 21, 22, 28, 30, 32, 34, 44.
5. Ақынның мақсаты:1.
6. Халықтарды салыстыру: 2.
7. Билеуші тапты сынау: 3.
8. Күлкіні әшкерелеу: 4.
9 Дүниенің тылсым сырын тану мәселесі: 7, 19, 31, 38, 43.
10 Ар-ұят, адамгершілік: 5, 11, 18, 33.
Интербелсенді тақтада тапсырмалар орындалады.
ІІІ. Жаңа тақырып мазмұны. Мағынаны тану
Қарасөз дегеніміз – ғылым туралы, философия туралы, дін туралы қарасөзбен жазылған еңбек. Абай Құнанбайұлының 1890-1898 жылдар аралығында жазылған 45-46 қарасөзі бар. Қарасөз – арабтың «ғақлия» деген сөзімен мәндес. Ғақлия көркемсөз, данасөз, асыл сөз деген мағынаны береді. Абайдың қарасөздері гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары, дін туралы пікірімен бірігіп, тұтас қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды. Көркемдік санамен философиялық сананы ұштастырған. Абайдың қарасөздерінен аларымыз, ұғарымыз мол. Қарасөздері алғаш реет Семей қаласында 1948 жылы «Абай» журналындажарыққкөрді. Абайдыңқарасөздеріорыс, қытай, француз т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды. Ендеше ақынның он жетінші қарасөзін үнтаспадан тыңдап көрейік.
Әрі қарай он жетінші қарасөз мазмұны талқыланады.
Ітоп Ақыл
ІІтоп Қайрат
ІІІтоп Жүрек
Әр топ өзінің атына сәйкес өз айтқандарының дұрыстығын өз сөзімен дәлелдеп айтады.
ІҮ.Сабақты бекіту.
Ей, қайрат! Қаттылығың да мол, пайдаң да мол. Кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман. Ей, ақыл! Айла мен амалтауып, жақсы мен жаманға бірдей сүйеніш боласың, соның жаман. Адамдық пен ізгілік – тек жүректің ғана ұстанатын жолы. Адам үшін ең қажеттісі – жүрек қалауы. Осы үшеуің басыңды қос. Осы үшеуі тең табылған кісі – қасиетті адам. Ендеше осы ұлы қасиеттер өз бойыңнан табылама? Деген сауал қойылады. Ұлы ойшылдың өзі көксеген «толық адамы» жайлы не айтасың.
Сөздікпен жұмыс.:
Ғақлия – көркемсөз, дана сөз, асылсөз
Ғибадат – өнеге, насихат
Мәдмәлат – мақсат, мұрат
Ахирет – о дүние
Нәфсі – адамжаны мен тәнініңқалауы.
V.Сабақты бекіту: Ой толғау
Осы ұлы қасиеттер өз бойыңнантабылама?
Ұлыойшылдыңкөксеген “толықадамы” жайлы не айтасың?
VI. Қорытынды: Абай қара сөздері-ақындық мұраларына қосылған бағалы қазына.Ұлы Абай бар асыл ойын өз халқына,келер ұрпағына арнады.Жастардың алдында тұрған басты міндет ғылым,білім олы екенін атап көрсетті.Ұлы ақыл ойдың терең толғаныстарынан

туған ғибратты ақыл-кеңестері ұрпақ тәрбиесінде өз құнын мәңгі жоймайды. VII. Оқушыларды бағалау: Сабаққа белсене қатысып отырған оқушылар бағаланады. Топтардың жинаған ұпайлары топтастырылып, жеңімпаз топ анықталады
VIII. Үйге тапсырма: «Абай – дара, Абай – дана қазақта» тақырыбында шығарма жазу. Рефлексия. сабаққа деген өз көңіл-күйлерін білдіру. «Басбармақ» Сабақ «өте жақсы» ұнады, «жақсы» ұнады, «онша» ұнаған жоқ
IX. Келесі тыныштық сәті.
- Ал енді балалар, бір минут тыныштықта бүгінгі сабақта үйренген жақсы қасиеттерді еске түсіріп, жүректеріңе түйіп, нұрға бөлеп ол нұрды қасыңдағыларға, жақындарыңа, әке-шешеңе, достарыңа , бүкіл әлемге ойша таратыңдар. Осымен бүгінгі сабағымызды аяқтаймыз. «Өнерлінің өрісі кең» – дейді, сендер де өнерлі болып, өмірден өз орындарыңды табыңдар – дейміз. Рахмет студенттер! Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиялық бағдарламасында қойылған қазіргі заманға сай білім берудің интеграциялық үдерістерін дамыту мақсатында еңбек етудемін. Әсіресе, студенттерге білім беру ісімен шектеліп қалмай, ғылыми жұмыс жазамын және студенттерге жетекшілік етіп келемін. Оның дәлелі; Өзім де халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, жүлделі 1-орын, алғыс хат, сертификат алдым. Жетекшілік етіп жүрген студенттерім де, облыстық, республикалық ғылыми-конференциялардан жүлделі орындарды қанжығаларына байлап жүр. Еңлік, Қойшыбаев Дамир сынды студенттерім республикалық байқауға қатысып,жүлделі 1-орынды иеленді. «Үздік ғылыми жоба авторы» төсбелгісін алды.





«Адамға оқып-үйрену ең алдымен өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін интеграциялау, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары оқытушылардың үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызуды білдіреді. Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында оқытушылар мемлекеттік стандарттармен берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлік пен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары негізінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық-коммуникативтік мәдениеті жоғары тұлғалық-дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек «кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін үнемі оқып-үйрену» және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болаша ғы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты — мамандықтарды игерту ғана болса, ал заманауи әлемдік

білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшінадамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну — қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Ел болашағы — білімді ұрпақта. Сондықтан білім беру саласында жасалып жатқан жаңа реформаларды жүзеге асыру — ұстаздар қауымы на ортақ іс. Ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтарымызды, байлығымызды түгендеу, игеру, жас ұрпақ бойына игі қасиеттерді сіңіру — бүгінгі білім жолында жүрген ұстаздардың басты борышы.

Қорытып айтқанда, жоғарыда баяндалған маңызды шаралардың барлығы мемлекетіміздің тәуелсіздігін сақтауға, республика халқының бірлігін нығайтуға, оның әлеуметтік-тұрмыс жағдайын, денсаулығын, тіршілік сапасы мен-деңгейін арттыруға бағытталғанын жан-жақты ашып көрсетеді. Осының барлығына біздің қолымыз Ата Заңымызда көзделген тарихи ережелерге сүйене отырып, Елбасымыз белгілеп берген басымдықтарды жүзеге асыру, атап айтқанда: ғылым мен білімнің инновациялық жүйесін дамыту, денсаулық сақтау саласының қазіргі заманғы стандарттарына өтуін, ұлттың мәдени және рухани әлеуетін өркендеуін қамтамасыз ету арқылы жетіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарихтолқынында. Алматы, 1999.
2. Қазақстан жолы-2050: Бірмақсат, бір мүдде, бір болашақ - ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2014 жылғы 17 қаңтардағы Жолдауы.
3. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. Алматы, 2008.
4.Республикалық ғылыми әдістемелік журнал: Педагогика мәселелері. №4, 2012ж
5.Ұлттық қоғамдық саяси журнал: Ақиқат №2, 2015ж
6.Өзін өзі тану жалпы білім беретінмектептерініңмұғалімдерінеарналғанқұрал, Алматы 2015 ж.

## МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Сулейменова Мереке Болатовна
*«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМКҚ*
*Семей қ., mereke2289@mail.ru*

***Аннотация**: Мақалада математика сабағында ақпараттық технология элементтерін тиімді қолдану туралы көрсетілген. Білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруда интерактивті технологияның техникалық құрал-жабдықтарын қолдана оқыту әдісінде «Prezi.com», «LearningAPP», «Bilimland», «Quizlet.live», «Kahoot.com» «Quizziz.com» бағдарламаларымен жұмыс істеу өте тиімді. Білім – әрбір студенттің бағындыратын шыңы. Шың биіктігіне жету жолында қандай қиыншылықтар кездессе, оқу, білімді меңгеруде де сондай қиыншылықтар кездеседі. Оны жеңілдету – оқытушылардың міндеті. Осы мақсатта педагогикалық технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалану қарастырылды.*

***Аннотация**. В статье рассказывается об эффективном использовании элементов информационных технологий на уроках математики. В методе обучения с использованием технических средств интерактивной технологии повышения интереса обучающихся к предмету Prezi.com, "LearningAPP», «Bilimland», «Quizlet.live», «Kahoot.com», «Quizziz.com» очень эффективно работать с программами. Образование-вершина покорения каждого студента. Какие трудности встречаются на пути к вершинам, такие трудности возникают в обучении, усвоении знаний. Облегчить его-задача преподавателей. С этой целью было рассмотрено использование эффективных методов и приемов педагогической технологии.*

***Annotation***. *The article describes the effective use of information technology elements in mathematics lessons. To increase students ' interest in the subject in the method of teaching using technical means of interactive technology Prezi.com," LearningAPP", "Bilimland", "Quizlet.live", "Kahoot.com", "Quizziz.com" it is very effective to work with programs. Education is the pinnacle that every student can conquer. What difficulties are encountered on the way to the top, what difficulties are encountered in learning and mastering knowledge. It is the responsibility of teachers to simplify it. For this purpose, the use of effective methods and techniques of pedagogical technology is considered.*

М.Әуезовтың «Халық пен халықты ел мен елді теңестірген білім» деп айтқан сөзі адамзаттың тіршілігінің негізгі тұғырнамасы болып табылады. XXI ғасыр – бәсеке ғасыры, бұл бәсеке енжарлықты, керітартпалақты көтермейді. Сондықтан да еліміздің білім берудегі ұлттық жүйесі өте қарқынды өзгерістер сатысында тұр. Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат – ұлттық құндылықты әлемдік деңгейде шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу.

Математика сабағын тереңдетіп оқытудың тиімділігі білім алушыларға білім берумен қатар олардың алған білімін есінде сақтау, ойлау қабілетін, тіл байлығын, ой-өрістерін кеңейтіп, зеректік, іскерлік және зияткерлік қабілеттерін арттырады. Білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттыру, өз бетімен жұмыс жүргізе білуге дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту мақсатында сабақты жан-жақты деректермен толықтырып, түрлендіріп жүргізуге болады.

Қазір жаһандану әлемі, технология әлемі. Қазіргі таңдағы еліміздің өзгерістер дамудың жаңа стратегиялық бағыттары жедел ақпараттануы, қарқындылығы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. XXI ғасыр – сандық технологиялар заманы. Ақпараттық технологиялар қарыштап, озық инновацияның дәуірі келді.

Қазірге таңда өз бетінен әрекет ете алатын, жауапкершілікпен қарайтын, үздіксіз даму үстінде болатын және оған дайын тұлға керек. Елбасымыз «Рухани жаңғыру, болашаққа бағдар» атты бағдарламасында табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсіну керек деген болатын. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді. Сондықтан білім беру саласында қойылатын міндеттердің бірі - оқытудың әдіс-тәсілдерін жаңартып, қазіргі педагогикалық технологияларды жетілдіру. Білім саласында мұғалімдер инновациялық, интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдаланып, сабақтың жаңаша, сапалы өтуіне ықпалын тигізуде. Қазіргі таңда педагог дамуында оқу процесін ұйымдастыруда жаңа сапалы идеялар, мақсаттар, жаңа әдіс-тәсілдер кең таралады.

Инновациялық сөзіне тоқтала кетсем, инновация дегеніміз жаңалық жарату, қазіргі ойлау үлгісі мен дәстүрлі ерекшелікке ұқсамайтын жаңа ойлау жүйесін тауып шығару. Ағылшын тілінен енген «innovation» сөзі ғылыми техникалық тапқырлықпен жаңалық ашуды білдіреді.

Жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру мұғалімнің кәсіптік, рухани, адамгершілік басқа да қасиеттерінің дамуына үлесін қосады. Сонымен қатар үштілділіктің де маңызы зор. Қазіргі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз - ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың қатарына ілесу деп түсінемін. Осы мақсатта математика пәнінде осы жаңа инновациялық технологияларды, әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Осы элементтер, арқылы білім алушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру, олардың ізденуіне, жаңалықтар ашуына талпындырады, танымын кеңейтеді. Яғни, математика сабағында педагогикалық инновациялық технологияны ұтымды пайдаланып, жетістіктерге жету үшін сапалы білім беруге ықпал ететін жаңа технологиялардың бірі - сын тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы. Технологияның басты міндеті - білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы бойынша математика пәнінен сабақ жүргізу кезінде басты кезеңдерге ерекше ескеру керек. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан

ойлау бағдарламасын жүзеге асыру стратегиясы бар екені белгілі, демек сол әдіс-тәсілдерді жақсы меңгеріп, керектілерді таңдап алу әр сабақтың мақсатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының көптеген стратегияларын сабақ барысында қолданамын. Солардің бірі: «Мозайка». Бұл әдісті математика пәнінің терминдерін жетік меңгеруге негізделген. Сабақтың басында, соңында қолданылады. «Мозайканы» білім алушылардың топтық, жұптық, жеке жұмыс ретінде пайдалануға болады.

Математиканы оқытуды ақпараттық технологияларды қолдану пәнді оқытуда дүниенің заңдарын терең меңгертіп, керек мәліметтерді интернет көзінен таңдап, өз бетінше ойланып, шешім қабылдауға дағдыландырады.

Ақпараттық қоғам бүгінгі күннің шындығы. Мұның себебі - ақпараттың өсіп келе жатқан рөлі, оны бүкіл өндіріс пен қоғамдық өмірдің маңызды қозғаушы күштерінің біріне айналуында. Ақпараттық қоғам - бұл ғаламдық әлеуметтік процесс, оның ерекшелігі әлеуметтік өндіріс саласындағы қызметтің басым түрін жинау, жинақтау, өндіру, ақпаратты өңдеу, сақтау, беру және пайдалану қазіргі заманғы микропроцессорлық құралдар мен компьютерлік технологиялар негізінде, сонымен қатар әр түрлі ақпарат негізінде жүзеге асырылады. Қазіргі қоғамды ақпараттандыру процесінің басым бағыттарының бірі білім беруді ақпараттандыру болып табылады. Білім берудің қазіргі даму кезеңі қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданылуымен және ғаламдық ғаламтордың мүмкіндіктерімен байланысты. Осыған байланысты Интернетте жарияланған сандық білім беру ресурстарына қашықтықтан қол жеткізу өте маңызды. Сандық білім беру ресурсы қазіргі білім берудің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған графикалық, мәтіндік, цифрлық, сөйлеу, музыка, видео, фото және басқа да ақпараттарды қамтитын ақпарат көзі.

Интерактивті технологияның техникалық құрал-жабдықтарды қолдана оқыту әдісіне компьютерді, мультимедиалық проекторларды білім беру секторларында, оқыту орталықтарында жиі қолданылады. Осыған байланысты Smart technologies Inc. компаниясы 1991 жылы дүниежүзінде бірінші болып интерактивті тақтаны ұсынды. Интерактивті тақта оқу пәндерін түрлендіруге көмегін тигізіп, оқытудың барлық кезеңінде, білім сапасын арттыруға ықпал етуде.

Интерактивті тақтаның көмегі оқу барысында өте зор екені зерттеу жұмыстарында айқын көрсетіліп жүр. Бұл – жаңашыл аудиовизуалды техникалық құрал-жабдықтар мен оқытудың үдемелі де қарқынды әдістерін қолдану арқылы тыңдаушыларын қызықтырып, сабаққа белсенді түрде қатысуын арттыратын, материалдарды меңгеруді жеңілдететін, сонымен қатар білім алушыға ауқымды оқу материалдарымен көмектескісі келетін оқытушыларға өте тиімді таңдау.

Интерактивті тақтаны қолдану әр сабақтың жоспарын, қарқыны мен барысын жақсартады. Интерактивті тақта - студенттердің барлығын оқыту үшін құнды құрал. Бұл оқытушыға сабақта жаңа материалды өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге көмектесетін визуалды ресурс. Оның ақпаратты түрлі мультимедиялық ресурстар көмегі арқылы таныстыруға мүмкіндігі зор. Оқытушылар мен студенттер материалды барынша жетік түсініп оқи алады. Ол сызбаларды түсіндіруді жеңілдетіп, қиын мәселелерді шешуге көмектесе алады.

Осы тұрғыдан қазіргі таңда қолданылып жүрген *Prezi веб-сервисінің* атқаратын қызметі аса зор. Қазіргі таңда презентацияның негізгі мақсаты болып аудиторияға қарапайым және түсінікті мультимедиялық үлгіде мәліметті, ақпаратты жеткізу. Негізгі құраушылары болып – суреттер, мәтіндер, анимациялар, әртүрлі графиктер, видео файлдар, дыбыстық файлдар табылады.

Сонымен қатар мультимедиялық материалды басқару да негізгі бөлік болып табылады. Әдетте мультимедиялық материалды құрастыру үшін PowerPoint, SoftMaker

Presentations және Multimedia Builder, Prezi веб-сервистері қолданылады. Осылардың ішінде көп қолданылатыны Prezi.com веб-сервисі.

*Prezi.com* — бұл веб-сервис, осы веб сервистің көмегімен сызықтық емес құрылыммен мультимедиялық интерактивті презентацияларды құруға болады.

Prezi.com бағдарламасын меңгеріп, тәжірибелік тұрғыда өз сабағымда қолданып жүрмін. Соның ішіндегілердің біреуіне тоқталатын болсам, пәндік әдістемеліктің онкүндігінде өткен ашық сабағымды осы аталған бағдарлама негізінде құрып, сабақта тиімді қолдана алдым. Сабақтың әр кезеңіне қажетті мәліметтер, формулалар, есептер, суреттер, бейнежазба, сілтемелер осы бағдарлама аясында жинақталып уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. Әрі бұл көрнекілік білім алушылардың сабаққа қызығушылықтарын оята алды.













Оқытушылар өздерінің жаңа ойларын, идеяларын әсерлі, тартымды етіп көрсету үшін осы веб-сервисті қолданса мақсаттарына жетеді. Бұл веб-сервистің білім алушылармен жаңа материалды бірігіп талдауға мүмкіндік зор. Сондай-ақ оқытушылар үшін абстракты ойлар мен концепцияларды түсіндіруде құнды құрал болып табылатыны анық.

Сабақта «Bilimland» сайтынан сабақ материалдарын, көрнекіліктер, видео-материалдар, тапсырмалар, ақпараттардың берер көмегі мол. «LearningAPP» сайты математика пәнінде әртүрлі интерактивті тапсырмаларды жасауға, жаңарту мақсатында қолдануға болады. Негізгі мақсаты оқытудың тиімділігін арттыру, қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын тиімді пайдалану, білім алушының пәнге қызығушылығын интерактивті ойын түрінде арттыру. Сондай-ақ оқытушының кері байланыс алуына мүмкіндік береді. Тапсырмалар ақпараттық технологияларды қолдану арқылы көптеген әр-түрлі тәсілдермен білім алушыларға беріледі. Сабақтың барлық кезеңін қамтиды. Яғни тапсырмаларды сәйкестендіру, теңестіру, миллион кімге бұйырады, викторина, топтастыру, уақытша таспа және т.б. түрінде құруға болады.

Сондай-ақ оқу материалдарын қаншалықты меңгергендерін бағалау мақсатында «Quizlet.live», «Kahoot.com» «Quizziz.com» бағдарламаларымен жұмыс істеу өте тиімді.

«Quizlet.live» тоқтала кетсем, бұл бағдарлама білім алушылармен топтық немесе жекелеме жұмыстарда қолдануға болады. Тағы бір тиімділігі білім алушыларды сабақ барысында топқа бөліп, үй тапсырмасын тексеруде, жаңа тақырыпты меңгеруде, бекіту масатында қолдуға болады. Әр студент ұялы телефон арқылы осы сайт арқылы кіріп,

оқытушы ұсынатын кодты жазады. Әр білім алушы кіммен топ болып бірігетін тізімі жазылады. Білім алушылар топтар болып біріккен соң, ұялы телефондарында сұрақтар тест түрінде беріледі. Сұрақтар әр студентке беріледі, ал жауап тек топтың ішіндегі біреуін де ғана болады. Қай топ жеңіске жететіні оқытушының интерактивті тақтасында жазылады.










Білім – әрбір студенттің бағындыратын шыңы. Шың биіктігіне жету жолында қандай қиыншылықтар кездессе, оқу, білімді меңгеруде де сондай қиыншылықтар кездеседі. Оны жеңілдету – оқытушылардың міндеті. Осы мақсатта педагогикалық технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалануға тырысу қажет.

Әдіс-тәсілдер білім алушының белсенділігін дамытудың, қызығушылығын арттырудың негізі. Әрбір сабақ - ұстаздың шығармашылық жұмысы. Сондықтан әр сабақты білім алушыларға ұнайтындай, есте қалатындай өткізу керек. Қазіргі техника дамыған заманда жас ұрпақтың білім деңгейін терендету, ойлау қабілеттерін дамыту, ізденістерін арттыру, ақпараттарды тиімді пайдалану, сөз шеберліктерін арттыру – оқытушы шеберлігінің белгісі. Сондықтан осы жаңа инновациялық технологияларды пайдалану қазіргі жаңартылған білім мазмұнының ерекшеліктерінің бірі.

Жас ұрпақты саналы, сапалы білім алуының бір шарты - инновациялық технологияларды білім процесіне енгізу. Сондықтан оны әр сабағында тиімді пайдалану оқытушының негізгі міндетінің бірі. Ақпараттық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. «Армансыз адам қанатсыз құспен тең» демекші, еліміздің әрбір азаматы терең білімді, интеллектуалды, заманауи техникаларды еркін меңгере алатын, әрқайсысы еліміздің дамуына өз үлесін қоса алатын болса. Ол үшін оларға білім беретін ұстаздар өз пәнін жетік меңгерген, теория мен практиканы осындай бағдарламаларды қолдана отырып, білім алушылар бойына сіңіре алатын шығармашыл, ізденімпаз, ең бастысы еңбекқор болуы қажет.

Қолданылған ресурстар:

1. https://www.metod-kopilka.ru/zhaa-dis-tsilder-75559.html
2. https://bilimland.kz/ru
3. https://infourok.ru/
4. https://agartu.com/index.php?newsid
5. «Оқытуда жазба көрнекіліктерді пайдалану»

6. https://kznews.kz/lifestyle/matematikany-oqytuda-zhazba-kornekilikterdi-pajdalanu/
7. https://prezi.com/s8j3n_msynnx/prezi/

## БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗДЕРІБОЙЫНША ДАЯРЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Тенизбаева К.Б.
*Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау гуманитарлық колледжі, Ақтау қаласы*, kenzhe.080@yandex.kz

***Аңдатпа.*** *Мақалада болашақ информатика мұғалімдерінің жасанды интеллект элементтерін оқытудың орындылығы қарастырылады және мұндай оқытудың негізгі тәсілдерінің проблемасы анықталды. Бұл мақаланың мақсаты жүйелік, іргелі және пәнаралық тәсілдер негізінде жасанды интеллект саласындағы университеттегі информатика курсының мазмұнын қалыптастыру, мүмкіндігін ашу болып табылады. Жасанды интеллект саласындағы ғылыми – әдістемелік және оқу – дидактикалық әдебиеттерді талдау, болашақ информатика мұғалімінің жасанды интеллект элементтерін, оқыту тәжірибесін жалпылау және жүйелеу.*
*Кілттік сөздер: жасанды интеллект, оқу – әдістемесі, дедактикалық әдіс, нейронды желі, сараптау жүйелерін модельдеу,* Deductor *аналитикалық бағдарламасы.*
***Аннотация.*** *В статье рассматривается целесообразность обучения элементов искусственного интеллекта будущих учителей информатики и выявляется проблема основных подходов к такому обучению. Целью данной статьи является формирование, раскрытие возможностей содержания курса информатики в университете в области искусственного интеллекта на основе системного, фундаментального и междисциплинарного подходов. Анализ научно-методической и учебно-дидактической литературы в области искусственного интеллекта, обобщение и систематизация элементов искусственного интеллекта, опыта обучения будущего учителя информатики.*
***Ключевые слова:*** *искусственный интеллект, методы обучения, дидактический метод, нейронная сеть, моделирование экспертных систем, аналитическая программа* Deductor.

Ақпараттық технологиялардың әлеуметтік салаға терең енуі жоғары сапалы дайын өнімді әзірлеуді және зияткерлік міндеттерді оңайлатуды талап етеді. Оқу процесіне жаңа технологияларды енгізу – болашақ информатика мұғалімдерінің шығармашылық және зияткерлік дамуын арттыру екенін түсінеміз.

Жасанды интеллект негіздері информатика мұғалімдерін пәндік оқытудың жеке пәні болып табылады, оның құрылымына білімді ұсыну модельдері сияқты ғылым бағыты кіреді, сараптамалық жүйелерге де маңызды орын беріледі. Жасанды интеллект құру адамзатқа қоғам өмірінің барлық салаларында жаңа мүмкіндіктер береді. Жасанды интеллект – бұл пайдаланушыларға компьютерлердің көмегімен мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін аппараттық және бағдарламалық жасақтаманы құруға арналған информатика саласы болғандықтан, бүгінгі талап – жасанды интеллект жүйелерін құру және дамыту саласында болашақ информатика мұғалімдерін даярлау болып табылады [1].

Болашақ мұғалімдерді жасанды интеллект бойынша даярлауды жетілдіруге сұраныс пен оның педагогика теориясында толық негізделмеуі, осы бойынша мамандарға қойылып отырған жаңа талаптар мен олардың жоғары оқу орнында даярлау процесінде толық іске асырылмауы тарапында кемшіліктер бар. Осы кемшіліктерді шешу мақсатында қоғамның мамандарды кәсіби даярлауға қоятын талаптарын ескере отырып жасанды интеллект негіздері бойынша болашақ мамандарды даярлауды жетілдіру проблемасы

туындайды, бұл зерттеу тақырыбын «Болашақ информатика мұғалімдерін жасанды интеллект негіздері бойынша даярлаудың әдістері» деп алуға негіз болды.

Жұмыста теориялық материалдарды, жасанды интеллект негіздерінің қоғамдағы маңыздылығын, және жоғары оқу орындарында оқытылу жағдайынқарасытра отырып, жоғары оқу орнында даярлаудың схемасын құруға болады (сурет 1). Бұл осы тақырып аясындағы бағыттар бойынша жоғары оқу орнындағы болашақ мамандардың даярлығын көтеругебағытталады.

Жасанды интеллект – қазіргі информатиканың ең перспективалы бағыттарының бірі болып табылады және ол орта мектептің оқу процесіне белсенді енгізу жүріп жатыр. Атап айтқанда, 11-сыныпқа арналған "Информатика" оқулығының авторлары В.Г. Архипова, Р.Ж. Тохтар, Н.К.Беристемова, К.Б. Кадыракунов"Жасанды интеллект" тарауы бойынша келесі сұрақтарды қарастырады: жасанды интеллекте қолданылатын салалар, мәшинелік оқыту, нейрондық желілер және т.б.

Демек, қазіргі тенденциялар мен талаптарды ескере отырып, университетте болашақ информатика мұғалімдерін даярлау кезінде жасанды интеллект мәселелерін зерттеу қажет. Бұл дайындық "Жасанды интеллект негіздері" пәнінің аясында өтеді, оның мақсаты болашақ информатика мұғаліміне жасанды интеллект саласында қолданылатын негізгі бағыттар менәдістер туралы түсінік қалыптастыру болып табылады.

Пәнді оқу кезінде қарастырылатын негізгі бөлімдер: жасанды интеллект түсінігі, білімді ұсыну модельдері, эксперттік жүйелер, логикалық және функционалды бағдарламалау, нейрондық желілер және т.б. Айта кету керек, бұл сұрақтар информатика және информатиканы оқыту әдістемесі бойынша мемлекеттік емтиханның пәндік саласына енгізілген. Соңғы бес жылдағы мемлекеттік емтихан нәтижелерін талдауда бұл бөлім болашақ информатика мұғалімдеріне үлкен қиындықтар тудыратынын көрсетті. Студенттермен және түлектермен жүргізілген сауалнама мен әңгімелесуден келесі мәселе анықталды: жеткілікті практикалық компоненті жоқ теориялық материалдың үлкен көлемін түсіну қиын [2].

Студенттер білімді ұсыну модельдерін, әсіресе оларды қолдану аясын, сараптама жүйесінің құрылымы мен оның құрамдас бөліктері арасындағы байланыс: нейрондық желілердің құрылымы, модельдері және қолдану мүмкіндіктері тақырыптарын бір-бірінен нашар ажыратады.

Осылайша, көп жағдайда "жасанды интеллект негіздері" бағытын зерттеу теориялық материалды және аз дәрежеде оны педагогикалық университетте практикалық қолдануды қарастыруды қамтиды. Демек, "жасанды интеллект негіздері" бағыты бойынша болашақ информатика мұғалімдерін тиімді даярлау үшін, біздің ойымызша, жасанды интеллекттің негізгі бөлімдерін практикалық қолдануды қарастыратын оқытудың әдістемелік жүйесін жасау қажет деп есептеймін. Ұсынылған әдістемелік жүйені жүзеге асырудың кейбір ерекшеліктерін қарастырайық [3].




Сурет-1. Жоғары оқу орнында даярлаудың схемасы

Эксперттік жүйелер мен нейрондық желілер бөлімдерін зерттеу кезінде еркін таратылатын жоғары оқу орындарына арналған «deductor» аналитикалық платформасын қолдануды ұсынамыз. Дайын оқытылған нейрондық желі мысалын қолдана отырып, студенттер Deductor аналитикалық платформасымен жұмыс жасау кезеңдерімен танысады. Түсіндіру орын алады кіріс деректерінің аз мөлшері бар түсінікті тақырыптық аймақ, мысалы, үшбұрыштың түрлерін оның төбелерінің координаталары бойынша анықтауға арналған мәселе қарастырылады.

Түсіндіру кіріс деректерінің аз мөлшері бар түсінікті тақырыптық аймақта өтеді, мысалы, үшбұрыштың оның төбелерінің координаталары бойынша типтерін анықтауға арналған есеп қарастырылады [4].

Болашақ информатика мұғалімдері нейрондық желіні оқытудың негізі мәліметтер базасы екенін түсінеді, ол жеті бағаннан тұратын кесте: үшбұрыштың төбелерінің координаталары (абсцисса және ордината) және жүйеге жүктелген үшбұрыштың сәйкес формасы. Әрі қарай, жүктелген мәліметтер базасына негізделген нейрондық желі оқытылады.

Deductor 5.0 өңдеу шеберінде. «Нейрондық желі» функциясы қарастырылған. Бұл функция жүйенің параметрлерін анықтауға мүмкіндік беретін, сонымен қатар жүйеге қол жетімді оқыту алгоритмдерін қолдана отырып, оның жаттығуларын орындауға мүмкіндік беретін құрылымы алдын-ала анықталған жүйке желісін құруға бағытталған. Нәтижесінде студенттер нейрондық желінің эмуляторын алады, ол кейіннен болжау, іздеу, деректерді қысу және басқа қосымшалар болуы мүмкін.

Осылайша, студенттер кіріс және шығыс өрістері, өрістердің мәнін қалыпқа келтіру (сызықтық қалыпқа келтіру, ерекше мәндер, бит маскасы); оқу үлгісін орнату, нейрондық желі құрылымын баптау (олардағы жасырын қабаттар мен нейрондардың саны, сондай-ақ активтендіру функциясы, нейрондық желіні оқыту, қатенің кері таралуы, серпімді таралу әдістерімен танысады.

Сондай-ақ, шашырау диаграммасын қолдана отырып, студенттерге оқытылған нейрондық желінің «дұрыстығын», «қайта оқытылмағанын», жасырын қабаттар мен нейрондардың дұрыс таңдалғанын бағалау ұсынылады [6].

Осындай алдын-ала жұмыстан кейін студенттерге нейрондық желіні өздері оқытуға және белгілі бір салада, мысалы: математика, психология, педагогика, әлеуметтану саласында сарапшы болуға шақырылады.

Проблемалық оқыту және дамыту технологиясының әдісін қолдану арқылы нейрон желісін, оның құрылымы мен мақсатын анықтауға қорытынды жасалынды.

Бөлімді әрі қарай зерттеу нейрон желілерін теориялық зерттеу бағыты бойынша жалғасады. Студенттерде мұғаліммен бірге жалпыланған нейрон туралы түсінік қалыптасқан. Әрі қарай, Хопфилд пен Хеммингтің нейрон желілері, олардың құрылымдық сызбасы мен жұмыс алгоритмдері қарастырылады. Бұл мәселені егжей-тегжейлі және тереңірек түсінгісі келетін студенттерге нейрондық желіні қолдана отырып, бағдарлама кодын жасауға арналған тапсырмалар ұсынылады.

Логикалық және функционалдық бағдарламалау тақырыбын Python программалау тілін пайдалана отырып үйренуді ұсынамыз [7]. Осы бағдарлама негізінде студенттер келесі зертханалық жұмыстарды орындайды.

Жазық фигуралардың ауданын анықтау. Осы жұмыс негізінде білімді ұсынудың өндірістік моделін игеру жүзеге асырылады; пайдаланушымен өзара әрекеттесу әдістері: енгізу, шығару және сурет салу функциялары қарастырылады. Мәселені шешу нәтижесінде жүйе белгілі бір фигураны таңдауды тануға (кем дегенде 4 фигура), оның ауданын есептеу және графикалық бейнелеу, сондай-ақ орындауға үйретілуі керек.

Жазық фигуралардың қиылысу ауданын анықтау.

Осы зертханалық жұмыстың нәтижесінде болашақ информатика мұғалімдері геометриялық модельдеу мысалын қолдана отырып, білімді формалдау дағдыларын

игереді. Әр түрлі екі жазық фигуралардың қиылысу ауданын есептеу үшін Монте-Карло әдісін қарастырып кетеді.

Тұрақты токтың электр тізбегінің параметрлерін есептеу.

Бұл жұмыста студенттер білімнің объектіге бағытталған (фреймдік) көрінісімен танысады (кластар мен объектілерді құру, объектілермен жұмыс); резисторлардың деректерін енгізеді, электр тізбегінің графикалық көрінісін ұсынады және тізбектің параметрлерін I, R-і есептейді.

Жасанды нейрондық желілерді қолдана отырып, үлгіні тану. Бұл жұмыста болашақ информатика мұғалімдері түрлендіру/шығулардың сызбаларын жасайды, оларды оқытады, сараптамалық жүйелерді қолдана отырып мәліметтер дайындайды.

Болашақ информатика мұғалімдері тапсырманың логикалық сызбасын жасап, оны Python бағдарламалау тілінде жүзеге асырады [8].

Жоғары оқу орындарында жасанды интеллект негіздері бойынша даярлауды жетілдіру және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында «жасанды интеллект негіздері» электронды оқу құралы ұсынылды. Электронды оқу құралы теориялық материалдардан, жеке орындауға арналған практикалық тапсырмалардан, тесттерден, өзін тексеруге арналған сұрақтардан тұратын болғандықтан жоғары оқу орындарының барлық мамандықтарының студенттеріне қосымша оқу құралы ретінде қолдануға болады.

Зерттеу нәтижесі студенттерді жасанды интеллект саласында оқыту сапасын арттырудың оң динамикасын көрсетеді деп ойлаймын. Болашақ мұғалімдер информатика тек "жасанды интеллект негіздері" бағыттың теориялық негіздерін ғана түсінбейді, сонымен қатар оның кәсіби қызметте практикалық қолданылуын көрсетеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР


1. Широких, А А Элективный курс по экспертным системам для классов с углубленным изучением информатики, 10-11 января 2005 г -Пермь Изд-во ПРИПИТ, 2005 - 110-111 б.
2. Широта, А А Проектирование баз знаний экспертных систем при подготовке учителей информатики в области искусственного интеллекта - Пермь Изд-во ПГУ, 2006 - 115-118 б.
3. Қосыбаева Ү. Интеллектуалды жүйелер және олардың оқу процесіндегі қолданылуы жайлы. 2006. - №2 (42). -Б.102-105.
4. Қосыбаева Ү. Жасанды интеллект жүйесінің қоғамда қолданылуы жайлы // Жоғары оқу орындарында білікті мамандар даярлаудың өзекті мәселелері: халықыралық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектері. – Тараз:"ТАШ" баспаханасы, 2007. – Б. 241-244.
5. Қосыбаева Ү. Студенттердің көптапсырысты логикалық бағдарламалау білімі мен білігін жетілдіруде жасанды интеллект бағыттарына оқытудың рөлі // Педагогикалық білім беру ісі: тарихы және бүгінгісі: республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Ақтөбе:Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, 2007. – Б. 317-322.
6. Рудская Е. Н., Десятниченко Л. В. Искусственный интеллект для бизнеса: трансформация эффективных запросов в реальные продажи // Молодой ученый. – 2015. – №8. – 121-131 с.


## БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫН ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ


Төлеуова Толғанай Ерболқызы

*ШҚО, Семей қаласы, «М. О. Әуезов атындағы педагогикалық колледж» КМҚК, toleuova.tolganay@mail.ru*

***Аңдатпа***. *Білім берудің тиімді әрі маңызды көрсеткіштерінің бірі білім беру мекемесінің білім беру әрекетінің қызметін, дамуын білім алушыларға және олардың нәтижелеріне әсер ететіндігін көрсететін білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейі болып табылады. Сондықтан білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесінің сапалы құрылуы білім беру сапасын арттырудың әлеуетті деңгейіне тікелей байланысты. Бағалау жүйесіндегі тиімділігі маңызды көрсеткіштердің бірі орта білім беретін білім беру мекемесінің білім беру әрекеттерінің қалай қызмет ететінін, даму жағдайын, білім алушыға, оның нәтижесіне әсер етуін көрсететін білім алушылардың оқу жетістігінің деңгейі болып табылады. Сондықтан білім алушылардың оқу жетістігі деңгейін бағалау жүйесінің қаншалықты сапалы құрылуы білім беру сапасын арттырудың шама деңгейіне соншалықты байланысты.*

*Тірек сөздер: Бағалау, критериалды бағалау, оқыту, оқу үшін бағалау.*

***Аннотация***. *Одним из эффективных и значимых показателей образования является уровень учебных достижений обучающихся, отражающий влияние деятельности, развития образовательной деятельности образовательного учреждения на обучающихся и их результаты. Поэтому качественное построение системы оценки учебных достижений обучающихся напрямую зависит от потенциального уровня повышения качества образования. Одним из важнейших показателей эффективности системы оценивания является уровень учебной успешности обучающихся, отражающий, как функционирует образовательная деятельность образовательного учреждения среднего образования, условия развития, влияние на обучающегося, его результаты. Поэтому насколько качественно выстроена система оценки уровня учебных достижений обучающихся, так зависит от величины повышения качества образования.*

*Ключевые слова: Оценка, критериальное оценивание, обучение, оценивание для обучения.*

***Annotation***. *One of the effective and significant indicators of education is the level of educational achievements of students, reflecting the impact of the activities, development of educational activities of an educational institution on students and their results. Therefore, the qualitative construction of a system for assessing the educational achievements of students directly depends on the potential level of improvement in the quality of education. One of the most important indicators of the effectiveness of the assessment system is the level of educational success of students, reflecting how the educational activity of an educational institution of secondary education functions, the conditions of development, the impact on the student, his results. Therefore, how well the system of assessing the level of educational achievements of students is built depends on the magnitude of the improvement in the quality of education.*

*Keywords: Assessment, criterion assessment, training, assessment for training.*

"Білім - біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы“ А.Байтұрсынов

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады. Еліміздің басшысы Н.Ә.Назарбаев қазақстандық мұғалімдердің кәсіби даму саласындағы жаңа көзқарасы олардың педагогикалық өміріндегі қосымша оң өзгерістер енгізуге мүмкіндік беруде.

Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой- талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Бұрын оқытуда оқушылар тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі оқушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Бүгінгі білім беруде оқушыны білімділік, іскерлік, шығармашылық әдістерге баулудың жолдарын іздестіре отырып, мұғалім-шәкірт арасында рухани және сезім бірлестігін айқындайды.

Қазіргі кезде оған жететін жаңа педагогикалық технологияларда баршылық. Соның бірі - критериалды бағалау жолдары.

Критериалды бағалау – оқушының оқу нәтижелерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, білім беру үдерісіне қатысушылардың (оқушы, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушының оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үдеріс.

Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою арқылы бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысананың артында тек қана объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатыр. (Александер, 2001)

Бағалау - оқу дәлелдері жоспарлы және жүйелі жинақталатын және де оқу сапасы туралы қорытынды қабылдау үшін қолданылатын кез келген қызметті сипаттайтын ұғым. Бұл ұғым екі аспектіні көздейді: оқуды бағалау және оқу үшін бағалау. Бағалаудың түрлі нысандары олардың оқуды жақсарту әлеуеті тұрғысынан сипатталған және бағытталған. Оқуды критериалды бағалауды зерделеуге бағытталған. «Бағалау» термині «жақын отыру» деген сөзді білдіреді. Бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін, тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Бұл ресми тестілер, емтихандардан бастап, мұғалімдер күніне жүз рет өткізетін бейресми бағалауға дейінгі бүкіл бағалау түрлерін қамтиды. Бір тестілер қолдағы қарындаш пен қаламның көмегімен жүргізілсе, басқалары сыныптағы әдеттегі сөйлесу кезінде сұрақ қоюға негізделеді. Бағалаудың барлық түрлеріне жалпы сипаттамалар тән және олар төмендегілерді қамтиды:

- қадағалау;
- алынған мәліметтер интерпритациясы;
- бұдан арғы іс-әрекеттерді анықтауға бағытталған қорытынды [1].

Оқу үшін бағалау - бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі. [Мұғалімдерге арналған нұсқаулық]

Критерийлер - оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

Оқушы жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі төменде қарастырылған міндеттерді шешеді:

Әрбір оқушының сабақ үдерісіндегі әр кезеңіндегі дайындық деңгейін анықтау;

Білімді меңгерудің жыл аяғындағы ғана емес, күнделікті білім алудың даму динамикасын айқындауы;

Оқушының сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттыруы. Бағаға қарсы теріс көзқарастың болмауы;

Оқушы білімінің жүйеленуі, тереңдеуі,есте сақтауы. Оқушыны табандылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеуі;

Білім алу барысындағы қиындықты, қателікті, білім олқылықтарын және оның себептерін дер кезінде анықтауы;

Оқушының білім алу үдерісін қадағалап, дәл және жедел түрде сапалы білім алғаны жөнінде кері байланыс ақпаратын алуы;

Оқушының барлық жұмыс түрлерін бағалауы. (өзіндік жұмыс, ағымдағы бағалау, қорытынды бақылау, тренинг, үй жұмысы, шығармашылық т.б)

Оқушының білімін ағымдық және қорытныды бағалау;

Баға сапасын арттыру [3].

Біз бағалауды қолданудың барлығын үлкен екі категорияға топтастыра аламыз: оқу үшін бағалау және оқуды бағалау. Аталған екі бағалау түрінің де білім жүйесінде және сыныпта өзіндік атқаратын рөлдері бар. Бұл жерде - әрбір бағалау түрінің кең ауқымдағы түсінігі, оқушыларға қажет емес бағыттардан гөрі, көбірек көңіл бөлетін тұстарда олардың атқаратын қызметі маңызды болуы мүмкін. Аталған бағалау типтерінің білім беру жүйесіндегі рөлі әр түрлі.

Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау деп нені атаймыз? [Қосымша А, Б]

Қосымша А

| Оқу үшін бағалаудың мақсаты – | Оқуды бағалаудың мақсаты- |
|---|---|
| сапаны жақсарту | сапаға қатысты шешім шығару |

Оқуды бағалау – оқудың өз нәтижесіне жеткенін анықтайтын бағалау түрі. Оқуды бағалау оқушының қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады. Негізінен, ол келешек оқытуға үлес қосуға бағытталмаған, оның үстіне көпшілік көп мән беретін тестілеу әдісі оқыту үдерісіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Оқу үшін бағалау керісінше үдеріс жүріп жатқанда орын алады. Бұл бағалау түрін біз оқушы қажеттілігін анықтау үшін, өзіміздің келесі әрекетімізді жоспарлауға, өз жұмыстарын жақсартуға, кері байланыс жасауға және оқушылардың жетістікке жету жолында өз жұмыстарын көріп бақылауы үшін қолдана аламыз. Әрқайсысы оқушының білім алуына өзіндік ықпал жасап, келесі қадамда нені жасау қажеттігін анықтауға көмектеседі [2].

Оқуды бағалау – белгілі бір уақытта оқушы жетістігін жинақтапкөрсететін бағалау түрі. Ол оқу үдерісі аяқталған соң жүреді. Оқу үшін бағалау оқып-үйрену үдерісі жүріп жатқан кезде мұғалімдер мен оқушыларға өздерінің оқытуы мен оқуынан хабар беріп отыру үшін қолданылады. Оның мақсаты – оқушы білімінің жиынтық бағасы қойылмай тұрып, үдеріс жүріп жатқанда үйренуді қалай жақсартуға болатынын анықтау. Оқу үшін бағалау оқушылардың уәжі мен қызығушылықтарын арттыруда үлкен рөл атқарады. Ол оқушыларға өздерінен күтілетін оқу.

Оқу үшін бағалаудың мақсаты - Оқуды бағалаудың мақсатысапаны жақсарту сапаға қатысты шешім шығару нәтижесін көруді қамтамасыз етіп, өз оқуларын бақылап, дамытып, жақсартып отыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ оқу үшін бағалау оқушылардың білімі «қазір қай жерде?» және «қай жерде болу қажет?» аралығындағы қалып қойған бос орындарды толтыру үшін стратегияларды ұсына алады. Демек, оқу үшін бағалау – оқушының қалай оқып жатқанын, оқуға ішкі уәжін зерделеу және қалыптастырушы кері байланыс беру негізінде жетістікке жету сатысын анықтайтын бағалау үдерісінің ең тиімді түрі. Оқу үшін бағалау мен оқуды бағалау өзара байланысқан және өзара тәуелді үдерістер болғанымен, олардың оқу үдерісінде шешетін өзіндік мақсат-міндеттерімен айқындалатын төмендегі ерекшеліктері бар:

Қосымша Б

| Оқу үшін бағалау мен оқуды бағалаудың ерекшеліктері | | Оқу үшін бағалау | Оқуды бағалау |
|---|---|---|---|
| | Үдеріс | Оқу қалыптастыру | Өлшеу |
| | Қатысушылар | Оқушылар, мұғалімдер | Оқушы/ ата-аналар/қоғам |
| | Сипаты | Сипаттамалық | Таңбалық (2,3,4,5) |
| | Уақыты | Күнделікті | Нақты, мерзімді |
| | нәтиже | Үйрету, даму | Қорытынды шешім |

Оқу жылы барысында оқудың ілгерілеуі, үлгерімі туралы мәліметтіжинау үшін бағалаудың екі түрі жүзеге асырылады: қалыптастырушы жәнежиынтық бағалау. Жиынтық бағалау өз кезегінде бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық, орта білім беру деңгейі бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдерінен тұрады [3].

Бағалау тәсілдері критериалды бағалаудың түрлеріне, пән мазмұнына қарай ерекшеленуі мүмкін. Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады, тоқсан барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады. Қалыптастырушы бағалауда баға, балл қойылмайды, мұғалім мен білім алушы арасында үздіксіз кері байланыс қамтамасыз етіледі. Қалыптастырушы бағалау кезінде білім алушылардың қателесуге, оны түзетуге құқығы бар. Бұл білім алушылардың мүмкіндігін анықтауға, қиыншылығын табуға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, дер кезінде оқу үдерісін түзетуге мүмкіндік береді. Қалыптастырушы бағалау бағалаудың әртүрлі формада (ауызша сауалнама, жазба жұмысы, тәжірибелік жұмыс, зертханалық жұмыс, жоба, тест және т. б.) жүзеге асырылады және жиынтық бағалау өткізгенге дейін мұғалім мен білім алушыға оқу үдерісін түзетуге, ықтимал болатын кемшіліктер мен жетіспеушіліктерді жоюға мүмкіндік береді. Тоқсан бойы жүргізіледі. Қалыптастырушы бағалауда жұмысты ұйымдастырудың білім алушыға оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттарына жету үшін көмек беруге мүмкіндік беретін жеке, жұптық және топтық формалары пайдаланылады. Қалыптастырушы бағалау нәтижесінде мұғалімдер оқу процесін түзетеді, жиынтық бағалауды өткізгенге дейін білім алушылардың ықтимал кемшіліктерін жояды. Қалыптастырушы бағалауда білім алушылар пәндер бойынша жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына сәйкес оқыту мақсаттарына жетеді. Жиынтық бағалау мұғалімдерге, білім алушылар мен ата-аналарға ұсыну үшін оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша балл, баға қою арқылы белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан/триместр, оқу жылы, орта білім беру деңгейі) аяқталғанда өткізіледі [4].

Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мұғалімдер үшін әзірленген. Жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар бөлім/ортақ тақырып, тоқсан бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастыру мен өткізудің тәсілдемелерін көрсетеді. Құжат мынадай ақпараттарды қамтиды:

•бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмаларын әзірлеу бойынша ұсыныстар;

•бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың дескрипторлары мен баллдары бар тапсырмалар үлгілері;

•тапсырмаларды әзірлеу және процедураны өткізу үшін тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы;

•тапсырмалардың балл қою кестелерімен қоса тоқсандық бағалау тапсырмаларының үлгілері.

Бөлім/ортақ тақырып және тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың нәтижелері болмаған жағдайда тоқсандық және жылдық қорытынды баға қойылмайды. Бұл жағдайда білім алушы уақытша бағаланбаған болып есептеледі. Үлгерім бойынша есеп беру кезінде уақытша бағаланбаған білім алушылар ескерілмейді, олардың үлгерімі бойынша есеп қосымша беріледі. Баллдарды бағаға ауыстыру шкаласына сәйкес білім алушылардың жиынтық бағалау бойынша балл түріндегі нәтижелері тоқсандық және жылдық бағаға ауыстырылады. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелері туралы ақпарат білім алушылар мен ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне қағаз немесе электрондық түрде ұсынылады. 1-сыныпта бірінші жартыжылдықтың оқу материалын меңгеру деңгейіне жиынтық бағалау жұмысы жүргізілмейді. Тоқсандық бағалар тек 3-ші,4-тоқсандарда қойылады. Электрондық журналдың формасы білім алушылардың тоқсандар бойы (бөлімдер мен тоқсандар бойынша жиынтық бағалаудың баллдары) жетістіктерін енгізетін кесте түрінде берілген, сонымен қатар баллдарды бағаларға

ауыстыру (тек тоқсанның және оқу жылының қорытындысы бойынша) шкаласына сәйкес бағаларды автоматты түрде есептеу жүргізіледі [5].

Бүгінгі заман талабы - жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Оқушы тұлға болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға, логикалық операцияларды қолдана отырып дәлелдеуге, жалпы алғанда жеке адамның құзыреттіліктері қалыптасуы қажет.

Қорыта айтқанда, критериалды бағалау жүйесін қолдану арқылы біз оқушының тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттаймыз, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұлғалы нәтижеге, бағытқа жеткіземіз, білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын кез келген кезеңде анықтаймыз, әртүрлі жұмыстардан алған бағаларды дифференциалдауға қол жеткіземіз. Бүгінгі оқушының білім сапасын критериалды бағалау жүйесі арқылы жетілдіруге болатынына күнделікті оқу үдерісінде қолдануымыздан көз жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1) Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. 2014 ж.
2) www.cpm.kz Педагогикалық шеберлік орталығы NIS.
3) http://www.google.kz Жаңа білім беру технологиясы мен әдіс тәсілдері
4) «Критериалды бағалау технологиясы» оқу құралы: Кемешова А.М., Кошанова З.А., Жунусова А.Т, Себепова А.Т.,- Астана: «Кәсіпқор» Холдингі коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2018 ж.
5) «XXI ғасыр педагогикасы мектеп табалдырығында». Ақпараттық әдістемелік дайджест. Алматы, 2009 ж.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ДИАЛОГТІК ОҚЫТУДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Түгелбаева А.Е.
*М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі, Семей қ., altynay.tugelbayeva@mail.ru*

***Аңдатпа:*** *Тіл- тәжірибені ұжымдық қабылдаудың негізгі құралы. Мұғаліммен және басқа оқушылармен әңгімелесу – оқушының қызмет белсенділігін қамтамасыз ететін және түсінігін дамытатын маңызды құрал. Коммуникативтік дағдыны дамытудың басты құралы-диалог. Мақалада қазіргі кезде сыныптағы оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретіндігі туралы дәлелдер келтіріледі.*

*Тірек сөздер: диалог, монолог, дебат, идея, дағды, оқыту*

***Аннотация:*** *Язык - главный инструмент коллективного восприятия опыта. Разговор с учителем и другими учениками является важным инструментом обеспечения активности ученика и развития понимания. Основным инструментом развития коммуникативных навыков является диалог. В статье утверждается, что текущее общение учеников на уроках очень полезно.*

*Ключевые слова: диалог, монолог, дебат, идея,навыки и умения, обучение*

***Annotation:*** *Language is the main tool for collective perception of experience. Talking with the teacher and other students is an important tool for keeping the student active and developing understanding. The main tool for developing communication skills is dialogue. The article argues that the ongoing communication of students in the classroom is very beneficial.*

*Key words: dialogue, monologue, debate, idea, skills and abilities, learning*

Қазақ тілі — көркемдігі мен бейнелілігі, тазалығы мен сөздік құрамының молдығы жөнінен дамыған тілдердің бірі. Ауызша сөйлеу адам арасындағы қарым-

қатынасты атқарады. Қазақ тілінде сөйлеуді үйрету үшін қолданылатын оқыту әдісінің мазмұны оқушының тілдік қарым-қатынаста жинаған білімінің, қалыптасқан дағдысының, игерген шеберлігінің жиынтығына байланысты. Сөйлеуге үйрету монолог және диалог түрінде жүзеге асырылады. Монолог және диалог түрінде сөйлеу іскерлігі, біліктілігі қарым-қатынас әрекетінің, ақпараттық, регулятивтік, әдептік және сезімдік-бақылау сияқты атқаратын қызметіне байланысты анықталады.

Қазақ тілі сабағында ойын, сұрақ-жауап, өлең сөздерін толықтыру, суретке қарап мәтін құру, карточкаларды қолдану арқылы ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға болады.

XXI ғасырда біздің еліміз ғаламдану және жаһандану процесіне көшуде. Осы процессті жандандырып дамытуда жас ұрпақтың білімі мен біліктілігі орасан зор роль атқарады. Бүгінгі таңда жаңашыл мұғалімдерге сапалы және инновациялық технологияларды меңгеру – қазіргі заман талабы. Білім сапасын көтеруде инновациялық технологияларды дұрыс және сауатты қолдану жылдан жылға күрделі және өзекті мәселеге айналуда. Оқыту барысында озық, тиімді технологиялар тәжірибеге енгізілуде.

Бүгінгі күні біздің қоғамға проблемаларды шеше алатын, шешім қабылдайтын, сындарлы ойлайтын, идеялар мен өнімді пікір ұсына алатын және командада, топтарда тиімді жұмыс істейтін икемді, креативті және бастамашылық қабілеті бар жастар қажет. Сондықтан оқушылардың сөйлеу тілін дамыту мақсатында Оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдерді қолдануда «диалогтік оқыту» тәсілін басшылыққа алдым.

Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтың маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мерсер мен Литлон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатынын атап көрсетті. Зерттеулерде ересектермен интерактивті қарым – қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың балалардың оқуына және когнативті дамуына әсер ететіндігі айтылған.

Выготский когнетивті дамудың оқушылар өздерінің «Жақын арадағы даму аймағында» (ЖАДА) жұмыс істесе жағдайда жақсаратынын атап көрсетеді. Диалог барысында оқушылар нәтижеге жету үшін күш – жігерін жұмсайтын және Мерсер (2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы жүзеге асады [1].

Сабақта диалогтік оқытуды жүргізу барысында мынадай ерекшеліктерді байқауға болады оқушыларымыз сол сабақты талдайды, шешіле сөйлейді, ізденіс үстінде сұрақ қою арқылы білім алады.

Диалог бүгінгі таңда білім алуға, заманауи болуда ерекше қызмет атқарады. Диалог шын мәнінде оқушылардың бір-бірімен сұхбаттасуынан немесе оқушы мен мұғалім арасындағы пікір мен ой қорытындысын жүйелеу мен дамытуының көмектесуіне арналған амал. Бұл әдіс оқушының ой өрісін дамытумен қатар жан-жақтылыққа, өз ойын еркін әрі нақты жеткізуіне мүмкіндік жасайды. Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтың маңызды рөл атқаратынын көрсетті.

Сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлкен үлес қосады. Білім беру мен оқытудың әдістері мұғалімнің күнделікті тәжірибесімен байланысты. Осы жағдаяттарды ескере келе, әр сабақта диалогтік оқытудың маңызы оқушыларым үшін пәнге деген қызығушылықтарын одан әрі арттырады себебі осы тәсіл арқылы оқушыларымыз өз ойын еркін жеткізе алады. Диалогтік оқыту оқушылар арасындағы қарым-қатынастың жақсаруына ықпал етеді. Сыныпта өз ойларын еркін жеткізе де алмайтын үндемей отыратын оқушылар да өздерін бірте-бірте аша бастайды.

Сабақтың тақырыбы бойынша оқушылар өз ойларын ашық түрде білдіре бастайды. Басқа адамдардың да, өздерінің де жаңа бір идея туғызатындығына, оны өз ортасында салып айтуына болатынын түсіне бастайды. Жаңадан туындаған өз идеяларын,

пікірлерін дәлелдеуге қызығушылықтары артады. Бүгінгі таңда тіл мәселесі барлық білім ошағында көп мәселе туындатады. «Балалардың сөздік қорларын әрі қарай қалай жетілдіруге болады?» – деген сұрақ жалғыз мені емес, барлық мұғалімдерді де үнемі ойландырады. Сондықтан диалогтік оқыту оқушылардың тілін дамытуда сұрақтардың түрткі болуына, сынақтан өткізу және қайта бағыттау, тиімділігіне оңтайлы жол ашады.

Мерсердің зерттеуіне сәйкес әңгімелесу оқушылардың білім алуының ажырамас бөлігі болып табылады деп атап көрсеткен. Әңгімелесудің 3 түрі бар:

*1. Зерттеушілік әңгіме*
*2. Әңгіме-дебат (пікірталастық әңгіме)*
*3.Топтық әңгіме*

Зерттеушілік әңгіме жүргізілу үстінде:

1) әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады;
2) әркімнің идеясы пайдалы ретінде бағаланғанымен, мұқият бағалау жүргізіледі;
3) қатысушылар бір-біріне сұрақ қояды;
4) қатысушылар сұрақ қояды және айтқандарын дәлелдейді, осылайша әңгімеде дәлелдеме «көрінеді»;
5) топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысады (олар келісімге келуі де, келмеуі де мүмкін, ең бастысы – келісімге ұмтылу)

Әңгіме-дебат барысында:

1) ой-пікірлерде үлкен алшақтық болады және әрқайсысы өз шешімдерінде қалады;
2) ресурстарды біріктіруге бағытталған аздаған талпыныс жасалады;
3) қарым-қатынас көбіне «Иә, бұл солай», «Жоқ, олай емес» деген бағытта жүзеге асады;
4) Орта бірлесуден гөрі, көбіне бәсекелестікке бағытталған.

Кумулятивтік әңгіме (топтық әңгіме) барысында байқалатын жайлар:

1) айтылған пікірлермен тыңдаушылардың әрқайсысы механикалық түрде келісе беруі;
2) әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылардың өзгелер ұсынған қандай да болсын идеяларды төзімділікпен тыңдауы;
3) идея қайталанады және жасалынады, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді.[2]

Мерсердің әр түрге беріп кеткен сипаттамаларына сүйене отырып, өз тәжірибемде зерттеушілік әңгіме орын алғанын байқадым. Топпен не жұппен жұмыс жасау барысында, әр оқушы өз идеясы мен жауабын ұсынады, қалғандар оған сыни көзқараспен қарап, сұрақтар қойған сәтте, жауабын ұсынған оқушы тарапынан дәлелдемелер орын алып жатады.

Оқушылар жұппен не топпен жұмыс жасау барысында, әуелі идеялармен өзара бөліседі, содан соң бір-біріне сұрақ қою, яғни диалог арқылы жұмыстарын жүйеге келтіреді. Жұмыстарын қорғау кезінде, оқушыларға өмірде кездесетін қиындықтарды жеңе алу, кез-келген іс-әрекеттің белгілі бір жағдайға тигізетін әсері жөнінде ойларымен бөлісуге мүмкіндік беру мақсатын көздеп, қосымша сұрақтар қоямын. Балалардың жауаптарына сүйене отырып, оқушылардың мәселелерді шешудің тиімді жолдарын іздеп таба алатынын, болашаққа болжам жасай және шешім қабылдай алатынын байқадым. Осы сабақтағы оқушыларымның әрекеттестігін зерттей отыра, келесі қорытындыға келдім: «серіктестермен әңгімелесу» әдісі оқушыларды бір-бірінің ұстанымдары мен идеяларын жақсы танып білуге мүмкіндік бере отырып, жауапкершілікті, талапты болуға итермелеп, өз ойын дәлелді жеткізу қабілеттерін дамытып, оқушы бойында іскер адамға тән қасиеттерді оятады.

Өткізген сабақтарымның топтамасына сүйене отырып, диалогтік оқыту әдісі қолданылған сабақтарымның талдауын жасау арқылы, дұрыс құрастырылған сұрақ оқушының білімін тексеріп қана қоймай, оның ойлау, жүйелі сөйлеу, пікірін білдіру дағдысын да жаттықтыратынын, яғни әлеуметтік ортада өзін ұстай білу дағдысын қалыптастыратынын түсініп, келешек тәжірибемде диалогтік оқытуды жүйелі пайдалануды көздедім.

Кейінгі кезде мультимедиалық, гипермәтіндік, желілік және коммуникациялық ақпараттық технологиялардың пайда болуы шетел тілін тиімді оқыту үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашты. Мультимедиалық технологиялар мәтіндік құжаттарға, графикалық суреттер, дыбыс және бейне- көріністерін пайдалануға мүмкіндік береді.


Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бітібаева Қ. «Бір ғылымнан басқаның..» Оқу құралы.-Семей: «Үш биік» баспасы ЖШС, 2008.- 252 б.
2. Қали А.Т. «7 модуль әдістерін қолдана отырып көшбасшылық қалыптастыру». Әдістемелік көмекші құрал. Семей: «Зияткер» ҚҚ РБО., 2018-75 б.


## МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ЖАҢАША БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ


Қанатқызы З.

*Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжі, Талдықорған қаласы, zere.21@mail.ru*



***Аңдатпа.*** *Математика пәнін оқыту үдерісінде жаңаша белсенді оқыту әдістерін қолдану мақаласында жаңа мүмкіндіктерді пайдалана отырып, сабақты тиімді өткізу. Отандық білім беру саласын ілгерілетудегі басты мәселелердің бірі – әр түрлі өмірлік жағдайларда қажетті әмбебап құзыреттерді меңгерген, бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу. Әрбір ұстаздың басты міндеті – оқушыларға белгілі бір көлемде білім беріп қана қоймай, олардың оқуға деген қызығушылығын арттыру, оқуға үйрету.*

***Аннотация.*** *В статье рассматривается эффективное обучение с использованием новых возможностей об использовании новых активных методов обучения в обучении математике. Один из основных вопросов прогрессии отечественной сферы образования — воспитание конкурентоспособного человека, владеющего универсальными компетенциями, необходимыми в различных жизненных обстоятельствах. Главная задача каждого преподавателя – не только дать учащимся определённую сумму знаний, но развить у них интерес к учению, научить учиться.*

***Annotation.*** *The article considers effective training with the use of new opportunities for the use of new active methods of teaching mathematics. One of the main issues in the progression of the domestic sphere of education is the upbringing of a competitive person who possesses universal competencies necessary in various life circumstances. The main task of each teacher is not only to give students a certain amount of knowledge, but to develop their interest in learning, teach them to learn.*



*Тірек сөздер: оқыту әдістемесі, бағалау, оқыту, үйрету, білім беру*

*Ключевые слова: методы обучения, оценка, обучение, учить, образование*

*Key words: teaching methods, assessment, training, education, learn*


Оқыту әдістемесі – оқушыларға білім беру, танымын арттыру және дамыту, дағдыландыру мақсатында оқытушылардың қолданатын тәсіл-амалдары мен құралдарының жиынтығы. Бұл ұғымның анықтамасы мен әдістерді жіктеу турасында педагог ғалымдар арасында ортақ пікір қалыптаспаған. Педагогикалық әдебиеттерде оқыту әдістерінің 50-ден астам түрі көрсетіледі.

Қазіргі таңда Қазақстанда білім берудің жаңа жүйесі дайындалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге батыл қадамдар жасалынуда. Білім берудің мазмұны жаңарып, оларды технологиялық-педагогикалық тұрғыдан жетілдіру қажеттігі туындауда. Білім беру деңгейіндегі озық технологияларды пайдаланудың мақсаты – үйрете жүріп, үйрену.

Мұндай мақсатта мектептерде бірінші кезекте үйрену мен үйретудің басты әдістемесі мен технологиясы ретінде белсенді оқыту әдістемесін таңдауы қажет.

Мектептерде оқытудың белсенді түрлерін қолданудың төрт дәлелі бар:

1)белсенді түрде оқу мен сыни ойлау өмірде қолданыс табатын білім береді;

2)жүйелі ойлау тек қана белсенді түрде ғана сіңіріледі;

3) белсенді оқыту/оқу өздігімен білім алуды дамытады;

4) оқушылардың қызығушылығы мен ынтасы оқыту/оқуды белсенді тәсілдерін қолданғанда анағұрлым жоғары болады [3,448 б].

І. Елбасы Н.Назарбаев аталмыш Жолдауда «Өмір бойы білім алу – әрбір қазақстандықтардың жеке кредосына айналуы тиіс» деп бекер айтпаған да болар. Нәтижеге бағытталған білім оқу процесінде оқушыны бірінші орынға шығаруды талап етеді. Ал бұл ұстаным әрбір оқытушыға оқушыларды белсендіретін оқыту әдістемелерін қолдануды міндеттейді, өйткені бүгінгі күні оқу процесі бұрынғыдай «үйрету», «оқыту», «беру» сынды сыртқы ықпалды білдіретін етістіктерден құралмай, «ұйымдастыру», «жағдай жасау», «бағыт-бағдар беру», «басқару» сияқты ұғымдардан тұрады [1].

Міне, осы себептерге байланысты оқу процесінің негізін белсенді әдістемелер құрауы керек, әрбір педагог белсенді құралдар мен тәсілдерді өзінің әдістемесінің төрінен көруі қажет. Ағылшын тілінен келген «interactive» сөзі де осы ұғымды білдіреді. «Inter» дегеніміз «өзара» мағынасында, «act» - «әрекет жасау» дегенді білдіреді, яғни интербелсенді әдістер – үйренуші мен үйретушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер.

Басқаша айтқанда, «белсенді» дегеніміз біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. Ал «белсенді оқу» дегеніміз өзара қарым-қатынасқа негізделген оқыту, диалог арқылы үйрету.

Белсенді оқыту білім игеру процесін мынадай ұйымдастыруға ынталы:

1. Барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау.
2. Әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкіндік жасау.
3. Үйренушілер білімді өздігімен құрастыратын орта құру.

Белсенді оқыту – әрекет көмегімен және әрекет арқылы үйрету, ал мұндай ұстаным қомақты нәтижелерге жеткізетін ең тиімді жүйе деп есептелінеді, өйткені адамның жадында бірінші мезетте тек өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасағаны ғана қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций былай деген екен: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!».

Сол себепті де белсенді оқыту үйренушілердің оқу процесіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары мен тәсілдері ретінде таниды. Сондықтан да белсенді оқыту оқу процесінің тиімділігі мен нәтижелігін үйренушілердің есте сақтау дәрежесімен өлшемей, олардың әрекеттерімен бағалайды, тек әрекет арқылы ғана үйрену ықтимал деген қағида ұстанады [2,45 б.].

Белсенді оқуда/оқытуда келесі шарттарды қадағалау міндетті деп тану керек: жағымды психологиялық орта орнату; үйренушілерде білім игеруге деген қызығушылықты (мотивация, ынта, ұмтылыс) тудыру; білім игеруде үйренушілерді сәттілікке бағыштау; білім игеру үрдісін коммуникативтік процесс деп түсініп, бірлескен әркеттерді қолдану.

Белсенді оқытуды ұйымдастыру ережелері:

1.Сыныпты жұмысқа дайындау.
2.Топқа бөлу.
3.Мақсаттарды және күтілетін нәтижелерді айқындау.
4.Жұмыс ережелерін қабылдау.
5.Сенім және жұмыс атмосферасын қалыптастыру.
6.Барлық үйренушілер жұмысқа қатысуы керек.
7.Тыңдай білу: барлық пікірлер тыңдалуы керек.

8.Жазбаша жұмыстар.
9.Кері байланыс.

Әр сабақта келесідей дидактикалық тәсілдерді қолданған тиімді: Ой қозғау, Т-кестесі, Венн диаграммасы, Болжау, Кластерлер, Синквейн, Салыстырмалы диаграмма, Оңай және қиын сұрақтар кестесі, Ойлан, жұптас, пікірлес, Алдын-ала берілген атаулар, Үлкен шеңбер, Қос шеңбер, Атаулар туралы үш сұрақ, Еркін жазу, Білемін, білгім келеді, білдім, Дөңгелек үстел, Үш қадамды сұхбат, Топтық зерттеу, Кең көлемді лекция, Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою, Қос жазба күнделігі, Үш жазба күнделігі, Белгі қойып оқу (INSERT), Жигсо, Қайшыланған пікірталас, Аквариум, Эссе және басқалар.

ІІ. Ұстаз мұнда «білім көзі» емес, ол – білімге апаратын жолды нұсқаушы, ол тек қажет кезде ғана шәкіртіне жәрдемдеседі, сұрақ қояды, тапсырма береді, ақпарат ұсынады.

Дәстүрлі оқыту мен белсенді оқудың айырмашылықтары:
Дәстүрлі білім беру - білімді жинақтауға негізделеді. Оқыту, үйрету, білім беру.
Белсенді оқу – білімді өздігімен игеруге негізделеді. Оқу, үйрену, білім алу.

Қазіргі кезеңдегі кез-келген педагогикалық технология оқушылардың белсенді ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Белсенді сабақтарды ұйымдастыруда кең тараған құрылымдардың бірі Дэвид Колбаның эмпирикалық таным циклы. Бұл төрт фазадан тұрады, яғни бірінші фазада нақты проблема немесе тәжірибе белгіленеді, екінші фазада бақылау және ой қорыту жасалады, үшінші фазада рефлексия негізінде жаңа тұжырымдар қалыптастырып, оны төртінші фазада тәжірибеде тексеріп қарайды.

Өз тәжірибемде қолданатын оқушылардың белсенділіктерін арттыратын белсенді тәсілдер: Миға шабуыл, Блиц-сұрақ, Кластер, Синквейн, Салыстырмалы диаграмма, Пазл, Ойлан, жұптас, пікірлес, Білемін, білгім келеді, білдім, Белгі қойып оқу (INSERT), Жигсо, Эссе, Жұппен, топпен жұмыс, Рөлдік /іскерлік/ ойын, Пікірталастар, Рефлексия, Аквариум, Карусель, Есептер акуционы, Аяқталмаған сөйлем.

Белсенді оқыту технологиясының аса көп мөлшері белгілі. Әр ұстаз өз бетінше оқу материалының мазмұнына орай, топтың дайындық деңгейіне орай әртүрлі оқыту әдістерін таңдап алады. Соның ішінде математика сабақтарында қолдануға болатын кейбір интербелсенді әдістерге тоқталғанды жөн көрдім.

«Ми шабуылы», «ми штурмы» («дельфи» әдісі) – бұл әдіс, берілген сұраққа кез-келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Шағын топтардағы. Ұжымдық оқытуда топтық жұмыстың орны ерекше. Топ мүшелері әрқашан ауысып отыруы керек. Топқа оқушылар өз қалауымен, еркімен кіре алады, не қағаз қиындылары, ұқсас ерекшеліктер, сап түзеу, жағымды сөздер, санамақ, команда таңдау, картамен топқа бөлу, не оқытушы алдандағы мақсаттың ауыр, жеңіліне, оқушылардың білім дәрежесі, іскерлігіне қарай өзі топтастырады. Топтасқан оқушыларға бір есепті шешу, дәлелдеу ұсынуға, не әр топқа әртүрлі есептер ұсынуға болады. Бір мәселені әр топ әр жағынан қарастыратын болса, соңынан бірлесіп қорытынды жасайтын іздендіру бағытындағы тапсырмалар жүйесі берілуі керек.

Белгі қойып оқу (INSERT-Interactive Noting System for Effective Reading and Thinkeng– тиімді ойлау мен оқуға арналған белілеудің интербелсенді жүйесі) – жаңа мәліметті игерудің белсенді тәсілі. Оқушылар дәрісті тыңдағанда жекелей кестені толтырып отыруы тиіс:

Бірінші («қанатша») бағанға оқушылар дәрісте кездестірген өздерінің бұрыннан білетін таныс мәліметтерді келтіреді.

Екінші («плюс») бағанға оқушылар осы дәрісте өздері үшін жаңа болып табылатын ақпаратты
жазады.
Үшінші («минус») бағанға осы дәрісте келтірілген қандай ақпараттың олардың бұрыннан білетініне қайшы келгенін жазады.
Төртінші («мен») бағанға тақырыптың оқушыға қалай септік тигізіп, қандай пайда келтіретіндігін жазады.
Дәрістің әр бөлігінен кейін оқушылардың өз кестелерін салыстырып, өзара талқылау жүргізіп отырғандығы орынды. Ал оқытушы бұл тәсілді шығармашылық тұрғыдан қарастырып, оған өзгертулер енгізуге болады.
Мысалы, алгебра пәнінде «Сызықтық теңдеулер жүйесін шешу» тақырыбы бойынша оқушылар келесі түрдегі кестені жазуы мүмкін:

| v | + | - | мен |
|---|---|---|---|
| «Бұрынан білемін» | «Жаңа ақпарат» | «Менің ойлағаныма қайшы, кереғар» | «Қайда қолдана аламын» |
| Теңдеулер жүйесін шешудің қосу және алмастыру тәсілдері | Теңдеулер жүйесін шешудің графиктік тәсілі | Теңдеулер жүйесінің басқа тәсілдері болмайды деп ойлаушы едім. Мен білгеннен де басқа әдістер бар екен. | Есептерді тиімді тәсілмен шешуде |

*1-сурет*

Ойлан, жұптас, пікірлес – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған белсенді тәсіл.

Тақтада сұрақ/тапсырма/есеп жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен орындағанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Оқытушы екі-үш жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрауға болады. Бұл тәсілді математикадан коллоквиум жүргізгенде қолданған тиімді.

Шағын лекциялар. Шағын лекциялар теориялық материалды ұсынудың тиімді материалдарының бірі болып табылады. Оны бастар алдында алдыда тұрған тақырыппен байланысты, ми штурмын немесе рөлдік ойынды өткізу қажет, ол қатысушылар үшін оның маңызын арттырады, оларды ақпараттандыру дәрежесі мен тақырыпқа қатынасын анықтайды.

Материал қатысушылар үшін ұғынықты тілде мазмұндалады. Әрбір терминге анықтама беру қажет. Теорияны «жалпыдан жекеге» қағидаты бойынша түсіндірген дұрыс. Келесі сұраққа көшер алдында айтылғандардың бәрін жинақтау және сіздің дұрыс түсінгеніңізге көз жеткізу керек.

Кері байланыс. Кері байланыс қатысушылардың талқылап отырған тақырыптарының реакциясын ұғынуға, оқуды ұйымдастыру мен өткізудің кемшіліктері мен артықшылықтарын көруге, нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді.Қатысушылар (ерікті түрде) өткізілген жаттығулар, ақпараттық блок, нақты күн немесе барлық тренинг бойынша өз ойларын айтуды ұсынады.

Әрқайсысының сезімдері мен қобалжуларына назар аударып отыру маңызды. Барлық айтылған пікірлер оқытушы тарапынан да, басқа қатысушылар тарапынан да үнсіз, даусыз, түсініктемесіз және сұрақсыз тыңдалуы тиіс. Әрбір сөйлеушіге айтқандары үшін алғыс айтқан дұрыс. Басқалармен тең дәрежеде оқытушыға да кері байланыс ұсынған дұрыс.

Кластерлер (ағл. Cluster - «жүзімнің шоқтары» деген мағынада) – идея мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Мұнда негізгі тақырып (тірек сөз, басты идея) тақтаның (дәптердің) ортасына шеңберге жазылады да, одан туындайтын тақырыпшаларды оқушылар оның жан-жағына жазып, шеңберлеп бір-біріне қосады да, өз-ара байланыстары туралы әңгімелейді. Кластерлер оқушының жеке орындауынан басталып, одан кейін жұмыс жұпта немесе шағын топта (4-6 адам) жалғасады.

Мысалы, алгебра және анализ бастамалары пәнінен «Анықталмаған интеграл» тақырыбында тақта ортасына «Анықталмаған интеграл» деп жазып қою керек, ал оқушылар айналасына білгендерін сөз, сөздер тіркесі түрінде жазады. Олар: алғашқы функция, интегралдаудың үш ережесі, айнымалы ауыстыру әдісі, бөліктеп интегралдау әдісі, алынбайтын интегралдар, рационал функцияны интегралдау, иррационал функцияны интегралдау, тригонометриялық функцияны интегралдау болуы мүмкін.

Мұндай кластерді тақырыпты қорытындылау бөлімінде рефлексия түрінде беруге болады, сонда оқушылардың тақырыпты қалай меңгергендіктері байқалады.

Синквейн (ағл. cinquain) – бес жолдан тұратын тақпақ. Мұнда оқушыға оқу материалын қысқаша түйіндемелеу талап етіледі. Бірінші жолда – синквейннің негізгі мазмұнын құраушы бір негізгі сөз (ұғым); екінші жолда – берілген ұғымды сипаттайтын екі сын есім; үшінші жолда – ұғымның әркетін көрсететін үш етістік; төртінші жолда – автор өз қатысын көрсететін қысқа сөйлем; бесінші жолда – ұғымға қатысты өз сезімін, ассоциясын сипаттайтын бір сөз (көбінесе зат есім).

Мысалы, алгебра және анализ бастамалары пәнінен «Функцияны зерттеу» тақырыбын өткеннен кейін синквейн құрауға болады. Ол келесі түрде болуы мүмкін

Функция. Бірсарынды, жұп (тақ). Өседі (кемиді), анықталу облысын қамтиды, дифференциалданады. Функция анықталу обысының кез келген нүктесінде үзіліссіз. График.

Пазл (ағл. puzzle) – тең емес бөліктерден сурет құрастыратын балалар ойыны. Бұл әдіс бойынша тапсырмалардың орындалуын ойын түрінде өткізуге болады. Оқыту барысында өтілген материал карточкаларға жазылады, бірақ әрбір карточкада келесісін іздеуге бағытталған мәлімет болуы тиіс.

Математика сабағанда есептер шешуде формулалармен жұмыс жасағанда, теоремаларды, анықтамаларды бекітуде, қайталау сабақтарында қолдануға болады. Бұл әдісті оқытудың кез келген бөлігінде қолдануға болады, ол жеке не топтық жұмыс болуы да мүмкін.

III. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу, математиканы қызығырақ, түсініктірек оқыту мүмкін емес. Белсенді әдіс-тәсілдерді меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсер тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі

1.Назарбаев Н.Ә. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!/Қазақстан халқына Жолдау. – Егемен Қазақстан, 29 қаңтар, 2011 жыл.

2.2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010. – 45 б.

3.Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану мәселелері. – Алматы, 2013.- 448

# ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Кенешева Эльмира Маратовна
*Коксуский сельскохозяйственный колледж,*
*Ескельдинский район, Алматинская область*
Kenesheva_elmira@mail.ru

***Аннотация.*** *В статье предпринята попытка анализировать некоторые современные Цифровые образовательные ресурсы и применение их на уроках русского языка и литературы*

*Ключевые слова, цифровые ресурсы, электронные материалы, методика преподавания, русский язык, технологии.*

***Андатпа.*** *Мақалада кейбір заманауи сандық білім беру ресурстарын талдауға және оларды орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында қолдануға әрекет жасалды*

*Тірек сөздер: цифрлық ресурстар, электрондық материалдар, оқыту әдістемесі, Орыс тілі, технологиялар.*

***Abstract.*** *The article attempts to analyze some modern Digital educational resources and their application in Russian language and literature lessons.*

*Keywords: digital resources, electronic materials, teaching methods, Russian language, technologies.*

Цифровые образовательные ресурсы представляют собой дидактические материалы по конкретной учебной теме в соответствии с типовой учебной программой по дисциплине. Они включают мультимедийную интерпретацию по определенной теме учебного предмета, интерактивные задания и тестовые вопросы.

Структуру цифровых образовательных ресурсов учитель может использовать в процессе обучения: при объяснении нового материала, при оценке уровня закрепления и усвоения материала, при самостоятельном обучении, выполнении и самооценке. При работе над домашними заданиями с цифровыми образовательными ресурсами характерно глубокое мышление, возможность вернуться к прошлым эпизодам – это помогает в полном понимании и запоминании материала.

Использование цифровых образовательных ресурсов позволяет преобразовать урок, сделать его насыщенным по содержанию, обеспечить наглядность обучения, увеличить темп урока, вызвать мотивацию к обучению, управлять самостоятельной работой учащихся на новом организационном уровне, повысить индивидуализацию обучения; оценивать результаты работы учащихся с помощью компьютерного тестирования, автоматизировать процесс проверки ответов, минимизировать субъективное мнение учителя.

Использование цифровых образовательных ресурсов может создать благоприятные условия для осуществления самостоятельной деятельности учащихся, формирования навыков самообразования, самосовершенствования.

Основная часть

Необходимость использования цифровых образовательных ресурсов (ЦОР) в учебном процессе не вызывает сомнений, так как современные обучающиеся активно используют современные информационные технологии (персональный компьютер, сервисы Интернет, электронные учебники и т.д.), они воспитаны на аудио и видео продуктах, компьютерных играх и других элементах компьютерной культуры. Поэтому процесс обучения должен быть полноценным, а для этого важно, чтобы каждый учитель мог подготовить и провести урок с использованием различных электронных образовательных ресурсов. При рациональном использовании ЦОР улучшаются условия труда, как учителя, так и обучающегося: урок становится более ярким, увлекательным,

насыщенным, более эффективным, трансформируется учебное пространство и время, значительно расширяется иллюстративный материал. ЦОР создает проблемные ситуации и организует поисковую деятельность учащихся, усиливает эмоциональный фон обучения, формирует учебную мотивацию у обучаемых, индивидуализирует и дифференцирует учебный процесс.

Целями использования ЦОР на уроках русского языка и литературы являются:
- создание мотивации;
- повышение качества образования для всех;
- доступность;
- экономия времени;
- эффективность;
- формирование универсальных навыков.

В своей педагогической работе стараюсь использовать все цифровые образовательные ресурсы:
- образовательные ресурсы Интернет,
- готовые цифровые образовательные программы,
- различные электронные программы,

Мне бы хотелось остановиться на тех ресурсах, которые чаще всего я использую на уроках:

1. Создание наглядных методических пособий средствами PowerPoint.
Презентации можно использовать и при объяснении нового материала, и при закреплении знаний, и при выполнении творческих заданий. В презентацию можно вставить всё, что только возможно: и рисунки, и схемы, и тесты, и видео. По сравнению с другими ресурсами презентацию можно считать универсальным.
2. «Виртуальная книга», виртуальное путешествие помогает увидеть много неизведанного на уроках литературы, позволяет читать художественную литературу в электронном виде, если нет в библиотеке.
3. Электронные учебные пособия: репетиторы, тренажеры, программы, интерактивные коллекции, словари, справочники; электронные издания для контроля знаний учащихся, ресурсы электронных библиотек и баз данных.
4. Видео и аудио информация (звукозаписи стихотворений, текстов дидактического речевого материала, музыкальных произведений, звуков живой и неживой природы, синхронизированные видео и аудио объекты).
5. На уроках литературы использую аудиозапись литературных произведений для прослушивания в исполнении самих авторов, а также профессиональных актеров, таких как: Ильинский, Литвинов, Пожаров и др. Такое прослушивание оказывает плодотворное влияние на развитие устной речи учащихся, углубление представлений и понятий, имеющихся у детей, более образному восприятию всего произведения в целом. «Звучащая книга» повысит интерес обучающегося к литературе, будет способствовать успешному решению задач обучения выразительному чтению.

На уроках русского языка при изучении определённой темы также пользуюсь аудио фрагментами, выдержками аудиозаписей из художественных произведений для выполнения заданий. Например, по теме «Обращение» предлагается найти обращения из аудио отрывка произведений А.П.Чехова «Толстый и тонкий».

6. Одним из сервисов, достаточно продуктивным и лёгким в использовании, является сервис learningapps.org https://learningapps.org/index.php? ("Лернинг Аппс") - полностью бесплатный русифицированный онлайн-сервис из Германии, позволяющий создавать интерактивные упражнения для проверки знаний.

Он предоставляет возможность учителю и самим учащимся создавать интерактивные учебно-методические пособия.

Интерактивные задания этого сервиса можно использовать при проверке знаний учащихся в качестве текущего контроля, при обобщении и повторении темы, во

внеклассной работе по предмету. Игровая форма способствует познавательной активности учащихся, повышает мотивацию учащихся к предмету.

На сайте имеются готовые интерактивные упражнения, систематизированные как по популярности, так и по предметным областям. Здесь представлено 34 макета для создания интерактивных дидактических материалов. Макеты распределены по блокам в зависимости от вида деятельности: выбор, распределение, последовательность, заполнение, онлайн игры, инструменты. Если нет времени, можно использовать готовые задания по теме. Этот сайт полезен тем, что не только учитель, но и обучающийся может создать интерактивное упражнение.

Все шаблоны от сервиса Лернинг Аппс можно наполнить своим содержанием. Для создания заданий не требуется никаких инструкций. С помощью готовых шаблонов, которые рассматриваются на платформе, можно пошагово освоить конструирование заданий.

Здесь можно создать свои задания различного типа (игры на развитие памяти, кроссворды, викторины с выбором правильного ответа, тесты, найти пару и установить соответствие).

Например: урок «Русский язык и литература» 1 курс, тема А. Платонов рассказ «Песчаная учительница».







На уроках закрепления и обобщения полученных знаний для контроля и аттестации учащихся можно использовать различные тесты. Это тесты, предполагающие ввод ответа в той или иной форме и его автоматическую проверку. Для проведения тестирования можно использовать сервис Kahoot. Kahoot! — игровая обучающая платформа, используемая в классе в школах и других учебных заведениях. На сайте предоставлен каталог игр «Kahoots», каждая из которых является викториной, содержащей вопросы с несколькими вариантами ответов. Время ответа на каждый вопрос ограничено примерно 30-60 секундами.




Google Формы — онлайн сервис для создания форм обратной связи, онлайн тестирований и опросов. В Google Формах временных ограничений нет.






Заключение

Из вышесказанного можно сделать вывод, что систематическое и целенаправленное использование ЦОР на уроках русского языка и литературы повышает заинтересованность учащихся в обучении. В целом стимулирует разнообразие творческой деятельности учащихся, дает возможность увеличения объема информации, воспитывает навыки самоконтроля, повышает интерес к предмету. Следовательно, будет повышаться и качество знаний по предмету.

Список литературы:

Малышкина Н.А. Использование ЦОР на уроках русского языка // (С) Вопросы Интернет образования, 2011

Селевко А.И. Современные образовательные технологии: учебное пособие/Г.Селевко. – М.: Народное образование, 1998.

http://nachalnaja.26206s013.edusite.ru/p15aa1.html

http://festival.1september.ru/articles/

1https://prezi.com/p/7gmyjr77-gvq/presentation

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ КӘСІПТІК ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА

Сыдыкова Альбина Еримханкызы
*Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі,*
*Өскемен қаласы, albina_83g@mail.ru*

*Тірек сөздер: Тіл-өнер, жаңартылған, әдіс-тәсіл.*

***Аннотация:*** *Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту өте маңызды өзгерістердің сатысында тұр. Білім беру мазмұнын жаңарту-сапалы білім, жарқын болашаққа негізделп, бірқатар жетістіктер формуласын ұсынған үлгі және оқу-тәрбиелік үрдісті жан-жақты жаңа әдіс-тәсілдермен ұштастыру болып табылады.*

Қашан да игістің басы – тіл. Өнер алды – тіл. Тәрбиенің де, әдептің де басы – тіл. Ақыл мен білімнің тілмашы да – тіл. Ендеше, адамның құты – тілден. Әйгілі философ-жазушы Әбіш Кекілбайұлы айтады: «Жалпақ әлемді ауызыңа карату үшін, рухани ерлік керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін, рухани байлық керек» деп. Біздінше, рухани байлық, рухани ерлік тұлғаның тұла бойына тіл арқылы дарымақ. Демек,

жақсылық та – тілден, жамандық та – тілден. Ал көптілділік – бүгінгі заман талабы. Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкеңестікке шыққан заман тілдерді білуді талап етеді.

Оқыту үрдісіндегі жаңа әдіс-тәсілдер оқу мазмұны мен білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдап, оқытудың озық технологияларын жан-жақты меңгеру үшін ізденіп, өзін-өзі дамыту, сауатты, жан-жақты маман болу колледж оқытушыларына қойылатын заманауи талап.

Кәсіптік білімнің сапалы жаңару бағыттарының бірі – кәсіби міндеттерді жүйелі шешу үшін арнайы және тілдік пәндердің мүмкіндігін саналы түрде қолдана алатын мамандарды дайындау болып табылады. Осыған тек пәнаралық бірігу (интеграция) негізінде ғана жетуге болады. Пәнаралық бірігу білімді дүниетанымдық жалпылау негізінде білім беру міндеттерін шешуге бағытталған әр түрлі оқу пәндеріне бірыңғай көзқарасын қамтамасыз етуге міндеттеледі. Сондықтан кәсіби қазақ тілі оқытушысы тек «өз» пәнінің теориялық білімін меңгеріп қана қоймай, арнайы пәндердің түрлі кәсіптік сұрақтарын шешу бойынша кеңес берудің заманауи әдістерін де білуі тиіс. Колледжде тілді оқып үйрену тек тұрмыстық қана емес, сонымен қатар кәсіби деңгейде де үйренуді қарастырады. Кәсіби бағытталған тілдік білім берудің басты мақсаты – тілдік білімді меңгерудің жоғарғы деңгейіне жету, білім алушылардың тіл мен арнайы пәндердің біліміне сүйенетін іскерлік пен дағдыны қалыптастыру.

Бүгінгі таңда колледж бірнеше мамандықтар бойынша мамандар даярлауда. Осы мамандардың мемлекеттік тілді жетік меңгеруі үшін кәсіптік қазақ тілі сабақтарын жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізуге аса зор мән берілуде. Кәсіптік қазақ тілі сабағы орыс топтарында мамандықтарына қажетті сөздік қорын байыту арқылы ерекшеленеді. Тіл үйренуде тілдік элементтерді дұрыс қолдану, практикалық жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру олардың ойлау қабілетімен сауаттылығын арттырады. Күнделікті сабақ барысында тілді үйренуді жеңілдету мақсатында білім алушының айтылым және жазылым дағдысын қалыптастыру, шығармашылықпен жұмыс істеу қолға алынып, бағыт-бағдар беріледі.

Қазақ тілін мамандықтарына бейімдеп оқытудың жолдарын – «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығында өткізіліп жүрген жұмыс үлгілерін ұсынамын. Болашақ спорт мамандары үшін қазақ тілінде «Спорттық ойындар», «Қазақтың ұлттық ойындары», «Олимпиада алауы», «Адамның дене мүшесі», «Балабақшадағы жаттығу түрлері», «Жаттығу жасаудағы негізгі қимылдар» т.б. тақырыптардағы мәтіндермен жұмыс түрлері қамтиды. Өздерінің тікелей мамандықтарына байланысты мәтіндер білім алушылардың қызығушылығын туғызады. Оқыту кәсіптің ерекшелігіне байланысты білім алушылардың коммуникативтік-әрекеттік қажеттілігінің есебімен жүргізіледі. Қазақ тілін оқытуда оқытушы білім алушының таңдаған мамандықтарына байланысты тапсырмалармен пәнге деген қызығушылығын арттыру керек. Мәтіндерді іріктеуде білім алушылардың сауаттылық деңгейін, танымдық, логикалық ой-өрістерін, білім-білік дағдыларын қалыптастыру ғана емес, тәрбиелік те мақсат көзделеді.

Қазіргі кезде оқу орындарында материалдық-техникалық база мен компьютерлік техниканың қарқынды дамуының арқасында оқытудың тиімді әдістерінің бірі-демонстрациялау әдісі жиі қолданылады. Демонстрациялау білім алушылардың динамикалық бейнелерді көрнекі түрде ұсынуға негізделген оқытудың әдісі болып табылады. Мысалы, қазақ тілінен «Адамның дене мүшесі» тақырыбын өту барысында білім алушыларға үй жұмысына «Дене мүшелері және атқаратын қызметтері» жайлы тұсаукесер жасап келу тапсырмасы берілген болатын. Дене мүшелерін атап қана қоймай, олардың атқаратын қызметі туралы да материалдары ұсынылды. Білім алушылар интерактивті тақтаның көмегімен дене мүшелерін қозғалту арқылы жасалатын сергіту жаттығуларының түрлері жайлы айтып берді.

Орыс топтарында білім алушылардың тілді білу деңгейі әртүрлі дәрежеде сол себепті тілді үйретудегі басты мақсаттарды жүзеге асыру үшін жаңа оқу форматындағы әдіс-тәсілдердің маңызы зор. Білім алушының мектеп қабырғасынан оқып келген білім деңгейі мен жаңа білімді ұштастыруы, оның тілді білу деңгейін көрсетеді. Мысалы: «Олимпиадалық ойындар» тақырыбы бойынша **«Болжау әдісі»** – арқылы жаңа сабақтың атауын шығаруға өте қолайлы. Тақырыпқа байланысты бейнероликті көрсетіп, кідіріс жасап, білім алушыларға сұрақтар қоямын:

1. Қандай ойын түрлері туралы айтылған?
2. Олимпиадалық ойындар жылдың қай мезгілдерінде өткізіледі?
3. Кезекті олимпиадалық ойындар қай елде өткізіледі? т.б.

қойылған сұрақтарды жұппен, топпен талқылатамын. «Болжау әдісі»- тілді үйренуге қызығушылықтарын туғызып, ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыра отырып, ой салу әдісі.

«Бермуд үштағаны» ойыны. Еденде бермуд үшбұрышы сызылады. Әрбір бұрышына «О», «Қ», «А» әріптері қойылады. О – орысша, Қ-қазақша, А –ағылшынша дегенді білдіреді. Алдымен орыс тілінде сөз айтылады, білім алушы қазақ тілінде, содан соң ағылшын тілінде аудармасын айту керек, және әріптермен жылжып алға жүру керек. О-Қ-А. Егер де қазақ не ағылшын тілінде аудармасын айта алмай қалса, бермуд үшбұрышы жоғалып кетеді. Ал егер үш тілде аудармасын тапса, бермуд үшбұрышынан аман-есен шығады.

| | |
|---|---|
| спорт– спорт – sport | Мячь- доп –ball |
| упражение -жаттығу – warming-up | *Футбол- футбол-football* |
| турник – турник – horizontal bar | тренер -жаттықтырушы-coach |
| бегать - жүгіру-run | Нұсқаушы- инструктор- trainer |
| прыгать - секіру – jump | *Волейбол –волейбол*-volleyball |
| подтягивание- тартылу, өрмелеу – pull-up | гирь – кіртас-dumbbells |

Сабақта өтілген грамматикалық- лексикалық тақырыпты меңгеру деңгейін "Ашық микрофон", «Кубизм» немесе «Қар кесегі» әдіс-тәсілдерімен кері байланыс жасауға болады. «Қар кесегі» әдісін білім алушылардың өздеріне де ойнатуға болады. Бокс- бокс-boxing, круг- шеңбер –circle, медаль-медаль- medal, эстафета- relay race. Бұл тапсырма білім алушының бір –бірін өзіндік тексеруге өте қолайлы, сөздік қорын толықтырады, сабақтың сапасын арттырады, шығармашылық ойлау қабілетін дамытады.

«Кубизм» - әдісін қолдану барысында, алдымен білім алушыларды екі топқа топтастырып. Берілген кубтың 6 жағы бар, әрқайсысында дене шынықтыруға қатысты спорт түрлер, спорттық құралдар т.б. кез-келген суреттер көрсетілген. Кубты тастаған кезде, қай беті жоғары қараса, сол беттегі суретте не көрсетілгені, маңыздылығы немесе мінездеме беру керек. Ең бастысы білім алушылар өз тобының мүддесі үшін жауабын толық және накты беруге талпынады.

«Рөлдік ойындар» немесе диалог құру- әлеуметтік коммуникацияның негізгі формасы болып табылады, ол білім алушыларды өз ойларын білдіруге, өз көзқарасын қорғай білуге үйретеді. Диалог оқытудың әдісі қазақ тілі сабақтарында білім алушылардың кәсіби тілін байытып қана қоймай, болашақ кәсібінде кез келген жағдаяттарды оңай шеше білуге үйретеді. мәселен, «Спортқа қажетті құралдар сатылатын дүкенде», «Бассейнде», «Автобуста», «Кітапханада»», «Саябақта» т.б. тақырыптарда диалог түрінде әңгімелесулер өткізеді. Әр сабақ үстінде әр тақырыпқа байланысты 3-4 жұптан сұрап тұрған артық етпейді. Ол оқушылардың тілдерін жаттықтырып, оларды жүйелі сөйлеуге дағдыландыра түседі. Мысалы: «Sportland» спорт тауарларының дүкені туралы мәтінмен жұмыс түрлері. Мәтін бойынша тапсырма: жеке сөздерден сөйлем құра. Сөйлемді үлгідегі формула бойынша жаз. Sportland — Қазақстанның бүкіл аумағында орналасқан спорт тауарларының дүкендер желісі. Sportland-та сіз әрдайым шаңғылар,

конькилер, роликтер, доптар, шомылуға арналған көзілдіріктер, скейттер, самокаттар, спортпен кәсіби-деңгейде айналысушыларға арналған киімдер мен аяқкиімдер, сондай-ақ әлемдік танымал спорт брендтерінің сәнді коллекциялары. Sportland-табоксқа арналған тауарлардан бастап гольфқа арналған доптарға дейін әркімнің талғамына сай келетін барлық зат бар. Sportland дүкендері жастарға, белсенділерге және күшті адамдарға арналған. Мұнда өмірді қызыққа толы және жарқын ету үшін барлық шарттар жасалған. Ассортиментте алуан түрлі бағадағы күнделікті және спорт киімдері, аксессуарлар мен спорт құралдары бар. Сенімділіктің ең үздік кепілдігі — Sportland компаниясының спорт тауарлары рыногында көпжылдардан бері жұмыс істейді. (сілтеме**:** sportland.kz).

Үлгі: 1А -2Ә -5Б-2В

| | А | Ә | Б | В |
|---|---|---|---|---|
| | Sportland | гольфқа | скейттер | арналған |
| | Дүкенде | Қазақстанның | Sportland | дүкені |
| | Боксқа | кепілдігі | арналған | сатылады |
| | Дүкен | доптар | белсенділерге | доптар |
| | Сенімділіктің | жастарға | спорт | компаниясы |

Оқытушы мұндай сабақ кезінде жай ғана бақылаушы болады.

Сабақты қорытындылау үшін «Синквейн» бес жол өлең құратуға болады. Мысалы: «ойын» сөзін алайық:

| Қазақша | Орысша | Ағылшынша |
|---|---|---|
| Ойын<br>Қызықты, көңілді<br>Ойнайды, озады, жеңеді<br>Ойын –балалыққа шақырады<br>Сауық | Игра<br>Весёлая, захватывающая<br>Играет,выигрывает, побеждает<br>Игра –приглашает в детство<br>Забава | Play<br>Funny, catching<br>Plays, wins, overcomes<br>Game invites into Childhood<br>Fun |

Білім алушылардың арасында тақырыптарға байланысты «полиг-лото» интелектуалдық ойыны ойнатылады. 3 тілде сұрақтар қойылып, білім алушылар үш тілде жауап береді. Қазақ тілі сабақтарында мамандықтарына байланысты пайдаланылған материалдардағы кәсіби сөздерді сөздеріктеріне жазып, сөздік қорларын толықтыру үнемі ескертіліп айтылып отырады. «Спорттық ойындар», «Ұлттық ойындар», «Қазақстанның олимпиада чемпиондары», «Адамның дене мүшелері», «Дене шынықтыру жаттығулары» тақырыптарында үш тілде сөздік жинағын құрастырылуда.

Қорыта келгенде, қазақ тілі сабағанда білім алушылардың сөздік қорын байыту, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру нәтижесінде білген-үйренгенін өзінің күнделікті өмірінде пайдалануға дағдыландырады. Түрлі әдіс – тәсілдерді ұтымды, жүйелі қолдану – білім алушының білімінің тиянақтылығын және тереңдігін, белсенділігі мен қызығушылығын арттырады. Колледж студенттері үшін кәсіби қазақ тілін оқып үйрену - болашақ мамандықты меңгеру құралы ғана емес, сонымен қоса кәсіби қызметтің динамикалық құбылмалы жағдайларға тез бейімделуіне мүмкіндік беретін білікті кәсіби-бағдарлы қарым-қатынасты іске асыру мүмкіндігі деп білемін. Демек, «Тілі бірдің-тілегі бір», «Тіл тағдыры-ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі – тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету қазақстандықтардың ортақ парызы. Жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығулары мен ұмтылыстарын, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу мақсатына өз үлесімнің бар екендігін мақтан тұтамын!

Әдебиеттер тізімі

1.Солташұлы Ы 2. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Заман Талабы – көптілді болу. // Ақиқат. 26 қараша- 2012 ж. № 11. 14-15 б.
3. Жаминова Р.Ж. Модульдік оқыту технологиясын қолдана балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру. // Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістер. II халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. II том. Астана-2012 ж. 115-120 б.
4. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению,2-е изд. – М.: Просвещение, 1991. – 116 б.
5.Педагогика мәселелері ғылыми-теориялық журналы

## АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА Б. БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Ускембаева А.Т.
*Талдықорған сервис және технология колледжі, Талдықорған қ.* akmysk@mail.ru

***Аңдатпа.*** *Мақалада Б. Блум таксономиясының мүмкіндіктері ағылшын тілі сабағында қаралған.*
*Тірек сөздер; оқыту, таксономия, пайдалануы*
***Аннотация*** *В статье анализируется возможности использование таксономии Блума на уроках английского языка.*
*Ключевые слова: обучение, таксономия, использование*
***Annotation.*** *Using B Bloom's taxonomy in English lessons*
*Key world: learning, taxonomy, usage*

XXI ғасырда өмір сүретін адам үшін сыни тұрғыдан ойлау маңызды. Сыни тұрғыдан ойлауға үйретудің басты себебі маңызды шешімдер қабылдау үшін ойлау қажет деп санауға болады. Көптеген зерттеулер қазіргі заманғы оқу процесінде мектептер, колледждер, университеттер және т.б. түлектерінің әлемдік экономиканың өсуіне ықпал етуге және демократиялық процестерге қатысуға мүмкіндік беретін білімі мен дағдыларына ие болуына қол жеткізу қажеттігін көрсетті. Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру барысында студенттер ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастырады және дамытады, тез ойлау, стандартты емес шешімдер қабылдау қабілеті, проблемалық көріну, ұтқырлық, ақыл-ойдың икемділігі, ақпараттық және коммуникативті мәдениет, яғни сыни ойлау сияқты жеке қасиеттерді дамытады [1,9 б.].

Қазіргі ғылымда "сыни ойлау" ұғымы екіұштылықпен түсіндіріледі: бір жағынан, ол жағымсызға байланысты, өйткені ол дау, жанжалды болжайды.

Сыни ойлауды дамыту технологиясы-кез-келген бағдарламаға және кез-келген пәнге қолданылатын оқу және тәрбие процесін ұйымдастырудың технологиясы. Ол ынтымақтастық мәдениетін, ақпаратпен жұмыс істеу мәдениетін, қоршаған әлемге де, өзіне де қатысты сыни ұстанымның дамуын қалыптастырады,"ойлаушы адамды" қалыптастырады. Осы технологияны өз тәжірибесінде қолдана отырып, әдіскерлер оқытуды пәнге деген қызығушылықты ояту, студенттердің оқу процесінде алған ақпаратты сыни тұрғыдан түсінуі, зерттелген материалмен саналы жұмыс жасау, қорытындылау, өз іс-әрекетінің көрінісін жүргізу, қорытынды жасау тұрғысынан тиімді етеді деп күтеді.

Ұлы педагог Ы.Алтынсарин «Оқытушы бағалағанда олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына

қарай бағалау керек» деп, айтқандай, оқушы жетістігін нақты бағалау мәселесі-білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі.

Бұрын оқытуда студенттер тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі студент өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Критерийдің мазмұны:

Бағалау критерийлері — оқытудың мақсатын және ара қатысын белгілеуге сәйкес белгі (сипаттама).

Дескриптор — жетістік деңгейінің сипаттамасы.

Критерийлер — оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, студенттер жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

Критериалдық бағалау — бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, олардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критерияларамен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Егер оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса, онда бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеспейді; бұл ретте егер баламен бірге оның жұмысында мұндай бағалауға не әкелгенін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл балаға өзінің нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді [2,99 б.].

*Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты:*

Оқыту сапасын жоғарылату;

Білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

*Критериалды бағалаудың міндеттері:*

Сабақтың әр бөліктеріндегі дайындық деңгейін анықтауға;

Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті;

Жеке студенттің даму жетістігін бақылауға;

Студенттің білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға;

Әр түрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізуге;

Оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға;

Сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы студент мен оқытушы және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге

*Критериалды бағалаудың маңызы:*

*Оқытушы үшін:*

Сапала нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға;

Өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға;

Сабақ берудің сапасын арттыруға;

Студенттің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әр тұлғаға арналған ауқымын жоспарлауға;

Бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдалануға;

Оқу бағдарламасын қолжетімді ету үшін ұсыныстар енгізуге

*Студент үшін:*

Танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыратын оқытудың әртүрлі әдістерін пайдалануға;

Табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге;

Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсуге;

Сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге

*Ата-аналар үшін:*

Баласының білім сапасының дәлелдемелерімен танысуға;

Оның оқуындағы табыстылықты бақылауға;

Оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады.

*Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі:*

Студенттің оқу жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді;

Студентке оқу үдерісі барысында туындаған қиындықтарды түсінуге, бағалауға мүмкіндік береді;

Ата-аналар студенттің оқу жетістіктер бойынша объективті дәлелдемелермен қамтамасыз етіледі;

Студенттің оқу жетістіктерін бағалауда бірқатар дағдылар қолданылады.

Егер балаға оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса, онда бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеспейді; бұл ретте егер баламен бірге оның жұмысында мұндай бағалауға не әкелгенін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл балаға өзінің нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді.

Б. Блум сабақта студенттердің сабақтағы қарапайым әрекеттері мен күрделі оқу әрекеттері сияқты 6 қадамды қамтуы керек деп санайды, мысалы: есте сақтау (еске түсіру), түсіну (түсіну), қолдану (қолдану), талдау (талдау), синтез (бағалау) және бағалау (құру). Олардың әрқайсысын толығырақ қарастырайық.

Бірінші кезең - білім, материал, ақпарат, осы тақырып бойынша қалған білім, фактілер. Мысалы, есте сақтау деңгейі үшін етістіктерден басталатын тапсырмаларды есте сақтаңыз, қайталаңыз, тізімдеңіз, атаңыз, жазыңыз, еліктеңіз және т. б

Екінші кезең - материалды түсіну, оны түсіндіру, материалды өрнектің бір формасынан екіншісіне түрлендіру. Түсіну түсіндіру, сипаттау, анықтау, талқылау, тұжырымдау арқылы жүзеге асырылады.

Үшінші кезең - қолдану. Бұл қадам белгілі бір жағдайларда және жаңа жағдайларда зерттелген материалды пайдалану мүмкіндігін білдіреді. Білімді қолдануға бағытталған тапсырмалар шешім, жоспарлау және т. б. етістіктердің көмегімен тұжырымдалады.

Төртінші кезең - талдау. Бұл сатыға тән белгілер-бұл құрылыс принциптері, материалды құрамдас бөліктерге бөлу мүмкіндігі, жаңа жағдайда жаңа материалды пайдалану мүмкіндігі. Аналитикалық қабілеттер зерттеу, салыстыру және т. б. негізгі етістіктері бар тапсырмалармен қалыптасады.

Бесінші саты - синтез. Бұл қадам жаңа өнімді алуға бағытталған, мысалы, ауызша хабарлама, баяндама, іс-шаралар жоспары. Оқушының қызметі шығармашылық. Ал соңғы кезең – бағалау, қолда бар деректердің пікірін білдіреді [3,17 б.].

Блум таксономиясын қолдану арқылы оқытудың ерекшеліктері: - балалар өздері білетіндерінен бастап, бірте - бірте жаңа тақырып пен ұштастыра отырып, білімін толықтыра түседі; - берілетін тапсырмалар әртүрлі болғандықтан оқушылардың қызығушылығын оятады, сыни тұрғыдан ойлау белсенділігі артады; - сабаққа деген қызығушылығы артады; - оқушылар арасында топтық жұмыс та, жұптық, жеке жұмыс та орындалады; - ойларын қорытындылауды, пікірін дәлелдеуді үйренеді; - әр оқушы білім деңгейін байқап, өзін- өзі бағалап отырады, жұптық бағалау, ал сабақ соңында топ көшбасшылар топты критериймен бағалап отырады; - оқытушы да оқушы да көп ізденуге дағдыланады

Мен өз сабақтарымда Блум таксономиясын жиі қолданамын, яғни сабақтың басында студенттер нені білуі тиіс, не нәрсеге қол жеткізу керек деген мақсатпен сабақтың критерийін интерактивті тақтаға жазып көрсетемін немесе әр студентке қағазға жазылған күйде сабаққа құрылған критерийлерді таратамын. Жалпы критерийлерді әрдайым өзім құрастырып қана қоймай, кейбір тақырыптарды студенттермен бірігіп құруға дағдыланудамын. Сабақ критерийлері өткен сабақпен байланыстырыла құрылады, өйткені ағылшын тілі сабақтарында кейбір түсінуге қиын грамматикалық құрылымдарды дамыту, жетілдіру мақсатында көбірек жұмыстануды қажет етеді және әр сабақта студенттердің сабақта ағылшын тілінде сөздік қорларын пайдалануы, сөйлеген кезде немесе оқыған кезде дауыс ырғағына, яғни дауысты көтеріп немесе төмен түсіру мәнеріне көңіл бөле отырып, сабақ критерийлерін құрамын.

Сондықтан біздің басты мақсатымыз біздің сабақтарымызда Б. Блум таксономиясы бойынша әрбір деңгейді бейнелеу болды.

Museum

How often do you go to museums? How many museums are there in our town?

Understanding – Do you think visiting museums should be an integral part in the life of a modern person? What are special regulations at a museum? Fill in the chart: (the first column is filled in before the class watches the film describing the way of behavior at a museum, the second column is filled while watching the film)

What I know

What I have learnt

Application – We organized a photo gallery at the beginning of our class. Now let's make a set of rules to be followed at the gallery.

Analyzing / Evaluation – Watch the situation Diana and Dima are going to role-play and say what was wrong in their behavior at the gallery.

Creating – (this is pupils' homework for the next lesson) Make up and role-play the situation "A Visit to the Photo Exhibition". One of you should teach the other good manners at an exhibition/gallery/museum [4].

Біз барлық деңгейлердің іске асырылғанын және бір-бірден емес екенін көреміз. Ағылшын тілі сабағын ұйымдастырудың бұл тәсілі оң нәтиже берді, әрине, бірден емес және сыни ойлауды дамыту тапсырмаларының көмегінсіз емес, бірақ эксперименттің басында кездескен қиындықтар жеңілді, студенттер оқытушы ұсынған кез-келген жаңа тапсырма үшін оңай қабылданады, білімді пікір бере алады, дәлелдерді қалай келтіруге болатындығын білді. "иә" және "қарсы", сонымен қатар жаңа ақпаратты талдау және синтездеу.

Блум таксономиясын қолдану нәтижесі келесі болады:

- қызығушылығы артады;
- бір-бірін тыңдайды;
- ойлау, есте сақтау қабілеті дамиды;
- өзіндік пікірі қалыптасады; - татулықта жұмыс жасайды.

Қорыта айтқанда, әрбір оқытушы сабақ өткізген кезде оқушыларға, студенттерге сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың, студенттердің қызығушылығы арта түсері анық. «Қазіргі заманда жастарға жаңа технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында жаңа технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы өте зор.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сабыров Т.С. «Оқыту теориясының негіздері», Алматы, -2000. – 125 с.

2.Сорина Г.В. Критическое мышление: история и современный статус. Вестник Московского университета. - Серия 7. Философия. - 2003. - № 6. С. 97-110.

3.Темпл, Ч. Критическое мышление и критическая грамотность // Перемена. 2005. № 2. С. 15-20.

4.Bloom, B.S., (Ed.). 1956. Taxonomy of educational objectives: The classification of educational goals: H

## БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢАРТУ- БҮГІНГІ ЗАМАННЫҢ ТАЛАБЫ

С.С.Мырзекенова

*Талдықорған агро-техникалық колледжі*

*Арнайы электротехникалық пәндер оқытушысы*

*Талдықорған қ, sandugash_7171@mail.ru*

***Аңдатпа.*** *Мақалада білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көп денгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптастыруы қаралады.*

***Аннотация.*** *В статье рассматривается ключевые компетенции инновационного процесса в системе технического и средне-профессионального образования.*

***Abstract.*** *The article discusses the core competencies of the innovation process in the system of technical and secondary – vocational education.*

Тәуелсіздік алған алғашқы күннен-ақ Қазақстан білікті мамандар даярлау мен білім саласын әлемдік стандарттарға сай реформалау мәселесіне баса назар аударды. Тәуелсіздікті баянды етуде білімнің маңыздылығын жоғары бағалап, экономикалық және қаржылық қиындықтарға қарамастан осы салаға барынша қолдау көрсетті. Себебі қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім жүйесін қайта қарау екендігін дәлелдеп отыр. [1]

Білім беру жүйесі алдында тұрған талаптарды жүзеге асыру жолында ғалымдар мен педагогтар танымдық іс - әрекетті дамыту әдістерін іздестіруде. И. П. Павлов «... жақсы әдіспен талантты емес адам көп нәрсе жасайды, ал нашар әдіспен ұлы адамның өзі де текке жұмыс істейді» - деген болатын.

Міне, сондықтан жеке тұлғаны оқыту мен дамытудағы белгілі әдістердің рөлін бағалай отырып, қоғам дамуының әр кезеңінде адам ақыл - ойының «терең қайнарына бойлай алатын» әдістерді пайдалану жолындағы ізденістер мен ұсыныстар бүгінгі таңда өзекті деп санау қажеттігін айту керек.

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесіндегі ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне көшу арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Қазіргі заман талабына сай пән оқытушысы ғана болу аз, оқытушы - ұстаз, инноватор, иннотехник болуы тиіс. Мұғалім иннотехник дәрежесіне көтерілу үшін инновациялық технологияларды меңгеру керек, содан кейін пән бойынша қандай тақырыпқа пайдалану керектігіне тиімді зерттеу жүреді. Яғни әрбір инновациялық технологияларды меңгереді, содан кейін меңгерген технологияларды апробациядан (сабақ барысында қолдану) өткізеді, мұғалім талдау жасай отырып, тақырыпқа сай технологияны таңдайды. Оқытушы білім алушының табиғи дарын, қабілетін ашу жас ерекшелігін ескере отырып, технология элементтерін тиімді пайдалана алу керек. [2]

Инновация дегеніміз – бұл лабораториялық емес жаңа идеяны бірінші рет жүзеге асыру, ғылым жүзінде пайда болса да практикада негізделген. Жаңалық енгізу – мекемеге, ұйымға жергілікті аймақтық, мемлекеттік мекемелерге енгізілген үлгіге бағытталған. Инновация сөзі латын тілінен аударғанда жаңалықты ендіру деген мағынаны білдіреді. Технология деген сөз грек тілінен алғанда техне – өнер, кәсіп, ғылым, логос – ұғым, оқу деген түсінікті білдіреді.

Технологиялық инновациялар – бұл жаңа заманның компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялары. Технологиялық инновациялар экономикалық механизмдерде, оқытушылар мен білім алушылар еңбегін ұйымдастыруда түбегейлі өзгерістерге, оқытушылық қызмет сипатына зор үлес қосылады. Қазіргі заманғы оқыту технологияларына келесі талаптар қойылады:

● оқыту мақсатының нақты қойылуымен, оның ғылыми негізделуі, іс - әрекетінің нәтижесінің жоғары сапалы болуы;

● оқу материалын толық қабылдау мүмкіндігінің болуы;

● оқу процесінде қарым - қатынастың еркін болуы;

● оны үнемі жетілдіріп, толықтырылып отыру мүмкіндігінің болуы. Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – «интерактивті оқыту әдісі». Негізгі қағидасы - педагогикалық қарым - қатынас пен қарым - қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту.

Интерактивті әдіс - тәсілдерді жиі пайдалану, әр сабақта оның мүмкіндіктерін түрлендіріп отыру – педагогтар қауымының басты міндеті. [3]

Интерактивтік оқу технологиясы (ИОТ) – деп нәтижесінде оқу әрекеті барысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоциялық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, білім алушыларға педагогикалық әсерлі танымдық қарым - қатынас құруға кепілдік беретін, оқытушы мен білім алушының іс - әрекетін оқу - ойындар түрінде ұйымдастыру тәсілдерін айтамыз.

Интерактивті әдістерге мыналар жатады:

♦ миға шабуыл әдісі;
♦ топпен жұмыс;
♦ проблемалық шығарма әдістері;
♦ рөлдік ойындар;
♦ зерттеулер;
♦ іскерлік ойындар;
♦ сын тұрғысынан ойлау әдісі;
♦ пікірталастар және т. б.

Оқудың интерактивті әдістерінің үлгісі:

«Ми шабуылы», «ми штурмы» («дельфи» әдісі) – бұл әдіс, берілген сұраққа кез - келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. «Ми шабуылы» хабарландыруды анықтау керек болғанда және қатысушыларының белгілі сұраққа қатынасы кезінде қолданылады. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады. [3]

Өткізу алгоритмі:

1. Қатысушыларға талқылау үшін белгілі бір тақырып немесе сұрақ беру.
2. Осы мәселе бойынша өзінің ойын айтуға ұсыныс жасау.
3. Айтылғандардың барлығын жазу (олардың бәрін қарсылықсыз қабылдау керек). Егер сізге ол түсініксіз болатын болса, айтылғандарды қайталап анықтауға жол беріледі (кез - келген жағдайда идея қатысушының аузынан қалай шықса, солай жазылады).
4. Барлық идеялар мен талқылаулар айтылып біткеннен кейін, берілген тапсырма қандай болғанын қайталау керек қатысушылардың сөзінен сіз не жазып алдыңыз соның барлығын тізіп шығу керек.
5. Қатысушылардан, олардың пікірі бойынша алынған нәтижеден қандай қорытынды жасауға болатынын және тренингтің тақырыбымен байланысты оның қалай болатынын сұрай отырып жұмысты аяқтау керек.

«Ми шабуылы» аяқталғаннан кейін (көп уақытты алмай, орташа 4 - 5 минут), жауаптың барлық нұсқаларын талқылау керек, бастыларын және келесілерін таңдау қажет. «Ми шабуылы» қажеттілігіне қарай тиімді әдіс болып табылады:

♦ даулы мәселелерді талқылау;
♦ талқылауға қатысуға онша сенімді емес қатысушыларды ынталандыру;
♦ қысқа мерзім ішінде идеяны көптеп жинау;
♦ оқушының дайындығын анықтау.

Оқытудың интерактивтік моделінің негізгі шарттары:

1. Емін - еркін пікірталасқа түсу мүмкіндігі
2. Белгілі бір материалды емін - еркін баяндау.
3. Семинар сабақтарының көп болуы, оқушылардың инициативасының жетекшілігі.
4. Топтық тапсырмалардың қолданылуы және сол арқылы ұжымдық іс - әрекеттерді дамыту.
5. Жазбаша жұмыстарды орындау. [3]

Бүгінгі мемлекеттің білім беру саласындағы саясаттың тұжырымдамасындағы міндеттердің бірі – білім беру жүйесі мен оқытудың сапасын арттыру, сабақтың әдістерін

және мазмұнын жетілдіру, әдістемелік жағынан дамыту болып табылады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты әрі жан - жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқа да адам келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін - өзі дамытып оқу - тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Білім алушы іс - әрекетінің мазмұны ақпаратты қабылдау, оны ұғыну, білімділік дағдыларын жетілдіру. Оқытушының міндеті білім алушының іс - әрекетін ұйымдастыру, ақпаратты жүйелеу, оны қабылдауға жағдай жасай отырып, білім алушыға бағыт, бағдар беру.

Технологиялық оқыту, білім берудің, жеке тұлғаны жан - жақты дамытудың жаңа ізденістерін талап етеді. Оқушының білім алу, даму т. б. іс - әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу, оған басшылық ету, білімді өз белсенділіктерімен алуларына түрткі жасау технологияның басты белгілері.

Қорыта келгенде, әр елдің білім беру және тәрбие саласында өзіндік ерекшелігі мен артықшылығы, тіпті кемшілігі де болады, осы себепті де біз Қазақстан Республикасындағы білімгерге білім беру мен тәрбиені жан-жақты дамыту мақсатында тиімді жақтарын алуымыз қажет.

Халқымызда «Білекті –бірді, білімді –мыңды жығады» деген ұлағатты сөз бар. Білімнің шындығында да баға жетпес үлкен рухани қару екендігі, тек рухани қару ғана емес, сонымен қатар орасан зор күш екендігі белгілі. Шындығында БІЛІМНІҢ қуатына тең келетін басқа рухани күш, қуат көзі жоқ екені шындық. Сондықтан да күллі әлемдік жаңа идеология ең әуелі білімнің теңдессіз күшіне арқа сүйейді. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның білімге негізгі басымдық беріп отырғандағы басты себебі содан да болу керек. Өйткені, білім- тек ғылымның ірге тасы ғана емес, сонымен бірге еңсесі биік елдермен терезесі тең мемлекет болудың күре тамыры, ел дамуының алтын асқары. Білім бар жерде, даму, жетілу, кемелдену үрдісі бір сәтке толастамайды. Сондықтан болу керек Елбасы «Қазақстан -2050» Мәңгілік Ел стратегиясында: «Ел келешегі- жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты» дегендей», біздің болашағымыз- болашақ жастар қолында. [5]

Список литературы


1. Қ. Р. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауын басшылыққа алу.
2. Шырынбаев Г.К. Ұлттық рухта тәрбие беру. Білім, - Алматы. 2012. №3. 53 - 556.
3. Сейтешев А.П Активизация познавательной деятельности Студентов Университета. Алматы: Ғылым, 2001, 686.
4. Назарбаев Н.Ә. Әркашан бірге, әрдайым алда болайык
5. (Қазакстан халыктары Ассамблеясынын XII сессиясында Жасалган баяндамасы)
6. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы


## МЕТОДЫ ПРОВЕДЕНИЯ УРОКОВ НА ДОСКЕ PADLET


Салкеева Толкын Жалкыновна

*Талдыкорганский агро-технический колледж*

*Талдыкорган, salkeeva1983@mail.ru*



***Аннотация.*** *В статье изложены возможности и преимущества работы с интерактивной виртуальной доской Padlet на уроках русского языка.*



*Ключевые слова: онлайн-урок, вовлеченность, оценить, комментировать, сервис.*

***Аңдатпа.*** *Мақалада орыс тілі сабақтарында Padlet интерактивті виртуалды тақтамен жұмыс істеудің мүмкіндіктері мен артықшылықтары сипатталған.*
*Тірек сөздер: онлайн сабақ, қызығушылық тудыра білу, бағалау, түсініктеме, қызмет көрсету.*
***Annotation.*** *The article describes the possibilities and advantages of working with an interactive virtual whiteboard Padlet in Russian lessons.*
*Key words: online lesson, participation, assessment, comment, service.*

Каждодневно на уроках мы работаем у доски. У каждого из нас в кабинетах есть доски: меловые, маркерные или интерактивные, но точно есть. На них мы объясняем, на них наши студенты пробуют свои силы; здесь педагог может исправить ошибку так, чтобы все это увидели и впредь взяли на заметку. Но скольких за урок мы можем вызвать к доске? Если речь идет о задачах, то явно не больше 3 человек. Причем, признаюсь, что не отношу себя к большим любителям вызывать к доске: мне не нравится, что всегда находятся личности, которые просто переписывают записи оттуда, абсолютно в них не вдумываясь.

В этот момент к нам на помощь приходит онлайн доска.

Онлайн доска — это сервис, который дает возможность каждому ученику вывесить свою работу на доску, а учителю — прокомментировать и оценить каждого, не потратив на это много времени и не собирая тяжелых тетрадей. При этом каждый может понять эти ошибки и сразу же исправить.

В статье изложены возможности и преимущества работы с интерактивной виртуальной доской Padlet на уроках русского языка. Опираясь на опыт преподавания в образовательных учреждениях, подчёркиваю такие достоинства доски, как ее интерактивный характер, вовлечённость большого количества детей в решение образовательной задачи, формирование навыков командной работы, использование данного ресурса в проектной деятельности. Метапредметный характер заданий способствует формированию у учащихся «гибких» компетенций (soft skills).



(рис1)

Доска Padlet — удобный инструмент для работы на онлайн уроке в учебных заведениях. Его функционал похож на онлайн доску, на которую можно прикреплять записи, фотографии, видео, файлы и ссылки на внешние ресурсы. Особенность платформы в том, что ей одновременно могут пользоваться несколько человек, например, все ученики в классе, и комментировать работу друг друга.

Padlet — виртуальная доска для онлайн уроков, инструмент дистанционного обучения, который можно использовать почти на любых предметах. Удобство сервиса в том, что обсуждать задания можно в режиме реального времени: ученик вывесил свою работу на доску, а учитель её сразу увидел и смог оценить и прокомментировать, не собирая тетради и не скачивая документы на компьютер. Зарегистрироваться в Padlet просто — с помощью Google, Microsoft или Apple-аккаунта.

У доски Padlet обширный функционал, доску можно оформить в нескольких форматах, поэтому использовать Padlet можно на разных предметах.

*Можно оформить доску в виде стены, холста, ленты, колонок, беседы или карты:*



(рис2)

Для обсуждения проблемного вопроса или мозгового штурма на уроке литературы на платформе Padlet подойдет вариант беседы, наглядности уроку истории придаст хронология, на биологии можно создать общий документ с информацией по какой-либо теме в форме колонок, на уроке казахского можно собрать базу эссе по одной теме в виде ленты, а на уроках по истории воспользоваться картой древнего поселения, чтобы помочь ученикам запомнить месторасположение стран и их столиц.

Чем интересна работа на платформе Padlet ?

Использование Padlet существенно экономит время: в нём можно работать в режиме реального времени — учителю не нужно скачивать документ с работой ученика на компьютер, а ученику ждать проверки.

С помощью этого инструмента дистанционного обучения на уроке выстраивается коммуникация на уровне ученик-ученик. Задача учителя — подготовить задание и давать комментарии в процессе работы.

Так же ребята могут загружать фотографии и видео. Сам процесс работы очень нравиться учащимся.

В отличие от других платформ от Google Docs, на платформе Padlet нельзя убрать чужой комментарий, его можно только оценить. Поэтому весь процесс работы над вопросом сохраняется на доске для онлайн уроков и виден всем.

Современным учащимся нравится такой метод проведения уроков и формат взаимодействия с учителем и другими учащимися: работа с доской для онлайн уроков — это возможность добавить в занятие творчества, продемонстрировать результаты своей работы, высказать своё мнение и узнать, что думают другие. Тем более, сейчас время гаджетов и это очень удобно. Тот факт, что работу увидят другие учащиеся, мотивирует ребят подходить к заданиям ответственно и качественно их выполнять. Главное условие для такого метода проведения урока — в классе должны быть комфортные отношения между ребятами, чтобы они не боялись высказывать своё мнение.

В современном обществе, когда информация становится высшей ценностью, а информационная культура человека - определяющим фактором их профессиональной деятельности, изменяются и требования к системе образования, происходит существенное повышение статуса образования. Каждому человеку необходимо постоянно повышать уровень своего образования для обеспечения успешности. Повышение эффективности, адаптивности и содержательности учебного процесса достигается путем комплексного использования различных программных и технических средств, а также применения приемов и методов активного обучения. Сейчас успех учащихся напрямую зависит от качества работы учителя, от того, насколько он способен уловить дух и потребности времени. Несомненно, применение компьютерных технологий напрямую отвечает требованиям модернизации образования. Век компьютерных технологий набирает

обороты и уже, пожалуй, нет ни одной области человеческой деятельности, где она не нашла бы свое применение. Педагогические технологии не остались в стороне от всеобщего процесса компьютеризации. Электронные учебники, лекции, виртуальные экскурсии, программы-репетиторы, справочники, энциклопедии, уроки в электронном виде и методические разработки к ним – сейчас существует довольно широкий интерактивный мир возможностей для успешного учебного процесса.

Я считаю, что использование информационных и коммуникационных технологий в учебном процессе является актуальной проблемой современного образования. Необходимо расширять кругозор учащихся, повышать уровень их культурного образования, развивать языковые и коммуникативные навыки и умения. Современный урок ценен не столько получаемой на нём информацией, сколько обучением в ходе его приемам работы с информацией: добывания, систематизации, обмена, эстетического оформления результатов. Компьютер является средством самоконтроля, тренажа знаний, презентации результатов собственной деятельности.

Учитывая современные факты, в том числе большую конкуренцию на рынке труда, образование в современном обществе должно способствовать воспитанию личности, которая была бы конкурентоспособной, умела на практике применить полученные теоретические знания.

Также не следует упускать такие важные, по моему мнению, моменты, как воспитание патриотизма и нравственности, развитие культуры мышления, способности мыслить творчески, уметь формулировать свои убеждения и отстаивать их.

Современную систему образования, несомненно, ожидают большие перемены. Внедряя изменения, главное – не переусердствовать и суметь сохранить оптимальный баланс между традиционной системой и инновациями.

Литература


1. Азанова, А. Е. Виртуальная онлайн доска как платформа создания мини-проектов в условиях дистанционного обучения / А. Е. Азанова. — Текст: непосредственный // Молодой ученый. — 2020. — № 13 (303). — С. 205-207. — URL: https://moluch.ru/archive/303/68467/ (дата обращения: 17.05.2020).
2. loom, B.S. (1977). Favorable learning conditions for all
3. The Geometers Sketchpad http://www.keypress.com/sketchpad/
4. Cinderella http://www.cinderella.de/
5. www.limu.com - Интерактивный класс
6. Плигин А.А. Развитие познавательных процессов в различных образовательных технологиях.
7. Розов Н.Х. Некоторые проблемы применения компьютерных технологий и технологий при обучении в средней школе // Вестник МГПУ. Серия «Информатика и информатизация образования». № 1 (1). – М.: МГПУ, 2003. С. 102-106.
8. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 1998.
9. http://eor.edu.ru – сайт по ЭОРам
10. http://fcior.edu.ru – сайт по ЭОРам
11. http://school.edu.ru/ - Российский общеобразовательный портал: основная и полная средняя школа, ЕГЭ
12. http://teleschool.demo.metric.ru/ - Телешкола. Интернет- школа. Просвещение.RU
13. www.rnmc.ru – сайт по ЦОРам

# КӘСІБИ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ SMART МАҚСАТТАРЫН ҚОЛДАНУ

Шоманова Б.К.
*Алматы экономикалық колледжі, Алматы қ.,* botagoz.74@list.ru

***Аңдатпа.*** *Smart мақсаттары — оқытудың жаңа түрі, уақытқа, кеңістікке шектелмей, ыңғайлы білім алу мүміндігі қарқынды дамып келе жатқан бірегей үдеріс. SMART мақсаты қол жетімді ресурстар мен уақытты ескере отырып, мақсатқа нақты қол жеткізуге болатын мағынада шынайы болуы керек. Егер сіз оған қол жеткізуге болатынына сенсеңіз, SMART мақсаты шынайы болуы мүмкін.*

*Химияны оқыту процесінде қолайлы нәтиже алу үшін мұғалімдер студенттерді белсенді оқытудың тиімді әдістерін табуға көп уақыт бөлуі керек. Қазіргі уақытта химия сабақтарында компьютерлер мен смартфондар арқылы қолжетімді бейнелер, электронды платформалар, қолданбалар мен веб-сайттар сияқты құралдар белсенді түрде қолданылуда. Мультимедиялық құралдарды пайдалану білім сапасын арттыруға және химияны оқытудың тиімділігін арттыруға болады.*

*Бүгінгі таңда ең танымал техника немесе әдіс SMART (ақылды - ағылшын тілінен - smart) болып табылады, ол жай ғана нақты және нақты (ақылды) мақсатты тұжырымдауға мүмкіндік береді. Әдістің мәні белгілі бір критерийлерге негізделген мақсатты тұжырымдау болып табылады, оны пайдалану нәтижесінде тұжырымның дұрыстығы мен құқық қабілеттілігін анықтайды.*

*Smart - технологияларын қолдану оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырады, сонымен қатар мұғалімнің оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Smart - технологияларын қолдану химия сабақтарында оқушылардың білім сапасын арттыру мүмкіндіктерін ашуға мүмкіндік береді; оқушылардың танымдық іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру қамтамасыз етіледі.*

***Аннотация.*** *SMART цели в образовательном процессе - современный метод обучения. Цель SMART должна быть реалистичной в том смысле, что цель может быть реально достигнута с учетом имеющихся ресурсов и времени. СМАРТ-цель, скорее всего, реалистична, если вы верите, что ее можно достичь. Для получения благоприятного результата в процессе обучения химии, учителям необходимо много времени уделять, чтобы подобрать наиболее эффективные методы для активного обучения учащихся.*

*В настоящее время на уроках химии активно применяют такие инструменты, такие как видео, электронные платформы, приложения и веб-сайты, доступные посредством компьютера и смартфонов. Использование мультимедиа позволяет повысить качество образования эффективность преподавания химии. Сегодня наиболее известна техника или метод SMART, позволяющий, как раз, сформулировать ясную и конкретную (умную) цель. Суть метода заключается в формулировании цели на основании определенных критериев, использование которых определяет корректность и дееспособность получившейся формулировки.*

*Использование Smart – технологий повышает мотивацию обучающихся к учению, а также позволяет учителю повысить качество обучения. Применение Smart – технологий позволяет раскрывать возможности для повышения качества знаний обучающихся на уроках химии; обеспечивается эффективная организация познавательной деятельности учащихся.*

***Abstract.*** *SMART goals in the educational process is a modern teaching method. The SMART goal must be realistic in the sense that the goal can be realistically achieved given the resources and time available. A SMART goal is most likely realistic if you believe you can achieve it. To obtain a favorable result in the process of teaching chemistry, teachers need to devote a lot of time to find the most effective methods for active teaching of students.*

*Nowadays, chemistry classes are actively using tools such as videos, electronic platforms, applications and websites accessible through computers and smartphones. The use of multimedia can improve the quality of education and the effectiveness of teaching chemistry. Today, the most famous technique or method SMART, which allows, just to formulate a clear and specific (smart) goal. The essence of the method is to formulate a goal based on certain criteria, the use of which determines the correctness and legal capacity of the resulting formulation.*

*The use of Smart - technologies increases the motivation of students to learn, and also allows the teacher to improve the quality of teaching. The use of Smart - technologies allows to reveal opportunities for improving the quality of knowledge of students in chemistry lessons; an effective organization of the cognitive activity of students is ensured.*

*Негізгі сөздер: ақылды білім, жаңа парадигма, цифрлық технологиялар, қолжетімді контент әдіс, жоба, өздік жұмыс, байланыс.*

*Ключевые слова: смарт образование, новая парадигма, цифровые технологии, интернеткурсы, доступный контент.*

Key words: Smart education, new paradigm, digital technologies, internet courses, available content.

Оқыту процесінде SMART мақсаттары - оқытудың заманауи әдісі. Смарт - бұл неологизм, сын есім ретіндегі негізгі мағынасы - парасатты, тапқыр, ақылды, ал зат есім ретінде – ақыл, алғырлық, зеректілік деген мағынаны білдіреді. Нақ осы оқыту жүйесі қазіргі әлемнің мүмкіндіктері мен міндеттеріне сәйкес максималды білімнің жоғарғы деңгейін қамтамасыз етіп, жастардың тез өзгергіш қоғам жағдайына бейімделуіне, оқулықтан нақты белсенді әрекетке негізделген білім алуға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстың мақсаты - SMART мақсаттары білім беру саласында қолдануы және сабақтарындағы әдістеменің тиімділігін талдау.

*Өзектілігі* - инновациялық білім беру құралдарының бірі –смарт технологияны білім беруде кеңінен пайдалану оқу іс-әрекеттерін жоғары дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады.

*Практикалық маңызы*- білім беру үдерісінің кез келген қатысушысы (оқушы немес мұғалім) интернет желісі арқылы ортақ контентті белсенді пайдалана алады. Бұл өз кезегінде білім беру үдерісінің уақытқа немесе орынға (сынып, аудитория) тәуелділігін жояды. Кез келген пән бойынша өте тиімді, ойлау және ойын қысқа әрі түсінікті түрде жеткізе білу қабілетін арттырып, өз ойларын жаңа технологиялар құралдары көмегімен жүзеге асыруын қамтамасыз ететін интерактивті тақта арқылы оқыту білім сапасын, оқушының ынтасын, қабілетін ашуға зор әсер ететіні сөзсіз.

*Жаңалықтығы* - қазіргі жастарды жаңа заманға, жаңаша түсінікке, жаңа технологияға үйретіп, тәрбиелеу, өзін-өзі болашақ өмірге дайындауын мүмкіндігін арттыру болып табылады. Жаңа әдістерді қолдана отырып жас жеткіншектердің интеллектілік, шығармашылық ойлауын дамыту, қазіргі заман талабына сай экономикалық көзқарастары мен белсенділігін қалыптастыра отырып, кәсіпкерлікке баулу, өзбетінше білім алу және еңбек ету дағдыларына негіз салу болып табылады.

*Жұмыс мақсаты* - инновациялық технологияларды пайдалану арқылы білімалушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеп, оқу үрдісінің тиімділігін арттыру жолдарын көрсету.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

– зерттелетін мәселе бойынша әдістемелік әдебиеттерді зерделеу және талдау;

– контентті оқыту білімалушылардың алатын білімінің құрылымдалуына сәйкес жұмыс істеу және іздестіру құралдары арқылы дамуына үлес қосу.

– білім берудің екі аспектісі рухани-адамгершілік және интеллектуалды білімдерді өскелең ұрпаққа құстың қос қанатындай бірдей бере отырып, білімалушылардың

интеллектісін дамытуда және оқытудың келешегінің бір бағыты инновацияда екенін де түсінуіне үлес қосу.

Smart оқыту - білім берудің жаңа парадигмасы. Қазіргі таңда көптеген мемлекеттер, сонымен қатар Қазақстан да Smart оқытуға назарын аударды. Қазіргі таңда әлемнің түкпір-түкпіріне SMART Technologies компаниялары инновациялық құралдарын ұсынып, жұмыс пен оқытуға деген адамның көзқарасын түбірімен өзгертуде. SMART құрылғыларының ең танымалы 1991 жылы қолданысқа енген интерактивті тақталарды ерекше атап өтуге болады. SMART құрылғылары білім беру, жоғары білім беру жүйесінде де, бизнес саласында да, әкімшілік пен қарулы күштер саласында да сұранысқа SMART өнімдерін әлемнің көптеген елдері кеңінен қолдануда. SMART құрылғыларының ең танымалы интерактивті тақталардан басқа, қазіргі кезде интерактивті панельдер, интерактивті орталықтар, үстелдер, интерактивті экрандар, білімалушылар үшін жауаптар жүйесі, сымсыз «грифельді» тақталар, күшейткіш аудиожүйелер т.б. бағдарламалық қамтамасыз етуге арналған құрылғыларды ұсынып келеді. SMART education-нің негізгі идеясы техникалық құралдарды, қызметтер мен интернетті қолдану арқылы адам өмірінің барлық аспектісін жетілдіру болып табылады. Мұндай стратегия АҚШ, Корея, Жапон және Еуропа елдері үшін эталонға айналды. Ал Корея елінде инновациялық білім беру технологиялары 1996 жылдан беру белсенді дамып келеді. Smart технологиясы көптеген маңызды мәселелерді шешуге ықпал етеді.

Атап айтсақ:

- Оқыту үшін аумақтық шектеудің болмауы;
- Оқытудың алуан түрлі құралдары мен әдістері;
- Оқытудың өзіндік ырғағын таңдау мүмкіндігі;

SMART мақсаттары – бұл қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа енуінде өте маңызды рөл атқарады. Жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр.

SMART мақсаттары - мақсатқа қол жеткізу оқу сапасын, білімді басқарудың тиімділігін, сыртқы ортамен ақпараттық кірігуін арттырады. Ақпараттың қажет кезін сезіну, оны тауып алуға, бағалауға және тиімді қолдануға қабілетті, ақпарат сақталатын дәстүрлі және автоматтандырылған құралдарын пайдалана білуін керек. Қорыта айтқанда, қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа енуі өте маңызды рөл атқарады. Жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ал смарт оқытуға келетін болсақ мұғалім өз білімін оқушыларға түгелдей жеткізе алады. Білім беру шекарасы кеңейіп білім алушылар саны көбейіп қана қоймай, уақыт және орынға байланысты шектеулер болмайды. Білім беруді кез-келген жерде кез келген уақытта ұйымдастыруға мүмкіндік.

SMART мақсаттары технологиясы қамтамасыз ететін тиімді инновациялық технология болып табылады: бәсекеге қабілетті жоғары білім беру есебінен, білім алушылардың білім деңгейін: әріптестік, қарым-қатынастық, әлеуметтік жауапкершілік, сыни тұрғысынан ойлауға бейімділік және мәселелерді тез әрі сапалы шешуге дайындау, білім беру үдерісін электрондық ортаға көшіру арқылы оқытудың тиімділігін арттыру болып табылады. Білім беру шекарасы кеңейіп білімалушылар саны көбейіп қана қоймай, уақыт және орынға байланысты шектеулер болмайды. Білім беруді кез-келген жерде кез-келген уақытта ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады.

Әдебиеттер тізімі


1. Иманқұлова С.М., Абдрахманова Ж.Ә Смарт білім беру технологиялары. Учеб. Пособие. – М., 2002.
2. Электрондық оқытудың тұжырымдамасы: қазақстандық көзқарас – Алматы: «ҰАО» АҚ, 2011. – 87 б.

3. Никишина И.В. Инновационная деятельность современного педагога в системе общешкольной методической работы. - Волгоград: Учитель, 2007.
4. Новиков А.М. Методология образования. - М., 2002. «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасы. – 2017. – 68 б
5. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования/ Под ред. Е.С. Полат – М., 2000
6. Smart технологиясы – жаңа заманның құралы, [Электронный ресурс]. - Режим доступа: https://zkoipk.kz/ru/2015smart2/1538-conf.html
7. SMART мақсат: дұрыс бағдар - нақты нәтиже. [Электронный ресурс]. –
8. КОНЦЕПЦИЯ SMART-EDUCATION, Режим доступа: [Электронный ресурс]. - Режим доступа: 13.htmlhttps://professionali.ru/Soobschestva/smart_education/kontsyeptsiya-smart-education/

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ- ҮЗДІК САПАНЫҢ НЕГІЗІ

Батырханова Роза Керімбековна
*Сарқан политехникалық колледжі*

***Аңдатпа.*** *Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны. Баяғыда Жапониядағы бір ұстаздан шәкірттері білім алудағы басты мақсат не екенін сұрапты. «Ертең бәріміз тауға серуенге шығайық. Сонда түсіндіремін. Жолға тамақ алыңдар, бірақ су қажет емес, барған жағымыздан табылар» дейді. Ертеңіне серуенде жүріп, ауқаттанып алғаннан кейін балалар шөлдегендерін айтқаннан соң ұстаз су көзін таба алмай қалғанын мәлімдеп, өздеріне су іздеуге кеңес береді. Түсте кеткен шәкірттері қас қарайғанда оралды. Шөлдерін қандырып, мәре-сәре болып келген шәкірттеріне қарап «Бүгін шаршап-шалдыққандарыңызға қарамастан, өз беттеріңмен ізденіп жүріп, су таптыңдар. Біздің міндетіміз – сендердің өз беттеріңше еңбектенулеріңе жағдай жасау. Ішіңіздегі бір-екі бала маған арнайы су алып келіп, адамгершіліктерін танытты. Ал басты мақсатымыз – жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеу», деген екен*

***Аннотация.*** *Обновленная программа-новое содержание образования. Давным-давно у одного учителя в Японии его ученики спросили, какова главная цель обучения. "Завтра мы все пойдем гулять в горы. Тогда я объясню. Возьмите еду в дорогу, но вода не нужна» найди по пути". После того, как дети почувствовали жажду, учитель сказал, что не может найти источник воды, и посоветовал им искать воду. В полдень его ученики вернулись, когда он вернулся. "Сегодня, несмотря на то, что вы устали, вы сами искали и нашли воду. Наша задача-создать условия для вашего собственного труда. Один или два ребенка, которые были внутри, принесли мне специальную воду и проявили свою человечность. А главная цель - нравственное воспитание подрастающего поколения". В этой истории заложена главная цель проводимой в стране реформы образования.*

***Annotation.*** *The updated program is a new content of Education. A long time ago, a teacher in Japan asked his students what the main goal of learning is. "Let's all go for a walk in the mountains tomorrow. Then I'll explain. Take food on the road, but you don't need water, you will find it on the side where you went." Tomorrow, after going for a walk and getting rich, the children say that they are thirsty, the teacher says that they can not find the source of water and advises them to look for water. At noon, the students returned with their eyebrows raised. "Today, despite your fatigue, you have searched your face and found water. Our task is to create conditions for you to work independently. "I don't know," I said. And the main goal is to educate the younger generation in morality." This is the main goal of the education reform that is being implemented in our country.*

Қазіргі уақыттағы жаңа педагогика ғылымындағы проблема ол - оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру болып табылады. Жаңа технологияның әдіс - тәсілдері оқушылардың білімін толықтыруға көмектеседі. Осыған орай озық тәжірибе, жаңа технологияның тиімді әдістерін таңдап алып, оларды үйлесімді, тиімді және шығармашылықпен пайдалану - ұстаз шеберлігінің белгісі. Ұстаз ретінде оқытып жүрген оқушыларымның ерекшеліктерін зерттеп, біліп алған соң ғана, оларды даму деңгейіне орай әдіс - тәсілдерді іріктеп, талдап қолдануға, жетілдіруге ерекше назар аударып келемін. Оқушыларды жұппен, топпен жұмыстандыру арқылы ұйымдастырылған сабақтар, оқушылардың дарындылығын дамытып, шыңдау жолдарының бірі болып табылады, олардың арасында ынтымақтастық пен серіктестікті тудыру, басқа адамның ойымен де есептесу қажет екенін де түсіндіреді, уақыт үнемделеді. Жұппен және шағын топпен жұмыс тез, жаңа идеяларды ұсынумен қатар белгілі бір жағдайды нәтижелі шешуге де мүмкіндік береді.

Сабақ барысында оқушылардың ізденуін қадағалап, білім дағдысын толықтыруға бағытталған сабақ өткізу әдістерінің бірі - «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан оқу» жобасының стратегиялары. Бұл жобаның стратегияларын сабақ барысында қолдану жаңа оқу материалдарындағы оқиға мен құбылыстарды оқушылардың өздері байқап, талдауына жағдай жасайды. Демек, білім оқушыларға даяр күйінде берілмейді, өзінің ой еңбегін қажет ететін тапсырмаларды орындауы арқылы қол жеткізеді. Әр оқушы өз ойына шек келтірмей жауап беруге дағдыланады. Оқушы бойындағы танымдық қабілетінің шығармашылық ойлау жүйесінің дамуына жол ашады. Практика кезінде өз сабақтарымда қолданып жүрген әдіс - тәсілдер: алты қақпақ, түртіп алу, күнделік жазу, әлем шарлау, рөлдік ойындар, диалогтік әңгіме жүргізу, топтастыру, семантикалық карта, венн диаграммасын толықтыру, Джиксо, сұрақ - жауап. Оқытуды диалогтік тәсілмен дамытудағы сұрақ қою арқылы байқағаным: оқушылар тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталанды, пәнге қызығушылықты көрсетті, зерттеуге ынталанды, оқушылар сыни тұрғыдан ойлауға көмектесті, оқушылардың бір - бірінен үйренді, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпалын тигізді, оқытудағы қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтады

Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу. Сондықтанда біз әлемдік нәтижелі технологиялар мен әдіс –тәсілдерді белсене қолдануымыз қажет деп білемін. Әр халық өзінің ұлттық мәдениеті мен дәстүрін, тілі мен дінін сақтай отырып, білімі мен ғылымын тұтастандыруы қажет. Әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттері экономикасының өсімі мен әлеуметтік проблемаларды шешудің басты тетігі білім мен ғылымда деп танып, білім саласындағы реформаларын жүзеге асырып отыр. Біз де тіліміздің өркендеуіне, өлмеуіне елім, жерім дей алатын азаматтың өсіп - өнуіне зор үлес қосуымыз керек. Сабақ беретін мұғалімдердің ең басты түпкі мақсаты- білім беру, сонымен қатар тіл үйрету, тілді дұрыс қолдана білуге дағдыландыру, әрбір шәкірттің өз ана тіліне деген табиғи сүйіспеншілігін арттыру деп ойлаймын.

Қазақсаан Республикасының 2011 – 2020 жылға дейінгі «Білім беруді дамыту бағдарламасында»: «Бүгінгі білім берудегі басты мақсат – тек білім, біліктілік, дағдылар жүйесі ғана емес, осы білімді өмірде қолдана алу, өз бетімен білім алу, өзгерістер заманында тиімді өмір сүріп, жұмыс істеу дағдыларын дамыту» делініп, осы мақсат негізінде сапалы білім беру міндеті айтылады. осы ретте білім беру мекемелері жаңа білім сапасына сай мемлекеттік сұраныс пен тапсырысты орындауы талапқа сай жүргізілуі тиіс.

Жаңару кезіндегі ерекшеліктер мен өзгерістер мыналар:

Үштілді оқытуға көштік.

Онлайн және қашықтықтан оқыту тәсілдерін меңгертіліп, сабақтар жүргізілуде.

Сабақтарда жаңа инновациялық технологияларды пайдаланамыз.

12 жылдық білім беру жүйесіне көші біртіндеп жүзеге асырылуда.

Білім беру бағдарламасы жаңартылып, жаңартылған білім беру бағдарламасымен жұмыстар барлық мектептерде жүргізілуде.

Заман талабына сай әр мектептерде мультимедиалық кабинеттер ашылып, мектептер ноутбуктермен, компьютерлермен толық жабдықталды.

«Жазғы мектеп» ұйымдастырылып, әр мектепте оқушыларды ғылыми – зерттеу жұмыстарына, олимпиадалар мен конкурстарға дайындайтын үйірмелер мен қосымша сабақтар өткізілуде.

Ұлттық құндылықтарды дарытатын 8 бағыт бойынша тәрбие жұмыстары жүргізілуде.

Жаңарту үдерісі кезінде білім беру процессі де өзгеріске ұшырады. Дәстүрлі оқу қалып, сабақта балаларды барынша ынталандыратын, қызықтыратын, зейіні мен қабілеттерін арттыратын технологияларды пайдалану басты ерекшеліктердің бірі. Мен қазіргі оқу процессінде білімді жетілдіретін, әлемдік қолданыстағы әдіс – тәсілдермен таныстырғым келіп отыр.

«Аквариум»

Мақсат: оқушыларға проблеманы талқылауға еркін кіруге және шығуға мүмкіндік береді.

Өткізу кезеңдері

Оқушылар мұғаліммен бірге екі шеңбер құрады: сыртқы (бақылаушылар) және ішкі (белсенді қатысушылар).

Ішкі шеңбердің мүшелері мұғаліммен ұсынылған сұрақты талқылауға белсенді қатысады. Басқа оқушылар бақылайды және олардың қайсысының нұсқасы қызықтырғанда ғана сөз сөйлейді; олар толықтырады, сұрақтар қояды, нақтылайды. Сонымен қатар оны өз нұсқасымен қызықтырған «бақылаушы» белсенді қатысушының қасына тұруға тиіс.

Бір проблеманы (сұрақты) талқылағаннан кейін, оқушылар орындарын ауыстырады ( шеңберден алыс тұрғандар шеңберге отырады). Мүмкіндігінше, барлық оқушылар шеңберде болуы керек.

«БІР МИНУТ» әдісі

Бұл әдіс оқушыларда оқылған материалдан түйінді, басты ақпаратты іріктей білу дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі, сондай-ақ белсенді тыңдау дағдысын дамытады. Аталған әдісті «Ыстық орындық» тапсырмасымен байланыстыруға болады. Сыныпты жоспарлау топқа қаратып бір «ыстық» орындық қойылады. Сондай-ақ барынша жайлы қарым-қатынасты қамтамасыз ету мақсатында «ыстық» орындықты дөңгеленіп отырған балалардың ортасына қоюға болады.

Әдісті жүзеге асыру алгоритмі

- Оқушылар тиісті тақырыпты зерделеп, өздері негізгі деп санайтын ақпаратты атап көрсетеді. Оқушыларға рөлді топта немесе жеке зерттеуіне болады.
- Оқуға берілген уақыттан кейін оқушылар «ыстық» орындыққа отырып, бір минуттың ішінде өздерінің басты қорытындысын/ақпаратын ұсынады.
- •Басқа оқушылар мұқият тыңдаулары керек, егер де олар «ыстық» орындықтағы баланың тақырыптан ауытқығанын немесе қайталанғанын, күмәнді деректер келтіргенін аңғарса, олар наразылық білдіре алады. Мұндай жағдай орын алса, уақыт тоқтатылады.
- Ұйымдастырушы наразылықтың дұрыс/бұрыстығын шешіп, өз шешімін дәйектеуі қажет.
- Егер де наразылық дұрыс деп танылса, онда «ыстық» орындықтағы оқушы ойыннан шығып, орындықты босатады. Наразылық танытқан оқушы ұпай алады.
- Егер де наразылықтан бас тартылса, онда оқушы басқа наразылық білдірілгенше дейін немесе бір минут аяқталғанша өз сөзін жалғастырады. Егер оқушы өзіне тиесілі минут бойынша «ыстық» орындықта отыра алса, ұпай алады.

- Қосымша тапсырма ретінде оқушылармен «Тұжырымдамалық карта» ойынын ойнауға болады, ойын барысында олар «Бір минут» тапсырмасын орындаған кезде алған барлық ақпаратты жинақтайды және құрылымдайды.

Белсенді оқылым тәсілдері:

Бастапқы танысу

Құрылымы мен мазмұнын түсіну үшін тақырыбын, тараушаларын, фотосуреттерберілген жазбаларды және т.б. зерделеуді көздейді.

Мысалы: Мәтінді оқырдың алдында оқушыларға тақырыбын беріңіздер де, оларданассоциация жүргізуді сұраңыз, яғни тақырыпты оқыған кезде олардың ойына некелгенін айтады. Оқушылар өздерінің ассоциацияларының негізінде мәтін не туралыболады деп ойлайтынын талқыға салады.

Болжау

Мазмұны қандай болатынын және қандай сөздік қор қолданылатынын болжауүшін тақырып, автор туралы бұған дейінгі білімдері пайдаланылады.

Мысалы:

Оқушылар мәтіннің бір бөлігін оқып болғаннан кейін, олардың ойларынша әріқарай не болатынын болжайды. Оқушылар оқылған мәтінде келтірілген, өзболжамдарына негіз болған ойларға сүйене отырып, өз болжамдарын дәлелдеулері тиіс.

Танысу үшін оқу және сканерлеу

Бұл тәсіл мәтіннің негізгі идеясын, стилі мен құрылымын анықтау үшін, мәтіндітез көз жүгіртіп оқып шығуды көздейді. Бұл тәсілді болжамдарды дәлелдеу үшінпайдалануға болады.

Мысалы: Мәтінді оқырдың алдында оқушылар өздерінің қандай негізгі ақпаратіздейтіндерін анықтап алулары керек. Олар қандай тірек сөздердің мәтіндегі солақпаратты меңзейтініне назар аударуы тиіс. Оқушылар тірек сөздерді іздей отырып, мәтінді жылдам оқып шығады. Оларды тапқан жағдайда, өздерінің іздегені осы ақпаратпа екенін тексеру үшін оқушылар тиісті бөлімді оқып шығады.

Мәтінге қарап болжам жасау

Бұл тәсіл оқушылардың таныс емес сөздердің мағынасын анықтау үшін
мәтіндегі ишаралар мен бұған дейінгі білімдерін пайдалануын көздейді.

Мысалы: Осы тәсілді тексеру үшін мұғалім оқушыларға ойдан шығарылған сөзі бар сөйлем ұсынады, мысалы, «Гелаклаф сынып қалғандықтан маған жолдың қалғанбөлігін жаяу жүріп өтуге тура келді». Оқушылар қалған сөздерге қарап, бұл сөздің немағына беруі мүмкін екенін анықтауға тырысады. Бұл жағдайда сөйлеп тұрған адамбұның алдында жаяу болмай, бірдеңені мініп келе жатқандықтан, олар мұны көліктіңбір түрі деп ұйғаруы мүмкін, сондықтан бастапқыда «велосипед», «автобус» немесе «автомобиль» деген болжамдар ұсынылуы мүмкін. Барынша нақты болжам жасау үшіноқушылар мәтіндегі қосымша ақпаратқа назар аударуы тиіс.

Басқа сөздермен айту

Белгілі бір ойды бірдей уақыт өткен сайын басқа сөздермен айтуды білдіреді.

Мысалы: Оқушылар өздері жаңа ғана үйренген нәрсені қорытады. Жаттығуды күрделіжәне қызықты етіп өткізу мақсатында оны бейімдеуге болады, мысалы, өзініңүйренгендерін екі сөйлеммен болмаса он немесе одан да аз сөзбен қорытындылау.

Қолданылған әдебиеттер:

«Мұғалімге арналған нұсқаулық Бірінші (ілгері) деңгей». // 2014ж
«Білім технологиялары»// № 3, 2016 ж.
3. «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериалды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру»// 2017ж

# ЗАМАНАУИ САБАҚТЫ ЖОСПАРЛАУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Тулепбергенова Ж.С.
*МКҚК «Көксу ауылшаруашылық колледжі»*
*Ескелді ауданы, Жастар ауылы*
*zhanara_musauova@mail.ru*

***Аңдатпа:*** *Мақалада заманауи сабақта қолданылатын интербелсенді әдістеменің сипаттамасы мен ерекшеліктері келтірілген. Автор сабақта ұтымды қолданатын стратегиялар мен әдіс-тәсілдерге қысқаша тоқталады. Өз тәжірибесіндегі «Қазақ тілі» пәнінен өткізген сабақ жоспары мен үлгісі ұсынылады.*

***Аннотация:*** *В статье описаны и представлены интерактивные методы, используемые на современных уроках. Автор кратко описывает стратегии и методы, использованные на уроке. Представлены план урока предмета «Казахский язык» из личной практики.*

***Abstract:*** *The article describes and presents interactive methods used in modern lessons. The author briefly describes the strategies and methods used in the lesson. A lesson plan and a sample of the subject "Kazakh language" from personal practice are presented.*

*Тірек сөздер: жаңартылған бағдарлама, әдіс-тәсілдер, стратегия*
*Ключевые слова: обновленная программа, методы, стратегия*
*Keywords: updated program, methods, strategy*

Ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсыновтың «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек» - деп айтып кеткен сөздері бүгінгі таңда да өз маңызын жоғалтқан емес.

Сабақ – оқытудың негізгі формасы ретінде Қ.Қадашева [1], Н.Құрманова[2], Н.Оралбаева [3], К.Жақсылықованың [4] еңбектерінде аталып өтіледі.

«Қазіргі кезде білім беруді ақпараттандыру мақсатында қабылданған мемлекеттік бағдарламалар дүниежүзілік білім кеңістігіне енуге байланысты оқыту жүйесін жаңаша құруға бағытталған. Сол себепті қазақ тілі сабақтарында білімді өздігімен игеруге негізделген интербелсенді әдіс-тәсілдер қолданылады» [5, 4].

Бұрынғы оқыту жүйесі мен қазіргі жаңартылған білім беру бағдарламасын салыстырмалы түрде қарастырсақ:

| Дәстүрлі сабақ | Заманауи сабақ |
|---|---|
| 1. Оқытушы уақыттың көп бөлігінде сөйлейді, белсенді<br>2. Білім алушылар тыныш отырып, оқытушы тыңдайды.<br>3. Оқытудың басым түрі – түсіндіру<br>4. Сабақтың негізгі бөлігі – жеке – жеке бағалау<br>5. Сабақ кезеңдері ұзақ мерзімде өтеді | 1. Білім алушылар көп уақыт бойы белсенді, тапсырманы талқылайды<br>2. Оқытушы – бағыттаушы. Пікірталас кезінде көмектеседі, сұрақтар қояды<br>3. Білім алушының өзі сұраққа жауап іздейді<br>4. Бағалаудың жаңа түрлерінен пайдаланылады<br>5. Жұппен және топпен жұмыс |
| Нәтиже: Оқытушы білімді өзі береді | Нәтиже: Сөз үйретпейді, білім алушының әрекеті үйретеді. |

Қазіргі білім беру парадигмасына сай, топта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында тренинг сипатындағы жұмыстар атқарылады. Тренинг ұйымдастыруда мынадай интербелсенді әдіс-тәсілдер қолданылады: іскерлік және рөлдік ойындар, нақты жағдаяттар мен оларды талдау, топтық пікірталастар. Тренинг өткізу

барысында оқушылардың психологиялық жай-күйі реттеледі, сабаққа деген қызығушылығы артады, оқу мотивациясы туындайды.

Тақырыпқа деген ызығушылықты ояту кезеңінде «Тірек сөздер» стратегиясы, «Ассоциация» әдісі, «Сөзжұмбақ», «Алдын ала берілген атаулар», «Сұрақ-жауап», «Қызықты суреттер», «Биопоэма» тәсілдері, Венн диаграммасы, «Жеңілдетілген анықтама» блиц ойыны, т.б. қолданылды.

«Тірек сөздер» стратегиясы бойынша жаңа тақырып негізінде тақтадағы плакаттарға бірнеше тірек сөздер жазады. Оқушылар кезек-кезек тақтаға шығады. Маркерлерді пайдаланып, тірек сөздерден ассоциаграмма құрайды. Тірек сөзді неліктен сол сөзбен, сөз тіркесімен байланыстырғандығын түсіндіріп, айтып береді.

Оқушылардың алған білімдерін жинақтау мен тиянақтау мақсатында

«Салыстыру кестелері» тәсілі пайдаланылады. Сабақтың аяғында да,

соңында да нәтижелі қолдануға болады. Кестелердің негізінде салыстыру жатады.

«Жеңілдетілген анықтама» тәсілі – сабақты қорытындылау мақсатында соңында жүргізілетін тәсіл. Оқытушы қарастырылған тақырып бойынша қандай да бір атау, ұғым таңдап алып, оны оқушыларға береді. Бір бала оны 2-ші балаға түсінікті болатындай етіп топқа түсіндіріп береді. Бұл тапсырманы жеке, жұп/топ ішінде де орындатуға болады. Алдын ала берілген атаулар тәсілі. Оқытушы сабақ басында жаңа тақырып бойынша тақтаға бірнеше атау (терминдер) жазады. Білім алушылар оның мағынасын, мазмұны мен қызметін, өзара байланысын айтады.

«Венн диаграммасы» - белгілі бір мәселені салыстыру, талдау, пайымдау мақсатында ұсынылатын тәсіл. Диаграммаға екі заттың немесе құбылыстың ерекшелігі мен ұқсастығы жазылады. Аналитикалық ойлау жүйесін дамытуда пайдаланылады.

«Биопоэма» тәсілі бойынша, әрбір балаға жаңа тақырып бойынша А4 парағына жазылған бірнеше сауал береді. Оқушылар 1–1,5 минут ішінде бір парақ қағазға сауалдарға жауап жазады. Биопоэмалар оқылады, талданады.

Негізгі материалды түсіндіру кезеңінде, яғни сабақтың ортасында оқытушы білім алушылармен бірге жаңа тақырыпқа қатысты мәтінді талдау жұмыстарын жүргізеді.

Мәтінмен жұмыс істеудің негіздерін қалыптастыру үшін «Дана үкілер» техникасы, «Түсіндірмелі тор», «Редактор», «Синектика», «Борт журналы» әдістерін, «Ұқсастық», «INSERT», «Түртіп алу», «Ойланжұптас-бөліс» немесе «Жұптас. Ойлан. Пікірлес», «Граффити мәтіні» оқу стратегияларын, «Төрт сөйлем», «Ойды жалғастыр...» тәсілдерін, «Қос жазба күнделігі», «ПОПС» формуласын, т.б. пайдаланады.

«Ойлан. Жұптас. Пікірлес» стратегиясы – жиі қолданылатын тәсілдерімнің бірі. Білім алушыларға қандай да бір тақырып бойынша сауал, тапсырма берілгеннен кейін оны орындауға бағытталған интербелсенді тәсіл. Тақтаға тақырып бойынша тапсырма жазылғаннан кейін, білім алушы өзінің пікірін берілген уақыт ішінде (3–5 минут) қағазға түсіреді. Өз жұбымен оны 3–4 минут талқылайды, талдайды, пікір алмасады. Оқытушының сұрауымен өз пікірлерін бүкіл топқа жариялайды.

Мәтіндегі ақпараттарды талдауда, ой қорытындылауда пайдаланылатын тиімді әдіс-тәсілдердің бірі – «Төрт сөйлем» тәсілі.

<u>Формасы:</u> Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз. Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

Т-кестесі – бір-біріне қарама-қарсы немесе салыстыруға болатын атауларды не пікірлерді келтіруге арналған кестелер. Қазақ тілінде есімше мен көсемшені, салт етістік пен сабақты етістікті, жалпы есім мен жалқы есімді т.б. өткенде қолдануға болатын кестенің түрі.

«INSERT» стратегиясы – оқушылардың танымдық қабілетін арттыру барысында сабақтың басында не сабақты қорытындылау мақсатында қолданылатын әдіс-тәсілдердің

бірі. Бұл әдіс оқушының өз бетінше тұжырым жасауына, қорытындылауға ықпал етеді. Арнайы кестеде беріледі (Білемін. Білгім келеді. Мен үшін жаңалық. Зерттеймін).

«ПОПС» формуласы – білім алушылардың эссе жазудағы ең ұнамды тәсілі. Төрт сөйлемнен тұратын ой қорытындылауға бағытталған тәсіл

П – позиция;

О – түсіндіру;

П – мысал;

С – қорытынды.

ПОПС формуласының құрылымы мынадай:

Бірінші сөйлем. *«Менің ойымша, ...»*

Екінші сөйлем. *«Себебі, мен оны ... былай түсіндіремін».*

Үшінші сөйлем. *«Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».*

Сонымен қатар мәтінмен жұмыс істеу барысында У.Дж. Гордон ұсынған «Синектика» зерттеу әдісін сабақта қолдану өте тиімді. Бұл – «Ой шақыру» әдісінің (метод «Мозгового штурма») жетілдірілген түрі, эвристикалық әдіс. Қатысушылардың ойлау, өзіндік ой қорытындылары арқылы тақырыпқа қатысты көптеген идеялар жинақтап алу әдісі. Бірінші кезекте ой шақыру арқылы жазба жұмыс орындалады, екінші кезеңде талқылау ұйымдастырылады, үшінші кезеңде әр білім алушы өз ойын айтып, толықтырады, нақтылайды. Сарапшы ұсынылған идеялардың бәрін жазып отырады. Оның ерекшелігі білім алушылардың өзара тығыз әрекет жасауы, коммуникативтік қатынасқа түсуі нәтижесінде ізденіс жұмыстарын бірлесіп жүргізіуінен, идеяларды бірге талқылап іріктеуінен көрінеді. Тікелей аналогиялар қолданылады, атап айтқанда, бір тектес, ұқсас тапсырмаларды шешудегі жеке және эмпатиялық ұқсастықтар (өзін таныстыру қажет болған жағдайда тапсырманың шарты бойынша талдау жасау, мысалы, шетелдік турист атынан Қазақстан жайлы өз ойын білдіру), тапсырманың шартын (түрлі символдар, суреттер, кластер, постер түрінде) бейнелі түсіндіру; фантастикалық ұқсастықтар (ұсынылған тапсырманы қиял-ғажайып тұрғыда түсіндіру) ұсынылады.

Мәтінді кешенді талдауда «Түсіндірмелі тор», «Аквариум», «Пікірталас», «РАФТ» т.б. әдістер оқушылардың оқылған мәтіндегі негізгі ақпараттарды игерту, топтық жұмыстарды жүргізу үшін қолданылады.

«Түсіндірмелі тор» әдісі мынадай кезеңде жүзеге асырылады. Орындалатын тапсырманың шарты бойынша: 1-топ интерпретация жасайды – оқылған мәтіндегі негізгі тірек сөздерді анықтайды, олардың өзара байланысын көрсетеді, салыстырады; 2-топ трансформация жасайды – алдыңғы топтың айтқан ойларын белгілі бір формаға түсіреді (сурет, сызба, кесте, кластер, т.б.), қарамен жазылған сөйлемдер туралы өз ойларын айтады; 3-топ – нақты дерекпен жұмыс істейді, айтылған мәселе бойынша мысал не дәлел келтіреді;

«Аквариум» тәсілі – білім алушылардың тақырып бойынша қандай да бір мәселені диалог сипатында талдау тәсілі. Шағын топ ішінде қарастырылады. Талқылауды не оқытушы, не бір белсенді білім алушы жүргізеді. Ол басқаларға сөз беріп, онымен пікір алмасуды ұйымдастырады. Топтағы басқа білім алушылар аталған мәселені шағын топтың қалай талдағанын бақылап, тыңдап тұрады. Ең соңында шағын топтың мәселені қалай шешкендігі жайлы олардың көзқарастары сұралады.

«Пікірталас» әдісі бойынша оқытушы топты үш топқа бөледі, білім алушыларға жаңа тақырып бойынша сұрақтар береді. Сол сұрақтардың негізінде пікірталас ұйымдастырады.

Атап айтсақ, өткізілген сабақтарымда бірқатар интербелсенді әдіс-тәсілдер қамтылған. Сабақта жаһандану жағдайындағы ұлттың тәуелсіздігі мен рухани құндылықтарын сақтаудың тетігі тіл екендігін ұғындыру мақсаты тұрды. Атап айтқанда сабақтың басында психологиялық ахуал қалыптастыру, ынтымақтастық атмосферасын орнату үшін «Мадақтар бұрқасыны» тәсілін қолданамын. Қызығушылықты ояту. Ойтүрткі үшін «Ой шақыру» әдісін пайдаланып сұрақтар қоямын: − Тіл құндылық па? − Тіл

құндылықтың қай түріне жатады? Яғни білім алушылар тілдің құндылық ретіндегі қасиетін сызбаға түсіреді. «Дербес пікір жазу» тәсілі бойынша ғалымдардың қазақ тілі туралы пікірлерін оқиды, онда қазақ тілінің қандай құндылықтық мәні туралы айтылып тұрғанын дәлелдеулерін сұрайды. Сабақтың соңында көбіне «Мамандықтың барлық түрі қазақ тілімен байланысады» тақырыбында «келісу/келіспеу» эссесін жазғызамын.

Эссеге қойылатын талаптармен таныстырып өтемін.

- – нақты айқындалған кіріспе, негізгі тарау, қорытындыдан құралуы шарт;
- – шынайы өмірмен байланыс болуы тиіс;
- – өзіндік тың пікірлер келтіру керек;
- – баяндау стилі нақты болуы шарт;
- – эссе мәтіні орфографиялық нормаға сай жазылуы қажет;
- – көлемі – 100–150 сөз.

Пайдаланылған әдебиеттер:


1. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі – Алматы: «Мұрагер», 2005.
2. Оразбаева Ф. Ш. Қатысым теориясы мен әдістемесі. –Алматы: «Ан Арыс», 2000.
3. Құрманова Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері.– Астана: «Фолиант», 2008.
4. Жақсылықова К.Б. Қазақ тілін модуль арқылы оқыту теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2004.
5. Дәулетбекова Ж., Юсуп П., Жұмекенова Л. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: «Атамұра», 2019.


## ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ПРОИЗВЕДЕНИИ В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ


Бакалова А.Ж.

*«Zhansugurov college» при Жетысуском университете им.И.Жансугурова,*
*г.Талдыкорган, aidana.bakalova@mail.ru*



***Аңдатпа.*** *Мақалада қазіргі мектепте көркем шығармаларды оқытудың мақсаттары мен өзектілігі қарастырылады. Прозалық және поэтикалық шығармалардың білім берудегі рөлі мен орнын анықтай отырып, әдебиет сабақтарында көркем шығармалармен жұмыс істеудің инновациялық әдістері мен әдістері қарастырылған.*



*Тірек сөздер: инновация, әдебиет, шығарма, әдіс, жаңартылған*



***Аннотация.*** *В статье рассматриваются цели и актуальность изучения художественных произведений в современной школе. Определяя роль и место классических прозаических и поэтических произведений в образования, раскрываются инновационные методы и приемы работы с литературными произведениями на уроках литературы.*



*Ключевые слова: инновации, литература, произведение, метод, обновленный*



***Annotation.*** *The article discusses the goals and relevance of the study of works of art in a modern school. Defining the role and place of classical prose and poetic works in education, innovative methods and techniques of working with literary works in literature lessons are revealed.*



*Keywords: innovation, literature, work, method, updated*

Формирование творческой личности - одно из главных требований современного образовательного процесса. Один из путей формирования творческой личности заключается, прежде всего, в эффективной организации познавательной деятельности учащихся. Учитывая условия современного развития направления и содержание образования в методику преподавания внедрено, так называемые инновационные методы обучения. Инновационные методики характеризуются новым стилем организации учебно-познавательной деятельности учеников. Касательно, педагогики, инновации – это введение нового в содержание, цели, приёмы и методы в процесс образования. Главная цель - организовать учебный процесс, используя инновационные приёмы, совершенствовать навыки мышления через учебную деятельность учащихся, содействовать процессу самообразования. А достижение этой цели осуществляется через собственные действия ученика.

Принимая во внимание богатый методичный навык минувшего, также следуя современными условиями к изучению художественных произведений, методика преподавания не прекращает собственное развитие. Овладение умениями не только читать, но и систематически анализировать художественные произведения является одним из основных путей к получению образования, соответствующее современным требованиям и формированию познавательной мотивации учащихся. Главная цель чтения художественных произведений в учебном процессе - обогащение речи, развитие творческих способностей, привлечение к чтению художественной литературы, обучение умению анализировать художественный текст, умению выразительно говорить. Например, через произведения известных писателей, сыгравших определенную роль в становлении новой национальной литературы, мы можем впитать в молодое поколение значительные вехи жизни народа в Казахстане, нашу историю, социально-актуальные проблемы общества. В очередной раз через художественные произведения известных писателей нашего народа мы познаем не только картину той или иной истории, но и размышления о судьбе народа, о человеке, отражение национальной психологии.

В учебном процессе можно добиться значительных успехов в использовании новых методов и приемов с целью повышения интереса учащегося к предмету. Качественный результат познавательного и творческого поиска ученика на уроках литературы:

Раскрытие совершенно новых индивидуальных качеств и способностей ученика;

Повышение творческих способностей и применение их в повседневной жизни;

Умение по-новому взглянуть на привычную информацию и принимать различные решения, основываясь и принимая во внимание урок, извлеченный из произведений.

В связи с этим определяется, что художественно-эстетическое образование и воспитание школьников через художественные произведения имеет большое значение. Поэтому эстетическое воспитание подрастающего поколения, расширение его художественно-эстетических вкусов и культуры, богатства языка, знание истории родной страны, национального языка через литературу является одной из самых сложных задач. Реализация этих задач - непростая работа.

Современное образование совпадает с высказыванием Р. Олдингтона «Ничему тому, что важно знать, научить нельзя, - все, что может сделать учитель, это указать дорожки»[1, с. 187]. Каждый преподаватель стремится к тому, чтобы его урок оставил заметный след в сознании учащегося, чтобы продвигать его в умственном, эмоциональном, эстетическом и речевом развитии, развивать у детей интерес к книге, любовь к чтению, прививать им полезные умения и навыки. Однако, несмотря на усилия, в классе всегда оказывается группа слабо читающих детей. У них работа с книгой вызывает умственную перегрузку, а это приводит к нежеланию учиться и к отставанию в учёбе, что влияет на эффективность работы всего класса. Поэтому, чтение художественного произведения учащимися – одна из самых сложных ситуаций в современном учебном процессе. Многие преподаватели стараются использовать новые технологии: нестандартные приёмы, которые помогают развивать интерес учащихся к

чтению, поиску ответов на возникающие вопросы. В связи с этим решением этой проблемы: повышение познавательных способностей учащихся могут быть использование инновационных методов обучения.

В настоящее время в организации своих занятий стараюсь максимально показать на новом уровне качество, содержание, методы урока, чтобы учащимся было интересно читать и не терять их внимание во время урока. Основная деятельность на уроке литературы осуществляется через текст, художественное произведение. А традиционное чтение и изложение содержания произведений, представленных в учебной программе, утомляет учащихся. Как утверждают психологи, в таком случае у детей наблюдается тревожность, так как они не хотят, поэтому не понимают прочитанный текст. Пока ученик сам не проговорит и повторит, он ничего не смыслит. Поэтому на каждом уроке у детей должна быть возможность говорить, а это и есть творчество. С этой целью на уроке я часто использую фразы: «нарисуйте», «посоветуйтесь», «помогите», «обсудите», «найдите ошибки», «сделайте модель» и т.д.

«Умение брать самое основное из знаний, сравнивать, делать выводы, самостоятельно достигать определенного результата должно стать главной целью, которую достигает ученик при организации самостоятельной работы» [2, с.36] В связи с этим вот некоторые приёмы, которые являются эффективными при изучении художественных произведений:

- составление рисунка к прочитанному произведению;
- творческое дополнение или изменение иллюстрации к тексту;
- подбор музыки к произведению, определить её характер и настроение;
- соотнесение рисунков с событиями в произведении;
- поиск в тексте произведении отрывка, который отвечает на поставленный вопрос;
- составление словесного плана или плана в виде рисунка;
- поиск предложений, которые стали афоризмами, поговорками или фразеологизмами;
- поиск слов в тексте, описывающих пейзаж или героя;
- творческий пересказ и т.п.

От учителей требуется умение определять и обозначать цель урока, в совокупности с выбором методов и приемов для реализации этой цели. Для этого каждый учитель должен хорошо знать методику обучения и умело использовать ее в зависимости от цели урока. Это очень важный вопрос, требующий от учителя творческого поиска, системной, кропотливой работы. Учитель должен знать специфику и возможности каждого метода.

Например, при изучении романа «Анна Каренина» выдающегося писателя Льва Толстого, которое является объемным произведением можно использовать прием «Лестница жизни». Как использовать: перед чтением художественного произведения на доске вывешивается схема. Схема называется "Лестница жизни Анны Карениной". Главной целью является создание интереса к произведению через схему. Возможные вопросы: Почему на вершине лестницы стоит знак сердца? Как бы вы составили лестницу жизни Анны Каренины, учитывая то, что она пережила? Задаются и другие наводящие вопросы, которые раскрывают каждый этап, каждое изменение в жизни главной героини с начала до конца ее жизни. Попутно вспоминая и связывая линией с другими персонажами романа. А ответы на такие вопросы и составляют линию жизни героини, что требует в свою очередь знание текста произведения.

Комплексный анализ романа без его прочтения вызывает затруднения. С помощью учителя читаются необходимые разделы романа, за счет этого учащиеся знакомятся с полным содержанием романа. После самостоятельного составления содержательного плана к роману заполняется схема. В конце чертежа поручается написать эссе. Это самый эффективный способ научить ученика работать над собой, учиться самостоятельно. Эффективная сторона таких методов заключается в том, что все учащиеся в классе полностью участвуют и оцениваются.

Ещё один приём, который можно назвать инновационным "Три вопроса»: учитель в начале урока записывает на доске имена трёх героев или слова, касающиеся содержания произведения и поручает учащимся ответить на следующие вопросы, касающиеся этих названий: где? (где происходят события произведения или где герой произведения совершил тот или иной поступок); как? (как развернулось определенное событие и т.п.); что? (что стало последствием этого поступка и т.п.). И ученик обязательно должен доказать свои ответы отрывком, предложением из произведения.

Как правило, эта работа может быть выполнена учащимися индивидуально, в парах (внутри небольшой группы) устно или письменно. Затем учитель выслушивает мнение нескольких учеников. Эффективно, чтобы учитель менял вопросы с творческой точки зрения в зависимости от темы на каждом уроке.

Способы активного чтения. Первоначальное знакомство. Предполагает изучение темы, глав, записей с фотографиями и т.д. для понимания структуры и содержания. Например: перед чтением текста дайте учащимся тему и попросите их провести ассоциацию, т. е. рассказать, что пришло им в голову при чтении темы. Учащиеся на основе своих ассоциаций обсуждают, примерное содержание текста.

Прогнозирование. Для прогнозирования того, каким будет содержание и какой словарный запас будет использоваться, используются предшествующие знания о предмете, об авторе. Например: после того, как ученики прочитали часть текста, они предсказывают, что будет дальше. Учащиеся должны аргументировать свои предположения, опираясь на мысли, изложенные в прочитанном тексте, послужившие основой для их предположений.

Чтение и сканирование для ознакомления. Этот подход предполагает быстрое чтение текста, чтобы определить его основную идею, стиль и структуру. Этот подход может быть использован для доказательства предположений. Например: перед чтением текста учащиеся должны определить, какую основную информацию они ищут. Они должны обратить внимание на то, какие опорные слова указывают на эту информацию в тексте. Учащиеся быстро читают текст, ища опорные слова. В случае их обнаружения учащиеся читают соответствующий раздел, чтобы проверить, соответствует ли этот отрывок, той информации, которую искали.

Прогнозирование контекста. Такой подход предназначен для определения значения незнакомых учащимся слов предполагает использование в тексте жестов и предшествующих знаний. Например: чтобы проверить этот подход, учитель предлагает ученикам предложение с вымышленным словом, например: «поскольку Гелаклаф сломался, мне пришлось пройти оставшуюся часть пути пешком". Ученики смотрят на остальные слова и пытаются определить, что может означать это слово. В этом случае, поскольку говорящий человек не идет впереди, а едет на чем-то, они могут решить, что это вид транспорта, поэтому первоначально могут быть предложены предположения о том, что это «велосипед», «автобус» или «автомобиль». Для более точного прогноза учащиеся должны обратить внимание на дополнительную информацию в тексте.

Сказать другими словами. Означает выражать определенную мысль другими словами. Например: учащиеся сами переваривают то, что усвоили.

Не все знают, что невозможно сохранить чистоту нашего языка с помощью разговорной речи. Истинную модель чистоты языка может сохранить только художественная литература. Хочется сказать, что художественное произведение, говорит о сокровенных ценностях словарного запаса. Как говорится «язык, в котором есть оплакиваемый хранитель проживёт долго». [3, с.18] В заключение хотелось бы сказать, что любить литературу, читать с интересом - это не просто грамотность, а вдохновение и большая мудрость.

Список литературы:

1. Олдингтон Ричард. Собрание сочинений в 4 томах - Художественная литература. М.// 1988, с.187
2. Волина В. В. Учимся, играя. – М.: «Новая школа», 1994. – 136 с.
3. Бирюков Ю. «Не для меня придет весна…». История песни // Вечерняя Москва, № 70 (23868), 2004, с.18

## БАҚЫТ ТА, БАЙЛЫҚ ТА – БАЛАДА

Имандинова А.А
*Талдықорған агро-техникалық колледжі*
*Талдықорған қ, altyn19921@gmail.com*

***Аңдатпа.*** *Қазіргі таңда зайырлы мемлекетіміздің тұғыры жас буынды тәрбиелеу мәселесінің күрделілігі туралы және ол мәселені отбасы- білім ордасы болып бірлесе отырып шешу қаралады.*

*Тірек сөздер: Бала тәрбиесі, рухани құндылықтар, ата-ана-білім ордасы бірлестігі*

***Аннотация.*** *В настоящее время на пьедестале светского государства рассматривается*

*сложность проблемы воспитания молодого поколения и решение этой проблемы совместно с семьей - образовательным учреждением.*

*Ключевые слова: Воспитание детей, духовные ценности, родительско-школьное объединение*

***Annotation.*** *At present, the basis of our secular state is the complexity of the problem of educating the younger generation and the joint solution of this problem as a family- educational institution.*

*Key words: Child rearing, spiritual values, parent-school association*

Ғасырлар бойы адамзаттың өмірінің өзегі болған ең басты мәселе - артына саналы ұрпақ қалдыру. Адамға нағыз бақытты — тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адамның бақыты — балада», «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген қанатты сөздер бекер айтылмаса керек.

Сәби дүниеге келген сәттен бастап ата - ана алдында қиын, қыр - сыры мол үлкен жауапкершілік тұрады. Ол – қоғамымызға бір кірпіш болып қаланатын халқының азаматын тәрбиелеу. Бала тәрбиесіндегі алғашқы жауапты адамдар — ата - ана. Балалық шағында бала үшін отбасынан, ата - анадан артық тәрбиеші жоқ. Бала бойындағы адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер — үлкендердің айтқан теориялық сөзімен дамымайды, үлкендердің тәжірибелік үлгісімен ғибратталады. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген халық даналығы бекер айтылмаса керек. Әр бала кішкентай кезінен бастап ақ әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектескісі келіп, әр нәрсенің қыр-сырын білгісі келіп тұруы заңдылық. Бұған кейбір әке - шеше «істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрысып жіберуі мүмкін. Баланың бетін қайтармай керісінше, өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Балаға берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындалуын қадағалап, кеткен қателіктерін түзетіп отыру қажет. Осылайша баланың бірте - бірте еңбекке деген болашағына жол ашылады. Әр істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт бересіз. Баланың істеген ісін әрдайым мадақтап, қателігін жайлап түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырманы ықыласпен орындап, бір жағынан ата-анаға көмек және өзіде жұмысқа ысыла түседі. Адамды адам еткен еңбек деген сөздің төркінінде, еңбек тәрбиесінің өскелең ұрпақтың дене сымбаты мен ой-өрісінің дамуына оң ықпалын тигізетіндігі айтылады. Еңбек – адамдық кемелденудің негізі. Баланың еңбек ету барысында жіберген

қателіктеріне орынсыз ұрысу, зеку, сұрақтарына дөрекі жауап беру немесе әлі келмейтін істі талап ету ата – ананың бала алдында беделін түсіреді. Ата-ана — бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез - құлқындағы ерекшеліктерді, өзгерістерді байқап дер кезінде шешім қабылдап, дұрыс жолға қоя білу керек. Бала алдында әке – шеше ұрыс- жанжал шығармай әдептілік танытқаны жөн. Мысалы, арақ ішіп, темекі тартатын ата-ана балаға қандай ғибрат көрсете алмақ. Жас шыбықты қалай исең, солай өседі ғой. Иә, «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің» демекші ата - ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау — ата - ананың басты парызы.

Абай атамыздың жетінші қара сөзінде «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген[6]. Балаға туғаннан тән азығы - тамақ қандай қажет болса, жан азығы - жылулық, сүйіспеншілік те сондай қажет. Ең бастысы, баланың жан азығына зәру екенін еш уақытта ұмытуға болмайды. Бала тәрбиесі – әр сағат, әр күн сайын тынымсыз жүргізіле беретін аса жауапты, күрделі процесс. Тәрбие отбасынан басталады, оны қоғамдық тәрбиенің қандай саласы болса да алмастыра алмайды.

*II. Зерттеу әдістері (әдебиеттерге шолу, анонимді анкеталар)*

Мысалы, баланың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тақырыбы. Бүгінгі күнде бұл – өзекті мәселе. Қазіргі таңда бүлдіршіндер балабақша жасында болса да телефон, планшет, смартфондардан алуан түрлі ақпарат алады. Сондықтан бала қандай ақпарат алып жатқанын қатаң қадағалау керек. Жасөспірім кезінде бақылауды тіптен күшейту қажет, себебі олардың аумалы-төкпелі кезеңдерінде басқа өмірді аңсайды, тыйым салынған зиянды әдеттерді көріп, теріс тәрбиеге тез бой алдырып үлгереді, егер осы теріс жолға мүлде бет бұрып кетсе, баланы қайта қалпына келтіру қиын. Жіберілген «ақтаңлақтар» бала психикасын жаралап, өміріне көлеңке түсіреді. Мысалы, қыз балалар ұлдарға қарағанда физиологиялық жағынан ерте ержетуіне байланысты, ерте ес жиып, қоршаған ортадағы сәнді трендтерге еліктей бастайды. Қазіргі кезде қыз балалар арасында Сән подиумындағы арық, ұзын қыздар мұндай бойжеткендер үшін идеал болып есептеледі. Осы сән фабрикалары қойып отырған параметрлерге сәйкес келу үшін әртүрлі дене жарақаттарын жасап, диета сақтап «анорексия» мен артынша «булемияға» ұшырайтындар жиі кездеседі.

Анорексияға ұшырағандар қанша жерден арықтаса да ылғи өздерін толық сезініп, өз денесінен өздері ұялады. Анорексия өзін-өзі жақсы көрмейтіндіктен туындайды. Анорексиямен ауратын адамның белгілері қандай?

- тамаққа тәбеті болмайды;
- көңіл-күйі төмен;
- қоғамнан оқшауланады;
- ұйқысы бұзылады;
- ештеңеге қызықпайды.

Олар ғаламтордан сән журналдарынан сән туралы ақпараттарды ақтарып, үнемі арықтаудың жаңа жолдарын іздестіреді. Өсіп келе жатқан жас ағза өзіне қажетті қоректі алмағандықтан, арықтап қана қоймай, бірте-бірте ауруға шалдығады. Булимия да

анорексия сияқты жеткіншектер арасында көп болатын проблема. Ол – тамақты шектен тыс ішу мен тәбеттің тым жоғары болуы. Булимияның пайда болу себептері:

- күйзеліс;
- өз-өзін жек көрушілік;
- дұрыс тамақтанбау;
- тұқым қуалаушылық.

«Өтпелі кезеңдегі» жеткіншекке айналасындағы болып жатқан жайттар, өзгерістер, ата-анасының ажырасуы, құрбы-құрдастарының өзі жайлы пікірі, армандаған заттарына жете алмауы, ғашықтық, т.с.с. әлеуметтік, материалдық жағдайлар қатты әсер етеді. Туындаған қиындықтарды жойып жіберу үшін үнемі (кейде тіпті түнде де) тамақ жегісі келеді. Осылай шамадан тыс тамақтану адамның ішкі құрылысы қызметінің бұзылуына алып келеді, сонымен қатар жүрекке, тіске кері әсер береді[6].

*III. Зерттеу нәтижелері*

Қай отбасында болмасын ана барлық балаларына үнемі жақын болып, өзінің аналық мейірімі мен махаббатына бөлейді. Ал ұл бала үшін әкесі жынысына байланысты жақын және олардың мінезі-құлықтары мен қарым-қатынасында көптеген ұқсастықтар анықталады, сондықтанда ұл баланың қабілеттілігі әкенің ықпалына байланысты деп айтып жататыны осыдан.

Әке ұлына күшті жыныс өкілі ретінде үлгі болады. Әке қашанда баланы сөзбен емес, өзінің ісімен тәрбиелейді. Ер бала ең алдымен әкенің өнегесінен нағыз ер адам қандай болу керектігін қабылдайды. Сондықтанда әке ұлын батылдыққа, батырлыққа, ер жүректікке, адалдыққа, қайраттылықа, ұлтжандылыққа, әйел баласына серілік қарым-қатынас танытуға, отағасы қандай болу керек екендігін өз тәжірибесі арқылы үйретіп, үй еңбегінің аса қиын соғатын істерді өз мойнына алуға талпынуға тәрбиелеуі керек

Ал ананың міндеті ұлының алдында барлық әйелге тән жақсы қасиеттерді көрсете отырып, өзінің шынайы және шексіз махаббатымен ұлынан да әйел баласы алдында сондай жауапты қасиеттерді көрсетуге шақырады және оның эмоционалды дамуына себепші болады. Ер баланың анасына деген қарым-қатынасы белгілі дәрежеде қыз балалармен жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру мәнін игеруге мүмкіндік тудырады, адамдарға қамқорлық жасауға үйретеді, өзінің маңайындағыларға қажетті көмек жасауға ықпал етеді.

Отбасында жеткіншек ер баланы тәрбиелеу – бұл қарапайым емес маңызды және жауапкершілікті талап ететін үлкен іс. Өйткені осы жастағы ер баланың бойынан шығармашылыққа, өзінің өмірден орнын іздеу сияқты талпыныстарын байқауға болады. Осы тұста ата-ана олардың жан дүниесін түсініп, дер кезінде бағыт-бағдар көрсетсетсе, бұл ата-ананың бала тәрбиесіндегі тапқырлығы болып саналады. Ер балаларды қазіргі заманда отбасын асыраушы басты тұлға етіп тәрбиелеу, болашақта өзі құрған шаңырағының шайқалмай тұруына септігін тигізер бірден бір себеп. Себебі, қазіргі таңда отбасын асырай алмай теріс жолға түсіп, ішімдік ішіп немесе наша қолданып азып жүрген азаматтар қоғамда аз емес.

Қазіргі жылдам дамып жатқан заманда біздің аллдымызда ұрпағымызды болашақ өмірге тиісті деңгейде даярлап, олардың бойында жалпы орта білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын өмірлік тұрақты құндылықтарды қалыптастыру міндеті тұр. Қазақстан көп ұлтты және көп конфессиялы зайырлы мемлекет болып табылады. Қазақстан Республикасының соңғы ұлттық халық санағының статистикалық мәліметтері бойынша, халықтың жалпы саны шамамен: 18,898,9 адам; діни жіктеме бойынша ислам дінін ұстанатындар 70,2 70,2% құраса, христиан дінін ұстанатындар– 26,3% құрайды. Дін-адам тарихының және тәрбиесінің бірі және сарқылмас даналық көзі. Егемен ел болып қалыптасуымыз, мемлекетіміздің өркендеуінде діннің алатын орны зор. Себебі, дін-имандылықтың, әділдіктің, сыпайылықтың, парасаттылықтың, көпшілдіктің, төзімділіктің кепілі. Адам дінге сенген соң, өзгелерге жәбір көрсетуден, тәртіпсіздік жасаудан, ішімдік, есірткі секілді жаман әдеттерден бойын алыс ұстайды.

Қазіргі кезде жастар арасында ислам дініне бет бұрып, жұма намазына барып, уағыз тыңдайтын жастар көбеюде. Қазіргі қоғамда бір жаратушы бар екеніне сенбейтін адам кемде кем. Адам бос құты тәріздес оның бос қалған сенім кеңістігін басқа теріс діни ағымдармен емес, жүрегіне имандылық ұялатып, айналасындағыларға жақсылық жасататын, екі дүниенің де игілігіне кенелтер таза ислам діндегі жастарымыздың діни ұстанымына қайшы келметіндей жағдайда оқу үрдісін ұйымдастыру керек деп ойлаймын.

энтоұйымының салт-дәстүрімен танысып, әндерін үйренуде. Үйренген ән-билерін колледжішілік іс-шарада сахнада көрсетіп көпшілік құрметіне бөленуде.

Жастар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша Талдықорған ішкі істер ұйымымен бірге отырып, «Жалын» жас полицейлер ұйымын құрдық. Ұйымда 15 ұл бала бар. «Жалын» ұйымына тәртібі ерекше назарда ұстауда талап ететін балаларды кіргіздік. Қазіргі кезде олар колледждің ішкі тәртібін реттеуде көп көмек беруде.

Колледжде «Жетісу жастар ұйымының Конгресі» ұйымымен бірлесе жұмыс істеу жақсы нәтижелер көрсетуде. Ұйымға қатысатын студенттер өз шеберліктерін шыңдап, ел алдына шығып, бірталай байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Бұл ұйым жастарды қолдау, жол көрсету, ел алдына шығару, жарнамалау ісіне көп араластырады. Талдықорған қаласындағы Жастарға қызмет көрсету орталығындағы тоғызқұмалақ, теннис спорттық үйірмелеріне белсене қатысады. Дебат клубына 10 студент қатысып жүр. Қазіргі кезде сол жерге барған студенттердің тәртіптері мен жауапкершіліктері артып келеді.

Колледжде «Қамқоршылық кеңесі» бірлестігі жұмыс атқарады. Оның құрамындағы әлеуметтік серіктестердің мекемелеріне студенттер аптасына 2 рет өз мамандығы бойынша біліктіліктерін жетілдіреді. Мамандықтарын терең меңгеріп, жағымсыз қылықтарды жеңе білуге әдеттендіру сияқты әдет- дағдылардың қалыптастырып келеді.

2030 жылға дейінгі Қазақстанның даму Стратегиясын іске асыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында сабақтан тыс студенттердің бос уақытында ұйымдастырылатын шаралардың ішінде дене тәрбиесінің алатын орны ерекше. Студенттердің бірталайы «Өркен» спорттық үйірмелерге, «Жастар» спорт сарайындағы волейбол секциясына қатысады.

Бұл бағыт бойынша колледжде «Дені саудың-жаны сау» атты бағдарлама құрастырылып, әртүрлі спорттық жарыстар, денсаулық тақырыптарында дәрістер, кездесулер жоспарланып, өткізіледі. Әр түрлі жарыстар ұйымдастырады. Жастардың көбі Алматы облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өтетін жарыстарды алдын алу хабарлап, ол жарыстарға да студенттеріміз белсене қатысады.

Тәрбие жүйесін жүзеге асыру үшін құнды теориялық тұжырымдама, теориялық идея қажеттілігі өмір талабы. Тәрбие ісінде жаңа педагогикалық технологияны тиімді пайдалану, тәрбие шараларын өткізу формалары, тәсілдері өміршең өзекті болу, құқықтық тәрбиені халықтық тәрбиемен ұштастыру болғандықтан өзара тәрбие сағаттарына, тәрбиелік іс- шараларға қатысып, озық іс- тәжірибе тарату жұмысы да жолға қойылған.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Н. Назарбаев 2012 ж14 желтоқсан «Қазақстан – 2050 даму стратегиясы»
2. Н.Назарбаев “Біздің халқымыз жаңа өмірге бейімделуі керек”.//”Егемен Қазақстан”. 31 мамыр. 2000 ж.
3. Андреев В. И. Педагогика. Учебный курс для творческого саморазвития. 2-е изд. — Казань, 2000. — 600 с.
4. Журавлев В. И. Педагогика в системе наук о человеке. — М., 1990.

## ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ СЫНЫПТАН ТЫС ТӘРБИЕ ҮРДІСІНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

Рашева Жанар Джаксылыкбаевна

*Есік гуманитарлық-экономикалық колледжі, Есік қаласы*

***Андатпа.*** *Баяндамада жалпыадамзаттық құндылықтардың тұлға дамуында маңызды рөл атқаратыны туралы айтылады және тәрбие үрдісінде жалпы адамзаттық құндылықтарды интеграциялау жолдары баяндалған*

***Аннотация.*** *В докладе говорится о том, что общечеловеческие ценности играют важную роль в развитии личности и изложены пути интеграции общечеловеческих ценностей в воспитательный процесс*

***Annotation.****The report notes that universal values play an important role in the development of the individual and describes ways to integrate universal values into the educational process*

Мәңгілік рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделген кемел мінезді, ойы, сөзі және ісі бірлікте болатын адам тәрбиелеу – қазіргі қоғамның басты қажеттілігі. Өскелең ұрпақтың қазіргі қоғам өзгерісін дұрыс қабылдап, жаһандану үрдісінен жеке тұлға ретінде ұлттық болмысын, ділін, дінін, тілін сақтап, өзіне, болашаққа деген нық сенімде болуы үшін оқу орындарының тәрбие жұмысының өзегі де рухани-адамгершілік білім беруге негізделуі тиіс. Рухани-адамгершілік білім нәрімен сусындаған әр адам өзін, өзі арқылы өзгені тануда мейірімді, қайырымды, кешірімді, ақыл-ойы толысқан, бойында "ұят", "ар", "намыс" секілді қасиетті ұғымдардың қалыптасуымен ізгі қоғам құруға қатыса алады.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім жобасының авторы Сара Алпысқызы «*Баланың бойындағы қабілеттерін ашып, оның өз жан-дүниесіне үңіліп, өз болашағына деген сенімін ояту, өзін-өзі құрметтеп, өз ар-ұжданымен өмір сүруі қандай маңызды десеңізші! Мейірбандық пен Сүйіспеншілік жүректен жүрекке жетіп, әлемге шапағат нұрын төге берсін…» деп жазды.*

Сара Алпысқызының бастамасымен жүзеге асырылған «Өзін-өзі тану» бағдарламасы ұлттың түйінді мұраттарына жауап бере алады, себебі, ол жоғары адамгершілікке ие, рухани бай адамды, еліміздің азаматы мен патриотын тәрбиелеуге бағытталған.

Жас ұрпақтың бойына рухани-адамгершілік тәрбиені сіңіртіп, мінез-құлқын тәрбиелеу үшін, жалпыадамзаттық құндылықтарды, атап айтқанда Ақиқат, Ішкі жан тыныштығы, Дұрыс әрекет, Риясыз сүйіспеншілік, Қиянат жасамау құндылықтарын, адамгершілік ұстанымдарды, әділдікпен өзара көмекті ғұмыр бойы мұрат тұтуға бет бұруы қажет.

*2014 жылдан бастап еліміздің білім беру жүйесінде ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес «Өзін-өзі тану» бағдарламасын оқу-тәрбие үрдісіне интеграциялау» пилоттық жобасы жүзеге асырылып келеді.*

«Өзін-өзі тану» пәнін жалпы педагогикалық үрдіске интеграциялау мәселесі қолға алынып, ең алдымен беріліп отырған білімді жандандыру, яғни оның рухани адамгершілік мән-мағынасын айқындау білім ордамызда көзделген. Колледж ұжымы заманауи үдерістерге үн қосып, болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қамтамасыз етіп, рухани-адамгершілік құндылықтар аясында тәрбиелеуге ерекше назар аударады.

Интеграция – бүгінгі таңда адамның ғылыми ойлауын және әлемдік көзқарасын анықтайды. Сыныптан тыс жұмыс- өзіндік ішкі тәжірибе мен эмоциялық әсерлену арқылы ізгілікті құндылықтарға білімгерлерді бағыттаудың маңызды құралы болып табылады.

Сыныптан тыс тәрбие үрдісін қалай интеграциялауға болады?

Интеграциялаудың жолдарына келер болсақ:

1. Адамзаттың ұлы ойшылдарының ілімдерінен және өмірбаяндарынан тұратын өркениеттің рухани тәжірибесіне сүйенбей Бағдарламаның рухани-адамгершілік тереңдігін ашу мүмкін емес. Ұлы адамдардың өмірбаяны кемел өмір сүрудің, ойдың, сөздің, істің бірлігінің мысалы болып табылады.

2.Әрбір сыныптан тыс шаралар мазмұнында жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығару.

3.Құндылықтар апталығын ұйымдастыру

4. Білім алушылармен рухани- танымдық әңгімелер өткізудің де маңызы зор. Өзінің қадірін өзі білуге, өзін сыйлауға, өзгелердің талқы-талдауына тәуелді болмауға, өзін-өзі жетілдіруге, рухани өмірде және қоршаған өмір жағдайларында өзінің бағыт-бағдарының

болуына, өз бетінше шешім қабылдай алуына және өз сөзі мен әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіне білуге тәрбиелеуде ықпалы зор.

5.Мотивациялық бағыттағы еркін форматта өткізілетін ашық алаң жастарда қызығушылық тудырып, болашақта олардың көшбасшы болып қалыптасуына, ойлау қабілеттерінің трансформациялануына әсер тигізері анық.

6.Түрлі салада қызмет атқарып жүрген мамандармен кездесулер ұйымдастырып, өзекті тақырыптар төңірегінде өмірлік кеңестер беру.

7. Қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру маңызды. Қайырымдылық жасау – ізгіліктің басты көрінісі мен асыл қасиеттерінің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта жалпыадамзаттық құндылықтар ретінде қайырымдылықтың мәні - адамдар арасындағы қарым-қатынастарды мейірімділік, өнегелік тұрғысынан қараудың маңызы зор.

8.Өмірлік кино лекториялар ұйымдастыру, талдау өте маңызды.

9. «Ізгі тілектер» күнін ұйымдастыру

10.Тіпті, ата-аналармен жұмыстың өзін «Өзін-өзі тану» рухани –адамгершілік білім беру Бағдарламасының мазмұнымен интеграциялау барысында, мәселен ата-аналармен өткізілген жиналыс әр ата-анаға жалпыадамзаттық құндылықтар жайында терең ой салады. Өздері үшін жиналыстан бала тәрбиесіне байланысты көп мағлұматтар алады. Өз тәжрибесінде жалпыадамзаттық құндылықтарды өмір тәжрибесінде қолдануға мүмкіндік алады.

Қорыта келе айтарым: Сыныптан тыс тәрбие үдерістеріне жалпыадамзаттық құндылықтарды енгізу арқылы адамның рухани өсуіне жағдай жасаймыз. Мәңгілік құндылықтар білімнің негізгі өзегі болып табылады. Жалпы адамзаттық құндылықтарды адамның бойынан жарыққа шығару ізгілікке апарады, яғни, мінезін өзгертуге болады.

Білімгер өзі үшін көптеген жаңалықтар ашады. Жаңа тәжірибе алады.

Сыныптан тыс жұмыстарда белсенділіктері артып, мейірімділік, қамқорлық, жанашырлық қасиеттері артады. Бір-біріне деген достық сезімдері бекиді. Риясыз іс істеуді үйренді, жүректері мейірімге толады. Ендігі біздің мақсат сыныптан тыс тәрбие үдерістері арқылы да білімгерлердің бойынан жалпыадамзаттық құндылықтарын жарыққа шығарып, ар-ұжданын оятып, жүрекпен ақылға жүгіндіріп, болашақта «Өзін- өзі тану әлемінде» әр білімгерді керемет рухани күш иесі деп қарап, демеу жасасақ, қуаттандырсақ, жүрегі нұрға толы, жан -жағына шуағын шашып тұрған мейірімді, адамгершілігі мол, үнемі талпынып тұратын, өз елін, өз жерін, өз тілін, өз отбасын сүйетін, еңбекқор, ойы, сөзі, ісі бірлікте болатын кемел адам тәрбиелейтініміз сөзсіз.

## ТӘРБИЕ – ТАЛ БЕСІКТЕН БАСТАЛАДЫ

Омарбекова Алия Найманкановна
*Сарқан қаласы, Сарқан политехникалық колледжі*

***Аннотация.*** *Отбасында, мектепте, қоғамдық ортада құндылықтар негізінде балаларды тәрбиелеу.*

***Аннотация.*** *Воспитание детей на основе ценностей в семье, школе, сообществе.*

***Annotation.****Upbringing of children on the basis of values in the family, shool,community.*

*Тірек сөздер: құндылықтар, патриотизм, рухани сана.*

*Ключевые слова: ценности, патриотизм, духовное сознание.*

«Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін» Әл-Фараби

«Жас бала – жаңа өркен жайған жасыл ағаш тәрізді» дейді халқымыз. Жерге отырғызған жас көшет те қашан тамыры тереңдеп, жапырағы жайқалып, саялы ағаш болып үлкейгенше мәпелеп күтіп, үзбей тәрбиелеуді керек етеді.

Тәрбие кездейсоқ оқиға емес, ол қоғамның пайда болуына тән қасиет. Қазіргі кезде біздің қоғамда өркениеттілікке бағытталған «Білім беру» заңы бар. Онда азаматтық қоғам орнатуда өскелең ұрпақтың оқу және тәрбие мәселелерінің сұрыпталған, қатаң ғылыми негіздерінің тың жүйесі қалыптасқан.

Тәрбие – қоғамдық құбылыс. Әрине, адам жеке тұлға болғанымен, қоғамнан тыс өмір сүрмейді. Ал, қоғам дегеніміз – егемен елдің жастарының ойы еркін, рухани парасаттылығы толысып жетілген, адамгершілік, ізгілік қасиеттері мол азамат етіп тәрбиелеу. Қазақстан Республикасы Ата Заңының 27 – бап, 2 – тармағында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата – ананың табиғи құқығы, әрі парызы» делінген.

Бала бойына сүйіспеншілікті, жылықты ұялату, адал да парасатты ұл мен қыз болуға тірбиелеу, келешектен үміт күтуді, армандай білуді, алдына мақсат қоюды үйрету, алғырлық қасиеттерін дамыта отырып қалыптастыру. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Еліміздің болашақта гүлденуі бүгіннен басталады» деген баяндамасында «Отбасының беріктілігі жұбайлардың бір – бірінің ең бастысы, балаларының алдындағы жауапкершілігіне де көп нәрсе байланысты. Ата – аналар балаларына, ал балалары қартайған ата – аналарына қамқор болуға тиіс» деген болатын.

Отбасы – адам баласының өсіп – өнер алтын ұясы. Адам өміріндегі ең қуанышты сәттер осы отбасында өтеді. Отбасы тәрбиесінде қоғам ата – аналарға үлкен жауапкершілік жүктейді. Бала жақсы адам болып өсуі үшін ол отбасы мүшелері арасындағы жарасымды, әділетті қарым – қатынастардың өзіне қандай қамқоршы, сүйеніш екенін сезінуі керек. Осы орайда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «XXI ғасырда отбасы тату, өнерлі болуы тиіс» деген даналық сөзі бар.

Қазіргі уақытта балалардың жан – жақты тәрбие мен білім алуына қамқорлық жасалып отырған кезде отбасы мен мектептің ықпалы өте зор. Бала тәрбиелеу – елеулі, қуанышты, сонымен бірге қиын, жауапты іс. Тәрбие баланың дене және ақыл – ой қабілетін дамытады, оны алдағы еңбекке даярлайды, қоғамдық дамудың болашақ белсенді қайраткерлеріне керекті адамгершілік сапаларын қалыптастырады. Әрбір бала өзінше бір әлем, әрқайсысы әртүрлі мінез қасиеттерінің, қабілеттерінің дүниесінің, адами құндылықтарының алуан түрлілігімен дараланады. Әрбір бала – біртұтас адамзат қоғамын құратын, ерекше қасиетке ие, қайталанбас жеке тұлға. Бала – табиғатынан өте құмарпаз, әуесқой және тынымсыз айнала зерттеушісі. Әр бала басынан сипағанды, ойын ойнағанды ұнатады. Бала тәрбиесінде қолданылатын басты әдістер, бұл – үлгі – өнеге, бірлікті еңбек, әңгіме – сұқбат, баланы қолдау мен қуаттау және қорғау.

Балаларды психологиялық қолдау негізгі функциясы – баланың мінез – құлқының жағымды жақтарына сүйене отырып жұмыс жүргізу. Өйткені жеткіншектердің таным үрдісін: қабылдауы мен қиялын, ойлауы мен есіне сақтау, ерік – жігері т.б білмей тұрып сапалы білім, саналы тәрбие беру мүмкін емес. Сабақты психологиялық тұрғыда дұрыс ұйымдастыру дегеніміз – оқушының ішкі жан дүниесіне терең үңілу, ойына ой қосу, қиялына қанат бітіру, білім алуға деген құлшынысын, қызығушылығын ояту.

Ұлы Абай атамыз «Адамзаттың бәрін сүй – бауырым деп» дегендей, жалпы адамзаттың құндылықтарын ұрпақ бойына дарытып өмірге, ата – анаға, достарына деген ізгілік қасиеттерге тәрбиелдеу – баршамыздың міндетіміз. Ең бастысы ел сенімін ақтап, ата даңқын шығарар, тәуелсіз еліміздің болашағын алға апарар, білімді, парасатты ұрпақ тәрбиелеу-қоғам міндеті.

Бала тәрбиесі- баршаға ортақ. Жас ұрпақ бойында жақсы қасиет, адамдық құндылық, талғам мен талантты жетілдіру ата-ана мен мұғалімнің басты міндеті. «Тәрбие – адам тағдырын шешетін ұлы іс» - деп В.Г.Белинский айтқандай, тәрбиеге, соның ішінде бал тәрбиесіне бей-жай қарауға болмайды. Әрбір ата-ана еліміздің болашағының жарқын болуы үшін, балаларды тәрбиелей отырып атсалысады. Ол үшін баланы тәрбиелеушінің өзі тәрбиелі болуы тиісті. «Ұядан не көрсең, ұшқанда соны ілерсің»-деген ұлағатты сөз соның айғағы. Саналы тәрбие, сапалы білім баланың ертеңіне даңғыл жол ашады.

Халқымыз «Баландыы өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деп айтқандай, бүгінгі күні баланы әдепті де, саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдеп-дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарды, дінімізді, ата – бабаларымыздан қалған насихат мұраларын балалардың санасына сіңіре білу ата-ананың басты міндеті.

Адамның сан-қырлы әлемін танып білуді, ұрпақ өмірге келмей тұрып, ана құрсағында бастау алатынын, яғни, болмысы қалыптасу үшін қам-қарекет жасау керектігін әрбір әке-шеше жете ұғынуы қажет.

Тұлғаның рухани жетілуі үшін, ең алдымен рухани саналылықты меңгереді. Тұлғаның рухани санасы өмірдің мәнін, өзінің өмірдегі орнын, өз тағдырын халықтың тағдырымен ортақ деп түсіну қабілетін дамыту, отбасы мүшелерінің арасындағы сыйластық, ұғынысуды сезінуі абзал.

Жазушы-педагог Ж.Аймауытов: «Баланы тәрбиелеу үшін, әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі, бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек», -дейді. Осы бір ұлағатты ой астарында отбасында- ата-анасынан, мектепте-ұстаздан талап етілетін тағылым жүгі жатыр. Жер бетінде мекен еткен адамзаттың бір бұтағы – бір халықтың мектебінің бет-бейнесіне, өзіндік ерекшеліктеріне тікелей байланысты.

Баланы теледидар және Интернет тәуелділігінен қалай қорғауға болады? –деген сұрақ әрбір ата-ананың көкейінде жүрген сұрақ болар.

Телемания. Біз компьютерлер, теледидарлар, ойын түрлері барынша жеткілікті әлемде өмір сүреміз. Бір жағынан, бұл жайлы өмір сүрудің айнасы.

Статистика мәліметі бойынша, 5 жастан 12 жасқа дейінгі балалардың 45% барлық бос уақытын теледидар алдында өткізеді. Бұл телемания, теледидарға тәуелділік, басқа істерін тастап, барлық бос уақытын теледидар алдында өткізу. Бұл жағдайларда ата-аналарға бірнеше кеңестер беруге болады:

Балалардың теледидар алдында қанша уақыт өткізетіндігін үнемі бақылаңыз. Педиатрлардың пікірінше, теледидар бала өміріне үш жастан бастап енуі керек. Оның үстіне оны он бес минут қана көруі керек. Теледидарды иэлектронды бала күтуші ретінде пайдаланбауға тырысыңыз. Балаға теледидарға байланысты емес іспен айналысуды ойлап табуға болады. Баланың айналысуы өзінің таңдауында болады. Ол міндетті түрде ата-ананың қатысуымен болмайды. Тек қана баланың айналысқан ісіне қызығушылық танытып, бірер көмек көрсетіп жіберу жеткілікті.

Кітап оқытыңыз. Оқуға деген махаббаты ата-ана ғана үйрете алады. Баламен бірге қызықты кітап оқыңыз.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде кітапхана рөл атқарады. Қазіргі таңда барлық адамзаттың алдына қойған мақсаттарының бірі-білімді ұрпақ тәрбиелеу. Тәрбие мен білім егіз ұғым десек, жан-жақты білім мен тәрбие беретін мәдени рухани орындардың бірі- кітапхана. Білімді ұрпақ тәрбиелеудің әр түрлі тәсілі бар, соның бірі кітап оқуға баланың қызығушылығын ояту. Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың келер ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті.

Адамның қалыптасуы бала кезден басталады. Жақсылық та адам бойына нақ сол бала кезде егіледі. Ол жылдар өте келе өніп шығады. Жақсылық ұрығының өніп шыққаны немесе оны жамандықтың арам шөптері басып кеткені сол кезде ғана белгілі болады. Қоғамда біркелкі жанұя болмайды. Әрбір жанұяның өзіндік ерекшелігі және салты болады. Осындай әр түрлі мінездегі жанұядағы жандардың ортасынан мінезі салмақты болып өсетін балалар немесе керісінше мінезі де, сөйлеген сөздері де шапшаң болып тәрбиеленетін балалар болады.

Бүгінгі күні жасөспірімдерді қазақ халқының ұлттық дәстүрлері мен жеті ата шежіресі негізінде тәрбиелеудің заңды объективті қажеттігі туындады. Мұндай жағдайда жеткіншек ұрпақтың өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық мәдениетімен, әдет-ғұрып дәстүрлерімен тереңірек танысу қажеттілігі бірінші орында тұрады.

Қай кезеңде болсын адамзат алдында тұрған мұрат-міндеттердің ең бастысы, өзінің ісін, өмірін, озық дәстүрлерін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу болып табылады.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру аясында қазақстандық қоғамдағы заманауи әлеуметтік мәдени трансформация ескеріле отырып әзірленді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адам өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизм, еңбексүйгіштік, адам құқықтары мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы аясында отбасылық тәрбие құндылықтары, сондай-ақ оқу және тәрбие процестерінің өзара кірігуі негізінде білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға, оқыту мен тәрбиенің кіріктірілуіне, тәрбие әдіснамасын, мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағдарланған.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінде тәрбиенің даму перспективасын, басым бағыттарын, тәрбие мақсаттарын, міндеттерін, бағалау өлшемдерін және механизмдерін анықтайды. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жаһандану дәуірінде қазіргі адамда қоршаған әлемге технократтық және тұтынушылық көзқарас үстем болатын заманауи қоғам дамуының ерекшеліктерін ескереді. Осыған байланысты адамзатты ұлттың тұрақты дамуының, рухани әлеуетінің артуына кепіл болатын прогрестің рухани-адамгершілік құндылықтарына, ана тілі мен ұлттық менталитеттің маңыздылығын нығайтуға қайта бағдарлау қажет.

«Отбасында берілген тәрбие жігеріңді құм қылып, жерге қаратпасын десең, балаға кішкентайынан түзу тәрбие бер» деп, ата-бабамыз айтқандай, бала тәрбиесіне уақытында көңіл бөліп, еліміздің инабатты, адамгершілігі мол, білімді, саналы ұрпағын тәрбиелейік. Егер ата-ана мен ұстаз өзара тығз байланыста болса, балаларға бірдей талап қойып отырса, тәуелсіз еліміздің ұл-қыздары жан-жақты дамыған азамат болып шығары сөзсіз.

## ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Джунусова Балжан Калиевна

*Қаскелең мәдениет колледжінің директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары*

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деп ұлттық жаңғырудың негізгі алғышарттарын айқындап берді. Демек көне дәуірлерден бастау алатын, өзінің тарихи тәжірибесінен, игі салт, ізгі дәстүрлерінен мүлдем қол үзген қоғамда жаңғыру немесе жаңару мүмкін емес. Халқымыздың осындай тамыры терең кеткен, тарихымен бірге жалғасып келе жатқан рухани байлықтарының бірі отбасы құндылықтары. Тіпті біздің рухани құндылықтарымыздың негізі де осы отбасылық дәстүрімізде жатыр десек қателеспеген болар едік.

Халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген қарапайым қағидат қай дәуірде болсын өзгерген емес, өзгермек те емес. Елбасы «Отбасы – Қазақстан қоғамының діңгегі, экономикадағы, мәдениеттегі, әлеуметтік саясаттағы барлық жаңа жетістіктерінің негізі» деп бұл мәселенің біздің қоғам үшін маңызын көрсетіп берді.

Тәуелсіздік жылдарында отбасы құндылықтарын нығайту бағытында қыруар шаруа атқарылды. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бәсекеге қабілетті ұлт, бақытты отбасы, саналы да білімді ұрпақ қалыптастыруға бағытталған сындарлы саясатының нәтижесінде ана мен баланы қолдау бойынша бағдарламалық құжаттар, гендерлік теңдікті сақтау стратегиясы қабылданып, мемлекеттік деңгейдегі отбасылық саясатта тұтастай жүйе

қалыптасты. Басқасын айтпағанда көп балалы отбасыларды әлеуметтік қорғау бағытындағы мемлекеттік жәрдемақы түрлерінің әр жыл сайын артып, көптараптанып келе жатқанын аңғару қиын емес.

Отбасының қалыптасуына, қоғамның қалыптасуы тікелей байланысты. «Әке – асқар тау, ана – мөлдір бұлақ, бала – жағасындағы құрақ», деген даналық сөз ұлттық тәрбиенің отбасылық өмірде атқарар рөлін айқындап тұрғандай.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғыртудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет», деп атап көрсетті. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағының кепілі. Әр бала атаның қанымен, ананың сүтімен келетін туабітті қасиеттер сияқты ұлттық рухани құндылықтарды да ең алдымен отбасында ата-ананың тәрбиесімен бойына сіңіретіні анық. Ендеше ұлттық тәрбие – ұлт болып ұйысудың, ел болып ертеңге нық қадам басудың негізі болмақ.

Отбасы - кез келген адам өмірінің ең маңызды бір бөлігі. Туған ұясы атанған отбасы қажеттілігін ешқашан жоғалтпайды. Өйткені, ол белгілі бір әлеуметтік институт. Тәрбиенің негізі отбасынан бастау алатындықтан, оған немқұрайлылық таныту мүмкін емес.

Қазақта «Ұяда не көрсең ұшқанда, соны ілерсің», «Кішіге ізет, үлкенге құрмет», «Атаға не қылсаң, алдыңнан сол келеді», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген көптеген өлшемдер бар. Осы өлшемдерге қарайтын болсақ, бар мәселе отбасынан басталатынын ұғуға болады. Ұлт болашағында отбасы ең басты тұғырды иеленеді.

Отбасылық құндылықтарының мәуелі бәйтерегі ол ана. Ана өз ұрпағына дұрыс жолды меңзеп, жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге, рухани бай болуымызға, халық үшін жанымызды пида етуге септігін тигізеді. Ананы әр үйдің шамшырағы, жанған бағы, құндылықтардың негізін салушы деуге болады. Шаңырақ құндылықтарының екінші бір сатысы жақындарымен жалғасын табады. Мәселен, жанұядағы ата мен әженің рөлі де айрықша. Олардың дүниеге деген көзқарастары мен өзіндік талғамдары жасы кіші балаға өнеге болары анық. Кішкентай кезінен атасының, не болмаса әжесінің айтқандарына құлақ түретін ұрпақ болса, оның арты тек жақсылыққа әкеледі. Тәлім-тәрбиенің негізі ата-анадан кейін қастарындағы жақын адамдардан үлгі алу арқылы қалыптасады, өзіндік жеке ұстанымдарды дамытуға септігін тигізеді. Сол бір сәтте баланың жанына демеу бола тұрып, оған тәрбиенің дұрыс берілуін қадағалау маңызды рөл атқарады. Ұлы Абай атамыз былай деген екен: «Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады: біріншісі - ата-анадан, екіншісі - ұстаздан, үшіншісі-құрбысынан». Сондықтан қаншалықты шаршап-шалдығып жүрсе де, ата-ана бала тәрбиесіне мән берулері тиіс. Ұрпақтар сабақтастығы тек осылайша жалғасын таппақ.

Отбасы құндылықтарына негізделген салт-дәстүрлерді ұлықтау - әр шаңырақтың өзіндік міндеті болып саналады. Кез келген жанұяның өзгелерден ерекшеленетін құндылықтары болады. Олар бұрыннан келе жатқандар немесе жаңадан пайда болғандар да болуы мүмкін. Алайда, отбасыдағы құндылықтардың негізі махаббаттан, сенімнен, өзара түсіністіктен бастау алып, алдағы өмірде де жалғасын табады десем, жаңылысқандық болмас. Өйткені, олар ғасырлар бойына маңызын жоймайтын құндылықтар. Осы бір құндылықтарды әрбір отбасы көздерінің қарашығындай сақтап, қастерлеп жүретін болса, нұр үстіне нұр болар еді. Кейінгі ұрпақ тәрбиесінде де орасан зор рөлді иемденетіні сөзсіз. Кез келген бүлдіршін - ата-анасынан, тума-туыстарынан және жақын адамдарынан үлгі алып жүреді. Сол себепті, ертеңгі өмірдің болашағы, яғни жас балаға тәрбиенің мәнділігін, оның қаншалықты маңызды екендігін үнемі түсіндіріп отыру қажет. Ғасырдан ғасырға, жылдан жылға дәстүр болып жалғасын тауып келе жатқан отбасы құндылықтарының мәнін кетірмей, керісінше өркендеп, алға басуына септігімізді тигізейік. Отбасылық құндылықтарды қастерлеп, оларға кір келтірмей жүру - барша халықтың басты парызы.

Отбасы - адамзаттың алтын діңгегі іспеттес, оның ұрпаққа деген ықпалын өмірдегі ешбір күшпен салыстыруға болмас. Жастарды ұлттық нышандағы құндылықтарымызды бағалауға, оларды сақтай отырып, келер ұрпаққа жеткізуге тәрбиелеу бүгінгі таңның өзекті мәселесі болғандықтан колледжде «Шебер қолдар» үйірмесі «Ата көрген, оқ жонар, Шеше көрген тон пішер» тақырыбында көрме көрсетті. Сонымен қатар Қарасай ауданындағы «Аналар кеңесі», «Ардагерлер кеңесімен» бірлесіп, «Отаным-берекем, отбасым-мерекем!», «Отбасылық құндылықтар», «Әкеге-ізет, анаға – құрмет» тақырыбында тәрбие сағаттары мен кездесулер ұйымдастырылып өткізіледі.

Отбасы - жеке құндылықтарды қалыптастырудың қайнар көзі, тәрбиенің бастауы, әр үйде балалар санасына ұлттық құндылықтарға деген көзқарастарды, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, даналық сөздерді, тәрбиенің жоғарғы үлгілерін сіңіретін де отбасы. Осы негізде отбасынан жалғасын табатын құндылықтар негіздерін ұмыт қалдырмай, жаңғыра түсейік, рухани болмысымызды жоғалтпайық!

Пайдаланған әдебиеттер:

1«Ұлттық құндылықтар негізінде білім берудің педагогикалық аспектілері» (облыстық ғылыми-практикалық конференция) 25 желтоқсан Атырау, 2013 ж.
2. Республика Ұстаздары педагогикалық газет №-3-4-(32) 28.02.2018
3. Жалпы педагогика. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. «Заң әдебиеті». Алматы, 2006. -228б.

## ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ДАМЫТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ
### Адамға нағыз бақытты — тәрбиелі ұрпағы

*Сеитова Айжан Кадылбековна*
*Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіптік колледжі*
*Ұзынағаш ауылы, Sak0886@mail/ru*

Тәрбиедегі мақсат -адам деген атты құр жала қылып
жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару.
Мағжан Жұмабаев

Адамға нағыз бақытты — тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні — өз ұрпағы. Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата- ана алдында нәзік те қиын, қыр сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол — бала тәрбиесі.

Тұтас педагогикалық үрдісте тәрбие үрдісі маңызды орын алады. Ол сырттан ықпал ету арқылы да, баланың өзінін белсене қатынасуы арқылы да қалыптастырылатын үрдіс.

Тәрбие үрдісінде мазмұндық және әдістемелік жағы бөлініп алынады. Тәрбиенің мазмұнына алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес балалар меңгеруге тиіс білімдер, сенімдер, дағдылар, сапалар және тұлғаның ерекшеліктері деген ұғымдар енеді. Ақыл-ой, дене, еңбек және политехникалық білім, адамгершілік, эстетикалық тәбие тұтастай педагогикалық үрдіске қосылған жағдайда тәбиенің басты мақсатына жетуге — баланың жан-жақты және үйлесімді қалыптастыруға мүмкіндік туады.

Ұсынып отырған еңбек тәрбие үрдісінің даму заңдылықтарына негізделе жасалған. Заңдылық ретінде біз тәрбие үрдісіндегі тұрақты құылысты қарастырамыз, оны іске асыру кезінде жеке тұлғаның дамуында және қалыптасуында әсерлі нәтижелерге қол жетеді.

Тәрбие процесінің бірнеше ерекшеліктері бар. Олар педагогикалық заңдылық ретінде көрініс береді. Тәрбиенің педагогикалық заңдылығын объективтік, жеке адамның еркіне бағыныссыз, тәрбие процесінде өзіндік тұрақты қасиеті бар көрініс деп білеміз.

Заңдылықты айқындау дегеніміз педагогикалық процесті (идеалдық) мүлтіксіз жоспарлау, сөйтіп тәрбие ісін бақылап, басқарудың ғылыми жүйесін тәжірибеге енгізуге байланысты атқарылатын іс-әрекет.

Тәрбие жұмысының заңдылықтарына төмендегілер жатады:

— тәрбие ісінің қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажетін өтеуге сай келуі, оның демократиялық принципті іске асыруы, адам құқығын қорғау мәселелерімен тығыз байланыстылығы.

Осы заманғы тарихи жағдайларға байланысты халықаралық қауымдастық дүние жүзі тарихында халықаралық стандарт болып табылатын жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның негізгі құқығы, бостандығы ашылып көрсетілген құжаттарды жасады. Олар осы заманғы тәрбиенің теориясы мен методологиясының, тәрбиенің мұраттары мен рухани құндылықтарының үлгісін жасау жаңаша бағыт белгіледі. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңына сәйкес бұл құжаттар жетекшілік рөлі біздің еліміздің білім саласында мемлекеттік саясатының негізі болды. Сондықтан тәрбиенің мазмұнында республикада және оның жекелеген аймақтарындағы әлеуметтік-экономикалық даму фактоларының есебін жүргізу басты мәселе болып отыр. Ол тәрбиенің мазмұнынан көрініс тауып, әр халықтың мәдени-тарихи құндылықтарын жалпы әлемдік мәдниеттің жетістіктерімен бірлікте, сабақтастықта жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Тәрбиенің бұл заңдылығын жүзеге асыруда оқушыларды ана тілінде және ұлтаралық тілдерде оқыту халықаралық маңызға ие болып отыр.

Тәрбие мақсатының тиімділігі оны ұйымдастыру тәрбиеленушіге жақын және түсінікті болғанда ғана асырылады. Осы заманғы тәрбиелік үрдіс мақсат тұтастығымен, оларға қол жеткізуде баламен қоян- қолтық жұмыс істеумен ерекшеленеді. Бұл мақсатқа жетудің құралы — адамға базалық мәдениет негіздер меңгерту арқылы іске асырылады. Осыдан келіп тәрбиенің мазмұны жеке тұлғаның «базалық мәдениетіне негізделуінің қажеттілігі туындайды. Ол мәдениет ұлттық экономикалық және еңбек мәдениетінен, саяси демократиялық және құқық мәдениетінен, адамгершілік және экологиялық, көркемдік-эстетикалық» деген мәдениеттерінен құралады. Оның негізі отбасы мәдениетінен туындайды, яғни ұлттық мәдение-отбасылық тәрбиеден бастау алады.

Бүгінгі нарықтық қатынасқа көшу кезінде рухани құндылықтың жетімсіздігі тәрбие жұмысының мазмұның жетілдірудің қажеттілігін туғызып отыр. Ол бала, жастарды құндылық атаулыны бағалай білуге, ұлттық мәдениет пен өркениетегі әлемдік мәдениеттің озық үлгілерін кіріктіре отырып игеруге баулуды талап етеді. Ал мұның өзі жеке тұлғаны жан-жақты жетілдіріп, қалыптастырудың күшті құралы болып саналады. Тәрбие үрдісінің диалектикасы. Тәрбие үрдісі өзінің жаратылысы жағынан диалектикалық болып келеді. Ол жеке тұлғаның үздіксіз дамуда, өзгерісте, қозғалыс болуына байланысты. Тәрбие үрдісінің негізі өмірде кездесетін себептерге байланысты дамып, өзгеріп отырады, сондай-ақ ол баланың жас ерекшеліктеріне де байланысты дамуда, өзгерісте, өсуде болады. Тәрбие үрдісінің диалектикалық дамудың ішкі және сыртқы қайшылық заңдылықтарына бағынады. Дамудың ішкі қайшылығының бірі — жеке тұлғаның даму процесінде білуге құмарлығы мен білмейтін жұмбақ істердің арақатынасынан туындайды. Адамның білмегенді білуге деген талпыныс, іс-әрекеті оның белсенділігін туғызады, білмегенді білу үшін тәжірибе жинақтауға сүйене отырып, белгісізді білуге қимыл, әрекет жасауға икемделеді. Ал сыртқы қарама-қайшылықтарды жеңу ісі де тәрбие үрдісінің қозғаушы күші болып саналады.

Тәрбие әдісі дегеніміз — балалардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара байланысты педагогикалық жұмыс тәсілдері.

Әдістерді мұғалім тәрбиенің мақсатына, мазмұнына балалардың жас және дербес ерекшеліктеріне, тәрбиелік деңгейіне қарай іріктейді. Әдістер тәрбие мақсатына жетуге, балаларды қоғамдағы тәртіп ережелерін үйретуге, адамдармен қарым-қатынас жасауға, олардың жақсы тәжірибесін алуға көмектеседі. Тәрбиенің басты нысаны елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек.

Сайып келгенде, қоғамда әдеп инабат өлшемдерінің терең тамырланып, кең жайылуында тәрбиенің маңызы орасан зор. Әрбір баланың тірегі -тәрбиелеушінің өзіне

қатысты әдеп- адамгершілік талаптарын, құқықтары мен міндеттерін мүлтіксіз орындаса, бүкіл қоғамда, елде бейбіт те берекелі тұрмысқа негіз қаланбақ.

Әдебиеттер:

1. Пірәлиев С. Ұлттық тәрбие және жаһандану // «Егемен Қазақстан»
2. Жұмабаев М. Педагогика Алматы 1994жыл
3. Ғаламтор ресурстар: https://referattar.kazaksha.info, www.kitaphana.kz

## БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТӘРБИЕЛІК БАҒЫТТАР

Қалиақпар А. Т.
*Үшқоңыр су шаруашылығы колледжі, Шамалған ауылы atoka6464@mail.ru*

**Аңдатпа.** Мақалада жас ұрпақты тәрбиелеуде ұстаздың мәртебесі мен тәрбиенің бағыттары туралы айтылады. Жеке тұлғаны әлеуметтендірудің стратегиялық бағыты және ұлттық тәрбие. Колледждегі тәрбиелік жұмыстар мен жетістіктер.

**Аннотация.** В статье рассказывается о статусе Педагога и направления воспитания молодого покаления. Стратегическое направление социализации личности и национальная воспитательный процесс, а также воспитательная работа и достижения колледжа.

**Annotation.** The article tells about the status of the Teacher and the direction of education of the young generation. The strategic direction of the socialization of the individual and the national educational process, as well as educational work and college achievements.

«Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақ тағдыры – ұстаздың қолында» – деп ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, келесі тұста ұлттық рух пен болмысты қайта жаңғыртып, мәдениет пен ғылым саласын дамытуға өз үлестерін қосып, жас ұрпаққа түрлі бағытта тәрбие беріп отырған ұстаздар қауымы заманауи негізде болашаққа нық қадам басуда.

Тәуелсіз елдің азаматтарын бәсекеге қабілетті, тіл мен ділді құрметтейтін, салт-дәстүрді бағалайтын, еліміздің патриоттары, мақтанышы етіп тәрбиелеу де мәртебелі ұстаздың еншісінде. Елімізде ұстаздық еңбек етіп жатқан, сонымен бірге олар үнемі жаңашыл ізденіс пен игілікті істердің көшбасшысы болып, ұрпаққа шығармашылық тұрғыда сапалы білім мен тәрбие беріп, осы жастарымыздың болашағын, тағдырын ойлап, қара қылды қақ жарып, абыройлы, өнегелі, еліміздің дамып, гүлденуіне өз үлестерін қосатын ұрпақты дайындау, ұлағатты ұстаздардың қолында екенін бүкіл жұртым біледі.

Әл Фарабидің: «Тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы»- дегеніндей, тәрбие мен білімді қатар алып, оған ерекше мән беріп, барлық күш-жігерін сарп еткен ұстаз қауымның бүгінгі таңда жеке тұлғаны тәрбиелеуде қыруар жұмыс атақарып жатқанына көзіміз жетіп отыр.

Отбасында, колледжде, қоғамдық ортада белгілі құндылықтар негізінде жас ұрпақты тәрбиелеу, кәсіби тұлғалы құзыретті маман дайындау, тұлғаны әлеуметтендіру, дамыту заман талабынан туындаған ең өзекті мәселелердің бірі.

Қазақстан Республикасында жеке тұлғаны әлеуметтендірудің стратегиялық бағыты жаңартылған, әрі шығармашылықпен ойлайтын, іс- әрекет жасайтын, өміртану мәдениеті дамыған, қабілетті, сана сезімі жоғары жаңа адамдарды қалыптастыруды алға тартып отыр. Бұл идея қолданыстағы нормативтік құқықтық құжаттарда көрініс тапқан. Олар: "Қазакстан - 2050" стратегиясы, Этномәдени білім Тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының білім ұйымдарындағы тәрбиенің кешенді бағдарламасы, Қазақстан Республикасындағы гуманитарлык білімнің бағдарламасы, Қазакстан Республикасының "Білім туралы" Заңы. Жалпы әлеуметтендіруге феномен ретінде әр кезеңде түрлі ғалымдар: психологтар, әлеуметтанушылар және философтар мен педагогтар да идеялық, тәжірибелік негізде жеткілікті мән берген. Атап айтатын болсақ: Л.С. Выготский, С.И.

Гессен, А.Н. Леонтьев, және т.б. Отандық ғалымдарымыз Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, А. Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, С. Қалиев, К. Қожахметова, М. Демеуова, және т.б. еңбектерінде әлеуметтендіру мәселесі жекелеген қырларынан жан – жақты қарастырылған және педагог қауым оны іс жүзінде қолдануда.

Әлеуметтену – қысқа мерзімді, бір рет қана емес, іс жүзінде жеке адамның бүкіл ғұмырын, яғни өмірін қамтитын ұзаққа созылатын көп қырлы құбылыс.

Әлеуметтену – бұл тұлғаның қоғамда өмір қамын дұрыс тәсілмен іске асыруына мүмкіндік беретін білімдердің нормалары мен құндылықтардың белгілі жүйесін игеру үрдісі болып табылады. Сол себепті жеке адам қоғамдық өмірге араласып қана қоймайды, сондай-ақ өзінің әлеуметтік мәртебесі мен рөлін иелене және өзгерте алады. Өйткені, әрбір жеке тұлға тиісті құқылар мен міндеттерді иелене отырып, қоғамдағы өзіне лайықты орынды еншілейді және нақты қызмет міндеттерін атқарады, яғни әлдебір әлеуметтік статусқа ие болады. Ол жеке тұлғаның жағдайын, белгілі бір бейнесін дәріптейді, жан-жақты, әрі жинақтай бейнелейтін сипаттамаларды: мамандығын, кәсіби білігін, атқарып жүрген жұмыстарының сипатын, лауазымын, материалдық жағдайын, саяси ықпалын, іскерлік байланыстарын, достық, сүйіспеншілік, отбасы, туыстық тарамдарын тағы басқаларын қамтиды.

Әлеуметгік тәрбие – өзіне тән әдістер арқылы, сонымен қатар экономикалық саяси, құқықтық идеалды қалыптастыратын тәрбие кеңістігі екенін бүгінгі педагогтық қауым мойындауда. Баланы еркіндікке тәрбиелеу мұғалім тарапынан қатаң бұйрықсыз, сыпайы қарым-қатынастың болуын қажет етеді. Сол арқылы педагог пен оқушының өзара қарым-қатынас әдебі күшейе түседі, өзара түсінушілік, тең адамша сөйлесу олардың араласу стилі мен мәдени байланысының үлгілерін оқу – тәрбие жүйесіне енгізуге мүмкіндік туғызып, бір – біріне жақындастыра түседі. Ал әлеуметтендірудің сәттілігі тұлғаны қоғамға бейімделуін білдіреді.

Осы тұста, А.Н. Леонтьевтің: «Тұлға болып туылмайды, тұлға болып қалыптасады», – деген сөзінің жаны бар екенін байқауға болады. Қоғам, ұжыммен бірге отбасы тәрбиесінің де жеке тұлғаның қалыптасуында маңызы зор. Отбасы тәрбиесі жеке тұлғаның рухани өміріне, сана –сезіміне ұлттық психологиялық белгілерді ендірудің жолдары мен тәсілдерінің бірі болып есептеледі. Ұлттық салт – дәстүрлердің деңгейін, олардың сан жағынан әр ұлттағы аз немесе көптігінен емес, жеке тұлғаның қалыптастыру процесіндегі атқаратын қызметімен, келер ұрпаққа тигізер әсерімен айқындауға болады.

Ұлттық психологияның жеке тұлғаға әсер етуінің түрлі формалары бар және әр түрлі арналар арқылы енеді. Мұндай арналарға жататындар тек қана отбасы емес, сонымен қатар ұлттың тарихи – мәдени тәжірибесін жүзеге асыратын мектептер, колледждер жатады. Және де бұл арналар жеке тұлғаның тұлғалық бейнесін қалыптастырып тәрбиелеу функциясын атқарып, ұлттық мінез – құлық пен ұлттық ерекшелік белгілерін жеке тұлғаның бойына тәлім – тәрбие арқылы біртіндеп сіңіріп, жүзеге асырып отырады.

Жалпы адамзаттық құндылықтар жеке тұлғаның бойында кішкентай кезінен, тіпті өмірге келу кезінен басталады десек болады, жасы өскен сайын қоршаған ортасына сәйкес бірге қалыптасады, бірге дамиды. Балаларды тәрбиелеу сол кішкентай кезінен бастау алу керек, өйткені жас күнінде қарқынды түрде дамып жеке тұлға болып қалыптасады. Жеке тұлғаның дамуы түрлі қажеттіліктен туындайды: алғашқыда ол өзінің кім екенін таниды, яғни өзінің әрекеттеріне қызығушылық туындауынан, екінші, оның іс –әрекетінде дамуда бір бағыты болуын таниды, үшіншісі, онда бір тұлғалық, шығармашылық көзқарас болады, төртіншісі, өзімен бірге өзгеден қалмау әрекетінде өзгелермен бірге дамиды, бесіншісі, өзін бағалауға үйретеді. Жеке тұлғаны қалыптастыру моделі төмендегідей болады.

Жеке тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеу моделі




Колледждегі тәрбие жұмысы білім беру үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Кәсіби білім беру бүгінгі таңда үздіксіз білім алу мен өздігінен білім алуға талпынған, жоғары кәсіби және біліктілік деңгейге ие түлектерді дайындауға бағытталған. Мұндай түлектерді дайындау сапасы колледждің білім беру ортасында қалыптасатын жалпы мәдениетке, тәлім-тәрбиеге байланысты. Жалпыадамзаттық құндылықтар шеңберінде қоғам сұранысытары негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеуді мақсат ете отырып, қазақстандық қоғамның өмір сүру нормаларымен және салтымен келісетін, жеке тұлғаның рухани-адамгершілік, әдеп қағидаттарын, оның моральдық қабілеттерін дамытады,жеке тұлғаның жауапкершілігін арттыру, еңбек дағдыларын,қоғаммен байланыста әлеуметтендіру, көп мәдениетті ортану құру, жалпы мәдени, әдепті мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру сияқты міндеттерді орындап отырады.

Педагогикалық кеңестің отырыстарында тәрбие қызметінің міндетті сұрақтары қарастырылады: «Оқушыларды жаңа білім беру жағдайларына бейімдеу», «Оқу процесіне жаңа педагогикалық технологиялықды енгізу», «Қазақстан Республикасында тіл туралы» Заңды іске асыру бойынша педагогикалық ұжымның жұмысы туралы мәселелер, тәрбие жұмысының бағдарламасын іске асыру туралы мәселелері, ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жыл сайынғы Жолдаулары, Білім туралы заңдар және басқа да мемлекеттік құжаттар қаралады және талқыланады. Топ жетекшілері осындай мәселелерді тәрбие сағаттарында талқылайды. Топ жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің әрбір отырысында білім алушылардың бейімделуі, тәртіп пен мінез-құлық мәселелері қарастырылады, әр түрлі педагогикалық тақырыптарға баяндамалар тыңдалынады. Студенттік кеңестің отырыстарында білім алущылардың үлгерімі, сабаққа қатысуы, тәрбиесі туралы мәселелер қарастырылады. Тәрбие жұмысының басым бөлігі кестеде көрсетілгендей аптасына бір рет жоспарланған топ сағаттарында, сонымен бірге колледж әкімшілігі ұйымдастырған сыныптан тыс іс-шараларда өткізіледі. «Студенттерге арнау», «Қазақстанның Тәуелсіздік күні», «ҚР Тұңғыш Президент күні», «Қазақстан Республикасының Рәміздер күні», «Тіл – халықтар достығының тірегі», «Біз салаутты өмір салты үшін» т.б. тақырыптарында ашық тәрбие сағаттарын өткізеді. Өткізілен іс – шаралар барысында қабырға газеттерінің конкурстары ұйымдастырып, жеңімпаздарға сыйлықтар, мадақтамалар беріледі. Бітіруші түлектермен үнемі байланыс жасалып, түрлі мәдени шараларға қатыстырылады. Аудандық, облыстық қоғамдық іс- шараларға да белсене араласады.

Жоғарыда аталған мақсаттарға жету колледж ұжымы келесі бағыттар бойынша: жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқытық тәрбие, рухани – адамгершілік тәрбие, отбасылық тәрбие, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие, интелектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу, көпмәдениеттік және көркем –

эстетикалық тәрбие жұмыстарын жүргізеді. Аудандық, облыстық және республика көлемінде өткізілетін мәдени – қоғамдық және және интеллектуалдық іс – шараларға оқытушылар мен студенттер белсене араласады.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің студенттеріне арналған «ҚР колледждерінің «ТОП 100» студенті жобасына Тауасарова Аигерим, Токашев Марлен, Омельчнко Илья қатысып, жеңімпаз атанды. Сондай – ақ, Алматы облыстық «Әділдік, сенімділік, парасаттылық» тақырыбында өткен бейнероликтер байқауында «Саналы ұрпақ» клубының мүшесі Омельчнко Илья 3 орын иеленсе, арнайы пән мұғалімі Райбаев Рустем «Оқыту және білім беру саласындағы инновациялық әзірлемелердің әдістемесі» бейнеблогы байқауындағы «ІТ-технологиялары көшбасшысы» номинациясына «Кәсіпқор» холдингінің жүлдегері болды.

Колледжде орыс және қазақ тілінде дебат және пікірталас клубтары ұйымдастырылып, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікке үндеген патриоттық форумдар, акциялар жүргізіледі. Жастардың бастамашыл волентерлік жобаларын дамыту мақсатында: «Саналы ұрпақ», «ҮСШК СПОРТ», «Ұшқыр алаң» т.б. клубтардың көмегімен әңгімелер, дәрістер, семинарлар, тренингтер, саяхат тәрбие сабақтары Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне бағытталып іске асырылуда. 4- курс студенті өз қалауымен пандемия кезінде Амангелдиев Жұбатқан волонтерлік іс-шараларға қатысып, Елбасының Алғысына ие болды. Сонымен бірге Жұбандық Алуа «Елбасы бағдарламасына» қатысып, 2020 жылы қола жүлдегер атанды. Волонтер студенттер ауылдық және аудандық сенбіліктерге қатысады.

Колледжде тәрбиенің барлық бағыттарындағы, оның ішінде тақырыптық кездесулер, спорттық жарыстар, мәден іс- шаралар басқа да ауқымды тәрбиелік жұмыстар өз нәтижесін көрсетуде.

Расында да, жеке тұлғаны әлеуметтік бейімділікке, белсенділікке, жауапкершілікке, ақпараттық біліктілікке, мәдени-саяси әлеуметті – экономикалық негізде үйретіп отырса, ұрпақты әлеуметтендіру мәселесі жүзеге асады, рухани әлеуметтендірілген бай тұлға қалыптасуына ықпал етеді. Тәрбиенің бүкіл бағыттарын бойына сіңірген жас ұрпақ тек ұстаз бен ата – ананың ғана мақтанышы болып қалмай, еліміздің де мақтанышы, патриоты, бәсекеге қабілетті, саналы азамат және болашағы да зор болмақ деген сенімдемін.

Әдебиеттер тізімі:


1. Әуелғазина Т.Жеке тұлғаның саяси әлеуметтенуінің ерекшеліктері. – А., 2006.
2. С.Қабдиева Ұрпақ тәрбиесіндегі адамгершілік мәселері 2005 ж
3. З.Айтжанова Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің бүгінгі мәселелері. Ұлт тағылымы -2003 ж


## КОНЦЕПЦИЯ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СО СТУДЕНТАМИ УЧРЕЖДЕНИЙ СРЕДНЕГО ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ


Меренкулова Раушан Касымгалиевна

*Талдыкорганский колледж промышленной индустрии и новых технологий*


Воспитательная работа со студентами является неотъемлемой частью процесса качественной подготовки специалистов. Из стен колледжа должен выходить человек не только обученный, но и воспитанный. Иначе его нельзя назвать образованным.

В условиях становления в Казахстане гражданского общества главной целью образования становится формирование личности профессионально и социально компетентной, способной к творчеству и самоопределению в условиях меняющегося мира, обладающей развитым чувством ответственности и стремлением к созиданию.

Приоритетность решения воспитательных задач в системе образовательной деятельности четко обозначена в законе Республики Казахстан «Об образовании», определяющем образование как «целенаправленный процесс воспитания и обучения в интересах человека, общества, государства».

